



Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, қоғам қайраткері
Амангелді Құсайыновты еске алу және туғанына 80 жыл толуына арналған
«Бірінші Құсайынов оқулары «XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2022 жылғы 9 желтоқсан

Материалы международной научно-практической конференции
«Первые Кусайиновские чтения «Наука и образование в XXI веке: тенденции и перспективы», посвященной памяти и 80-летию со дня рождения доктора исторических наук, профессора, академика Международной академии наук высшей школы, академика Казахской академии образования, общественного деятеля
Амангельды Кусаинова
9 декабря 2022 года

Materials of the International Scientific-Practical Conference
«The First Kussayinov Readings «Science and Education in the XXI-st Century: Tendencies and Perspectives» dedicated to the memory and the 80-th anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the International Academy of Sciences of Higher School, Academician of the Kazakh Academy of Education, public figure
Amangheldy Kussayinov
December 9, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, қоғам қайраткері **Амангелді Құсайыновты** еске алу және туғанына 80 жыл толуына арналған **«Бірінші Құсайынов оқулары «XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2022 жылғы 9 желтоқсан

Материалы международной научно-практической конференции **«Первые Куцаиновские чтения «Наука и образование в XXI веке: тенденции и перспективы»**, посвященной памяти и 80-летию со дня рождения доктора исторических наук, профессора, академика Международной академии наук высшей школы, академика Казахской академии образования, общественного деятеля **Амангельды Куцаинова**
9 декабря 2022 года

Materials of the International Scientific-Practical Conference **«The First Kussayinov Readings «Science and Education in the XXI-st Century: Tendencies and Perspectives»** dedicated to the memory and the 80-th anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the International Academy of Sciences of Higher School, Academician of the Kazakh Academy of Education, public figure **Amangheldy Kussayinov**
December 9, 2022

АСТАНА, 2022

УДК 001
ББК 72
А52

Редакция алқасы: А.Ж. Исмаилов, Қ.Ә. Ахметов, С.С. Оспанов,
Я.Н. Оспанова, С.Б. Загатова, Т.Н. Кемайкина, Н.Т. Нығыманова,
А.Е. Алимбаев, К. Идрисов, Г.Д. Тажбенова, Л.В. Волкова,
Л.Н. Дәуренбекова, А.Т. Аязбаева, Г.С. Райнбекова

А52 Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, қоғам қайраткері Амангелді Құсайыновты еске алу және туғанына 80 жыл толуына арналған «Бірінші Құсайынов оқулары «XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / жалпы редакциясын басқарған А.Ж. Исмаилов. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2022. – 462 б. // Материалы Международной научно-практической конференции «Первые Кусаиновские чтения «Наука и образование в XXI веке: тенденции и перспективы», посвященной памяти и 80-летию со дня рождения доктора исторических наук, профессора, академика Международной академии наук высшей школы, академика Казахской академии образования, общественного деятеля Амангельды Кусаинова / под общей редакцией А.Ж. Исмаилов. – Астана: Евразийский гуманитарный институт, 2022. – 462 с.

ISBN 978-601-80942-1-7

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, қоғам қайраткері Амангелді Құсайыновты еске алу және туғанына 80 жыл толуына арналған «Бірінші Құсайынов оқулары «XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жарияланды. Оларда педагогика және психология, тарих, әлеуметтану, философия, әлеуметтік жұмыс, тіл және әдебиет мәселелері, шетел филологиясы және аударма ісі, халықаралық қатынастар және аймақтану, құқық, менеджмент, экономика және қаржы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері баяндалды.

В настоящем издании опубликованы доклады участников Международной научно-практической конференции «Первые Кусаиновские чтения «Наука и образование в XXI веке: тенденции и перспективы», посвященной памяти и 80-летию со дня рождения доктора исторических наук, профессора, академика Международной академии наук высшей школы, академика Казахской академии образования, общественного деятеля Амангельды Кусаинова, в которых нашли отражение результаты научных исследований и достижения практической деятельности в сферах педагогики и психологии, истории, социологии, философии, социальной работы, проблем языка и литературы, иностранной филологии и переводческого дела, международных отношений и регионоведения, права, менеджмента, экономики и финансов.

ISBN 978-601-80942-1-7

УДК 001
ББК 72

БАЯНДАМАЛАР/ДОКЛАДЫ

Ахметов Қ.Ә.

*тарих ғылымдарының докторы, профессор
Еуразия гуманитарлық институтының проректоры
Астана қ. (Қазақстан)*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (XX Ғ. 20-ШЫ ЖЫЛДАР)

Алаш қозғалысының көсемдерінің бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы өз халқына қызмет етуден жаңа орнаған Кеңес өкіметі кезеңінде де бас тартпады, ымыраға келіп, қызмет етуге келісті. Екінші жағынан, Кеңес өкіметіне де өз саясатын жүргізу үшін Ахаң сияқты халық алдында зор беделі бар, білімді адам керек еді. Сондықтан да, болар, өлкедегі Төтенше комиссар Әліби Жангельдин Ахмет Байтұрсынұлының кеңес өкіметіне қызмет етуге келіскені туралы және онымен бірге басқа да қазақ интеллигенция өкілдерінің кеңестер жағына шыққандығын тура Ленинге хабарлайды. Жангельдинмен бірге А.Байтұрсынұлы Ленин қабылдауында болып, мандат алады [1].

Осылайша, А.Байтұрсынұлы жаңа өкіметпен келісімге келіп, алдымен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитетінің мүшесі ретінде оның жұмысына араласады.

А.Байтұрсынұлы Қазақ ревкомының құрамында бір жылдан астам ғана уақыт қызмет еткен. Осы уақыттың ішінде оның белсенді қызметінің арқасында «Алаш» қозғалысының белсенді мүшелері Кеңес өкіметі тарапынан қудаланбай, өз мамандықтары бойынша халқына қызмет етуге мүмкіндік алды.

А.Байтұрсынұлының өзі 1920 жылы Қазақ АССР-і Халық Ағарту комиссары, әрі Бүкіл Ресейлік Атқару Комитетінің мүшесі болды. Ол Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында елдегі ағарту ісін ұйымдастырып, Халық Ағарту Комиссариатының негізін салушы болды. Бұл орында екі-ақ жыл қызмет етсе де, көп іс тындырды.

А.Байтұрсынұлының қызмет еткен кезі елдің ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай келген еді. Оған қарамастан оқу-ағарту ісін жолға қоюда біршама істер қолға алынды. Мәселен, 1920 жылы маусым айында өткен халық ағарту қызметкерлерінің съезінде А.Байтұрсынұлы алға нақты міндеттер қойып, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берген. Ол алдымен мұғалімдер кадрларын дайындауға күш салады, оның екі жолын, көрсеткен: бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау болса, екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарының рөлін күшейту. 1921 жылы республика бойынша 52 қысқа мерзімді мұғалімдер дайындайтын курстар ашуды бюджет тарапынан белгіленгендігін осы съезде хабарлаған [2]. 1920 жылы Қазақстанда 14 педтехникум, 6 ауыл шаруашылық техникумы, 2 орман шаруашылығы техникумы, 1 ветзоотехникум (Орынборда), 1 медтехникум (Орынборда), 1 өнеркәсіп-экономикалық техникум (Семейде), институттар: 1. КИНО (Казахский институт народного образования) Қызылорда қаласында, Сырдария губерниясы; 2. ПИНО (Практический институт народного образования) Орынбор қаласында; 3. Инпрос (Институт народного просвещения) Алматы қаласында, Жетісу губерниясы; 4. Пединститут Ташкент қаласында орналасқан [3].

А.Байтұрсынұлы баяндамасында ағарту саласындағы қиындықтар жөнінде де ашып айтып отырған.

Мәселен, мектеп ісіндегі мынадай кемшіліктерді атап көрсеткен: көптеген мектептер үймен қамтамасыз етілмеген, етілгендердің өздерінің көптеген жетіспеушіліктері бар, мысалы, үйге байланысты, жылу жүйесі, оқулықтардың жетіспеушілігі т.б. Жақсы мектеп үйлері барлық жерлерде әскери мекемелерге берілген, босатылғандарының өздері қолдануға келмейтін жағдайда. Мектеп қызметкерлерінің жағдайы төмен, оларды ешқандай материалдық жағынан қамтамасыз етпеген. Жалақылары аз, паяз алмайды, аз жалақының өзін мұғалімдер мерзімімен ала алмайды. Мұғалімдердің материалдық жағдайының болмауынан мектептер жабылуда [4].

Ол Халық Ағарту комиссариатының қызметіне ұлт зиялыларын тартты. Мәселен, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы т.б. қайраткерлерге комиссариаттың секторларын басқаруды тапсырған.

А.Байтұрсынұлы 1921 жылы құрылған Академиялық орталықтың жанынан халық поэзиясының, музыкасының үлгілерін және этнографиялық мәліметтерді жинау жөнінде арнаулы комиссия құрады. Бұл істе үлкен үлес қосқан Қазақстанды зерттеу Қоғамы (ОИК) болды. Осы

аталған істерге сол кездегі республикадағы белгілі тарихшылар, музыка мен фольклордың білгірлері, Ә.Диваев, А.П.Чулошников, А.В.Затаевич, А.Д.Кастальский, Н.Н.Миронов, А.Л.Мелков, Н.В.Мелкова, А.А.Четыркина сияқты т.б. оқыған зиялы қауым тартылды [5]. Бұл істерді ұйымдастыруда да А.Байтұрсынұлы елеулі рөл атқарған.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі де шығармашылық қызметтен қол үзбей 20-шы жылдары бірқатар қазақ ғылымына, әдебиетіне, публицистикасына айтулы үлес қосты. Ол алдымен өзі жасаған қазақ әліппесіне, араб жазуына жасаған реформасына, қазақ тілі білімінің негіздеріне толықтырулар жасап, зерттеулерін жалғастырды.

Осы істерді үлкен ұйымдастырушылық жұмыстармен қатар жүргізді. Ол 1922 жылы қазақ жазушыларының басын қосып съезд шақыру – идеясын қолға алып көп жұмыс жүргізген. Бұл бастамаға ынтасыздық білдірген қазақ жазушыларының ниетіне көңілі толмай «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақала жазады. Бұл мақалада туған халқына шын жанашыр ұлы тұлғаның жүрекжарды жанайқайы былай берілген: «Қазақ баласын ұлттым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Қазан өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Айтқанды тыңдамайтын, «жасасын бейбауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйлетпейтін болды, омырау қағып, күш көрсететін болды.

Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ асып, ауыр алмасқа керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық... Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуын қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айрықша қайғыруы, қан қызуы жоғалады. Бас өзгереді, бастық өзгереді, төбе өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу табиғи іс. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» [6]. Кезінде әркім әртүрлі қабылдап, үлкен дау туғызған, «ұлтшылдықтың манифесі» деп аталған осы мақалада айтылған ойлар бүгінгі күнде де өзектілігін еш жоғалтқан жоқ деп ойлаймыз.

1921 жылы А.Байтұрсынұлы партиядан шыққаннан кейін, оны Халық Ағарту Комиссарының орынбасары етіп тағайындайды, әрі Академиялық орталыққа жетекшілік етеді.

Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 1921 жылдың 17 қарашасында оны, Аштыққа ұшырағандарға жәрдемдесу (Помгол) жөніндегі ұйымның Орталық Комитетіне қызметке жібереді [7]. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы Халық Ағарту комиссарының орынбасары, әрі Коллегия мүшесі болып қала береді [8]. Осы тұста көңіл аударарлық бір факт, ол сол кездегі Халық Ағарту Комиссары болған Аспандияр Кенжиннің Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиумының жазған 1921 жылы 5 желтоқсандағы мына мазмұндағы хаты: «В дополнение к отношению от 23/XI-21 г. сообщаю, что в отношении тов.Байтурсынова мною достигнуто соглашение с секретарем обкома РКП Коростелевым по которому т.Байтурсынов работает одновременно и в Президиуме ЦК Помголода и Акцентре НКП, почему прошу вызвать т.Байтурсынова для переговоров в этом направлении и о результатах меня уведомить. Наркомпрос Кенжин» [9]. Осы хаттан кейін, Орталық Атқару Комитеті төрағасының міндетін атқарушы Ә.Жангелдин Ақанды шақыртып, Наркомпростың ұсынысы төңірегінде әңгіме қозғаған [10]. Бұдан біз бір жағынан, Ахмет Байтұрсынұлының зор білімін, үлкен тәжірибесін халық игілігіне пайдаланғысы келген Халық Ағарту Комиссариатының позициясын (тұғырын) көреміз (А.Кенжин Аханды жақсы білетін), екінші жағынан А.Байтұрсынұлының Кеңес өкіметінің саясатына көңілі қала бастағаны аңғартпай ма? Оны Ақанның 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетіндегі жоғарыдағы мақаласы дәлелдей түскендей.

Орталық Атқару Комитетінің мүшесі ретінде оны 1922 жылы Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу жөнінде құрылған өкілетті комиссияның құрамына кіргізеді [11].

1922 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы саясаттан алшақтап, тек ғылыми-педагогикалық қызметпен ғана айналысады.

Ғылыми бағыттағы істері туралы ол өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 март) былайша баяндайды: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін (шрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалымен тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасына стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты» [11].

Бұл үзіндіде тек қана тіл ғылымы саласындағы істері туралы ғана айтылып отыр.

А.Байтұрсынұлының ғылым саласындағы еңбектерінің бірі – ол жинақтап, өңдеп бастырған фольклорлық материалдар. Солардың бірі – 1923 жылы Мәскеуде «Күншығыс» баспасында шыққан «Ер Сайын» жыры.

Ахмет Байтұрсынұлы жинап, сұрыптап, бастырған екінші фольклорлық жинақ – ол 1926 жылы тағы да Мәскеуде жарияланған «23 жоқтау». Бұл жинаққа қазақ тарихының төрт ғасырының кезеңін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар енген [12].

Ахмет Байтұрсынұлының кемел ғалым-теоретик, әдебиетші, сыншы әрі мәдениет зерттеуші ретінде жазып қалдырған өшпес ғылым мұрасы – 1926 жылы Ташкент қаласында жарық көрген еңбегі – «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности»).

Осы еңбекте қазақ әдебиеттануының негізгі методологиялық қағидалары, ғылыми негіздері басты категориялық аппараты мен терминдері ғылыми түрде тұжырымдалған.

Біздің мәдениет деп қарастырып жүрген ұғымымызды автор өнер деген түсінікпен, мағынамен береді және оны тірнек өнері және көрнек өнері деп екі үлкен топқа бөледі. Олардың әр қайсысын жеке былайша таратады: «Көрнек өнері» бес тарау болады:

Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулелі сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрапатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескінін, келбетін келтіріп суреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады (европаша музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература).

Өнердің ең алды сөз өнері саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарай болсын, сөзбен сөйлеп суреттеуге, көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [13].

А.Байтұрсынұлының өз қолымен 1929 жылы жазып қалдырған «Газет және журналдарда жарияланған басқа, ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПИ-дің архивінде сақталған екен. Онда төмендегідей ғылыми, ғылыми-методикалық т.б. еңбектерінің берілген: 1. «Тіл құрал», 1-бөлім. Фонетика. 2. «Тіл құрал», 2-бөлім. Морфология. 3. «Тіл құрал», 3-бөлім. Синтаксис. 4. «Әдебиет танытқыш». 5. «Баяншы». Методикалық жазбалар. 6. «Тіл жұмсар», 1-бөлім. Практикалық грамматика. 7. «Тіл жұмсар», 2-бөлім. Практикалық грамматика. 8. «Оқу құрал». Балалар әліппесі. 9. Әліппе. 10. «Сауат ашқыш». Ересектер әліппесі. 11. «Әліппе – астар». Әліппеге методикалық нұсқау. 12. «Қырық мысал» – Крылов мысалдары аудармасының жинағы. 13. «Маса» төлтума және аударма өлеңдер. Өлеңдер жинағы. 14. «Оқу құрал» Хрестоматия (нұсқалық, Шонановпен бірлесіп жазылған) [14] – еңбектері көрсетілген.

Байқап отырсақ, еңбектерінің көпшілігі тіл ғылымына байланысты жазылған. Ол заңды да. Ахмет Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикалық табиғатына лайықтап қазақтың ұлттық графикасы ретінде реформалау ісін 1910 жылдардан бастаған және оны әрі қарай жетілдіре түседі.

Ақыры, араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен Ағарту саласы қызметкерлерінің тұңғыш съезінде талқыланады. Съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыпты» деген атпен баяндама жасайды. Ол түркі жұрттарының

қолданып келе жатқан жазуы бар екенін, оны өзгертіп, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірді осы съезде білдіреді [15].

А.Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы өз кезінде қазақ халқының өмірінде үлкен рөл атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиеттің, баспасөздің, басқа жұмысының жандануына игі әсер еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары, мәселен, өзбектер мен татарлар үлгі етіп алып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастаған.

20-шы жылдардың ортасынан бастап КСРО мекендеген түркі халықтарының жазуын латын графикасына көшіру жөнінде мәселе көтерілгендігі белгілі. Бұл кеңес өкіметінің сол кезде түркі халықтарының басы бірігіп кетуі мүмкіндігінен, әрі өздері ойлап тапқан «пантюркизм», «панисламизм» деген идеялардан сезіктеніп, бұл халықтарды тәуелділік жағдайда ұстаудың ойлап табылған бір жолы еді. Тіпті патшалық Ресейдің өзі түркі халықтарының жазуын өзгертуге бармаған.

Сондықтан да, А.Байтұрсынұлы ширек ғасырдай еңбек етіп, жасаған бұл еңбегін, яғни жаңа, реформаланған қазақ жазуын қорғап, әрі бұл жазу қазақ халқының ғылыми, мәдени талаптарын толық өтей алатындығын дәлелдеп, латын алфавитіне көшуге қарсы болды [16].

Кеңес өкіметі алдын ала латынға көшу туралы мәселе бойынша баспасөз беттерінде, жиналыстарда, пікір таластарын ұйымдастырды.

А.Байтұрсынұлы сол кезде-ақ осы жазуға байланысты болсын, басқа жағдайда алып қарағанда да, жаңа «коммунистік» деген атпен жүргізіліп жатқан «рухани отарлау» саясатын түсінген еді. Сондықтан да, ол кезде Кеңес өкіметінің қалаған саясатына көнбеген адамға қандай айыпты болса да таңуға болушы еді.

Кеңес заманында ұлттық мүддеден идеологиялық қажеттілік басым тұрғанда А.Байтұрсынұлының қалай дәлелдеп бақса да ой-пікірі өтпейтін еді. Солай болды да. 1928 жылы өткен ҚазАССР Орталық Атқару комитетінің IV сессиясында қазақтың жаңа алфавитін 1931 ж. енгізу туралы қаулы қабылданады [17].

Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік басқару істерінде жүрсе де, ғылыми жұмыстармен айналысса да, оқытушылық-ұстаздық қызметтен қол үзбеген. Ол 1921-1928 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты (КИНО – Казахский институт народного образования) деп аталатын оқу орынында, 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1928 жылдың қыркүйегінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті ашылады. Оған сабақ беруге Мәскеу, Ленинград, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Қазақстан халық Ағарту Комиссариатының шақыруымен Ташкенттен А.Байтұрсынұлы келеді. 1928 жылдың қазанында Қазақ университетінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде мәдениетке байланыстырып мына бір ойын айтады: «...в природе господствуют естественные силы, а в человеческом (сообществе) – культурные. Та вторая, которая обладает в большей степени этими силами, эксплуатирует тех, кто обладает ими в меньшей степени... Чтобы равняться с другими, нужна нам соответствующая сила. В противном случае более высокая культура эксплуатирует культуру, стоящую ниже ее. В этом нет сомнения»[18]. Осы оқу орны Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-ұстаздық қызметінің соңғы баспалдағы болды. Ол университетте 1929 жылдың 1 маусымына дейін істейді.

20-шы жылдардың басында Ахмет Байтұрсынұлының соңына еріп, бірде тіпті тікелей ықпалымен қазақтың зиялы қауымы баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, әдебиет, өнер салаларында қызмет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР ОМА, 1023 қ., 1 т., 1 іс, 110-111 пп.; Алиби Джангельдин: Документы и материалы. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1961. – 235 с. (64,66,121,124).
2. Сонда, 28,30 пп.
3. ҚР ОМА, 81 қ., 1 т., 56 іс, 6 п.
4. Труды Общества изучения Киргизского края. 1921, вып. 1.
5. Еңбекші қазақ, 1922, 8 шілде.
6. ҚР ОМА, 5 қ., 18 т., 158 іс, 5 п.
7. Сонда, 6 п.
8. Сонда, 3 п.
9. Сонда, 9 п.

10. Сонда, 13 п.
11. Байтұрсынов А. Ақ жол, 10-11 бб.
12. Қараңыз: Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990.–51 б.
13. Байтұрсынов А. Ақ жол, 340-341 бб.
14. Сонда, 10 б.
15. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов, – 25 б.
16. ҚР ОМА, 740 қ., 1 т., 1 іс, 2 п.
17. ҚР ОМА, 740 қ., 1 т., 10 іс, 97 п.
18. Сулейменов Ж. Ахмет Байтұрсынов и его время // Мысль, 1996. №8, с. 84; Наука Казахстана. 1998, № 17 (125), 1-15 сентября

Еңсенов Қ.Ә.

*тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
ҚРҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері*

АМАНГЕЛДІ ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ білім академиясының академигі Амангелді Құсайынұлы саналы ғұмырын еліміздің оқу-ағарту және ғылым саласына арнаған тұлға.

А.Құсайынов Павлодар облысы, Ертіс ауданының Үлгілі ауылында 1942 жылы дүниеге келген. Оның балалық шағы Екінші Дүниежүзілік соғыс, одан кейінгі шаруашылықты қалпына келтірудің қиыншылығымен тұспа-тұс келді. Соғыстан кейінгі жылдары да «Халық жауының» баласы ретінде тартқан азабы, көрген қиындықтары аз емес. Өмірдің әділетсіздігін жастайынан сезініп өскен қайсар мінезді, жас бала жасымай, жасқанбай, қайта ширыға түседі. Өжеттілігі мен табандылығының арқасында озат оқушы атанып, 1960 жылы Үлгілі орта мектебін аяқтайды.

Азаматтың қалыптасуына өскен отбасы тәрбиесі мен білім алған ортасының әсері көп болатындығы анық. Өмірінің негізгі кезеңдеріне назар аударсақ, өмірдегі өзіндік дара жолын байқай аламыз.

Талантты жас азамат 1962 жылы Алматыдағы іргелі білім ордасы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, студент атанып білім алып жүрген шағында 1963-1966 жылдары Кеңес армиясының қатарына алынып, Вьетнам Халық Республикасында азаматтық борышын өтейді. Әскер қатарында жүргенде 1965 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Елге оралғаннан кейін 1969 жылы университеттің тарих факультетін ойдағыдай аяқтаған.

1969 жылы Алматы мемлекеттік Медицина институтында оқытушы, 1970-1973 жылдар аралығында Алматы қаласы Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметтерін атқарды.

1973-1976 жылдары білім мен ғылымға бір жола бет бұрып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің КПСС тарихы кафедрасы жанындағы аспирантурада оқиды. 1976 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбірашит Рахымұлы Ахметовтің ғылыми жетекшілігімен С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың жанындағы «07.00.01. – Қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың тарихы» мамандығы бойынша «Қазақстанда Коммунистік партияның құрылысшы кадрларды дайындауы және тәрбиелеудегі қызметі (1946-1958 жж.)» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған.

1976-1982 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің КПСС тарихы кафедрасында ассистент қызметінен бастап, аға оқытушы, доцент, аға ғылыми қызметкер, профессорлық сатыларынан өтіп, 1982 жылы қоғам және мемлекет қайраткері, академик Ө.Жолдасбековтің қолдауымен университет проректоры дәрежесіне көтерілді. Өзі де өсті, өзімен бірге университеттің дамуына да үлесін қосты.

1987-1991 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми-зерттеу және шығармашылықпен айналысты [1,11].

Ғылыми бағыттағы ізденістерден кейін 1991 жылы 27 қыркүйекте Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты жанындағы Д 008.09.01 Диссертациялық

кеңесінде «Қазақстанда жұмысшы табы мен шаруалардың өндіріс және ауыл шаруашылығын қайта құрудағы өзара қарым-қатынастары (1926-1940 жж.)» (*Қорғау мамандығы КСРО тарихы. Мамандық шифры – 07.00.02.*) атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғауға шығады. Диссертациялық кеңестің төрағасы – Ғылым академиясының академигі М.Қ. Қозыбаев.

Диссертациялық кеңестің қорғауды өткізген стенограммалық жазбасына назар аударсақ, онда 15 ғалым мүше ретінде есімдері аталған. Диссертациялық кеңестің мүшелері: М.Қ. Қозыбаев, Р.Б. Сүлейменов, Ю.И. Романов, К.М. Байпақов, К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, М.Х. Асылбеков, Л.М. Ауезова, Т.Б. Балақаев, В.З. Галиев, С.К. Жақыпбеков, Г.Я. Козлов, М.С. Мұқанов, К.Н. Нұрпейсов және Ж.Қ. Қасымбаев сияқты белгілі ғалымдар еді.

Ресей гуманитарлық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Виктор Михайлович Устинов және Ташкент мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Рахбор Хамидовна Муртазаевада диссертацияның өзектілігін, диссертанттың еңбегін жоғары бағалағанын айтпай кетуге болмас. Қорғаудың қорытындысы бойынша көпшілік дауыс берумен А.Қ. Құсайынов докторлық диссертацияны сәтті қорғап шығады [2]. Бұл ғалымның ұзақ жыл еңбектеніп жазған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі еді.

А.Құсайынов 1992 жылдың сәуір айында С.Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалады. Жоғары мектепті ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында осы институтты С.Сейфуллин атындағы Ақмола университеті болып қайта құрылуына үлес қосты.

1996 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен аталған университет Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті болып қайта құрылып, ректорлық қызметке А.Құсайынов тағайындалды.

Білім ордасын басқарған тұста А.Құсайыновтың университет қалашығының негізін қалап, жоғары оқу орнын жаңа деңгейге көтерді. Оқытушы-ғалымдар мен қызметкерлерге жағдай жасалып, республиканың үздік мамандары шақырылды. Ғалымның басшылығымен ЖОО-да жаңа зертханалар, кафедралар, ғылыми орталықтар, диссертациялық кеңестер ашылды. Бір сөзбен айтқанда, Амангелді Құсайыновтың Еуразия университетінің өміріне тың тыныс, соны серпіліс әкелді.

Ғалым А.Қ. Құсайыновтың атқарған қызметтерінің ішінде ҚР БҒМ Жоғары аттестациялық комитетінің төрағасы (2000-2004 жж.) болғандығын, осы аталған қызметте ғылыми жұмыстарды дамыту жолында аянбай еңбек еткендігін білеміз. Бұл қызмет орны өте жауапкершілігі мол, әрі психологиялық тұрғыдан қиындықтары да көп болатын.

Еліміздің болашағы ғылымның дамуымен, ғалым мамандар даярлау ісінің әлемдік талаптарға сай жоғары деңгейге көтерілуімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан келгенде республикада ғалымдар мен ғалым-педагог мамандарды аттестаттау жүйесінің жұмысы мемлекет тарапынан жүйелі түрде қадағалау мен бақылауды талап етеді. Бұл жүйедегі бастапқы және ең маңызды саты – диссертациялық кеңестер. Осы кеңестерге А.Құсайынов бейжай қарамай, диссертациялық кеңес комиссияның қорытындысында қаралатын еңбектің мазмұны қорғауға ұсынылып отырған ғылыми мамандыққа сәйкестігі туралы баға анық негізделуге міндетті екенін қадап айтады.

«ЖАК басшылығына келгелі аз уақыттың ішінде біз диссертацияның мазмұны, нәтижелері мен тұжырымдары ол қорғауға қабылданған мамандыққа мүлде сай келмейтін жағдайлардың да ұшырасатынын көріп, таңдандық. Диссертация орындалған кафедра оны сараптаудан шеттетіліп, алдын ала сараптау ісіне қойылатын талаптардың өрескел бұзылып жататыны да болады екен. Ал жетекші ұйым осының бәріне көз жұмып қарап, диссертациялық кеңестің ықпалында кете барады»[3] - деп диссертациялық кеңес жұмыстарындағы олқылықтарды нақты көрсетіп береді. Пікір айтып қана қоймай, диссертациялық кеңес жұмыстарының сапасын көтеру мәселесін алға шығарады.

Еліміздегі мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында қадағалау жасаған ЖАК төрағасы А.Қ. Құсайынов статистикалық деректермен: «Диссертациялық кеңестер жұмысында жіберілген кемшіліктерді анықтай отырып, тиісті шаралар да қолданды. 1999 жылы қорғалған 1518 аттестациялық істің 35-і бойынша теріс шешім қабылданды. 2000 жылдың бірінші жартасында 977 аттестациялық істен 9 докторлық, 16 кандидаттық диссертация теріс шешімге лайықты деп табылды. 2000 жылдың екінші жартысында келіп түскен аттестациялық істер қазір мұқият сараптаудан өтуде. ЖАК бұл жерде де тиісті талаптарға сай әділ шешім қабылдайтын болады»[3] - деуінен, әділетті де іскер басшының болмысын байқауға болады.

А.Құсайыновтың түрлі мамандықтардың біліктілігін бекітуге қатысты келтірген мәліметтеріне назар аударсақ: «Қазақстанда 2002 жылы 29 докторлық, 103 кандидаттық диссертация бекітілмеді. Бұдан басқа 11 ғылым докторы, 28 ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінен үміткер ізденуші өз еңбектерінің шикілігін сезініп, диссертацияларын жеке арыздары бойынша ЖАК төрағасының қарауына жіберткізбей, кері қайтарып алды. Ал бұлардың бәрі диссертациялық кеңестерде қорғау кезінде бірауыздан қолдау тауып, мақұлданған, ЖАК бекітуіне ұсынылған еңбектер» [4] – деп, сараптау комиссиясы басшылығының төрағасы ретінде нақты мәліметтер келтірген. Демек, А.Құсайынов күрделі де қиын қызметте жүріп, елдегі маман кадрлардың біліктілігінің дұрыс қалыптасуына басшылық жасап, ғылым саласына қомақты еңбек етті деп айтуға болады. Түрлі мамандықтан қорғалатын ғылыми жұмыстар бар және оны сараптау комиссиясына ғалымдарды топтастыру қажеттілігі бар, айналып келгенде ғылыми дәреже беруде шешім шығару оңай шаруа емес. Десек те, А.Құсайыновтың ғылыми жұмыстың қай-қайсысына болсын әділ қарап, ЖАК жұмысына төрағалық етудің парасатты үлгісін көрсетті.

2004 жылдан бастап, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайынов Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының Президенті болып тағайындалды. Еліміздің білім беру саласын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан жетілдіріп, академия қызметкерлерінің біліктілігіне биік талап қоя білді.

Қазіргі уақытта елімізде бірнеше жоғары оқу орындары құрылып, қалыптасып, дамып келеді. Сондай жоғары оқу орындарының бірі Еуразия гуманитарлық институты. Бүгінде бұл оқу орындарында жастар білім алып, еліміздің маңдай алды оқытушылары ұстаздық етіп жүр. А.Құсайыновтың 2007 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Еуразия гуманитарлық институтының ректоры болды. ЕАГИ-дің қалыптасып, дамуына оның қайраткерлік еңбегі ерекше екендігін айта кетпеске болмас.

Қазақ білім академиясының академигі Амангелді Құсайынов Қазақстан Республикасында әртүрлі қызметтер атқара жүріп, тарих ғылымы бойынша көптеген ғылыми еңбектер де жазған.

Ғалым кеңестік кезеңнің тарихын ғана емес, қазақ елінің тарихындағы өзекті тақырыптарға да қалам тартады. Мысалы, қазақ елінің азаттығы үшін күрескен XVIII ғасырдың дарынды тарихи тұлғасы Абылай ханның өмір тарихына қатысты «Абылай асуы» атты ғылыми мақаласында: «Абылай қазақ даласына кадр саясаты ұғымын енгізген деуге негіз бар. Мәселен, сұлтандарды өзі тағайындай бастағаны хан билігін күшейткені анық. Керек жерінде өлім жазасына өзі кесіп жіберіп отырғаны да оның алған беттен қайтпайтындығына көз жеткізіп, халық арасындағы беделін арттыра түскен. Үнемі елдің игі жақсысына арқа сүйейтіні, бидің, батырдың, қазақ арасындағы беделін орнымен пайдалана білетіні де оның, бүгінгі тілмен айтқандағы жағымды «имиджін» қалыптастыруға септескен» [5,68] – деп, тарихи тұлғаға қатысты өз ойын білдірген екен. Осындай қазақ халқының тарихында ерекше орын алған тарихи тұлғалардың қатарында Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезовтер туралы ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялаған. Онда тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі, елге сіңірген еңбегі мен тарихтағы орны туралы өз ой-толғамдарын келтірген.

А.Құсайыновтың жас кезінде тарихшы мамандығын таңдауына әсер еткен шығармалардың қатарында Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романы болған екен. «І.Есенберлин талантты жазушы ғана емес, қазақ тарихына тыңнан түрен салған және ұлттық тарихты зерделеуге алғашқы жол ашқан тарихи тұлға» [6] - деп, І.Есенберлиннің тарихи шығармаларының құндылығын, ұлттық сананы ояту мен қалыптастыруға ерекше ықпал еткендігіне назар аудартады.

Сондай-ақ, қазақ халқының тарихи тұлғасы Б.Момышұлы туралы жазған мақаласы «Ұлтжандылықтан жаралған батыр» деп аталады. Онда автор: «Қан майданның ауыр жылдарында Бауыржан Момышұлының қандай қысылтаяң кезде де сабырлықпен шешім қабылдайтын тапқырлығы мен соғыс өнеріне шеберлігі, батылдығы, мінезінің ірілігі, тұлғасының алыптығы, сирек кездесетін ерекше азаматтық бейнесі уақыт өткен сайын асқақтай түседі. Батыр бейнесі уақыт өткен сайын аңызға айналып, ұрпақтан ұрпаққа үлгі болып, тарихтың тамаша дастанына айналады. Тұлғаның ерлік пен батырлыққа, ақыл мен парасаттылыққа, азаматтық пен адамгершілікке тәрбиелейтін ойшылдық өнегесі, рухани тәлімгерлігі, ұстаздық мектебі біз үшін ең бай мұра» [7] – деп, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының ерлігін де назардан тыс қалдырмайды.

Ғалымның ел тарихына қатысты ой-толғаныстары мен арнайы тарихи тақырыпта жазған бірқатар еңбектері жарыққа шыққан. 150-ден астам ғылыми еңбектер жазып, 10-нан аса монография жариялады. Оның еңбектерінің ғылыми құндылығы жоғары, практикалық маңызы зор. Қай мақаласын алып қарасақ та, автор Отан тарихының даму бағыты, келешегі туралы өз ой-

пікірлерін батыл білдіреді. Яғни, Қазақстан тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті мәселелерді айқындап көрсетіп отырады.

А.Құсайыновтың жетекшілігімен тарих ғылымы саласы бойынша 4 ғылым докторы, 16 ғылым кандидаты даярланды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде отандық ғылым мен білімінің дамуына өз үлестерін қосуда. Бұл ғалымның тарих ғылымына қосқан үлесінің бір парасы деуге болады.

Амангелді Құсайынұлы – мемлекеттік наградаларымен қатар, ЖОО қауымдастығының барлық марапаттарының иегері. Бұл ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбегінің жемісі.

Қорытындылай айтқанда, А.Құсайынов – мемлекет және қоғам қайраткерлері қатарындағы тұлға. Өйткені, оның өнегелі өмір жолы және атқарған әртүрлі деңгейдегі қызметтерінің барлығы елдің дамуы мен өркендеуіне қосылған үлес екендігі анық.

Ғалымның әртүрлі тақырыпта берген сұхбаттары мен ғылыми мақалаларынан, тіпті афоризм, накыл сөздерінен білімділік, көшбасшылық, батылдық қасиеттері байқалып, оның тұлғалық болмысын айқындап тұр. Қазақта: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді!», - деген аталы сөз бар. Сондықтан, ғалымның өзі өмірден өткенімен, оның елге жасаған еңбегі ұмытылмайды деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байзақова Қ.Е. Өмірі өнегелі тұлға // Құсайынов А.Қ. Өнегелі өмір / Ред басқ. Г.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 10-11 бб.
2. Стенограмма заседания специализированного совета Д 008.09.01 при Институте истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. – Алматы, 27.09.1991 г. // Архив Академии Наук РК. Ф.11. Оп.1. Д.1933., 1–29 лл.
3. Құсайынов А.Қ. Жак кімге жак? // Егемен Қазақтан, 2001. – 19 қаңтар, 4-5 бб.
4. Құсайынов А.Қ. Ғылыми диссертацияның бәрі бірдей ғылым ба? // Егемен Қазақстан, 2003. – 7 қараша, 3-4 бб.
5. Құсайынов А.Қ. Абылай асуы // Өмір иірімдері. – Астана: Фолиант, 2012. – 167 б.
6. Кусаинов А.К. «История – моя непреходящая любовь». Интервью вела Надежда Серова // Акмолинская правда, 16 января, 1996.
7. Құсайынов А.Қ. Ұлтжандылықтан жаралған батыр // Астана хабары, 15 сәуір, 2006. – 3 б.
7. Кусаинов А.К. «История – моя непреходящая любовь». Интервью вела Надежда Серова // Акмолинская правда, 16 января, 1996.

Алшанов Р.А.

*доктор экономических наук, профессор
ректор университета Туран
г. Алматы (Казахстан)*

ИННОВАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ДЕГЛОБАЛИЗАЦИИ

На днях опубликован рейтинг регионов Казахстана по инновационной активности. Закономерно, что индустриальные регионы имеют относительно высокие показатели. И это радует. Вопрос: зачем это нужно? Очевидно, что нас беспокоит сырьевая структура национальной экономики. Пока нас кормят нефть, газ, уголь, медь, цинк, железная руда, алюминий, золото, серебро, пшеница, ячмень и целый ряд других сырьевых товаров. Эти ресурсы нужно поддерживать, заниматься геологией, комплексной переработкой, поскольку эти богатства еще немало лет будут основой нашей экономики. Тревожит то, что ресурсная база ряда из них находится на пределе досягаемости нашего взора. И это заставляет интенсивно искать другие пути развития обеспечения устойчивости национальной экономики.

Из других отраслей, составляющих костяк экономики страны, нужно отметить устойчивое развитие транспорта, связи, энергетики, строительства. В перерабатывающей сфере можно выделить пищевую, химическую, электротехническую промышленность, промышленность

строительных материалов, энергетику. В каждой из этих отраслей есть свои лидеры: в химической – это выпуск фармпрепаратов, лекарств; в электротехнической – выпуск трансформаторов; пищевой – производство напитков, выпуск яиц, мяса птицы и т.д.

Пока не удастся наладить устойчивую работу в машиностроении, хотя есть примеры: налажен выпуск колесных пар, удлиненных рельсов, работает ряд сборочных производств. В легкой промышленности есть предприятия, добившиеся неплохих результатов («Казлегпром»).

В этих сферах в целом налажено производство: имеются относительно устойчивые рынки сбыта на внутренних и внешних рынках, сложились предприятия, трудовые коллективы, команды управленцев, налажена профессиональная подготовка кадров для них. И если есть проблемы, то они характерны для всех, они известны, и по ним ведется работа.

Дальнейший рост обусловлен необходимостью производственных инвестиций. Сдерживающим фактором остается дороговизна заемных, кредитных ресурсов, ограничивающая обновление технологий. Собственных ресурсов недостаточно. БВУ, рынок ценных бумаг нашли свои самодостаточные ниши и живут безбедно. Спрос задавлен инфляцией.

Открытость экономики, вступление в экономические, торговые союзы, включая ВТО, обуславливает наличие острой конкуренции, особенно на внутреннем рынке. В этих условиях сбыт затруднен, ценовой маневр небольшой. Все обращаются за помощью к государству: просят дешевых денег, налоговых льгот, защитных барьеров, заградительных мер от внешней торговой экспансии. Правительство все время перед дилеммой: либо поддержать отечественного товаропроизводителя, либо дать свободу рыночным отношениям мировым технологиям.

Практически каждая страна выстраивает компромиссную модель. Ярким примером является «трампизм». Угроза Трампа установить высокие пошлины на китайские товары свелась к корректировке внешне-экономической деятельности, внесению ряда изменений во взаимную торговлю.

На наш взгляд, ответом на эти вызовы стала корректировка этих процессов, но не отказ от нее. В числе реакции на них следует отнести подтягивание региональных рынков и таможенных, экономических союзов, аналогичных ассоциаций, повышение их роли в обеспечении экономических интересов своих стран.

Защита экономического пространства, таможенные барьеры, всевозможные санкции призваны обеспечить должную защиту национального предпринимательства, гарантировать необходимую занятость.

Стремление к получению максимальной прибыли в условиях усиления олигополий, тотальному захвату рынков различными ТНК, встречаемое активным наступлением других новых игроков, определяет новую конфигурацию мирового рынка.

Напряженность ресурсного обеспечения, экологические проблемы, рост трудоспособного населения, давление безработицы усиливают значимость этих вызовов.

Подобные ситуации способствуют обострению напряженности в мире, росту радикализации, ведут к конфликтам, переходящим в вооруженные столкновения. Гонка вооружений не сходит с повестки дня.

Глобализацию отменить сложно, национальный протекционизм может лишь внести свои необходимые изменения по защите национальных производителей. Деглобализация может вести к локализации региональных рынков, но этот процесс, снижая градус международной конкуренции, не ведет к деинтеграции мирового рынка. Сейчас самый актуальный подход – компромиссный.

Казахстан – участник мирового рынка, мы ведем торговлю более чем со 140 странами мира, поставляем разнообразную продукцию из более чем 500 наименований. Все еще значителен вес сырьевых товаров в экспортной корзине, растет число фирм, предприятий, как пробующих пробиться на внешние рынки, так и тех, кто нашел свои ниши. Аграрии Северного Казахстана, например, за короткий период вышли на европейский рынок масличного льна и сейчас входят в мировую тройку его поставщиков. На мировом рынке муки наша страна входит в число ее главных экспортеров, но рынки -не застывшая категория.

Важнейшим направлением обеспечения устойчивости национальной экономики стало импортозамещение. Неожиданные изменения геополитической обстановки в мире коснулись и нашей страны. Накал торговой войны с одним из наших ведущих партнеров и союзников – Россией, на которую приходится порядка 14,3% внешней торговли, не ослабевает, санкционное давление на нее усиливается. У нас обнажилась уязвимость целого ряда отраслей, многих производств, встроенных в производственные цепочки с российскими партнерами. Это влияет на наши интересы. В рамках ЕАЭС мы увеличили закупки свекловичного сахара из России, сократив

закупки бразильского сахара из тростника, которые достигали в отдельные годы 290 тыс. т. Запрет на вывоз этой продукции из РФ больно ударил по нашему сахарному рынку. Нашим представителям в комиссиях ЕАЭС нужно более энергично защищать страновые, отраслевые позиции. К сожалению, не в первый раз обнаруживается их слабый профессионализм, робость и недостаточная настойчивость в отстаивании национальных интересов на переговорных процессах. Казахстану необходимо оперативно разработать адекватные меры по альтернативным поставкам наиболее уязвимой продукции и их выпуску в стране по программе импортозамещения.

Следует отметить, что только в нашей стране перечень ввозимой и вывозимой продукции публикуется в укрупненном формате. А ведь предпринимательству нужно постоянно видеть, какую конкретно продукцию мы ввозим, по какой цене, в каких объемах, из каких стран. Наши статистики превратили эти данные в разряд государственных секретов. Невозможно ориентироваться предпринимательству, покупать информацию представители малого бизнеса могут не всегда. Например, Росстат предоставляет в широком доступе подобную информацию. Наше статистическое ведомство, не публикуя детальную статистику, работает как филиал секретных служб.

Перспективу страны должны обеспечить инновации. Как же обстоит здесь положение вещей? По информации ИА «New Times. kz», в рейтинге 2021 года по уровню развития инноваций Казахстан занял 79-е место из 132 стран.

Лидируют Швейцария с индексом 65,5, за ними Швеция (63,1), США (61,1). Страны СНГ в рейтинге инноваций занимают с 45 по 103 место: Россия (36,6), Украина (35,6), Беларусь (32,6), Молдова (32,3), Армения (31,4), Казахстан (28,6), Азербайджан (28,4), Узбекистан (27,4), Кыргызстан (24,5) и Таджикистан (23,9).

Объем инновационной продукции Казахстана в 2021 году составил 1,4 трлн тенге, что на 16,1% меньше, чем в 2020 г. Из регионов в первую пятерку вошли Костанайская область с объемом в 379 млрд. тенге, Карагандинская обл. – 246,1 млрд. тенге, Акмолинская – 112,3 млрд., Павлодарская – 97,2 млрд., г. Шымкент – 95,0 млрд.

Два мегаполиса заняли лишь девятое и десятое места: Алматы (62,8 млрд. тенге), Астана (41,5 млрд. тенге). При этом показатели столицы сократились за год на 25,9%. И если Алматы отстал от Шымкента на 33,9%, то столица отстала более чем в два раза, на 56,3%. По логике вещей эти два города, где сосредоточилась основная масса ВУЗов и НИИ, должны демонстрировать высокие показатели по внедрению инноваций. Структура экономик этих городов должна быть максимально прогрессивной. На одном из заседаний Общественного совета города Алматы руководству управления предпринимательства был поставлен вопрос: почему мегаполис не использует уникальные возможности города и не развивает инновационное предпринимательство? Пошли студенческие стартапы, бизнес-инкубаторы, инновационные проекты Вузов и НИИ, не ставшие до сего времени драйвером инновационного развития страны. В ответ мы услышали, что город активно поддерживает базары, торговые центры, расширяет необходимую инфраструктуру для них. В качестве примера привели активную работу акимата по предоставлению земельного участка, подведение инженерных сетей для рынка подержанных машин. Инновационному предприятию АО «Келет» предоставили землю на пустыре, фабрика «Казлегпром» до сих пор задыхается от нехватки производственных площадей. При таких приоритетах, когда автохлам давит высокотехнологичную продукцию, трудно выйти на передовые позиции по инновационному развитию страны.

Многолетний поиск в стране адекватных возможностей, путей эффективного инновационного развития вылился в создание отдельного министерства науки и высшего образования. Цель понятна: вузы, НИИ – наука - инновации – производство – прогрессивная структура экономики – конкурентоспособность – устойчивое развитие-светлое будущее. За 30 лет нам не удалось создать работающий инновационный механизм, не вскрывать ошибки. Во-первых, у нас сложилось мозаичное мышление, которое и определяет рваный характер политики внедрения инноваций. Надо срочно открыть суперсовременные лаборатории, открыть центры коммерциализации. Необходимо знать программу ПИИР. Подлинный эффект от реальных дел формализовался. Сложился прочный стереотип такого фальшивого подхода.

Объявлена программа «Новый Казахстан». Обрезаются ложные схемы, обновляются команды менеджеров, формируется новая психология. Хотя не всегда слаженно работают звенья, приходится на ходу проверять на прочность идеи, людей, но вектор выбран верный. Экономика должна встряхнуться, освободиться от балласта, присосавшихся ненасытных пиявок. Нужно интенсивно формировать новую экономику. Новому министерству нужно отработать рабочую схему выхода на инновации. Выбрать более или менее созревшие проекты (они есть в КазНУ им.

Аль Фараби, ВКГТУ им.Серикбаева, институте машиноведения им.У.Джолдасбекова и т.д.), готовых к коммерциализации; создать малые предприятия, а затем масштабировать, помочь выйти на мировые рынки. Опыт выпуска вакцины от пандемии должен научить нас работать. Мы приоритетно разработали вакцину в числе немногих стран, стали строить завод, где начались проблемы. В итоге, когда построили, актуальность прошла, массового спроса на отечественную вакцину нет. Огромная конкуренция, сложные технологии требуют для внедрения инноваций гигантской воли, колоссального напряжения, титанического труда, уникальной слаженности. Новый министр Нурбек Саясат должен переложить идеи президента К. Токаева в действенную инновационную политику.

Немов Р.С.

*доктор психологических наук, профессор
Московский городской педагогический университет
Институт специального образования и психологии
Кафедра общей и практической психологии
г. Москва (Россия)*

ПСИХОЛОГИЯ МОТИВАЦИИ ПОВЕДЕНИЯ ЧЕЛОВЕКА И ЭТИКА

Проблемы мотивации поведения человека, которые в свое время явились одной из причин возникновения психологии как науки о душе (середина первого тысячелетия до н.э.), надолго ушедшие из содержания психологических исследований после того, как французский философ Р. Декарт в XVII веке определил психологию как науку о сознании, вновь стали актуальными. Они вернулись в эту науку в XX веке. Известно также, что обсуждением и решением этих проблем с древнейших времен занималась этика как раздел философии [1, 2, 3]. В этой связи перед учеными-психологами встал вопрос о том, чем этические и психологические исследования и объяснения поведения человека отличаются друг от друга. Обсуждению этого вопроса и посвящается настоящее сообщение.

Из истории социальных и гуманитарных наук известно, что в течение длительного времени, особенно после XVII века, постановкой и решением проблем мотивации поведения человека занималась не психология, а этика. Поэтому в данном сообщении мы кратко представим проблемы мотивации поведения человека, которые ставились и до сих пор решаются в научных трудах по этике. Для решения этой задачи мы воспользуемся, в частности, работой В.Д. Губина и Е.Н. Некрасовой «Основы этики» [1]. Представляя и обсуждая основные этические идеи, касающиеся описания и объяснения поведения человека, мы будем соотносить их с теми вопросами, которые ставятся и решаются в современной психологии мотивации поведения человека.

ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Мерсердің (2005) тұжырымдамасы бойынша құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті [2,22]. Бір-біріне сұрақтар қоя біледі. Ең бастысы топта білімалушы оқшауланып қалмайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы білімалушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасау да жұмысқа өз көмегін жақсы береді. Ережені білімалушылардың өздеріне құрғызу маңызды. Сабақтың басында әр түрлі тәсілдерді пайдаланып, түрлі түстер, фигуралар, сөйлем мүшелері, сөз таптары, әдеби терминдер, әуендер, жұлдызнама, есімдер, асықтар, тақырыпқа сай құралдар, макеттер, жұмбақтар, суреттер, таяқшалар, шығарма тараулары, кейіпкерлер т.б. арқылы сабақ сайын өзгертіп топтастыруға болады. Ол әртүрлі болуы маңызды. Сонымен қатар, әр топта жұмыс жасаған білімалушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы топтық жұмыс барысында зерттелуі маңызды, себебі өзара жұмыс барысында білімалушының еркінше ашылу мүмкіндігі бар, соны оқытушы қалт жібермеуі оқытушыны зерттеушілікке әкеледі. Топтық жұмыста тұйық және білім көрсеткіші төмен білімалушылардың ашылу мүмкіндігі мол. Топтық жұмыс білімалушылардың ынтымақтастықта белсенді жұмыс жүргізуге жақсы ықпал ете алады. «Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады» [3,41]. Тәжірибені зерттеу барысында көп жағдайда топтық жұмыс бір типті әрі шартты түрде болып жүргені байқалады. Топтық жұмыстардың формасы мен тапсырмалары түрлендірілсе, жоғарыдағы мәселелерді жүзеге асыру мүмкіндігіміз молырақ болатыны сөзсіз. Топтық жұмыс түрлерін мынадай әдістер арқылы жүргізуге болады деп ойлаймыз:

- ✓ графикалық организаторлар арқылы топта материалды талқылау;
- ✓ үлгі (макет) жасау оны топта талқылау, түсіну;
- ✓ тақырып бойынша топта суреттер салу, мағынасын ашу, дәлелдеу;
- ✓ сахналық көрініс жасау арқылы тақырыпты жеңіл түсіну, ынтымақтастықта жұмыс жасауға үйрену;
- ✓ ЖИГСО стратегиясы арқылы топта тақырыпты меңгеру;
- ✓ «Бұрыш» стратегиясы арқылы топта тақырыпты, мәселені талқылау;
- ✓ «Ішкі және сыртқы шеңбер» жасау арқылы топта білімді пысықтау;
- ✓ «Стоп-кадр» әдісі арқылы топтасып баяндау, талқылау, талдау;
- ✓ «Қар кесегі» әдісі арқылы топта материалды пысықтау;
- ✓ «Тапсырмалар қызығы» әдісі арқылы топта материалдарды меңгеру;
- ✓ «Қабырғадан жазу» әдісі арқылы топтасып жазуға үйрену;
- ✓ «РАФТ» әдісі арқылы топтасып жұмыс жасауға үйрену;
- ✓ «Табу» әдісі арқылы топтасып ізденуге үйрену;
- ✓ «Он сөз» әдісі арқылы топтасып, есте сақтауға үйрену;
- ✓ «Өрмекшінің өрмегі» әдісі арқылы топтасып сұрақ қоюға үйрену;
- ✓ «Бюджетті жоспарлау» әдісі арқылы топтасып ақылға келуге үйрену т.б.

Білімалушылар өздеріне берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне өз деңгейлерінде түсіндіру үшін жоғарыда айтқан әдіс-тәсілдерді оқытушы сабақ мақсатына сай дұрыс таңдап, жетілдіріп отырса, білімалушылар шығармашылық ойлауға, кез келген тығырықтан шығуға мүмкіндіктер алады. Топтық жұмыста білімалушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б.Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдалану білімалушының сұрақ қоя білу дағдысын жетілдіруге ықпал ететіні анық. Олар жеңілден күрделіге, терең ойлануға үйренеді. Сұрақтың түрлерін анықтайды, сұрақ қою техникасын меңгереді. Топтық жұмыста білімалушы көшбасшылығы, дарыны, таланты, қабілеті психологиялық типі барлығын зерделеуге, бақылауға, зерттеуге оқытушыда мүмкіндіктер көп болатынын тағы да баса айтқымыз келеді. Топтық жұмыстың тағы бір тиімділігі топ ішінде тапсырманы жан-жақты қарауға, көзқарастарды білуге, мәселені талдауға мүмкіндік мол болатындығы. Топта білімалушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктермен, энциклопедиялармен, интернет көздерін бірлесіп пайдалану арқылы да бір-бірінен ақпаратты тез іздеп үйренуге жаттығады. Сабақта топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы білімалушылардың сабаққа белсенділігін қызығушылығын артқанын байқау қиынға соқпайды. Топтық жұмыста білімалушылар аз уақытта мынадай нәтижелерге қол жеткізе алады. а) қойылған сұрақтарға нақты дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденіп, бірлесіп дұрыс нақты

жауап беруге төселеді; ә) материалды оқи отырып, түсініксіз сөздер, терминдер, кәсіби сөздер тізбегін жасап, бірлесіп мағынасын анықтайды; б) теориялық материалды бірлесіп оқып, практикалық мағынасын бірлесіп анықтайды; в) материал негізінде жоспар құрып, бірлесіп бақылап, бірлесіп зерттеуге мүмкіндіктер алады; г) материалдың өмірмен байланысын бірлесіп анықтайды, т.б.

Сонымен, топтарда жұмыс істеу не үшін қажет? деген сұраққа тағы да өзімізше жауап беруге тырыстық деп есептеймін. Ынтымақтастық оқу дегеніміз не? – деген мәселелерге тоқталар болсақ, ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал *бірлескен жұмыс* соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқу аудиторияда пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия. Барлық жағдайларда адамдар топтарға бірлескен кезде ынтымақтастық адамдардың топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтей отырып, жұмыс істеу тәсілін ұсынады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алады. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы ымыраға, пәтуаға жетуге негізделген.

«Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін білімалушылар тобы дегенді білдіреді» [4,11]. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады. Қазақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл», - деген философиялық ойды тегін айтпаса керек. Топтық жұмыстағы әрекет жұмыла көтерген жүктей. Біз көп нәрсені түсінбегендіктен білмейміз әрі қиналамыз. Ал түсінген нәрсеңді жасау, одан нәтиже көру адамды шабыттандыра беретіні ақиқат. Сабақта топтық жұмысты жиі ұйымдастыру арқылы белсенді оқуды жасау мүмкіншілігі зор. Білімалушылар топтық жұмыс арқылы өз бетімен білім алуға дағдыланатын болады. «Түсіндіріліп берген білім ой тудырмайды» - деген қағиданы ұстанатын болсақ, топтық жұмыс қашан да өзекті, себебі топтық жұмыста түсіндіруден бұрын талқылау болатыны сөзсіз. Болашақ маманның ұжымда жұмыс жасай алу дағдысын, басқаны тыңдай алу дағдысын, идеяларды біріктіре алу дағдысын, басқаның пікірін, ішкі ойын қабылдай алу дағдысын, қарым-қатынас дағдысын дамытамыз десек, әр сабақта топтық жұмысты ұйымдастыруымыз маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тренерлерге арналған нұсқаулық – «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (орта) деңгей. 2-басылым. www.cpm.kz
3. Тренерлерге арналған нұсқаулық – «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
4. Иманқұлова Ж. «Мемлекеттік білім берудің ұлттық моделі», 2014, №1

Дуйсекова А.А.

магистр, аға оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық қ. (Қазақстан)

Қара Ә.Б.

магистр, аға оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН БІЛІМ БЕРУ ВЕБ-САЙТТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу процесінде білім беру веб-сайттары мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру – берілетін білім сапасын

көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріне қазіргі оқу мен оқытудағы тиімді тәсілдерді енгізу, оларды дамыту, нақты жүзеге асыру шараларын айқындау» болып табылады деп көрсетілген [1].

Әлемдік ғылым мен практикада білім беру веб-сайттарын оқыту процесіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын сара жол.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың ғылыми негізделген әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасы мен компьютермен оқытудың бағыттарына арналған іргелі және қолданбалы сипаттағы мәселелер, білім беру веб-сайттары мәні, мазмұны мен құрылымы алдыңғы қатарлы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Сайт немесе *Веб-сайт* – (ағылшынша Website: Web - топ, желі және site – орын, желідегі орын, сегмент) – бір мекенжайға (домен атымен немесе IP - мекенжаймен) біріктірілген компьютер желісіндегі жеке тұлғаның немесе ұйымдары электрондық құжаттар (файлдар) жиынтығы. Ғаламтор желісінің негізін құрайтын барлық сайттар болып табылады.

Әлемдегі ең алғашқы сайт Info.cern.ch 1990 жылы пайда болды. Сайтты жасаған Тим Бернерс-Ли. Сайтта HTTP деректерді беру хаттамасы негізінде жасалған World Wide Web жаңа технологиясы сипаттамасын жариялаған. URInің бағыттауын жүйеге және HTMLның гипермәтін белгісінің тіл негізделген жаңа технологиясына сипаттама онында жариялады.

Біз, білім беру веб-сайттары арқылы оқытудың жүйелі әдісі – техникалық ойлау және оқушының танымдық әрекетіне бағыттап оқытуда түрлі техникалық, электрондық және компьютерлік құралдарды қолдану мәселесі деп түсінеміз.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін басқару мен оқытуда білім беру веб-сайттары қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

- білім беру веб-сайттарын көрнекілік құрал ретінде пайдалану;
- оқытудың әртүрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту процесін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;
- әртүрлі пәндер бойынша оқу курстары мен программалық әдістемелік кешендерін жасақтау;
- білім беру жүйесінде веб-сайттарды қолдану;
- білім беруді басқаруда Білім беру веб-сайттарын кәсіби қолдануға оқыту;
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде білім беру веб-сайттарын қолдану.

Жылдан-жылға дамып келе жатқан материалдық-техникалық мүмкіндіктер мұғалімдерге, оқушыларға жоғарыда аталған бағыттардың әртүрлі аспектісін меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай бағыттарды меңгеруде оқыту процесінде қолданылатын білім беру веб-сайттарының алатын орны ерекше.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары

Ақпараттық құралдар:	Педагогикалық мүмкіндігі
Компьютер	Кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал
Интерактивтік тақта	Оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинарлар мен пікірталастар өткізуге ыңғайлы құрал.
Принтер	Мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпаратын қағазға шығаруға арналған құрылғы.
Проектор	Сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал.
Телекоммуникациялық блок	Ресейлік немесе әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа мектептермен хат алысуға көмектесетін құрал.
Сыныптағы және мектептегі желі	Ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі.
Дыбыс-бейне құралдары	Сканер, фотоаппарат, видеокамера, магнитофон қоршаған әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту процесіне енгізуге мүмкіндік береді.
Программалық құралдар:	Педагогикалық мүмкіндігі.

Ақпараттың өзегі – интернет	Ұйымдастырылған ақпараттық массивтер – компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және Интернет жүйесі.
Жаттықтырғыштар	Ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға – мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады.
Компьютерлік тест программалары	Оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды.
Оқытушы кешендік жиынтық (электрондық басылым)	Жоғарыда аталған білім беру веб-сайттары сәйкестігіне қарай дәстүрлі түрде оқыту процесін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестендіреді.
Басқарудың ақпараттық жүйелері	Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен – оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді.

Аталған құралдарды өзінің ерекше қызметімен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың құралы ретінде қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл білім беру веб-сайттарын бастауыш мектептің оқу процесіне қолдануды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді.

Бастауыш мектепте аталған білім беру веб-сайттарын танымдық тұрғыдан қолданудың әртүрлі психологиялық-педагогикалық аспектілері С.Пейперт, Б.Хантер, Дж.Нокс, Т.М.Ньюсем және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. С.Пейперт «Білім беру веб-сайттарымен оқытуда бала – өзінің интеллектуалдық құрылымын құрушы құрылысшы. ... бала қазіргі техниканы меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар жаратылыстану, математика пәндерінен, басқа да интеллектуалдық дамуына қажетті ақпараттармен танысады» деген. Шынында дәстүрлі оқытуда бала дайын білімді арнайы іскерліктерді меңгереді. Мұндай жағдайда ересектер балаларда өздігінен оқудың дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігін, оның нәтижесінде бала жан дүниесінің үлгісін құратынын естен шығарады. Білім беру веб-сайттары жұмыс барысында оқушы өздігімен әртүрлі әуестігіне байланысты (сурет салу, өлең құрастыру, ән айту) оқу дағдыларын меңгеріп, өзі үшін жаңаны таниды, қоршаған әлемді зерттейді, білімді өздігімен ізденуге деген қызығушылығы, білуге құштарлығы пайда болады. Бұдан білім беру веб-сайттары есте сақтаудан терең ұғынуға көшуге мүмкіндік беруін, заттардың ұқсастық, айырмашылығын ерекшеліктерін, ақылмен, санамен әрекет жасауға төселдіруін, өзіндік қызығушылығына байланысты тапсырмаларды орындай білуге дағдыландыруын балалардың танымдық процестерін дамытуда жүзеге асыру көзделеді.

Білім беру веб-сайттарын қолдану арқылы оқу процесін басқарудың өзіндік ерекшеліктері бар. Түс, графика, мультипликация, дыбыс, қазіргі видеотехниканың барлық құралдары оқытуға қолайлы жағдай жасап, оқу процесінде ақпаратты беру мүмкіндігін кеңейтеді, оқушылардың зейінін оқуға аударуға септігін тигізеді.

Аппараттық және программалық құралдардың ақпараттарды түрлі деңгейде көрсету арқылы көрнекілік ретінде қолданылуы оқушылардың кез келген ақпаратты ғылыми, практикалық, құбылыс және болмыс түрінде меңгеруін оңтайландырады. Дәл осындай пікірді Я.А. Каменский дидактиканың алтын ережесінде оқыту процесіне баланың барлық белсенділігі көрінетін сенсорлық – перцептивтік ағымның енгізілуін талап еткен болатын. Бұған қазіргі таңда аппараттық және программалық құралдарды қолдану жағдайында қол жеткізуге болады. Себебі бұл құралдардың шексіз ресурстарының балалардың сезімдік әсерленушіліктерін арттырудағы орны ерекше.

Білім беру веб-сайттарын оқу процесін оңтайлы басқара отырып, оқушының іс-әрекетіне сапалы түрде бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Ол барлық жауапты тексеруге, көпшілік жағдайларда қатені тіркеп қана қоймай, сонымен бірге оның дәл сипатын анықтап, оны тудыратын себепті дер кезінде жоюға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім оқушының оқу әрекетіндегі барлық сәттерін бақылауға, сыныппен жұмыс жасай отырып, барлық оқушылардың орындаған тапсырмаларының дұрыстығын тексеруге мүмкіндігі болмайды. Бұдан оқушыларда осы білім аймағында дұрыс емес түсініктер қалыптасып қалуы мүмкін. Оқушының білім беру веб-сайттарын оқу әрекеті құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі зор.

Бастауыш сынып оқушысы білім беру веб-сайттары арқылы оқу әрекетінде өзін жетілдіре отырып, әртүрлі әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгереді. Өзінің алдына біршама күрделі мақсаттарды қоя біледі; яғни оқушы бұл жағдайда биік таудың шыңына шығуға талпынғандай болады. Бұл кезде оқушының қызығу қарқыны әртүрлі болып келеді: кейбіреуі аяқ астындағы әрбір ұсақ тасты байқай, баяу және бірте-бірте, ал екіншісі жырықтардан секіре-мекіре, қателесуге тәуекел ете қызығады. Мұндағы әрекет біршама жалпыланған тәсілдермен жүзеге асады да, олардың иерархиясы «адам – құрал – мақсат» жүйесінің дамуына бейнеленеді. Құралы компьютер болып табылатын балалардың танымдық іс-әрекетіне сәйкес, жүйе «адам (бала) – құрал – мақсат» түрінде анықталады, мұндағы мақсат іс-әрекетке бағдарланған, сондай-ақ оның мазмұны мен айқын сапасын анықтайтын әлемнің бейнесін (психикалық) іштей жалпыланған және жайылған түрде түсіну болып табылады [2].

Бала білім беру веб-сайттарымен қарым-қатынаста бола отырып эксперимент жасауға, сыныптағы көшбасшы болуға ұмтылады. Негізінен бастауыш мектеп жасы:

– оқуға түрткісін қалыптастыруда, тұрақты танымдық қажеттілігі мен қызығушылығын дамытуда;

– оқу әрекетінің дағдылары мен тәсілдерін, «оқу іскерлігін» дамытуда;

– жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындауда;

– өзін өзі бақылау, өзін өзі ұйымдастыру және өзін өзі реттеу дағдыларын дамытуда;

– өзіне және қоршаған ортаға және т.б. сын көзбен қарауда өзіндік баға беруге икемді келеді.

Сондықтан, бастауыш сынып оқушысының жасы – бұл жағымды өзгертулер мен түрлендірулер кезеңі болып табылады. Әрбір бала осы жас кезеңінде өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімді болмаса, жүзеге асырған таным белсенділігін сезінбесе, оқуға деген іскерлікті меңгермесе, онда баланы әрі қарай дамыту қиын және дене күшін қажет етеді.

Қазіргі білім беру веб-сайттар оқушыларға берілген тапсырманың күрделілік деңгейін, кей жағдайда оқу материалының тізбектілігін таңдауға, қажетті көмекті шақыруға, өз жұмысының нәтижесін алуға, орындағаннан кейін жіберген қателерін табуға, қатесінің сипатын анықтауға, оны уақытымен түзетуге жағдай жасайды. Мұндай тізбектіліктің жүзеге асырылуы оқушылардың өз әрекетінің рефлексиясын қалыптастыруын қамтамасыз етеді. В.В. Давыдов рефлексия – оқушының ойы мен әрекетінің негізін қадағалауы деп көрсеткен [3]. Соның ішінде, бастауыш мектеп оқушылары үшін білім беру веб-сайттарымен жұмыс жасау, өз әрекетінің нәтижесі туралы кері байланысты жасауда жоғары деңгейде мүмкіндік береді.

Барлық оқушылар білім беру веб-сайттарын жоғары немесе төмен дәрежеде меңгереді, бірақ оларды оқушылардың барлығы бірдей дәрежеде қолданбайды. Арнайы білім беру веб-сайттарымен жұмысқа деген қызығу терең және берік, диффузды болады. Қызығуларды жіктеу – табиғи құбылыс, бірақ біздің бақылауымыз көрсеткеніндей, жағымсыз «бұрмаланулардың» болуы мүмкін. Білім беру веб-сайттарымен жұмыс жасауда тақырыптан ауытқу лайықты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруда қиындықтар туындауына мүмкіндік береді. Мұндай келеңсіздіктер болмау үшін оқытуда білім беру веб-сайттарын оқушының танымдық белсенділігін дамытатын тиімді құрал ретінде қолдану оқушының білім, іскерлік пен дағдысын қалыптастыруға, ойлауын дамыту мақсатындағы танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінділігі мен ынтасын дамыту бағытында оқу процесін жетілдіруге жағдай жасайды.

Білім беру веб-сайттары арқылы ақпаратты алуға, түрлендіруге, білуге құштарлық. Бұл қолданбалы және теориялық білімді меңгеруге және өз бетімен білім алу үшін жұмыс жасауды, арнайы терең білімді қажет ететін қызығу болып табылады. Бұл қызығу арнайы білімді ғана қажет етпейді, сонымен қатар тұлғаның қалыптасқан арнайы сапаларын: алгоритмдік мәдениеті мен ақпараттық мәдениетін қажет етеді.

Қызығудың бұл түрі жоғары иерархиялық деңгейімен іріктелуімен, бастауыш мектеп пәндерін меңгеруге бағытталғандығымен сипатталады, бірақ оның тереңдігі соншама білімнің шектелген аймақтарына немесе бірнеше оқу пәндеріне деген қызығуды туғызады. Біз мұнда математика, әдебиеттік оқу, АКТ, дүниетану мен жаратылыстану пәніне деген қызығуды дамытуды ерекше үйлесімде ерекшеледік. Пәннің ішкі мазмұнын түсіну үшін ақпаратқа қажеттілік, білім беру веб-сайттарын қолдануға қызығуымен бірге жүруі міндетті. Әртүрлі типтегі тапсырмаларды шешуде білім беру веб-сайттарын қолдану маңызды болып келеді.

Бірқатар білім беру веб-сайттары, мысалы «Балбөбек еліне саяхат» кешені балалардың өзінің алдына мақсат қоя білуіне және оған өзі жетуге талпынуға, баланың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Бұл веб-сайт арқылы балалар іс-әрекеттің негізгі мақсатын қосалқы іс-әрекеттерге бөлуді үйренеді және шығармашылық тәжірибе жүргізу процесі қалыптасады. Олар

өзінің алдына (толық немесе толық емес) жаңа күрделі мақсаттарды қойып және оларды жүзеге асыруға тырысады. Бұл процесте негізгі және қосалқы мақсаттарға бағынуды сипаттайтын әрекеттің біршама күрделі құрылымы қалыптасады. Аталған нәтижелер оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға негіз болуы қажет.

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік және ақпараттық мәдениетін дамытпайынша, баланың білім беру веб-сайттары арқылы білуге құштарлығын дамыту мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Красильникова В.А. Білімді ақпараттандыру ісінің түсініктімелік аппараты. // Информатика негіздері. – 2003, № 3. – 2-6 б.

2 Панюкова С.В. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании. – М. 2010. – 224 с.

3 Давыдов В.В. О статье «Построение модели шестилетней начальной школы». // Начальная школа. – 1995. №1. – 19-25 с.

4 Андерсен Б. Бент. Мультимедиа в образовании. – М., 2007. – 224 с.

Искакова А.М.

магистр, старший преподаватель кафедры педагогики
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

Горленко Е.В.

студентка 4 курса
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

АДАПТАЦИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ ВО ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Детский сад и первые дни дошкольного обучения – это наиболее сложный и переломный период в жизни ребенка на всех уровнях психологического, физического и педагогического состояния. Определений понятию «адаптация» можно найти множество.

Л.А. Венгер определял адаптацию как «способность организма (его строения и функций, устройства органов) приспособливаться к условиям окружающей среды». Через призму педагогики «адаптацию» определяют, как «многофакторный процесс включения человека в новые условия его жизнедеятельности, в новую систему требований контроля над результатами и в новый коллектив» [1].

Рассматривая проблемы дошкольной адаптации, А.С. Границкая дает следующее определение: «Дошкольная адаптация – умения ребенка приспособиться к новой системе социальных условий, новым требованиям, отношениям, режиму жизнедеятельности, а также к новым видам деятельности».

В свою очередь, Г.Н. Попов и Е.В. Ширенкова определяют несколько компонентов всего процесса адаптации:

- психоэмоциональный компонент, который определяет состояние психики и способность к контролю и выражению эмоций;
- интеллектуальный компонент отражает способность к восприятию и применению полученной информации;
- социальный компонент отвечает за умение вступать в коммуникацию и взаимодействовать в обществе;
- личностный компонент определяет способность к самореализации и самоощущению;
- духовный компонент выражает способность к определению мотивов деятельности, постановки целей» [2].

Следует отметить факторы, влияющие на процесс адаптации дошкольников при обучении:

- возраст. В результате психологических наблюдений за дошкольниками было выявлено, что в возрасте 3-4 лет у ребенка возникает «кризис», который способствует задержке роста. В этот период наблюдается наиболее долгая адаптация и привыкание к учебному процессу и другим изменениям вокруг, что провоцирует повышенную раздражительность и низкую работоспособность;

- физические изменения, такие как утомляемость, раздражительность, беспокойство, проявляющиеся в результате резкой смены окружения, привычек и общего принципа жизнедеятельности;

- здоровье является самым важным фактором, который влияет на скорость и качество адаптации;

- взаимоотношения в семье. Для того, чтобы ребенок быстро и комфортно адаптировался ко всем изменениям, необходимо, чтобы и в семье взаимоотношения были хорошими».

А.Е. Шапаров считает, что «успешная адаптация невозможна без социальной мобильности и активности. И чем выше подвижность и мобильность дошкольника, тем выше уровень качества учебного процесса».

Весь процесс адаптации влияет на формирование личности ребенка. Главной особенностью является как раз самостоятельное желание и активное проявление стараний в изучении окружающего мира и получении знаний. У ребенка должны присутствовать наглядно-образный и логический типы мышления. В среднем, период адаптации может варьироваться от недели до 2 лет.

В результате исследования научных работ В.В. Давыдова, можно выделить 3 фазы адаптации:

- генерализованная реакция организма на воздействие сильного напряжения. Как правило, длится 2-3 недели;

- неустойчивое приспособление, при котором организм подбирает все возможные оптимальные реакции на происходящие изменения;

- устойчивое приспособление, при котором организм максимально адекватно и комфортно реагирует на изменения».

Далеко не каждый ребенок с легкостью адаптируется в новой среде. Зачастую совместная работа воспитателей и родителей способствует более успешной адаптации и исключает риск дезадаптации. Главная задача ребенка состоит в том, чтобы научиться находить компромисс в спорных ситуациях, проявлять умения в разрешении конфликтов мирным способом.

Роль внеурочной деятельности в адаптации дошкольников в образовательном учреждении велика. На наш взгляд, именно внеурочная деятельность является наиболее важнейшим компонентом общего образования ребенка и представляет собой неотъемлемую часть дополнительного образования детей. Задача внеурочной деятельности заключается в активизации учебной мотивации и направлена на увеличение пространства познания [3].

Д.В. Григорьев составил «список элементов, которые характеризуют внеурочную деятельность:

- игровая деятельность;
- познавательная деятельность;
- проблемно-ценностное общение;
- досугово-развлекательная деятельность;
- художественное творчество;
- социальное творчество;
- трудовая деятельность;
- спортивно-оздоровительная деятельность;
- туристическо-краеведческая деятельность».

Исходя из вышеизложенного, для нас более компетентно будет определять внеурочную деятельность как социально - активную деятельность по самоорганизации и самореализации ребенка в условиях совместной работы педагогов и учащихся с целью приобретения необходимых знаний и навыков, которые необходимы для успешной адаптации ребенка в среде.

Весь процесс внеурочного образования не обрамлен сроками и имеет постепенный переход от простого к наиболее сложному уровню. Если в начале внеурочной деятельности главной задачей является налаживание атмосферы и других благоприятных условий для творчества дошкольников, то со временем, по мере привыкания, цель меняется и слегка усложняется. На

первый план выходит такая задача, как формирование сотрудничества детей в процессе совместной работы, тем самым ярче проявляя творческий потенциал каждого ребенка.

В целом воспитательная внеурочная работа базируется на вековых семейных традициях, человеческих ценностях и проявляется в результате совместной работы учителя и воспитанника. Целью внеурочной деятельности определяют «создание условий, направленных на комфортное и гармоничное как физическое, так и духовное развитие дошкольника. Тем самым осуществляется подготовка к более сложным эмоциональным условиям жизни, удовлетворяющим их творческие и интеллектуальные потребности посредством вовлечения их в научную исследовательскую работу».

Родители, как правило, стараются развить оба полушария ребенка, дополняя основную учебную деятельность развивающими кружками и секциями по интересам. Самым эффективным является художественно-эстетическое направление деятельности (танцевальные кружки, вокальные студии, студии изобразительного искусства и другие студии детского творчества). В последнее время выбор дополнительных кружков очень разнообразен. Очень популярны сейчас школы робототехники и мультипликации (у ребенка активизируется воображение и творческое мышление). В процессе кропотливой работы у ребенка развивается уравновешенность, скорость и точность реакции, развиваются врожденные особенности зрения и слуха. Другими словами, в процессе интересной для ребенка активной деятельности, врожденные особенности развиваются и закрепляются. Именно поэтому внеурочную деятельность необходимо гармонично чередовать, опираясь на предпочтения и интересы ребенка совместно с родителями. Таким образом, нагрузка на оба полушария будет распределяться равномерно. В процессе чередования ребенок сможет сделать выбор в сторону определенной нагрузки (секции или кружка), которая будет способствовать развитию всех его задатков и природных способностей, что повлечет за собой достижение высоких результатов в той или иной области. Тем самым адаптация в школьной среде пройдет более легко, комфортно и быстро.

Список литературы

1 Едалина Н.А. Проблемы личностно-ориентированной педагогики: Курс лекций / Рос.филос. о-во; Межвуз. центр проблем непрерыв. гуманитар. образования при Урал. гос. ун-те им. А.М.Горького. – Екатеринбург: Банк культурной информации, 1998. - 102 с.

2 Ключевой Н.В. Педагогическая психология: Учеб. для студ. Высш. учеб. заведений / Под ред... - М.: П24 Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 400 с.

3 Лаврентьева Н.Б., Нечаева А.В. Педагогическая этика / Н.Б. Лаврентьева, А.В. Нечаева. – Барнаул: изд-во АлтГТУ, 2010.–с.

Есмурзина А.Ж.
магистрант

Мухаметжанова А.О.
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Заман талаптарының үздіксіз өзгерістерінен, әлеуметтік құрылымдардың жиі ауысуынан, бұрын беймәлім болған салалардың басымдыққа ие болуынан қоғам дамуының қарқынды екенін көруге болады. Өзгеріс жиі болған сайын талаптардың өзгеріп тұруы заңдылық. Бұл білім саласын айналып өткен жоқ. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы және оқу мен тәрбие процесінде елеулі өзгерістерге әкеліп соқтырды. Нақтырақ айтсақ, білім беру парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Бұл өз кезегінде, педагогтер мен оқушылар алдына жаңа талаптар қойды. Соның ішінде тілді меңгеру, қазақ тілін меңгеру жаңа сипат алды. Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнында тіл және әдебиет пәндерін оқуда оқушылар негізгі төрт тілдік дағдыны бастауыш сыныптан меңгеріп шығуы баса назар аударуды талап ететін дағдылардың бірі болып отыр. Тілдік дағдыларға тыңдалым (есту арқылы сөйлеуді қабылдау және оны түсіну), айтылым (ойдың ауызша көрінісі), жазылым (ойдың графикалық, жазбаша көрінісі), оқылым (жазылған ойды қабылдау және түсіну) жатады. XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «... бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деп тілдік дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығы жайында айтса керек. Аталған төрт дағды қалыптасқан жағдайда оқушы ойымен бөлісіп, дұрыс қарым-қатынас жасап, психо-эмоционалды тұрғыдан еркін сезінетін болады.

Тыңдалымнан басталып, айтылыммен жалғасып, оқылым және жазылыммен аяқталатын төрт дағдыны жүйелі әрі бірізділікпен қалыптастыру – қазіргі педагог мамандардың алдына қойылған мақсат. Мұқият тыңдағанын жүйелі айтып, түсініп оқығанын сауатты жазып бере алу - оқушы алдында тұрған мақсат. Мақсатқа жету үшін құрал қажет. Ол құрал оқыту және оқу әдістері, тәсілдерімен қатар, жаңа педагогикалық технологиялар. Педагогикалық технология ұғымы XX ғасырдың 60-жылдары Америка мен Ұлыбританияда қалыптасып, практика жүзінде әлем елдеріне таралды. Педагогикалық технология жас ұрпақтың терең білім алып, ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылыққа бағыттап, әр оқушының өз бетімен жұмыс жасай алуына мүмкіндік беріп, қызығушылығын арттырып, мүддесін қанағаттандырып, ынталандыру мен бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасауы тиіс. Технологиялардың алуан түрін қарастыруға болады. Алайда ана тілді меңгеруге бағытталған қазақтың төл технологияларының бірі – «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Жаңаны меңгеру барысында ескі деп нағыз құнды дүниелерімізден ажырап қалмауды да естен шығармаған жөн. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдардың ғылыми-әдістемелік тұжырым, идеяларын басшылыққа алады, бұл – технологияның артықшылығы болып табылады. Қазақ тілінің барлық орфографиялық, грамматикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік т.б. ілімдерін қамтиды. Қарапайымнан күрделіге қарай жүйелілік, бірізділік принциптеріне негізделіп, оқушылардың меңгеруіне мүмкіндік береді.

Баланың алғаш тілі шығып сөйлеу дағдысы қалыптасқан шағында, алдымен баланың тыңдау дағдысы қалыптасады. Бала басқалардың сөздерден тыңдап, оны түсінуге талпынады. Ары қарай естіп-түсінген сөздерін қайталап, бірте-бірте сөйлеу дағдысы қалыптасады. Бакша жасынан бастап бала оқуды үйрене бастайды, содан кейін ғана жазу дағдысы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушысының бойында аталған төрт дағды қалыптастыру да осы ретте, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым болып қалыптасуы қажет. Бұл дағдылар әрдайым қатар жүретін табиғи процесс. Табиғи процесстің қалпын бұзбай қолдану нәтижеге әкелетіні анық.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы тыңдалым дағдысы әр бөлімді бастар алдында жүргізіледі. Кешенді талдауды бастамас бұрын әр деңгейді оқушылар педагогтің өз аузынан тыңдайды. Тыңдау арқылы жалпы кешеннің негізі идеясы мен мәнін түсінеді. Бұл процесс әрбір кешенді талдауды бастар алдында міндетті түрде өткізіледі. Сонымен қатар, кешенді меңгерудің соңында бірін-бірі тыңдау арқылы да, бір-бірінің қателескен, шатасқан тұсын анықтап қана қоймайды, әрі шатасу-қателесудің себебін де анықтай алатындай дәрежеге жетеді. Тыңдалым дағдысының қалыптасуына технологияның диалогтік, кері диалогтік әдістері әсерін тигізеді. Тек мұқият тыңдағанда ғана жалғастырып айту мүмкін екендігін оқушы айтқызбай түсінеді. Тыңдалым дағдысының қалыптасуы жалпы баланың мектеп өмірінде аса қажет дағдылардың бірі. Аталған дағдыны бастауыш сыныптан қалыптастыру маңызды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы қалыптасатын дағдылардың ең біріншісі – айтылым дағдысы. Айтылым дағдысы кешенді талдаудың ең алғашқы сатысы – «Ой толғаудан» басталады. Кез келген кешенді талдаудың «Ой толғау» сатысында оқушыға берілген нақыл сөз, мақал-мәтел немесе басқа да сөйлемдердің мәнін, мағынасын, түпкі ойын анықтап, өз ойымен бөлісуде айтылым дағдысы қалыптасады. Бастауыш мектептің алғашқы сыныптарында бір-екі сөйлеммен өз ой-пікірін білдірсе, бастауыш сыныпты аяқтар шағында өз ой-пікірімен қатар, сезімін, толқынысын жеткізуге қол жеткізеді. Айтылым дағдысын қалыптастыру технологияның басты мақсаттарының бірі десек болады. Диалогтік талдауда да, жеке талдауда да, өлең талдауда да, қара сөз талдауда да, математикалық талдауда да айтылым дағдысы қалыптасып қана қоймай арта түседі. Мысалға айтсақ, математикалық талдауда қысқаша берілген талдауды ауызша айту

кезінде оқушының байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады. Ал диалогтік талдау кезінде диалог жүргізу, сұрақ қоя білу, сұраққа толық әрі себеп-салдарын анықтай отырып жауап беру дағдысы қалыптасады. Ешбір сұрақ қысқа жауаппен қайтарылмайды, әр сұрақтың толық әрі дәлелді жауабы бар және болу керектігі оқушы бойынша сіңіріле түседі.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын шынайы меңгерген педагог оқылым дағдысын технология арқылы қалыптастыруды нақты біледі. Алғаш әріп таныған сәттен бастап, әр әріптің дыбыстық мінездемесін меңгеріп, дыбыстардан буын құрастырған шағында әр буынды буын түріне ажыратып, буындардан сөз құрастырған сайын оған сөзсазындық талдау және лексико-грамматикалық талдау жасаған оқушы, әр сөзді түп тамырымен меңгере оқитын болады. Оқып отырып, түсіну дағдысы да артады. Әр сөзді түсініп оқыған оқушыға мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп қиындық тудырмайтыны анық.

Тілдік дағдының төртінші түрі – жазылым дағдысы, яғни оқыған, түсінген не өз ойын жазбаша бейнелеу. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бұл дағдыны да қалыптастыруға өз септігін тигізетінін жат жазу сатысынан көруге болады. Жат жазу бірінші сыныптан бастап жалпы бастауыш сынып оқушыларының жазу нормаларға сәйкес жүргізіледі. Жат жазудан басқа әр талдаудың қысқаша және толық жазылу талаптарына сай жазу жұмыстары оқушылардың жазылым дағдысының қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Сатылай кешенді оқыту технологиясы – уақыт талабынан қажеттілікке ие болып отырған қазақ тілі мен әдебиетінің жаңа әдістемелік жүйесі. Оқыту мен оқу ісінде болып жатқан өзгерістерге сай алдыңғы қатардағы идеялар мен сауатты жазылған әдістемелік құралдар, оқулықтар мұғалімнің технологияның қажетті деңгейде меңгеріп, өз практикасында тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Осы ретте, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын сауатты меңгерген мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыруында негізгі құрал ретінде қолданылса, нәтижесін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кусаинов Г.М. Теоретико-методологические основы прогностической модели новой педагогической технологии: автореф... – Усть-Каменогорск: 1999. – 348 с.
2. Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дисс ... д.п.н. – Алматы, 1994. – 345 с.
3. Кобдикова Ж.У. Оқытудың процесін технологияландыру.– Алматы, Ақжелкен мектебі, 2000. – 32 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2002. –180 б.
5. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. док.дисс.. Алматы, 2004. – 322 б.
6. Исламгулова С.К. Технологизация процесса обучения в школе: теория и опыт: Практикоориентированная монография и методическое пособие. – Алматы, 2003. – 208 с.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
8. Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Ковжасарова М.Р. Технологии обучения казахстанских авторов. – Алматы: Мектеп, 2005. – 160 с.
9. Ковжасарова М.Р. и др. Теоретические основы построения и реализации технологий обучения. – Алматы: Мектеп, 2005. – 152 с.

Жалғасбекова Ж.Қ.
физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ. (Қазақстан)

Жалғасбекова З.Қ.
физика-математика ғылымдарының магистрі
Қазақ технология және бизнес университеті
Астана қ. (Қазақстан)

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Білімді жаңарту, ғылыми пәндерді интеграциялау, «адам факторының» әсерін күшейту, пәнаралық сипаттағы кешенді ғылыми және қолданбалы міндеттерді ұлғайту жоғары оқу орнының алдына шығармашылық, үнемі жаңартылып отыратын қызметке дайын мамандарды даярлау проблемасын қояды. Бұл проблема, әсіресе жоғары білім үшін өзекті, бұл математика, физика, геометрия және информатиканың түйіскен жерінде жаңа білім салаларының қалыптасуына байланысты кәсіби қызметтің айқын интегративті-пәнаралық сипатымен байланысты. Сонымен қатар, ойлау стильдерінің айырмашылығына, іргелі математикада қолданылатын терминологияның ғылыми тілінің жеткіліксіздігіне байланысты объектіні түсіну кезеңінде қиындықтар туындайды, сондықтан ақпараттық жүйелерді талдауда күрделі зерттеулерде математикалық және математикалық емес білімді синтездеу процесіне көп көңіл бөлінеді. Екінші жағынан, білім беруді дамытудың жаңа кезеңінің маңызды міндеттерінің бірі, тарихи тұрғыдан екі теорияның бөлінуі: математикалық және информатикалық. Бұл жағдайда университет оқытушыларының міндеті студенттерге барлық оқытылатын пәндер арасындағы байланысты, сонымен қатар болашақ жұмыс пен оқу процесі арасындағы байланысты көруге мүмкіндік беретін пәнаралық интеграцияға бағытталған оқыту тәсілін жасау болып табылады. Демек, математика курсы оқыту жоғары ақпараттық білімнің ерекшеліктерін ескеруі керек және математикалық теорияның тұжырымдамалық ережелерін қоршаған шындықпен нақты байланыста өзектендіруге, оларды әлеуметтік-ақпараттық процестерді ғылыми түсіндіруге қолдануға бағытталған болуы керек.

Оқытудағы пәнаралық байланыстар бүгінде ғылым мен қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық процестердің нақты көрінісі болғандықтан бұл байланыстар білім алушылардың практикалық және ғылыми-теориялық дайындығын арттыруда маңызды рөл атқарады, оның маңызды ерекшелігі олардың танымдық іс-әрекеттің жалпыланған сипатын игеруі болып табылады. Жалпылау білім мен дағдыларды нақты жағдайларда, оқу және өндірістік қызметте жеке мәселелерді қарастыру кезінде қолдануға мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыстар мәселесіне қызығушылық кездейсоқ емес: еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптары оқытудың мазмұны мен әдістерінде айтарлықтай өзгерістерді болжайды. Бұл өзгерістер ғылымның қазіргі дамуындағы маңызды процестерден – олардың интеграциясы мен саралануынан туындайды. Жалпы білім беретін іргелі білім өндірісте жалпы идеяларды алған кезде дамиды. Білім нақты өндірістік процестер туралы ақпарат беретін кәсіби білімнің арқасында нақты мазмұнға ие болады.

Жұмыстың мақсаты бүгінгі таңдағы жалпы дайындықты қамтамасыз ететін геометрия мен информатиканың пәндік қарым-қатынастар негізінде білім алушыларда оқу іс-әрекетінің оң мотивациясын дамытудың функционалдық моделін теориялық негіздеу және практикалық іске асыру, сонымен қатар сабақ барысында GEOGEBRA бағдарламасын пайдаланып есеп шығару кезінде геометрия мен информатиканың есептерін шығара отырып компьютерлік моделдерін зерттеуді үйрету болды.

Мақсатқа байланысты қойылған міндеттер орындалды.

1. Пәндік қарым қатынастар негізінде оқу әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздеріне талдау жасалды.

2. Жоғары оқу орындарындағы пәндік қарым қатынастарды біріктіру жүйесін модельдеу жүргізілді.

3. Білім беру жүйесінде «GeoGebra» бағдарламасын қолдану арқылы геометрия мен информатиканың пәндік қарым қатынастар жүзеге асырылды.

4. Информатика сабақтарында әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруда ұсынылған тапсырмалар жиынтығын қолданудың тиімділігін қарастырылды.

Пәнаралық байланыстар басқа пәндерді оқыту кезінде көп көмегін тигізеді, оларды нақты жағдайларда, оқу және сабақтан тыс іс-шараларда, білім алушылардың болашақ өндірістік, ғылыми және қоғамдық өмірінде жеке мәселелерді қарастыру кезінде қолдануға мүмкіндік береді. Көпжақты пәндік қарым қатынастардың көмегімен (жетекші пән кемінде үшеуімен байланысты болған кезде) білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сонымен қатар білімге деген ой өрістерінің дамушылығы қатар жүріп, алдағы уақыт мерзімінде геометрия мен информатика аралығындағы қатынастар туралы шынайылық және оларды шешу қабілеттіліктері өрби бастайды.

Нысандар арасында байланыс болу қажеттілігі ол сонымен қатар оқытудың дидактикалық принциптері мен алдына қойылған тәрбиелік міндеттерден туындайды. Қазіргі уақытта оқуға жататын ақпарат көлемі күрт артып келе жатқандықтан, өзіндік жұмыс дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру міндеті ерекше мәнге ие, сондықтан бүгінгі таңда педагогикалық практикада білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді әдістерін іздеу өзекті болып табылады. Жалпы білім беру мазмұнын жаңғырту стратегиясына сәйкес оқу процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері жүйесін іздеу бағыттарының бірі дәстүрлі оқытуға қол жетпейтін міндеттерді шешетін және оқу процесінің негізгі мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім алушылардың танымдық қызметін ұйымдастырумен байланысты. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың бір құралы пәнаралық байланыстар болуы мүмкін, өйткені олар пәнаралық ұғымдар деп аталатын, яғни кез келген пән сабағында білім алушыларға толық түсінік беру мүмкін емес тұжырымдамалардың жақсы қалыптасуына ықпал етеді. Ғылымның қазіргі даму кезеңі ғылымдардың бір-біріне өзара енуімен, әсіресе геометрия мен информатиканың білімнің басқа салаларына енуімен сипатталады. Математика бағдарламалары информатика пәнін оқытуда есептеу дағдыларын қолдану қажеттілігін көрсететін перспективалы пәндік қарым қатынастарға баса назар аударады. Шамалар мен геометриялық фигураларды өлшеу туралы білім екі пәннің бірі-бірімен байланысын графикалық өрнектеу арқылы шығарылған есептерде түрлі өзгерістерге тәжірибелік тағылымдарда сызба-нұсқаларды қолданып көрнекі бейнелеу мүмкіндіктерін береді. Біздің келтірілген мысалдарымызда информатика мен бағдарламалау бөлімі бойынша геометрия есептерін құрал-жабдықтардың көмегімен жұмыс жасауға және оларды шешу кезінде білім алушыларды үйретеміз.

Пәндік қарым қатынастар мәселесін талдай отырып, шеберлер мен оқытушылардың пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудағы барлық жұмысы екі пәннің байланысын пайдалануға көмектесетін жүйені құруға бағытталуы керек деп айта аламыз.

Сабаққа дайындық процесінде пәндік қарым қатынастарды пайдалану көп уақытты және барлық оқытушылардың өзара әрекеттесуін қажет етеді.

1. Пәндік біріктіру негізінде геометрия мен информатика мұғалімінің жұмысында білім алушылардың оқу іс-әрекетінің оң мотивациясын дамыту мүмкіндіктерін теориялық негіздейді және оқу іс-әрекетінің оң мотивациясын дамытудың функционалдық моделінің теориялық құрылымы ұсынылады.

2. Пәндік қарым қатынастар негізінде оқу іс-әрекетін қалыптастыруға ықпал ететін және білім алушыларда оқу іс-әрекетінің оң уәждемесін дамытуды қамтамасыз ететін материалдар тұжырымдалады.

3. Сабақ барысында GEOGEBRA бағдарламасын пайдаланып есеп шығаруды үйрету мүмкіндіктері қарастырылады.

4. Өзірленген тәсіл негізінде информатика бойынша тапсырмалар жиынтығын және оларды негізгі жоғары оқу орнындарында қолдану бойынша нұсқаулықтарды ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования, утвержденный постановлением Правительства РК от 13 мая 2016 года №292. [Электронный ресурс] / Национальная академия образования им. И.Алтынсарина. – Режим доступа: <https://nao.kz/loader/fromorg/2/22>

2. Гребнева Д.М. Использование информационных технологий в образовании как фактор формирования учебной успешности учащихся // Проблемы и перспективы развития образования в России. – 2011. – № 12. – С. 121-126.

3. Пашенко О.И. Информационные технологии в образовании: Учебно-методическое пособие. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2013. – 227 с.

Жандосова А.Н.
магистр химии
преподаватель химии и биологии
Высший колледж Евразийского гуманитарного института
г. Астана (Казахстан)

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХИМИИ В КОЛЛЕДЖЕ КАК СПОСОБ ОСОЗНАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ

Организация обучения химии в системе среднего профессионального образования имеет свои особенности. В процессе обучения химии в учреждениях среднего профессионального образования (особенно на непрофильных специальностях) следует учитывать уровень подготовки по химии студентов 1 курса (химия чаще всего общеобразовательный, а непрофильный предмет, общее количество часов по химии меньше, чем в школе, недостаточное количество лабораторных занятий).

Сегодня студентам не нужны знания сами по себе, им нужно их жизненное преломление. Одной из основополагающих целей урока должен быть ответ на вопросы: «Где в повседневной жизни мы применим полученные знания и навыки?». «Потребуется ли знания химии в моей будущей профессии?»

Необходимо формировать базовые компетенции студентов, способствующие применению навыков в реальной жизни, связывать предмет химии со специальностями студентов.

Учитывая вышеперечисленные особенности преподавания химии в колледже, нужно повышать мотивацию студентов к изучению химии через использование современных инновационных технологий:

- технологии проблемного обучения
- технология разноуровневого обучения
- технология игрового обучения
- информационно-коммуникативные технологии
- технологии интегративного обучения
- проектные технологии

Технология проблемного обучения.

Проблемное обучение пронизывает весь курс химии. Каждый урок становится проблемным. Ставится проблема – студенты находят ее решение.

Пример изучения тем курса органической химии: Тема: «Предельные углеводороды. Алканы». В физических свойствах пропана говорится, что пропан – газ без цвета и запаха. Проблемный вопрос: пропан, использующийся при готовке еды, имеет запах. Почему?

Студенты задаются этим вопросом, начинают размышлять и активно высказывают свою точку зрения, поскольку эта тема касается каждого из них, ведь все пользуются природным газом дома при готовке еды.

Ответ: в используемый в быту пропан добавляют специальные вещества–одоранты, имеющие неприятный резкий запах, во избежание утечек природного газа в быту и взрывов.

Технология разноуровневого обучения.

Эффективная организация образовательного процесса невозможна без использования индивидуально-дифференцированного подхода к учащимся. В обучении химии дифференциация имеет особое значение. Это обусловлено спецификой предмета: у одних обучающихся усвоение

химии сопряжено со значительными трудностями, а у других проявляются явно выраженные способности к изучению предмета. Проблему прочности знаний по химии можно решить технологией уровневой дифференциации.

Например, при прохождении темы «Кислоты и основания», студентам даются разноуровневые задания и подробная шкала оценивания по дескриптору.

Технология игрового обучения

Технология игрового обучения способствует повышению интереса обучающихся к различным видам учебной деятельности и познавательной активности.

Например, при изучении неорганической химии на 1-ом курсе студенты закрепляют свои знания на уроке-КВН: «Периодическая система химических элементов Д.И. Менделеева»

Информационно-коммуникативные технологии обучения

Информационно-коммуникативные технологии обучения – главные технологии, используемые мной на уроках химии. Информационные технологии делают уроки яркими и содержательными, развивают познавательные способности студентов и их творческие силы. Эти задачи решаются через технологию мультимедийных уроков. Одновременное воздействие на два важнейших органа (слух и зрение) облегчает процесс восприятия и запоминания информации студентами.

ИКТ используются на всех этапах урока: для проведения химической разминки, на этапе объяснения нового материала, для коррекции и закрепления знаний, умений, навыков. На уроках химии необходимо использовать современную интерактивную программу и интерактивную панель ROQED Science. Панель делает изучение предмета химии легким и увлекательным. Интерактивные 3D объекты приложения ROQED Science могут раскрыть более глубокое понимание химии студентами: виртуальная трехмерная лаборатория, свобода действий (возможность приближать, отдалять и вращать изучаемые предметы, анимировать и разбивать на составные части трехмерные объекты, возможность озвучивания темы роботом, проверять ответы студентов с помощью панели и.т.д.)

Проведение уроков с использованием информационных технологий – это мощный стимул в обучении. Использование мультимедиа в образовательном процессе дает студентам больше возможностей для самостоятельной и независимой работы, а преподавателю – возможность варьировать учебную деятельность.



Интеграция как средство связи химии со специальностями студентов

Интеграция осуществляется через межпредметные связи и возможность применения изучаемых тем со специальностями студентов колледжа. Например, при изучении таких тем, как «Галогены», «Галогенпроизводные алканов», «Теории кислот оснований» мы связываем их с понятием «веществ-прекурсоров» у будущих юристов. Тема «Ядерные реакции. Радиоактивность» вызывает большой интерес у будущих учителей казахского и иностранного языков. Как результат – очень интересные эссе и сочинения про Семипалатинский полигон, про мировую обстановку в сфере атома. Темы, связанные с изучением химических элементов Периодической системы Д.И. Менделеева, мотивируют студентов специальности «программное обеспечение» на поиск

возможностей составления различных презентаций по применению элементов в компьютерах и полупроводниках.

Технологии метода проектов. Метод case-study или метод конкретных ситуаций.

Этот метод использую после изучения новой темы. Студенты, опираясь на знания, полученные ранее, находят решение различных проблемных ситуаций. Например, после изучения темы «Галогены», обучающимся был предложен на рассмотрение и решение следующий case: «В закрытом 5-тиэтажном здании, где находятся люди, был запущен ядовитый газ хлора. Двери и окна заперты и не открываются. Как могут спастись люди до приезда спасательной службы?»

Ответ: Хлор – это газ, тяжелее воздуха. $Mg(Cl_2) = 70$, $Mg(воздуха) = 29$. Соответственно, хлор будет собираться в нижних этажах здания, а воздух будет распределяться выше. Чтобы спастись, необходимо подняться на верхние этажи.

Метод проектов ориентирован на достижение целей студентов. Он формирует большое количество умений и навыков, опыт деятельности и живого интереса к предмету химии, а не нацеленность работы на оценку.

Элементы геймификации

Деловые/ролевые игры – имитационное моделирование профессиональной деятельности и ролевое взаимодействие по игровым правилам участвующих в ней специалистов в определенном условном времени, в атмосфере неопределенности, при столкновении позиций, с разыгрыванием ролей и оцениванием.

Применяю после изучения таких тем, как: «Экстракорпоральное оплодотворение. ЭКО», «ВИЧ/СПИД», «Биоинформатика. Кримоконсервация половых клеток».

Делю студентов на группы: педагоги, судья, истец, ответчик, прокурор, адвокат. Студенты рассматривают дело по изучаемой теме согласно своих позиций.


Применение технологии ролевых игр помогает закрепить знания студентов, студенты «раскрываются», учатся командной работе, учатся отстаивать свои мнения и т.д

Заключение. Применение инновационных технологий при изучении химии в колледже является одним из способов развития познавательных и творческих интересов студентов к химии как к науке, дает возможность им уже на первом курсе осознать свою профессиональную направленность обучения. Инновационные технологии способствуют повышению эффективности обучения химии, о чём говорят показатели результативности.

Мониторинг

*качества учебных компетенций по дисциплине «Химия»
преподавателя Жандосовой Айжан Нурланбаевны*

Группа	I - семестр 2021-2022 уч год		II-семестр 2021-2022 уч год	
	% качества	% успеваемости	% качества	% успеваемости
Иск-11	60%	100%	87%	100%



Список литературы

1. Ермаханов М.Н. Химический эксперимент и его роль в методике обучения химии/ М.Н. Ермаханов, Л.А. Журхабаева и др. // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 1 (часть 3) – С. 398–399.

2. Манахова С.В. Современное состояние дисциплины «химия» для технических направлений подготовки бакалавров / С.В. Манахова, Л.В. Майер // Развитие Северо-Арктического региона: проблемы и решения: матер. научной конфер. профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов Северного (Арктического) федерального университета им. М.В. Ломоносова. – Архангельск: САФУ, 2016. – С. 347–350.

3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред.Е.С. Полат. – М., 2017 г.

4. Новузова О.М. Педагогические технологии в образовательном процессе. Волгоград. Учитель, 2018 г.

5. Овчинникова М.В. Особенности преподавания химии для непрофильных специальностей среднего профессионального образования / М.В. Овчинникова // Современные тенденции экономики, управления и образования: матер. Всероссийской научно-практич. конференции – Курский институт кооперации. – Курск, 2015. – с. 167–170.

Женисбекова А.Р.

бастауыш сынып мұғалімі

Абай облысы білім басқармасының

«№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Семей қ. (Қазақстан)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өту барысында істелінген шаралар келер ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық жай. Ахмет Байтұрсынұлы артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған. Сол мол мұраның бір саласы көркем аудармадағы ұлы Абай салған соқпақты — аударма ісін жалғастырды. Абай Құнанбаевтың орны тілі арқылы батыс философ ғалымдары Дарвин, Милл, Спиноза тағы басқа еңбектерімен жақын таныс болғанын, көне грек кеменгерлері Сократ, Аристотель, Платон еңбектерін үлгі еткендігін білеміз. Орыс әдебиеті үлгілерін Абай жете меңгеріп, Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Щедринді терең танып, олардың шығармаларын қазақ тіліне аударып, аударма ісін жол салып, өз халқының «жақсы», «жаман» мінезін ашуда, санасын оятуда басты құрал еткен, яғни ХХ ғасырдың бес кезінде орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісіндегі Абай, Ыбырайдан басталған жолды Ақылбай, Мағауия Құнанбаевтар, Ш. Құдайбердиев, М. Сералин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсыновтар жалғастырып, игі дәстүрге айналдырды.

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше «Әліппе» шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық. Бірақ біз төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» бар кешенді дүние жасай алмадық. Ахмет Байтұрсынұлы өзі жасаған құралдармен сабақ берудің жолын да анық көрсеткен. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнделікті қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген [8]. «Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек», – дейді ұстаз. Қазір өте көп айтылып жүрген Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы

туралы А.Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар: 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады. 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады. 3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы не месе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек, – дейді [9,295]. Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытылады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (listening, reading, writing, speaking) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады. Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ», – дейді. Ахмет тіл үйретуді мынадай топтарға ажыратады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Кісі мен көлеңке» өлеңінде көлеңке бейнесі арқылы өзі өмір сүрген кездегі замандастарының бет-бейнесін ашып көрсетеді:

«Айтайын бір тентектің әңгімесін,

Демендер: «Сөз ғып жазған мұның несін?» [1,128]. Ежелден тентек сөзі көзге ілгісіз, елеусіз адамдарға қолданылған. Яғни ақын айтып тұрған тентектің әңгімесі үлкен тақырып болып көрінбегенімен, тақырыптың ауқымдылығын айтып, оқырманды құлақ салуға шақырады:

«Есі ауыс көре салып, қуалады

Өзінің ұстаймын деп көлеңкесін» [1,128].

Бұл өлеңде сөз болып отырған көлеңке бақ пен дәулет кейпінде суреттеледі. Ал айтылып отырған жолда ақын есі кеткенше бақ-дәулетті қуған өз замандастарын қатал сынайды:

«Бұл қуса, көлеңкесі алыстады,

Жүгірсе, жүйріктігі қалыспады.

Қатты да, жай да қуды – ұстатпады,

Болғанша бар өнерін қарыштады» [1,128], – деп, бақ-дәулетке қол жеткізу үшін аянып қалмайтындарды айтқысы келеді. «Болғанша бар өнерін қарыштады» деп әдеттегі өнерді емес, бақ-дәулетке қол жеткізу үшін жағымпаздана, жағымсынған, қолынан келгеннің бәрін жасайтын адамдарды айтады. Қуған сайын алыстаған бақ-дәулет:

«Тентектің бір мезгілде кірді есі:

«Әуре боп қуып, маған қажет несі?» [1,128], – деп, өз бақ-дәулетін қууды доғарған тентекті сөз етеді. Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген мезгіл қазақтың орыс отарына айнала бастаған кезі еді. Бай-шонжарлардың бақ пен дәулетке, атақ пен даңққа ие болу үшін баратын небір пасық әрекеттері орын алып жатқан тұс. Дегенмен, бұл жолдарда бақ-дәулетті қууды доғарғандар сөз етіледі:

«Осылай ойлап, қайта жүріп еді,

Артынан қуды енді көлеңкесі» [1,128].

Осылайша ақын ендігі кезде көлеңкенің, яғни, бақ-дәулеттің адамды қуғанын суреттейді. Жалпы көлеңке ұғымы адамның күн түспейтін көмескі сұлбасы. Қараңғы жағы. Бақ-дәулет те сондай қараңғы. Бірде бар, бірде жоқ. Сондай сұмпайы дүние кейпінде суреттеледі. Адам оны қуғанын доғарғанда ол адамның өзін қууға кіріседі. Ақын:

«Кейбіреу Қыдыр дарып, қараса бақ,

Бейне бір осы айтылған көлеңке нақ» [1,128], – деп, бақ пен дәулеттің кез келген адамның басына қона бермейтіндігін айтады. Бақ пен дәулет бірде бар, бірде жоқ дүние. Осы тұста көлбеңдеген көлеңкенің соңынан қуғандардың айқын бейнесін көрсеткісі келген ақын образы алға шығады.

«Қайрылмай, қарағанда, бақ-дәулетке,

Артынан қуалайды қайтарып ап» [1,128], – деп, бақ пен дәулетке қарамай қойсаң, артыңнан өзі қуатын сұрқия дүние екендігін айтады.

Ақынның өлеңін талдай отырып, «архетип – әлемді қабылдаудың алғашқы образы, ол адамзаттың, ұлттың, рудың ұжымдық бейсаналығына орныққан және жеке индивидтің қызметі арқылы жаңарып отырады» [2,8] деген зерттеуші А.Ю. Большакованың ойына табан тіреуге тура келеді. Себебі, өз руының, өз ұлтының ұжымдық бейсаналығына орныққан көлеңкені Ахмет Байтұрсынұлы осылайша бір ғана өлеңінің өн-бойына сыйғызады.

«Көлеңке – жан дүниесі құлазыған образ ретінде, өмірдегі бақыт пен қайғының нышаны ретінде суреттеледі және көлеңкенің ізінен қалмауы жарық дүниеде өмір сүріп жүргендердің кемістігі болмауы мүмкін еместігі. Кемістігім жоқ десе, ол өмір сүрмегені. Көлеңкесін көріп, мойындай білген, одан құтылудың жолын іздеген адам ақылды. Түсінген жанға көлеңке – ой, түсінбеген жанға көлеңке – ор. Кемшіліксіз адам кездеспейді. Көлеңкені көре білу керек, көлеңке әртүрлі. Жаманның көлеңкесі мен жақсының көлеңкесінің айырмасы жер мен көктей!» [3,113].

Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы адамның адамдық қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы істе тындырымдылығы, демек, парасаттылығы мен саналылығы ал, әлі келмейтін нәрсемен әлек болудың қажеті жоқ деген ойларын «Сары шымшық» мысалында нақты өрнектеген.

-Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,

Мақсаты оныменен тұсболмайды.

«Ұялған тек тұрмайды» - деген рас,

Қал, бөлем, тоқтай тұр мен жұртты алдайды, – десе «Маймыл» мысалында алғыс, абырой алу үшін пайдасыз құр мехнат етудің қажеті жоқтығын, күншілдіктің соңы-күйік екенін, орынсыз істің аяғы өкініш екенін, халық ілтипатына бөленудің оңай еместігін, ол үшін көпке шарапаты тиер игі іс жасау керектігін, ондайда көзге түсем деп шапқылап, «арам тер» болмаса да халықтың өзі ақ ілтипатын білдіретінін төмендегіше қорытынды.

Мақсатқа ойыңа алған жете алмайсың,

Мал шашып құр далаға төккенменен

Пайдалы істен аларабыройың,

Кетпейді кейін қарай телкенменен.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Бүгінде Аханның мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отыру – әрбір ұстаздың басты мақсаты, әрі парызы болмақ. Шығармалардан нақты мақалдар келтіре сөйлеп, оқушы бойында бүгінде сирек құбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге деген қызығушылықты, құштарлықты оятуға соған машықтандыруға, Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ «лұғат тазалығына» баулуға болады. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары ұшталмақ. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсыновтың творчествосына қайта-қайта үңіле қараған сайын, оның шығармашылығының өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» бүгінгі нарық заманында өмір сүріп отырған жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз. Міне Ахмет Байтұрсынұлының өлеңінің астарында осындай үлкен ойдың жатқандығын оқушыларға жеткізе білсек мақсатымызға жеткеніміз деп білемін. Осылайша Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегін талдауда жаңа ұстанымдарды қолданудың қажеттігі анық байқалса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 б.
2. Большакова А.Ю. Архетип, миф и память литературы // Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя.
3. Материалы международной научной конференции (г. Астрахань, 19-24 апреля, 2010 г.). – Астрахань: Издательский дом «Астраханский университет». – 289 с.
4. Абай шығармаларындағы архетип мәселесі. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 176 б.

**Забибулла С.Қ.
Нүрсейт М.Е.
Раимбаева С.А.**

магистр

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

SMART ҚЫЗМЕТТЕРДІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ

Smart Education (ақылды білім беру) – бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды кешенді модернизациялауды көздейтін тұжырымдама, бұл мазмұнды әзірлеу, оны жеткізу және өзектендіру процесін жаңа тәсілдермен құруға мүмкіндік береді.

SMART-технологиялар нені қамтамасыз етеді?

- онлайн режимінде оқыту
- бейресми жағдайда оқыту
- қашықтықтан оқыту
- мобильді білім

Тұтастай алғанда, SMART білім беру – ақпараттық SMART-технологияларды пайдалану негізінде мүмкін болатын білім беру процесін бейімдеп іске асыруды көздейтін білім беру парадигмасы болып табылады.

Оқу процесінде SMART-технологияларды қолдану ерекшеліктері

Оқушылар үшін SMART ортасы:

- Дербестендіру, кәсіби бағдарлау, білім, білік пен дағдыларды өз бетінше алу, яғни қоғамдағы оқушыларға қауіпсіз бейімделуге мүмкіндік беретін барлық нәрсе енгізіледі;
- Интеллектуалды, бейінаралық, оқушыларға бағытталған үздіксіз оқытудың білім беру жүйелері (Мектеп, жоғары оқу орны, корпоративтік оқыту);
- Арнайы оқу бағдарламалар;
- Білім алуға арналған ұжымдық оқыту технологиялары;
- Орналасқан жеріне және аппараттық құралдарына қарамастан білім алу мүмкіндігі;
- Бұл жұмысты интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналарға беру арқылы адамды жалықтыратын әрекеттен босату.
- Жаңа кезеңде оқытуды жекелендіру;
- Оқушылардың сабаққа қатысу әсерін жасау үшін оқу процесінде қолданылатын тәжірибе санын көбейту арқылы қызығушылықтарын арттыру маңызды болып табылады.

Оқытушылар үшін SMART-оқыту:

- Қоршаған әлемнің өзгеруіне бейімделген жаңа типтегі оқыту.
- Өртүрлі SMART құрылғылары мен гаджеттерін пайдалану мүмкіндігі.
- Педагогикалық қауымдастықтар арқылы тәжірибе мен білім беру және алу.

SMART-білім беру оқытушыларға жаңа перспективалар ұсынады: жинақталған тәжірибе мен жаңашыл идеялармен алмасу, ғылым мен теорияға көбірек уақыт бөлу, бұл мазмұнды таза парақтан дамытудың орнына жақсарту мүмкіндігі. Оқытушылар әр оқушы үшін оның қабілеттеріне қарай жеке тәсіл жасауға мүмкіндік алады. SMART-білім беру Мұғалімге жаңа мазмұнды құруға уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, яғни ол дайын мазмұнды қолдана алады, оны біріктіріп, жетілдіре алады. Мұғалім студенттерге жаңа технологиялармен және оқу құралдарымен жұмыс істеу туралы түсінік беріп қана қоймай, онымен жұмыс істеуді және оқу процесін басқаша құруды үйренуге міндетті.

Бүгінгі таңда әлемдік кеңістікте SMART-оқыту идеяларын жүзеге асыру үшін жағдайлар бар:

- SMART-білім беру міндеттерін шешуге бағытталған Web 2.0 желілік өзара іс-қимыл жүйелері құрылды.
- Бұлтты технологиялар кеңінен қолданылып, әсерлі танымалдылыққа ие болды.
- Оқытуды басқару жүйелері (LMS) шығарылды.

Смартфондар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да ақылды құрылғылар оқуға қалай көмектесе алады?

Оқушылардың білім беру тәжірибесінде мобильді технологиялар қолданылады:

- интернет-энциклопедиялардан ақпарат алу;
- қажетті ақпаратты іздеу;
- аудармашы бағдарламасы арқылы сөздерді немесе сөз тіркестерін аудару;
- ақпаратты визуализациялау;
- бейне дәрістерді қарау
- онлайн режимінде тестілеу немесе сауалнама;
- түрлі зертханалық эксперименттер жүргізу.

SMART-оқытудың кең таралуы, біріншіден, интернет-технологияларды жетілдірумен байланысты. Екіншіден, Wi-Fi, 3G, 4G сияқты сымсыз технологиялардың дамуымен және үшіншіден, интернеттегі интерактивті оқыту ресурстарының кең таралуымен.

Smart Education қалыптастырудың негізі Web 2.0 технологияларын дамыту болды. Facebook, YouTube, Twitter және блогтар сияқты адамдарға өздерінің интернет мазмұнын жасауға мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа тәсілдерінде гаджеттерді қолданбай заманауи білім беруді елестету қиын. Гаджеттен Smart-оқыту құралын жасау үшін қосымша бағдарламалық жасақтаманы орнату қажет. Бұл бірнеше сұрақтарды тудырады: смартфонға немесе планшетке қандай бағдарламалық жасақтаманы орнату керек? Мұны қалай жасауға болады?

Осы мәселелерді шешу үшін Google жүйесі мобильді құрылғыға кез-келген SMART қосымшасын орнататын «Play Market» қосымшасын ұсынады.

Жалпы білім беруде қолданылатын SMART технология ретінде Aqyl Battle қосымшасын қарастырсақ болады.

Aqyl Battle ойыны арқылы әртүрлі саланың қызықты сұрақтарына жауап бере алады. Сонымен қатар, достарымен және басқа да ойыншылармен викториналық баттлға қатысып, жеңіске жетуге мүмкіндік алады. Осы арқылы үздік жеңімпаздарға тағайындалатын сыйлықтармен марапатталады.

Aqyl Battle ойыны арқылы 25 түрлі санаттағы сансыз қызықты викторина сұрақтарымен білімдерін сынап, көшбасшылар тізімінің алғашқы қатарында бола алады. Солардың қатарына: Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Физика, Спорт, Әлем жаңалықтары, География, Әлем тарихы, Қазақстан тарихы, Биология, Химия, Еркін тақырып, Логика, Медицина, Ғылым-білім, Әлем әдебиеті, Кино, Музыка, Мәдениет, Dauletten сұрақтары, English, Мақал-мәтел, Салт-дәстүр кіреді.

Білім берудегі Smart тұжырымдамасы біздің өмірімізге әртүрлі ақылды құрылғылардың, кәсіби қызмет пен жеке өмірдің оқу процестерінің енуінен кейін пайда болды (Smart-Board, интерактивті электронды тақта, Smart-жүйе, компьютердің қатты дискісін өзін-өзі диагностикалау және т.б.). Smart белгілі бір қызмет түрі үшін қоршаған ортаны қалыптастыратын жеке құрылғының немесе құрылғылардың зияткерлік деңгейін арттыруды білдіреді.

Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа енуі өте маңызды рөл атқарады. Жылдам дамып келе жатқан кезеңде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Смарт оқыту барысында мұғалім өз білімін оқушыларға түгелдей жеткізіп қана қоймай, білім беру шекарасын кеңейте алады. Білім алушылар саны көбейеді, уақыт және орынға байланысты шектеулер орын алмайды. Білім беруді кез келген жерде және кез келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері. Электрондық мектеп. — №2 — 2013.
3. Е.Н.Сафуллин, Н.К.Дусқалиев, С.С.Шагиров Смарт оқытуға алғашқы қадам. – Орал, 2014.
4. http://partavl.ru/interwrite_board
5. http://www.classic-s.ru/?id_razd=28
6. <http://www.m-port.ru/catalog6ocuments/interaktivnaja-doska-s-.proektorom.html>
7. <http://lj.mhi.edu.mhost.ru/news/719>

Зылёва Н.В.
кандидат экономических наук, доцент
ФГАОУ ВО «Тюменский государственный университет»
г. Тюмень (Россия)

«ТЕКСТ НАИЗУСТЬ» КАК ПРЕДМЕТ КОНТРОЛЯ ТЕКУЩИХ ЗНАНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Текущий контроль успеваемости, как указано в Положении о текущем контроле успеваемости и промежуточной аттестации обучающихся в ФГАОУ ВО «ТюмГУ», это «часть учебного процесса, включающая комплекс оценочных мероприятий, направленных на объективную оценку хода освоения обучающимся теоретической и практической части дисциплин...». Проведение текущего контроля осуществляется преподавателем, реализующим дисциплину, и именно преподаватель продумывает технологию и предметы контроля при разработке рабочей программы дисциплины (РПД). РПД раскрывает обучающемуся цель и планируемые результаты освоения дисциплины, и по поводу текущего контроля в ней отражается порядок проведения, используемые инструменты и технологии, система оценивания.

В настоящее время многие учебные заведения высшего образования применяют в своей деятельности цифровое образовательное пространство. Тюменский государственный университет использует платформу управления индивидуальными образовательными траекториями «Модеус» (Modeus). Дублиром РПД в цифровой образовательной среде Модеус является МУП (модуль учебного процесса), как «самостоятельная единица содержания и процесса обучения, логически завершённый блок, нацеленный на конкретный образовательный результат (формирование той или иной компетенции)». Поскольку каждая отдельная дисциплина является самостоятельной единицей процесса обучения, МУП формирует преподаватель на каждую читаемую дисциплину. МУП позволяет обучающимся, кроме прочего, видеть запланированные преподавателем предметы контроля по каждой отдельной запланированной встрече (рис. 1).

Встреча	Предмет контроля	Контроль обязательен для всех	Максимальный балл
1. Нефтедобывающая и газовая промышлен...	Работа на учебной встр...	Нет	2
2. Нефтедобывающая и газовая промышлен...	Аналитическая работа	Да	5
3. Нефтедобывающая и газовая промышлен...	Практическое задание	Да	5
4. Геологоразведочные работы по поиску не...	Работа на учебной встр...	Нет	2
5. Поискские затраты по геологоразведке н...	Тест	Да	5
6. Поискские активы по геологоразведке не...	Работа на учебной встр...	Нет	3
	Диалог (стихотворение, ...	Нет	5
7. Учет геологоразведочных работ по поис...	Контрольная работа	Да	15

Рис. 1. Фрагмент перечня предметов контроля и системы их оценивания, отраженного в МУП

Технология и предметы контроля – важная часть процесса обучения. Формулировка определений терминов «технология контроля» и «предметы контроля» будет отличаться в зависимости от того, в сфере какой деятельности их применять. В деятельности образовательного учреждения, на наш взгляд, можно применять следующие формулировки: технология контроля – механизм, включающий выбор процедур контроля (предметов контроля и системы их оценивания), при помощи которых происходит оценка остаточных знаний обучающегося; предмет контроля – форма проведения оценки остаточных знаний обучающегося.

Платформа Модеус предусматривает более 50-ти вариантов предметов контроля, и даже этот перечень нельзя считать закрытым, так как индивидуальность преподавателя может влиять на индивидуальность применяемой им формы контроля. На такой случай в Модеусе предусмотрен предмет контроля – «Иные виды активности». Среди разнообразия предметов контроля, представленных в Модеус, нашелся и тот, который используется автором статьи как форма проведения оценки остаточных знаний обучающихся при помощи наизусть изложенного текста лекции– «Диалог (стихотворение, текст) наизусть» (рис.2). В данной статье автор будет называть предмет контроля «Текст наизусть», что более точно отражает суть формы контроля.




Рис. 2. Вариант предмета контроля, предлагаемый системой Модеус

Следует отметить, что предмет контроля «Текст наизусть» не типичен для оценки знаний обучающихся специальности «Экономическая безопасность» и поэтому он введен в технологию контроля как дополнительный (не обязателен для всех) и по просьбе самих студентов, желающих продемонстрировать знание теоретического материала дисциплины до процедуры промежуточной аттестации.

Результаты изучения дисциплины обучающиеся демонстрируют знаниями, умениями и навыками. Умения и навыки обучающиеся специальности «Экономическая безопасность» в основном показывают посредством решения задач, выполнения практических заданий, аналитических и контрольных работ, именно поэтому данные формы проверки остаточных знаний оцениваются большими баллами, чем, например, предметы контроля, оценивающие только компонент «знания» – тест, устный ответ. Если обучающийся во время проведения текущего контроля не продемонстрировал освоения теоретической и практической части дисциплины, то он должен пройти процедуру промежуточной аттестации. Нередки случаи, когда обучающиеся просят предоставить им возможность повторно пройти предметы текущего контроля, но это, несомненно, трата времени преподавателя не только на проверку (а точнее время на выполнение задания, время на проверку задания, время на обсуждения правильности выполнения задания), но и на разработку дополнительного варианта заданий.

С целью облегчить трудозатраты и снизить времязатраты на проведение дополнительного текущего контроля, обучающимся была предложена форма проверки знаний в виде изложения наизусть части текста лекционного материала (предмет контроля «Текст наизусть»). Подготовка данного предмета контроля потребовала разбивку текста лекции на примерно равные части, имеющие свою законченную мысль, и передачу «разбитого» лекционного материала обучающимся. Так, например, лекция по теме «Учет геологоразведочных работ по поиску нефти и газа» дисциплины «Учетно-информационное обеспечение экономической безопасности в сфере нефтегазодобычи» была разбита на 4 части объемом примерно 450-550 слов (около 2,5 страниц). Обучающийся имеет возможность выбрать для запоминания наизусть любой понравившийся ему участок темы.

Следует отметить, что большинством обучающихся изначально данное предложение было воспринято отрицательно, но в дальнейшем обучающиеся сами просили расширить предмет контроля «Текст наизусть» на разные темы дисциплины, что позволяло им с помощью «текста наизусть» добирать баллы, недостающие до аттестации по дисциплине. Так, из 37 потенциально неоцененных на положительную оценку обучающихся дисциплине «Учетно-информационное

обеспечение экономической безопасности в сфере нефтегазодобычи», добрали баллы при помощи предмета контроля «текст наизусть» 28 из них (76%), и при этом неоднократно – 8 обучающихся.

В общей численности обучающихся дисциплине «Учетно-информационное обеспечение экономической безопасности в сфере нефтегазодобычи» (дисциплина по выбору) предметом контроля «Текст наизусть» воспользовались 28 студентов из 86 (33%), но уже на следующей дисциплине («Учет, налогообложение и отчетность субъектов малого предпринимательства», обязательная дисциплина следующего семестра) наизусть тексты рассказывали 69 обучающихся из 117 (59%) и практически все неоднократно, что позволило сократить количество вышедших на промежуточную аттестацию обучающихся на 79% (18 из 87). Отметим, что данный предмет контроля удобен в приеме – слушать обучающегося можно в любом месте, даже в автобусе, используя возможности аудио- или видеозвонков образовательных платформ, таких как Тимс (Teams).

Система оценивания предмета контроля «Текст наизусть» должна учитывать точность передачи сути лекционного материала и понимание излагаемого текста. Так, максимальный балл получали лишь обучающиеся, которые смогли быстро ответить на 1-2 небольшие уточняющие вопроса, а обучающиеся, которые не смогли рассказать текст (дословно или своими словами суть) считались не прошедшими данный предмет контроля.

Подводя итог, отметим, что, на наш взгляд, предмет контроля «Текст наизусть» удобен для оценки знаний обучающихся теоретического материала и его можно порекомендовать к использованию на разных дисциплинах разных направлений подготовки.

Список литературы

1. Положение о текущем контроле успеваемости и промежуточной аттестации обучающихся в ФГАОУ ВО «ТюмГУ», утв. решением Ученого совета от 01.02.2021 // Документы. Официальный сайт Тюменского государственного университета. – ТюмГУ 2003-2022. – URL: <https://www.utmn.ru/ifh/about/dokumenty/index.php> (дата доступа 30.10.2022).

Изделеуова А.Б.

кандидат педагогических наук, доцент
Международный Университет Астана
г. Астана (Казахстан)

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЗДАНИЯ ИНКЛЮЗИВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Инклюзивное образование является на сегодняшний день приоритетным направлением развития системы образования Республики Казахстан. Этот процесс требует осознания смысла, ценностей инклюзии, а также разработки методических и практических материалов, активного, последовательного распространения наиболее успешного опыта.

Под термином «инклюзивное образование» понимается обеспечение равного доступа к образованию для всех обучающихся с учетом разнообразия особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей. Эти условия достижимы при работе в соответствии с принципами индивидуализации, индивидуального подхода, открытости образовательной среды, использования таких инструментов, как разработка индивидуальной образовательной программы, портфолио и др. Опыт создания инклюзивной образовательной среды в нашей стране, по сравнению с зарубежным, пока недостаточен. Некоторые высшие учебные заведения уже много лет работают со студентами, имеющими ограниченные возможности здоровья и инвалидность, и за эти годы накопили значительный методический и практический материал [1].

Однако большинство вузов не имеют опыта работы со студентами с разнообразными образовательными потребностями и сталкиваются с самыми разными трудностями – как с созданием доступной среды (отсутствие лифтов, пандусов, оборудованных туалетных комнат,

тактильных знаков для студентов с нарушениями зрения, оснащения спортивных залов и т.п.), так и недостаточной технической оснащенностью аудиторий, мастерских, отсутствием адаптированных средств обучения и специальных дидактических материалов.

Для полноценной инклюзии не в полной мере подготовлен сам образовательный процесс – отсутствуют образовательные технологии, способствующие, с одной стороны, индивидуализации образования, а с другой – кооперации обучающихся с разными образовательными потребностями в учебном процессе. Построение индивидуальных планов, проведение дополнительных занятий и консультаций с преподавателями или тьюторами – это возможность варьировать временной ресурс на освоение того или другого предмета. Индивидуализация может быть отражена в индивидуальной образовательной программе (ИОП) студента. Активное использование интерактивных образовательных технологий позволяет организовать командные формы работы через взаимодействие студентов [2].

В современном мире все больше становится востребованным специалист, умеющий, с одной стороны, принимать самостоятельные решения, а с другой – компетентный в командной работе. Одной из проблем остается неготовность/нежелание педагогического коллектива к обучению молодых людей, имеющих особые образовательные потребности, особенно в части изменения учебного материала или его изложения для обучающихся разных категорий. Повышение квалификации преподавателей, а также собственная творческая активность мастеров и преподавателей могут разрешить эту проблему достаточно быстро. Инклюзивная среда предполагает освоение преподавателями адаптированных и интерактивных форм преподавания, позволяя вести образовательный процесс максимально эффективно [3].

Помимо сложностей в создании адаптированной («безбарьерной») окружающей среды, существуют и другие барьеры, имеющие важнейшее значение для инклюзивного образования. Один из них – восприятие людей, имеющих иные культурные, конфессиональные особенности, в том числе людей с инвалидностью. По данным одного из исследований, со стороны нормотипичных студентов при общении со студентами с особенностями развития или с инвалидностью возможны такие реакции, как: неловкость, страх, любопытство, которые диктуются прежде всего новизной явления в личном опыте. Такие реакции – следствие недостаточной культуры по налаживанию отношений и коммуникаций с людьми. Окружение может испытывать и деструктивные реакции, и эмоции: безразличие, насмешку, избегание контакта, дискриминацию, что можно также трактовать как отсутствие в сообществе должного уровня коммуникативной культуры. Разрешение этой проблемы лежит в области работы психологов. Последовательная, продолжительная, постоянно поддерживаемая различными мероприятиями программа по развитию инклюзивной коммуникативной культуры позволит наладить общение между всеми студентами в соответствии с гуманистическими, морально-нравственными ценностями развития нашего общества. Положительный опыт преодоления трудностей и барьеров восприятия возможен через развитие творческого потенциала студентов и вовлечение их в совместную деятельность, проектную деятельность: участие в творческих конкурсах, спортивных состязаниях, инклюзивных спектаклях, практической работе в рамках ярмарок профессий, работе под руководством мастеров и прочее [4].

Кроме того, существуют наиболее типичные барьеры социально-психологической адаптации студентов с ОВЗ или инвалидностью: ожидание гиперопеки (сформированное семьей), сниженная работоспособность, ожидание снижения требований в учебе, стремление к повышенному вниманию к себе со стороны преподавателей, застревание в своем состоянии, низкий уровень произвольности, контроля за своим поведением, заниженная самооценка, неуверенность в себе и многие другие проблемы, связанные с активной позицией в презентации себя как активной личности [5].

Опыт работы показывает, что студентам, имеющим особенности развития или инвалидность, необходимо время для того, чтобы осознать себя обычными обучающимися, которые должны выполнять требования организации без скидок на свои особенности. Но это же осознание становится мощной движущей силой и причиной гордости на пути преодоления трудностей. Этому процессу содействуют микроклимат в учебном заведении, уровень культуры и толерантности – это важно для обучающихся со всеми особенностями характера и поведения. Включение любого студента в доброжелательную среду будет способствовать выходу из изоляции, раскрепощению и развитию творческих и интеллектуальных способностей, повышению самооценки, что позволит обрести большую самостоятельность в условиях получения профессии. Положительный результат социализации предусматривает привлечение студентов с ОВЗ к

социально значимой деятельности совместно с их одноклассниками, например, в различных волонтерских проектах. Преодолению коммуникативных барьеров способствуют любые групповые формы работы в системе «студент – студент».

Таким образом, созданная в образовательных организациях инклюзивная образовательная среда позволит преодолеть многие барьеры, прежде всего, благодаря ценностным установкам инклюзивной культуры, взаимоподдержке в сочетании с учетом индивидуальных особенностей и реализацией принципа индивидуализации.

Список литературы

1. Назарова Н.М. Феноменология совместного обучения: интеграция и инклюзия: монография / Н.М. Назарова.-М.: Изд-во «Перо», 2018.-240 с.
2. Приходько О.Г. Инклюзивное образование: специальные условия включения обучающихся с ОВЗ в образовательное пространство /Методические рекомендации О.Г. Приходько, И.Ю. Левченко, В.В. Мануйлова, А.А. Гусейнова.-М.:Национальный книжный центр, 2018.-112 с.
3. Технологии разработки индивидуального образовательного маршрута для обучающихся с ограниченными возможностями здоровья: методические рекомендации / авт. колл.; рук. авт. колл. Самсонова Е.В.-М.:МГППУ, 2020.-192 с.
4. Тьюторское сопровождение детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования: методическое пособие / И.В. Карпенкова, Е.В. Самсонова, С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова; под ред. Е.В. Самсоновой. М.: МГППУ, 2017.-173 с.
5. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию / В.А. Ясвин. М.: Смысл, 2001.-365 с.

Ирсакова М.А.

педагогика ғылымдарының магистрі
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

Байгубекова А.Л.

№36 орта мектеп
Тараз қ. (Қазақстан)

М.ЖҰМАБАЕВ МҰРАЛАРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеуде ХХ ғасырдың басындағы қазақ ағартушыларының өнегелі өмірлері мен еңбектерін пайдаланудың маңызы зор. Қазақтың ұлттық мектептерін қалыптастыру, әліпби түзу, әліппе және өзге де оқу кітаптарын жазу, оларды мерзімді басылымдарда талқылап, көпшілікке насихаттау т.б. сондай іс-әрекеттер де патриотизмнің бір көрінісі, яғни бұл жайт ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ ағартушы-педагогтарының негізгі іс-әрекеттері болды. Қазақ ағартушыларының еңбектері халықтық идеяларға негізделген педагогикалық ой-пікірлер, олардың құндылығы бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі ролі зор. Осындай халық ағартушыларының бірі – Мағжан Жұмабаев.

М.Жұмабаев Абайды қатты қадірлеген, туындыларын сондай ыждағаттықпен оқып, өзіне үлгі тұтқан. Ш.Құдайбердиевтің өнегелі өсиеттерін Мағжан санасына құйып өскен. Ш.Құдайбердиевтің: «Адалдық пен адамдық борышым деп сана, дүниедегі не сұмдықтың бәрі араны ашылған қу нәпсіден, тойымсыздықтан туады», - деген. Мағжанның «Өтірік ертеке» атты поэмасын алып қарасақ, ұстаздың айтып кеткен ойын негізге ала отырып жазылған туынды іспеттес. Поэманың басты тәрбиелік идеясы – жас ұрпақты адалдық пен адамдыққа тәрбиелеу, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айыра білу, зорлық пен зомбылыққа шыдамау, шындық үшін күресуге тәрбиелеу.

М.Жұмабаев ұлы ойшыл ғалымдардан үлгі ала отырып, өзінің педагогикалық идеяларын, тәрбие түрлерін жалпы адам жанын дұрыс тәрбиелеуге бағыттайды. Әрине, оның ішінде әрбір

ұлттың өзінің менталитетіне сәйкес тәрбиелеу, оның озығын ғана саралау басшылыққа алынады. Негізгі мақсат – өткені мен болашағын талдап, туған жердің абыройын сақтап, бір-бірінің пікірін құрметтейтін жастарды қалыптастыру.

Ақын Мағжан өзінің өлеңдерінде отбасындағы бала тәрбиесінде ананың роліне, қыз бала тәрбиесіне, оның көркіне, мінезіне, келін тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Мысалы, «Анама», «Бесік жыры», «Әже», «Немере мен әжесі», «Ана», «Ата, бата», «Жас келін», «Әдемі қыз», «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», т.б. өлеңдері осының дәлелі іспеттес. «Анама» атты өлеңінде Мағжан өз анасының дүниеге келген күннен бастап: «жан балам», «қарашығым», «құлыным», «тәтті қылығың» мейірімі мен жылылығымен тәрбиеленгенін сөз етеді.

Ағартушы-педагог шығармаларын кіші мектепте оқыту маңызды. Оның шығармалары оқушылардың көркем туындыға деген эстетикалық талғамын, өзіндік ой-пікірін қалыптастырады. Бастауыш сыныптарда Мағжан Жұмабаевтың «Бесік жыры», «Балалық шақ» өлеңдері берілген.

«Бесік жыры» өлеңін қарастырсақ оқушыларға берер тәрбиелік мәні терең. Бұл тақырып арқылы оқушыларды қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің алдын-алуға үйретуге болады. Мағжанның «Бесік жыры» әні арқылы оқушыларға халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрінің бірі екенін айтып, халық әндерінің жанрлық ерекшеліктерімен таныстырамыз. Сонымен қатар сабақ барысында оқушыларға ұмытылып бара жатқан бесік жырының бала өміріндегі мәнін, маңызын, пайдасын түсіндіру қажет. Осындай әсем әуенмен бесік жырын тыңдаған бала шебер де, шешен де болып өседі. Баланың бойына әсерлі әуен, сұлу сөзбен айтылатын ананың әлдиі ана сүтімен қосылып осылай сіңеді. Бесік жырының толып жатқан түрі бар. Сәбиінің аман өсуінен бастап, болашақ өміріне деген тілегі, сенімі, ниеті әдемі әнге шумақ болып өріліп, анасының айтуымен балаға жетеді. Тіпті алыстағы төркініне деген сағынышын да бөпесіне айтып, баласымен сырласа отырып «әй, әй, бөпем, артта қалған елімді көрер ме екем...» деп іштегі шерін бесік жырына қосқан. Анасының еліне деген сағынышы бөпеге беріліп, ол анасын қадірлейтін, ардақтайтын мейірімді әрі жанашыр болып өседі. Мағжан шығармашылығындағы бесік жыры ұлт дәстүрінің бесік жыры іспеттес, бұл ұлттық білім беру негізі, балаларға елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті дарытудың тетігі десек болады.

Біздің халқымыздың тәрбиесінің ерекшелігі-ауызша шығармашылықтың түрі бесік жырында. Қазақ халқының халық әнінің бір түрі, Жұмабаевтың «Бесік жыры» әні аяулы ананың сәбиіне деген ыстық сезімін, ізгі тілегін айтып жеткізеді. Сонымен бұл өлеңнің тақырыбы-бесік жырына арналған танымал ән, идея-халықтық педагогиканың бір саласы, жаңа туған шақалақты бесікке салу, бесік жырын дәріптеу.

Бұл тақырыпты бастауыш сынып балаларына түсіндіру барысында тиімді әдіс яғни «әңгімелеу» әдісін пайдалануға борлады. Тақырыпқа қатысты оқиғаны оқу арқылы оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қызықты діни аңыздарда Хауа ана алғаш рет бесік жырын шырқады делінген. Ол егіз ұлдарын жұбата алмаған кезде көктен жеті періште түсіп: «Алла, Алла, Алла», – деп, Алланың атын әдемі әуезге салып әндетеді. Әдемі әуенге елтіген Хауаның бөбектері жұбанып, тәтті ұйқыға кетеді. Ән анасына да ұнап қалады. Ол періштелерге: Маған да үйретіңдер, – деп өгінеді. Періштелер Хауа анаға жеті күн бойы әлди әуендерін үйретіпті. Кейін Хауа ана өзінің барлық балаларын сол әнмен тербетуді әдетке айналдырады. Бұл әуез дами келе, бесік жырына айналған екен. Қазақтағы «Әлди, әлди, әлди-ай» деп басталатын бесік жырының төркіні Хауа ананың «Алла, Алла, Алла-ай» деген әуеннен шыққан деседі.

Жұмбақ жасыру:

Сәбиге сәнді үй,
Әжеге ән-күй. (Бесік)

Сұрақ-жауап:

- Қандай салт-дәстүрді білесіздер?
- Бесік кімге керек?
- Сәбиді бесікке жатқызғанда бесік тербеп отырып, қандай жыр айтамыз?
- Бесіктің қандай жабдықтары бар?
- Бесік жырын айтып көргендеріңіз бар ма?
- Бесік жыры қалай басталады? Олай болса бесік жырын тыңдап көрейік.

Сонымен қатар «Бесік жыры» туралы мультфильм тамашалау.

«**Күн шуағы**» әдісі: Оқушыларға ортасында «ана» сөзі жазылған, жан-жағында күннің шуағындай шашылған белгісі бар стикерлер таратылады. Әр оқушы стикерге өз анасын сипаттап жазады. Нұсқаулық ретінде оқушыларға «Сенің анаң қандай?» деп сұрақ қоя отырып, синоним сөздер арқылы жауап береді.

Ақынның бастауыш сыныпта берілген келесі бір туындысы «Балалық шақ» өлеңі. Бұл өлеңді түсіндіру барысында «Кірпіш» стратегиясын қолдана отырып, «Балалық шақ» өлеңінен өздері үшін маңызды сөздерді кірпіштерге түсіреді және пікірлерін білдіреді. Мұғалім А4 парағына бейнеленген кірпіштердің суреттерін және мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтар таратады. Кірпіш суреттеріне жекелеп отырып, мәтін мазмұны бойынша сөздерді жазады. Оқушылар сөздерді алып, жұптасып оқиды. Бір-бірін толықтырады. Кірпіштерге жазылған жауаптарын топта талқылайды. Топтар талқылау соңында ішінен 5 маңызды ақпаратты стикерге жазып тақтадағы кірпіштерге қайта іледі және түсіндіреді.

Сұрақтар үлгісі:

- Өлеңде автордың айтайын деген ойын бір сөзбен жеткіз? (Жастық)
- Балалық шақты немен теңейді? (Патшаның тағы)
- Санасыз адам ненің қадірін білмейді дейді? (Жастықтың)
- Жастық деген не? (Бағасыз уақыт, алтын)
- Өлеңнен қандай қорытынды шығаруға болады? (Әрбір уақыттың қадірін білу керек.

Бүгінгі уақыт ертең қайтып келмейді.)

Тірек сөздер арқылы шағын эссе жазу.

Қиынды қағаздардан сурет шығару. Сол бойынша ауызша әңгімелеу.

Суретке байланысты бір шумақ өлең құрастыру.

«Бес бармақ» әдісі арқылы бағалау жүргізуге болады.

Міне ағартушының туындыларын оқытуда осындай жаңа әдістерді қолдана отырып оқыту арқылы ақын еңбектерін түсіндіруді, таныстыруды жаңа қырынан қарастырсақ болады.

М.Жұмабаев халықтық идеяны насихаттауға ерекше еңбек еткен нағыз халық педагогы деп тұжырымдауға толық болады. Оның еңбектерін қазіргі кезде ұлттық мектептің іргесін қалауда, ұлттық тәрбие беруде, ұлттық мазмұндағы оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде кеңінен пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Print, 2015
2. Бөлесев Қ., Мұратова А.Б. Қазақ ағартушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идея. – Алматы, 2008
3. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы, 2015
4. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы, 2012
5. Сеңкібаев С. М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында // Ізденіс, 2012

Кадырова А.Е.

магистр

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз қ. (Қазақстан)

Маханова Ш.Ш.

«Дарынды бөбек» бөбекжай бақшасы әдіскері

Тараз қ. (Қазақстан)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы – жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттыңда ажырамас бөлігі болып отыр. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты

міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, ол үшін мектепке дейін білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты [1].

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Негізгі мақсаты – мектепке дейінгі мекеме балаларының білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Оқыту технологиясы тәрбиешінің балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, оны ұғындыра білуді көздейді.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлері қолданылады. Келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау негізінде инновациялық технологияны қолдану – әрбір тәрбиешінің міндеті. Қазіргі кезеңде осы мәселеге орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшаларда қолданылатын заманауи педагогикалық әдістердің бірнеше түріне тоқталайық.

Тәрбие мен оқыту барысында балалардың шығармашылығын дамытуда интербелсенді әдістерді қолдану бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Интербелсенді әдістер тәрбиешілердің басқа балалармен, тәрбиешімен диалогқа кірумен, шығармашылық тапсырма орындаумен, оқытудың «субъекті» ретінде сипатталады. Бұл ретте тәрбиешінің ұстанымы ауысады: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Бала тұлғасын әлеуметтендіру үдерісінің ең басында туындайтын интербелсенді оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды. Аталған әдістер балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін заттақ-дамытушы орта құруға мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар, бөбекжай-бақшаларда білім беру жүйесінде инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру; ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. қолданылып жүр.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты екені мәлім. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы *оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты* – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, *оқытудағы негізгі мақсат* – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды рөл атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгерудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру негізгі мәселе. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үрдісін технологияландыру, цифрландыру, заманауи техникалармен қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі. Технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажыратуда қарапайым мұғалім үшін кейде қиынға түсуі де дәлел.

Қазіргі замандағы мектептерде уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда. Жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерімен терең білімге деген қызығушылықтарын арттырып білім сапасын көтеру басты шарт екені мәлім.

Осы орайда оқыту технологиясы – оқу ақпараттарының пайда болып көріну, өзгеру, өңделу әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан ол оқыту барысындағы мұғалімнің

оқушыға қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып, әсер ету жолдары туралы ғылым.

Оқыту технологиясы – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. Оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Белгілі ғалым В.П. Беспалько педагогикалық технологияға: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба», - деп анықтама береді. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсаты бар, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырылады. Ал, белгілі педагог ғалым В.М. Монахов болса, «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі», - деп түсіндіреді [4].

Оқытуды компьютерлендіруде компьютердің мүмкіншіліктері өте кең: электронды оқулықтардың көмегімен білім, жаттықтыру тапсырмаларын беру, оқушылардың білімін тексеру, тестілеу, әр түрлі ойындар, т.б. Оқыту үрдісінде компьютер оқыту нысаны және құралы болуы мүмкін. Яғни, оқытуда компьютерді қолданудың екі бағыты бар: 1. Компьютердің мүмкіндіктерін сезініп, оны әр түрлі жағдайда пайдалана білуге қажетті білім, іскерліктер мен дағдылармен қаруландыру. 2. Компьютер оқытудың тиімділігін жоғарылатып, сапасын көтеретін күшті құрал болып табылады. Көптеген зерттеушілер «оқыту технологиясы – оқыту мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісін дұрыс жоспарлап, оны жүзеге асыру» деген пікірмен келіседі. Мысалы, В.Беспалько оны білім беру үрдісін жүзеге асырудың мазмұнды техникасы, яғни білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқытудың теориялық негіздерін жаңадан өндірудің құралдары мен әдістері ретінде анықтайды. Н.Талызина қазіргі оқыту технологиясы көзделген мақсатқа жетудің неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтаудан тұрады деп есептейді. Оқыту технологиясын зерттеуде отандық белгілі педагог ғалымдарымыз Ж.Қараев, Т.Галиев, Г.Нұрғалиева, Ә.Мұханбетжанова және т.б. зор үлес қосты.

Ғалым Г.Хайруллин «Педагогикалық технология – педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы» деген пікір айтады [6].

Педагогикалық технология ұғымының қалыптасуы мен дамуының тарихында педагогикалық технология ұғымының мәні түрліше қарастырылады, яғни оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін әртүрлі пікірлер бар. Олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б.Блум, Дж.Кэрролл, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, М.Кларин, Н.А. Менчинская, З.И. Калмыкова, Л.В. Занков тағы да басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [7].

Соңғы жылдары білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесі жиі көтерілуде. Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқу процесіне жаңаша көзқарас дегенді айғақтайды. Қазіргі заманауи мектептердегі білім мазмұнына қойылатын қоғамның әлеуметтік талабының тағы бір ерекшеліктері педагогикалық процеске АКТ-ны енгізу мұғалімнің ұжымдағы беделін арттырады, өйткені оқыту заманауи, жоғары деңгейде жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://okg.kz/post?id=17978&slug=qasym-zhomart-toqaev:->
2. Иманбаева С., Рысбаева А. Қазақстан мектебі, жаңа оқыту технологияларын қолдану, №1, 2011 ж. 4-б.
3. Жұмашева Т.С. Бастауыш мектеп, Оқытудың жаңа технологияларын білім салаларында қолданудың ерекшеліктері, №2, 2007 ж. 23-б.
4. Харламов И.Ф. Педагогика. Минск, 2000 ж.
5. Куспанова А.Б., Куспанова Ж.Б. Бастауыш мектеп, БЖС технологиясының тиімділігі; №10, 2011 ж.73-б.
6. Иманбаева С., Рысбаева А. Қазақстан мектебі. Жаңа оқыту технологияларын қолдану; №1, 2011 ж. 4-б.
7. Текесбаева А.М. Жаңа технологиялар. Бастауыш мектепте оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың ерекшеліктері // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №4 (200), 2013

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУДА ЛОГОРИТМИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

XX ғасырдың басында Еуропаның көптеген елдерінде ырғақты білім беру жүйесі кең таралды. Ол «көркем гимнастика әдісі» деген атпен танымал болды. Оның негізін қалаушы швейцариялық мұғалім және музыкант Эмиль Жак–Далькроз (1865-1950) болды. Э.Жак–Далькроз Женева консерваториясында сабақ беріп, музыканттың жақсы есту қабілеті ғана емес, сонымен қатар жақсы ырғағы болуы керек деп есептеді. Ол музыкалық ырғақты музыкалық педагогиканың жеке саласына бөліп, «ырғақты сезімді өздігінен дамыту» туралы шешім қабылдады.

XX ғасырдың 30-жылдары Россияда В.А. Гиляровский, Н.А. Власова логопедиялық ритмиканы тіл кемістігін түзетуде қолдануды ұсынады. Қазіргі кезде логопедиялық ритмика–жалпы тіл кемістігі бар балаларды түзету-тәрбиелеу жүйесіндегі міндетті компоненттердің бірі болып отыр.

Э.Жак–Далькроз өз еңбегінде оқушылар өздерінің қозғалыстарын музыка қозғалыстарымен үйлестіруі керек, өйткені музыкада ұйымдасқан қозғалыстың тамаша үлгісі бар,—деп атап көрсетті. Ритм, музыка және қозғалыс үйлесімі арқылы «ырғақты ырғақпен тәрбиелеу» мәселесін арнайы таңдалған жаттығуларды қолдана отырып шешіп, балаларда музыкалық есту, есте сақтау, зейін, ырғақ, қимылдардың пластикалық экспрессивтілігін дамытуға көңіл бөлді [1].

Жак–Далькроз қозғалысты реттейтін музыка жасады. Ал, оқушылар өздерінің қимылдарын дыбыстық музыкамен үйлестіруге мәжбүр болды, өйткені бұл музыканың қозғалыспен үйлескен үлгісі болып табылатын. Ол уақыт, кеңістік және қозғалыс арасындағы байланыс туралы нақты түсінік қалыптастырды.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке басының тұлғалық қалыптасуындағы маңызды кезең. Баланың кішкентайынан таза және дұрыс сөйлеуін қалыптастырмай, қарым-қатынас дағдыларын игеру және қоршаған әлеммен қатынас орнатуды үйрену мүмкін емес. Соңғы жылдары сөйлеу қабілеті бұзылған балалар санының күрт өсуі ата-аналар мен педагогтерді алаңдатып отыр.

Логоритмика – тіл кемістігі синдромындағы психомоторлық функциялардың бұзылу және алдын алу, даму, түзету заңдылықтарын зерттейтін логопедия мен дефектология бөлімдерінің бірі [4].

Логоритмика – бұл түзету, білім беру және сауықтыру мәселелерін шешуге бағытталған тапсырмалар, музыка мен қозғалысқа негізделген ойындар, сөздер мен қозғалыстар және музыкалық жаттығулар жиынтығы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл бұзылыстарының алдын алу мен түзетуде музыкаға сүйене отырып, балалардың қимыл-қозғалыстарын үйлестірудің маңызы зор. Бала музыканы естіп, түсініп, қабылдау арқылы сол музыкаға сәйкес әрекет етуді үйренеді. Бұл баланың дене бітімінің жетілуіне, көкірек клеткаларының дамуына ғана әсер етпей, кеңістікті бағдарлауға ұсақ моториканың дамуына ықпалын тигізеді.

Балалардың жас және психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, логоритмикалық ойындар мен жаттығулар әртүрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- Есту және көру зейінінің дамуы;
- Фонемалық естуінің дамуы;
- Кеңістіктік қозғалыстардың ұйымдастырылуының дамуы;
- Жалпы және ұсақ моториканың, мимиканың дамуы;
- Физиологиялық және фонациялық тыныс алудың дамуы;
- Дыбыстардың артикуляциясының қалыптасуы;
- Ырғақтық сезімнің дамуы [2].

Тілде кемістігі бар балалардың тілін түзетудің, жоюдың тиімді әдістерінің бірі – логоритмика. Бұл белсенді терапияның бір түрі болып табылады. Логоритмикалық әдістерді жүйелі, бірізді, тұрақты қолдану – баланың дыбыстарды дұрыс айтуына, сөздерді орынды қолдануына, сөздік қорының молайып, байланыстырып сөйлеуіне мүмкіндік береді. Әртүрлі дәрежедегі тіл кемістігі бар балалардың психикалық, физикалық, ақыл-ойының дамуына кері әсерін тигізіп, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына кедергісін келтіреді. Бала ойын толық

жеткізіп айта алмағандықтан, қоршаған ортамен қарым-қатынасы да өзі қалағандай болмайды. Сондықтан өзіне сенімсіз, жасқаншақ, тұйық болып өседі.

Гринер В.А. өзінің «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған логопедиялық ырғақ» жұмысында логопедиялық топтарда логоритмикалық сабақтарды қолдану қажеттілігі туралы айтады. Бұл баланың моторикасын ғана емес, сонымен қатар оның сөйлеу кемшіліктерін де түзетудің маңызды негізі болып табылады. «Бұл гимнастиканың міндеттерін сөйлеуді түзету міндеттерімен байланыстыру – бұл сөйлеу терапиясының мақсаты»,- дейді [3,12].

Автор логоритмика сабағының келесі құрылымын ұсынады:

1. ән айту;
2. кіріспе жаттығу;
3. бұлшықет тонусын реттейтін жаттығулар;
4. музыкалық сүйемелдеусіз сөйлеу жаттығуы;
5. негізгі жаттығулар;
6. ырғақ сезімін тәрбиелейтін жаттығулар;
7. ойын;
8. қорытынды жаттығулар [3,17].

Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл бұзылыстарын түзетуде осы құрылымды сақтап, ұйымдасқан оқу қызметін өткізу, бала тілінің дамуына, кемшіліктерді жоюға әсерін тигізеді. Бұл логоритмикалық жаттығуларда дыбыстың ұзақтығы мен тегістігін жасау және тыныс алуды реттеу үшін ән түрінде айтып үйрену, музыкалық сүйемелдеусіз сөйлеу жаттығулары ерекше орынға ие (сұрақ-жауап әңгімелесу, дыбыстарды, сөздерді қайталау), өлең тақпақтарға сай қозғалыстар жасайды. Балалардың тілін ауызекі сөйлеуді музыкалық қимылдардың кейбір элементтерімен байланыстыратын тапсырмалармен ұштастыра ұйымдастыру қажет.

Бұл әдістерді әр баланың тіл кемістігін түзету жұмыстарында жеке дыбыстарды (фонетикалық ырғақ) нақты айтуға, сөйлеуге үйретуге, мимикалық қозғалыстарды дамытуда қолдану тиімді болып табылады. Сонымен қатар, саусақтардың ұсақ бұлшық еттерінің дамуы – балалардың тілін дамытуға маңызды рөлдердің бірін атқарады. Музыкамен шағын өлеңдерді, тақпақтарды бірге қайталап айтып, ырғақты қимылдарды саусақпен жасаудың маңызы зор. Бұл балалардың физикалық дамуына, музыка ырғағына сай қимылын үйлестіруге, есте сақтауына, өз қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлауға оң әсерін тигізеді.

Логоритмика сабақтарында балалардың тіл кемістігін түзетуде көптеген ойын жаттығулар, әртүрлі массаж, тыныс алу жаттығулары, мимикалық жаттығулар, түзете дамыту технологиялар, саусақ жаттығулары, буынұйқастар, тілдік және қимыл – қозғалыс жаттығулары, суретті сөздіктер, жүру мен жүгірудің әртүрлі түріндегі жаттығуларды музыка ырғағымен үйлестіріп қолдануға болады. Бұл жаттығуларды түзете – дамыту жұмыстарында тұрақты қолдану қажет.

Логоритмика келесі элементтерден тұрады:

- Логопедиялық гимнастика (сөйлеу органдарын дыбыс шығаруға дайындайтын артикуляциялық аппарат мүшелерінің бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар кешені);
- Дыбыстарды машықтандыру және ажыратуды жаттықтыруға арналған буын ұйқас;
- Ұсақ моториканы дамытуға арналған саусақ жаттығулары;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бұлшық еттік қимыл және үйлесімді қозғалысты жаттықтыруға бағытталған жалпы моторикалық жаттығулар;
- Ән айту дағдылары мен тыныс алуды дамытуға арналған вокалдық-артикуляциялық жаттығулар;
- Ырғақты сөйлеуі, сөйлеуді есту мен есте сақтау дағдыларын дамытуға арналған қол қимылымен сүйемелденетін әндер мен өлеңдер;
- Сөйлеуді, зейінді, кеңістікте бағыт табу, жүруді дамытуға ықпал ететін музыкалық ойындар;
- Мимикалық бұлшық еттерді, эмоционалдық саланы, қиял мен ассоциативті-бейнелі ойлауды дамытуға арналған жаттығулар;
- Эмоционалдылықты және ауызша емес қарым-қатынас құралдарының экспрессивтілігін, позитивті өзін-өзі қабылдауды дамытуға арналған коммуникативті ойындар мен билерді қамтиды [4].

Баланың музыкалық ырғақты сезінуі – маңызды сезімдерінің бірі. Логоритмикада осы сезімдерді сезіне отырып, ырғаққа сай қимылдар жасап, сөйлеу тілін дамыта алады. Бұл

музыкамен және сөздің үйлескен қимылдар жүйесі яғни тіл кемістігі бар балалардың әуенді қолдана отырып сөйлеуін дамыту.

Қазіргі оқыту тәрбиелеу жүйесінде тіл кемістігі бар, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды ерте жастан сөйлеуге үйрету және түзету жұмыстарын жүргізуді жан-жақты қарастыруда. Мектепке дейінгі жастағы кезең – сөйлеуді дамытудың ең қолайлы кезеңі болып табылады. Түзету жұмыстарының ажырамас бөлігі логоритмиканың әдіс-тәсілдерін музыкалық шығарманың ырғағы мен қозғалыстарда өзіндік ырғақ сезіміне тәрбиелеу және дамыту, музыкаға ырғаққа сай қозғалу қабілетін жетілдіру және оның қимылдары мен сөйлеуін дамыту жатады. Мұндай логоритмикалық сабақтардағы қимыл–қозғалыстар, музыка мен сөйлеудің үйлесімі жалпы сөйлеу терапиясының тиімділігін арттырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл кемістігін түзетуде әрбір қозғалысы белгілі бір ырғақпен жүзеге асырылады. Бала жекелеген дыбыстарды, сөздерді, буындарды қозғалыстың көмегімен сипаттайды: қол шапалақтау, аяқты қозғау, басын қозғалту, қолды серпу т.б. Ал, денесіз ритмнің сезімін музыкалық ырғақ қабылдай алмайды, ол қозғалысты және эмоционалды сипатқа ие болады.

Зерттеулерге сүйенсек, психологияда кез келген ырғақты қозғалыстар мидың жұмысына, белсенділігіне жағымды әсер ететінін дәлелдеп отыр. Мұның барлығы танымдық белсенділікке, эмоционалды еріктік салаға, көңіл күйге жалпы сөйлеудің дамуына әсер етеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тіл бұзылыстары, тілінде кемшілігі бар балалардың көңіл күйі мен мінез-құлқына да байланысты. Әр баланың эмоционалды сферасы оның сөйлеуіне, дыбыстарды қайталауына, жалпы тілінің дамуына мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті – ойын. Ойынды қоршаған ортаны тану құралы ғана емес, қарым-қатынасты дамытуға да тиімді пайдаланған жөн. Балалардың тіл бұзылыстарын түзету және алдын алуға арналған логоритмикалық ырғақты жаттығуларды ойын түрінде қолдану – әр педагогтің кәсіби шеберлігімен байланысты.

Логоритмикалық сабақтардың нәтижесінде балада төмендегідей дағдылар қалыптасады:

- қозғалыстарды үйлестіру жақсарады;
- музыканы түсініп, қабылдайды;
- артикуляциялық моторика жетіледі;
- кеңістікті бағдарлауды үйренеді;
- қажетті дыбыс автоматтандырылады;
- музыкалық ырғақты сезінеді;
- байланыстырып сөйлеуге талпыныс пайда болады.

Бұл қалыптасқан дағдыларды оқыту тәрбиелеу процесінде дамыту, жетілдіру, баланың тіл бұзылыстарын жою, алдын – алу, дыбыстардан бастап әр сөйлемді анық әрі дұрыс айтуға үйрету – күрделі де өзекті мәселе, әрі ұзақ уақытты қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://edu.mcfr.kz/rubric/400-logoritmika>
2. Шилденова Т.Қ. «Логопедтік түзету жұмыстарындағы фонетикалық-фонематикалық бұзылыстарын түзетуге және қимыл-қозғалысын дамытуға арналған ойындар»: (мектепке дейінгі мекемелерінің жас логопедтеріне және тәрбиешілеріне арналған әдістемелік көмекші құрал). – Атырау, 2014.– 98 б.
3. Гринер В.А. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған логопедиялық ырғақ». – М., Просвещение. 2001. – 165 б.
4. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика/ Г.А. Волкова. – М.: Владос, 2003. – 269 с.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ орта мектептерінде педагогикалық тәжірибе саласында осы көрсетілген бағыттардың барлығы бойынша жұмыс жүргізу мүмкіндіктері бар екені белгілі. Өйткені оқушылар – еліміздің келешекте барлық саласында қызмет ететін азаматтар. Сонымен бірге мектептерде жабдықталған компьютерлік кабинеттер көбеюі, интернетпен қамтамасыз етілуі, студенттердің жеке компьютерлер мен смартфон, телефон, планшеттері болуы – барлық қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланудың дидактикалық жүйесін уақыт талабына сай арнайы зерттеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында» қашықтан оқыту технологияларының мынадай түрлері көрсетілген:

- теледидарлық технология;
- желілік технология;
- кейс-технология.

Біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік және экономикалық реформалардың нәтижесі шет тілдерін меңгеру қажеттілігінің күрт артуы болды. Шет тілін практикалық білу – кез келген профильдегі маманның маңызды сипаттамаларының бірі.

Жаһандық өзгерістер қазіргі адамға жаңа талаптар қояды, білім берудің жаңа міндеттерін белгілейді. Білім берудегі технологиялық тәсілмен, ақпараттық-дидактикалық виртуалды жүйелердің жұмысымен байланысты мәселемен С.Д. Каракозов, А.А. Кузнецов, В.А. Леднев, Б.М. Монахов, Е.С. Полат т.б. білім беру процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін В.Д. Байков, Ю.С. Брановский, А.Г. Гейн, Б.С. Гершунско-го, Е.Х. Карелова, М.Р. Кудяева, А.А. Кузнецова айналысты.

Шет тілін оқытудың жаңа технологияларын іздеу бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, дәстүрлі жүйе бойынша шет тілін оқытудың тиімділігі негізінен тілді білу деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, дәстүрлі әдістерді қолданбай жаңа әдістерді қолдану бірқатар қиындықтар тудырады. Дағдыларды автоматтандырудың қажетті көлемінің болмауы оқушыларды өнімді шығармашылық жұмыс үшін қолдануға тиісті оқу базасынан айырады. Екіншіден, шет тілдерін оқытудың технологиялық негіздерінің теориясы мен практикасы жеткіліксіз дамыған [1,108].

Дидактикалық категориялардың ішінде жоғары сынып оқушылары ағылшын тілін қашықтан оқытуда қандай көлемде білім мазмұны беріледі, оның ішінде «оқушыға коммуникативтік жаттығуларды орындатуда айтылым мен сөйлесім дағдыларын қалай тексеруге болады» деген сияқты және т.б. деген мәселелер арнайы қарастырылуы керек.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін қашықтан оқыту – болашақ мамандарды даярлаудың тұтас жүйесінің ортақ мақсатынан туындайтын, соған қатысты білім беру міндеттерін шешуге бағытталған дидактикалық үдеріс. Оқытушының басқаруымен, жетекшілігімен және өз бетімен ағылшын тілін меңгере отырып оқушы білім аясына енеді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияға сүйенген білім беру аясында оқушы мен оқытушының арасында қашықтан білім ақпараттарын алмасу процесі жүреді.

Сонымен қатар, интернет – бұл әртүрлі коммуникациялар: электрондық пошта, барлық конференциялар, форумдар, чаттар, аудио чаттар және басқалар. Мұның бәрін қолдануға болады және қажет, өйткені Интернет шет тілдерін үйренуге күшті мотивация тудырады [3,12].

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру процесінде Интернет-технологияларды қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері мынадай функцияларды іске асырады: білім беру – кәсіптік бағдарламалардың мемлекеттік стандартын іске асыратын оқу жоспарларының көмегімен оқу процесін басқару үшін қажетті ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу; базалық, сабақтас және қосымша білім беру бағдарламаларын құру және сақтау, түзету мүмкіндігі; жоғары сынып оқушыларына арналған шет тілі бойынша оқу-әдістемелік және

ғылыми қамтамасыз ету базалары; оқушының дербес және жеке шығармашылық қызметін ұйымдастыру және мазмұны бойынша база құру.

Жоғары сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық жағдайлар кешені: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту (компьютерлік хабардарлық – таныстыру деңгейі, компьютерлік сауаттылық – пайдаланушы деңгейі); даралық пен жеке тұлғаны сипаттайтын қасиеттерді қалыптастыру [2, 25].

Қашықтықтан оқыту негізінде жоғары сынып оқушыларының шет тілін оқытудың дидактикалық моделі – бұл мазмұнды-мақсатты, критериалды, процестік және әдістемелік-технологиялық компоненттердің бірлігіндегі педагогикалық жағдайлар жүйесі. Бұл ретте олардың жұмыс істеуі «Оқытушы-оқушы»жүйелерінде оқыту субъектілерінің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

Мектепте ағылшын тілін оқытудың жетекші мақсаты коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Бұл шетел тіліндегі мәтіндерді оқығанда жеткілікті толық ақпарат алу, сұхбаттасушыны дұрыс түсіну және өз ойын, көзқарасын ауызша және жазбаша түрде білдіру қабілетінен тұрады. Шет тілін оқытудың коммуникативті бағыты материалдың өзімен де, онымен жұмыс істеу әдістемесімен де, оны ұйымдастыру формасымен де қамтамасыз етіледі. Олардың бірі-тиімді білім беру процесі пайда болатын дидактикалық виртуалды орта. Педагогикалық міндет-лингвистикалық білімді, дағдыларды, дағдыларды, оқушының мәдениетаралық өзара әрекеттесу қабілетін жетілдіру және бұл Интернеттің жұмыс істеуінің негізі [4,105].

Осылайша, оқушыларды қашықтықтан оқыту оларға кем дегенде екі маңызды пән бойынша: ағылшын және информатика бойынша шет тілдерін оқытуда білімдерін кеңейту және тереңдету үшін қосымша ынталандыру береді деген қорытынды жасауға болады. Оқу процесінде Интернет-технологияларды, атап айтқанда, олардың негізінде жасалған білім беру сайттарын, порталдарды және электрондық оқулықтарды қолданудың әдістемелік базасы, оқу процесі неғұрлым серпінді, ақпараттық сыйымды болады; білім берудің негізгі екпіні оқушының белсенді қызметіне ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зайченко Т.П.–Қашықтықтан оқыту негіздері // теориялық-практикалық негіз: Оқу құралы. – 2004. – Санкт-Петербург: Басылым. А. и. Герцен. – 167 б.
2. Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. – Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары // – 2006. – М., «Академия» - С. 54-57.
3. Қашықтықтан білім беру тұжырымдамасының педагогикалық ерекшеліктері мен дамуы: студенттер, аспиранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың V бүкіл ресейлік ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 2004/ ММТУ.- Мәскеу, 2004.- Б.39-42.
4. Девтерова З.Р. Университетте шет тілін оқытуда инфокоммуникациялық технологияларды қолдану // білім беруді ізгілендіру.–2007. - No 1. – 71-75 ББ.

Сарсекеев Б.С.

доктор педагогических наук, профессор
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

К ВОПРОСУ РАЗРАБОТКИ УЧЕБНИКА ИСТОРИИ НА ОСНОВЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА

Как показывают исследования, в отечественном учебниковедении можно выделить три этапа развития учебника: традиционный учебник (1991-2000); учебники нового поколения (2001-2015); учебники, разработанные на основе обновленной программы (2016-2022).

Традиционный учебник, разрабатываемый на основе теории учебника, характеризуется наличием текстовых и внетекстовых компонентов. Для учебников нового поколения характерно

издание учебника в составе учебно-методического комплекса. Учебники, разработанные на основе обновленной программы, ориентированы на требования компетентностного подхода.

В содержательном плане учебники 1-го этапа имеют несомненные достоинства – обновление содержания исторического образования, введение новых фактов, источников. Учебники нового поколения (второй этап) дополнялись материалами книжного учебно-методического комплекса.

На современном этапе (третий этап) наблюдается тенденция перехода от варианта подготовки учебника истории с большим объемом фактологических знаний к модели учебника с отражением практических и концептуальных знаний, направленных на формирование исторических умений.

Дальнейшая эволюция учебника заключается в переходе от традиционного учебника к компетентностному, включающему характеристики различных видов жанров учебной литературы (задачника, хрестоматии, справочника и т.д.), что обусловлено тенденцией развития ИКТ, вытесняющих традиционные формы преподнесения информации.

Исходя из опыта работы с учебником, можно выделить особенности использования традиционного учебника и учебника, разработанного на основе компетентностного подхода. Учебные занятия с традиционным учебником организуются на основе групповой и индивидуальной организационных форм. Учитель рассказывает новый материал, организует самостоятельную работу по учебнику, проводит групповые обсуждения и т.д., а для закрепления учебного материала использует вопросы и задания учебника. Характерным для такого занятия является фронтальная работа, когда все учащиеся занимаются изучением одной темы. Организация учебного процесса ведется в рамках комбинированного урока.

Занятия по учебнику, подготовленному на основе компетентностного подхода, организуются через коллективные занятия. Основным способом обучения становится парный способ обучения с переходом от пар постоянного состава к парам сменного состава. Для таких занятий характерна минимизация фронтальной, групповой работы. Разные ученики в классе могут получать разные задания, обмениваться ими, обучать друг друга и контролировать знания на основе взаимопроверки. Характерным является изменение традиционного режима работы. Учащиеся самостоятельно изучают учебные тексты, а после изучения, чтобы выполнить задания к учебному материалу, объединяются в пары, группы для обсуждения изучаемого материала.

Реализация такого подхода требует учитывать следующие аспекты: 1) постановку цели учебных занятий; 2) организацию учебного процесса; 3) отбор содержания материала; 4) методику изучения темы; 5) управление учебным процессом; 6) создание необходимых условий для работы.

Постановка цели как результата ожидаемых результатов должны учитывать формирование ключевых компетенций. Отбор содержания обучения – задача не только автора учебника, но и учителя, который конкретизирует и дополняет материал учебника, доводя его до научной нормы во время коллективных обсуждений.

Задача воспитания учащихся в интеллектуальном и эмоциональном плане требует соотносить содержание учебника с ценностно-целевыми установками. Целью автора должно быть не только изложение информации, но и формирование *ценностных ориентаций учащихся*, что обеспечит его активную жизненную позицию в обществе. Условием восприятия материала является *личный интерес*. Сделать этот интерес устойчивым можно через постоянное внимание к мировоззрению людей.

Лучший способ развивать умения – *научиться накладывать их на разное содержание* [1]. Поэтому авторам необходимо разрабатывать вопросы и задания с учетом *интеграционной деятельности*. Это необходимо для того, чтобы ученик столкнулся с проблемой, решая которую, он должен убедиться, что не все ему по силам, и над чем-то ему надо поработать. Чтобы быть успешным, ученик должен уметь работать с информацией, понимать, как различные части учебной информации могут быть увязаны между собой, научиться рассматривать новые идеи и знания в соответствующем контексте, осмысливать и критически подходить к информации. Такое мышление не вырабатывается само по себе и требует разработки *разнотипных заданий*.

Главной задачей при такой постановке вопроса является соблюдение баланса между объясняемым содержанием и предлагаемыми способами деятельности учащихся. Важно содействовать пониманию существования разных подходов, допускать самостоятельный анализ учащимися учебных материалов. Таким образом, к определяющим принципам разработки учебника истории на основе компетентностного подхода можно отнести: 1. Определение векторов работы ученика путем предоставления целей обучения; 2. Использование в каждом параграфе

2-3 документов, интегрирующих основной текст; 3. Предоставление разных взглядов, мнений, позиций в виде авторских текстов и первоисточников; 4. Отбор учебного материала на основе тематических проблем, для того чтобы проводить анализ исторических процессов разных эпох; 5. Введение рубрик для дополнительного чтения «Досье», «Альтернативное мнение», «Поработайте с документальными материалами» и т.д. с вопросами и заданиями к ним.

Структура такого учебника определяется следующими принципами:

1. Принцип целеполагания. Методологическая основа конструирования исходит из компетентностной парадигмы. Цели (компетентности) определяют отбор содержания, вопросов и заданий.

2. Принцип развития самостоятельности мышления. Реализуется посредством сопоставления заданий к текстам, выработки собственной позиции к содержанию, сравнению ее с позицией других учащихся.

3. Принцип обсуждения учебного материала. Важно предлагать способы деятельности, выполняя которые школьники имели бы возможность обсудить предлагаемые вопросы, ситуации в парах или группе. После этого предлагается общая конференция.

Особенностями типологического подхода являются:

1. Учебник представляет школьнику возможность организовывать свою работу, выбирать форму выполнения задания, применять свой план решения.

2. Учебник способствует пониманию специфики предмета, дает возможность выработать специальные умения и навыки.

3. Задания и упражнения даются в начале и в конце учебного текста.

Как видим, центральным становится отбор содержания по изучаемой теме и разработка заданий, по которым идет процесс обучения. Смысл состоит в том, чтобы предоставить школьникам возможность обсудить свои знания, чему способствует предложенный алгоритм действий, позволяющий усилить личностную направленность образования, обеспечить активность в образовательном процессе. Для этого перед учебным текстом даются задания, выполнение которых предполагают индивидуальную мыслительную деятельность, совместную работу в парах, групповую динамику, общее обсуждение. Задания даются в логической последовательности и требуют выполнения каждого из них.

Акцентирование внимания на заданиях требует диалогических, интерактивных способов изложения, создающих возможности использования на занятиях методов, ориентированных на развитие способностей и компетенции, что корректирует функции преподавателя. Роль преподавателя меняется с позиции источника информации на организатора учебного процесса. Учитель выступает как организатор-технолог, он вводит в учебную тему, организует развивающее пространство, затем предлагает способ деятельности (прочитать учебный текст, обсудить и ответить на вопросы, выполнить задание, выступить в микрогруппе или от имени группы и т.д.). Далее ученики выполняют задания (индивидуально, в парах, в группах). После этого учитель организует общее обсуждение, по завершению которого учащиеся вносят свои записи.

Предлагаемый подход позволяет сменить акценты с «формирования» личности на создание условий для ее развития. Выполнение заданий оказывает влияние на формирование практических умений и навыков, позволяет соотносить содержание учебного материала с ранее приобретенными знаниями. Соединение технологии, форм, методов и средств обучения при соответствующих управленческих инструментариях сделают процесс обучения и самообучения школьников эффективным.

Список литературы

1. Франсуа-Мари Жерар. Ксавье Рожье. Разработка и анализ школьных учебников. Пер. с франц. – Вильнюс: АВ ОВО, 1998. – 372 с.

Сарсекеев Б.С.

доктор педагогических наук, профессор
Евразийский гуманитарный институт

г. Астана (Казахстан)

УЧЕБНИК ИСТОРИИ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ

Содержание школьного исторического образования включает знания, умения и навыки, опыт творческой деятельности и опыт эмоционального отношения к действительности. Знания

обеспечивают построение исторической картины мира и служат базой для усвоения других видов содержания, что воплощается через умения. Опыт творческой деятельности дает возможность дальнейшего развития личности, а опыт эмоционального отношения формирует отношение к окружающему миру.

Каждый из указанных элементов содержания образования усваивается особым образом. Закономерен вопрос о соотношении указанных элементов в параграфе. Знания, первый элемент учебника, охватывает все то, что отмечено программой. Роль второго элемента – закрепление знаний и умений. Третий и четвертый элементы пробуждают творческую деятельность учащихся и способствуют усвоению эмоционального опыта соответственно.

В статье рассмотрим, как авторы учебников истории [1; 2] соотносят названные элементы, какие методы организации усвоения предлагают.

Понимание учебного материала во многом зависит от структуры, которая может облегчить задачу учащихся видеть в учебнике главное, увидеть систему связей между материалами, осуществлять самоконтроль. В педагогической теории учебника структура учебника представляет собой взаимосвязанную систему из текстовых и внетекстовых компонентов.

Учебник Истории Казахстана 5 класса состоит из семи разделов, 32 уроков (в учебнике вместо параграфа употребляется слово «урок») [1]. К каждому уроку обозначены цели урока, даны ключевые слова. Историческая информация дается в сжатом виде. Учебный текст сопровождается богатым иллюстративным материалом, вопросами и заданиями. Учебник хорошо иллюстрирован, обеспечен картографическим материалом, позволяющим сформировать пространственные представления школьников, и материалом для формирования временных представлений учащихся («линией времени»).

Авторы предлагают интересные рубрики: «Задумайтесь», «Определите», «Узнайте личность», «Это интересно», «Попробуйте» [1], позволяющие развивать общеучебные навыки. Часть учебного материала дается в форме таблиц, структурно-логических схем, исторических карт и картосхем. Учебник имеет глоссарий и список рекомендуемой литературы.

Основной проблемой учебника является малочисленность исторических персоналий - всего 5 человек: Томирис, Ширак, Моде, Чжи-чжи и Аттила.

Учебник по Всемирной истории для этого же класса структурирован по схеме «глава-параграф» [2]. Положительным моментом является вступление к каждой главе и заключение к ней в виде отметки узловых моментов и заданий для самопроверки. В учебнике есть рубрики: «Ключевые слова», «Задумайтесь», «Историческая личность», «Подумайте», «Это интересно», «Попробуйте», «Выясните», «Рефлексия», ориентированные на закрепление знаний, проведение исследований, раскрытие дополнительной информации.

В содержательном плане в учебнике [2] используется страноведческий подход: изучаются Египет, Индия, Китай, Греция, Рим, страны Ближнего и Среднего Востока, Средней Азии. Несмотря на значительное количество перечисленных стран, объем данного учебника значительно меньше, чем объем Истории древнего Казахстана [1].

Общим в рассматриваемых учебниках является то, что содержание учебного материала преподносится сжато, системно, с учетом возрастных особенностей адресата, в соответствии с принципами научности и доступности. Учебники не дают готовых ответов на все вопросы. Учебный материал, дополнительные тексты, иллюстративный материал выстроены таким образом, чтобы школьник анализировал исторические события и делал свои собственные выводы [1; 2]. Авторы соблюдают принцип линейности, изучая события в логической последовательности по времени от тех, которые произошли раньше, к тем, которые произошли позже.

Для новых учебников характерна *тенденция сокращения учебного материала*. В учебнике Истории Казахстана для 5 класса основной текст обычно состоит из 14-25 предложений [1, 48-49]. Следует подчеркнуть, что краткое содержание не упрощает, а усложняет понимание исторического материала. Например, раскрывая на 1-м уроке освоение железа на территории Казахстана, авторы указывают ключевые слова (железо, племенной союз, плавильная печь), но ничего не говорят о племенном союзе. Школьникам будет трудно понять, как образуется племя, племенные союзы, почему они объединяются и т.д. Из урока 1 «Возникновение кочевого скотоводства» неясно, что такое *кочевое скотоводство*. Здесь дается лишь информация о четырех видах скота [1, 52]. В следующем параграфе дается информация о сезонных пастбищах и видах скотоводства. Думается, в учебнике необходимо раскрыть эволюцию кочевого скотоводства, показать ее особенности как воспроизводящего хозяйства, отличия от присваивающего хозяйства и оседло-земледельческого типа хозяйствования.

Учебный текст дается на развороте страниц, что удобно для изучения, однако минимализм в подаче информации не позволяет раскрыть тему. Рассматриваемая тема кочевого скотоводства не вмещается в две странички, в то же время целых три урока (темы) посвящены жилищу кочевников [1, 56-61], т.е. речь идет о балансируемом структурировании. Следует добавить, что при раскрытии темы наблюдается тенденция *механического переноса знаний о кочевниках XIX-XX вв. в древний период*. Тема 2.3 называется «Материальная культура древних кочевников» (урок 3), а в учебном тексте речь идет о внутреннем убранстве казахской юрты нового времени (деревянная кровать – төсекағаш, сундуки для вещей – сандық, постилочные войлочные ковры – сырмақ, текемет) [1, 60]. В учебнике говорится о традициях и обычаях, описывается обряд аластау, однако определений в учебном тексте, что такое обычай, традиция, обряд, авторы не дают [1, 63]. Тема 3.1 «Исторические сведения о саках» (урок 2) представлена короткими отрывками из Геродота и Страбона [1, 71-72]. В традиционном варианте данные документы относятся к дополнительному тексту в конце параграфа. В учебнике нет заданий на *формирование хронологических умений*, не объясняются понятия «наша эра», «до нашей эры», нет темы, дающей представление о счете лет в истории [1].

Учебник Всемирной истории несколько мозаичен: в §12 и §13 рассматриваются Ассирийская держава, Новоавилонская империя, Персидская империя, Греко-Бактрийское царство, Парфянское царство, Кушанская держава, т.е. на 8 страницах история 6 государств [2, 41-48].

Сложным для восприятия и усвоения может быть тема «Почему в Древней Индии индуизм доминировал над буддизмом». В тексте 17 новых терминов: «брахманы», «кшатрии», «вайшьи», «шудры», «реинкарнация», «карма», «каста», «нирвана». К ним добавляются иноязычные имена Брахма, Шива, Вишну, Сидхартха Гаутама, Будда, название религии «брахманизм», «индуизм», «буддизм» [2, 52-53]. С учетом того, что кроме истории изучаются и другие предметы, количество новых терминов, вводимых на уроке, рекомендуется ограничивать 3-4 новыми понятиями.

В целом, рассматриваемые учебники имеют ряд преимуществ перед традиционными учебниками. Они хорошо структурированы, соответствуют принципам научности, доступности, систематичности и последовательности изложения учебного материала. Сбалансированность текстовых и внетекстовых компонентов делают учебники читабельными.

Авторы уделяют внимание *знаниям*. Передача информации идет через текст и наглядные материалы. Формирование умений идет на основе полученных знаний, *опыта осуществления способов деятельности*. Этот элемент содержания реализован через вопросы и задания. Два первых элемента – усвоение знаний и формирование умений по образцу – не обеспечивают развития творческого потенциала. Это обуславливает необходимость третьего элемента – для *творческой деятельности* характерны такие характеристики, как видение новой проблемы, самостоятельный перенос знаний в новых условиях, комбинирование ранее усвоенных способов решения задач, построение оригинального способа решения. Авторы попытались реализовать данную задачу через рубрики («задумайтесь», «подумайте», «рефлексия»). Скрытыми резервами являются творческие задания, требующие самостоятельного решения с использованием уже полученных знаний в новых ситуациях.

Наиболее трудной и малоизученной для авторов стала реализация цели приобретения учащимися *опыта эмоционального отношения к действительности*. Эмоциональная сфера самостоятельна по отношению к интеллектуальной. Указанные предшествующие три элемента являются базой для воспитания эмоций. В учебнике воплощение этого элемента может идти за счет эмоционально насыщенных текстов, которых, к сожалению, в учебнике нет. Частично эту задачу решают наглядные материалы, а также вопросы и задания, нацеленные на осознание и выражение своего отношения к теме изучения.

Список литературы

1. История Казахстана. Учеб. для 5 кл. общеобразов. шк. /С.Р. Ахметова, А.М. Ибраева, А.А. Кулымбетова, А.С. Магзумова, А.М. Маркабаева. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017. – 176 с.

2. Всемирная история: Учеб. для 5 кл. общеобразоват. шк. /Б.С. Букаева, Г.Б. Зикирина, Ж.С. Макашева, Д.Н. Мукатаева, Н.А. Тен – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017. – 112 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫСЫН СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Бұл мәселе туралы соңғы кезде педагогикалық және әдістемелік әдебиетте көп айтылып та, жазылып та жүр.

Жаңартылған бағдарлама аясында оқыту – жаңа әдіс те, оқытудың жаңа жүйесі де емес, ол – оқыту жұмысын ұйымдастыруға қоятын жаңа принцип. Бұл талап адамның таным әрекетінің, әсіресе ойлау процесінің, ерекшелігіне байланысты болған. Жалпы мәселе – адамның дұрыс тану әрекетінің негізгі бір сипаты деп қарайды. Ойлау – оқушының өз бетінше іздену жағдайынан басталады [1, 36].

Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудағы көздейтін мақсат – оқушыларға білімді даяр күйінде бәрін мұғалімнің өзі баяндап бермей, олардың алдына белгілі проблемалы міндеттер қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау.

Жаңартылған бағдарламамен оқыту жағдаят, сұрақ, тапсырма, жағдаятты жағдай деген ұғымдарды қамтиды. Бұл ұғымдардың мазмұнын дұрыс түсінудің маңызы зор.

Кез келген сұрақ, тапсырма зерттеуді талап ете бермейді. Олардың болуының негізгі шарты – оларға жауап ізденуде оқушыда даяр жауап не үлгі болмайды және ол өзінің білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты, басқаша айтқанда, қойылған мәселені шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Мәселе дегеніміз – субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен шешуге болатын проблемалы жағдай. Сондықтан да кез-келген зерттеу проблемалы жағдай болады да, кез келген проблемалы жағдайда зерттеу жұмысы бола бермейді.

Зерттеуге бағытталған міндет дегеніміз кез келген ізденуді талап ететін жағдайдағы іздену, зерттеу барысында шешілетін проблема. Міндет мазмұны деп белгілі мен ізделініп отырғанның арасындағы қайшылық нәтижесінде пайда болған проблеманы айтамыз. Мұның жауабын практикалық операциялар арқылы табуға болады. Ендеше, кез келген міндет зерттеуді талап ете алмайды.

Зерттеу жұмысына бағыттай оқыту тек проблемалық жағдай тудырып қана қоюда емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін мұғалім оқушының материалда кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге, өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс.

Ой жүйесінде пайда болған қарама-қайшылық оқушының дербес жұмыс істеуіне түрткі болып, оқылатын материал оқушыны қайшы пікірге алып келеді де, шешуді керек ететін проблема туғызады.

Ой қайшылығы пікір таласын тудырып, дұрыс ой қорытындысына келетін жағдайға итермелегенде ғана біз оқушының өз бетінше ізденуіне жағдай туды деп есептеуіміз керек.

Ойлауға үйрету дегеніміз – қарама-қайшылықты көре білуге, сол арқылы нақты шындықты тануға үйрету деген сөз. Қарама-қайшылық – ой дамуының қозғаушы күші [2,58].

Зерттей отырып оқытудың негізгі ерекшелігі мынада: оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және зерттеу жұмысы міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдай пайда болады, осыған орай, оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Мысалы, мынандай қарапайым жағдай тудыруға болады:

$$2+5\times 3=21$$

$$2+5\times 3=17$$

Бұл есепті шығарудың амалын іздену нәтижесінде жақшалар керек екені анықталады:

$$(2+5)\times 3=21$$

$$2+(5\times 3)=17$$

Ізденушілікпен оқыту өзіне тән үш түрлі формада іске асады: проблеманы баяндау, оқушылардың белгілі дәрежеде іздену және өздігінен зерттеу әрекеті. Іздене отырып оқытуда оқушылардың таным әрекеті төмендегідей негізгі үш кезеңнен тұрады:

1. Ізденуге міндет қою және ұғыну.

2. Зерттеу мәселесінің міндетін талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиісті амалдарын қарастыру.

3. Зерттеу мәселесін шешу және оның дұрыстығын тексеру.

Алайда барлық білімді ізденумен оқыту арқылы іске асыруға болмайды. Кейбір білімдер оны қажет етпейді, оларды мұғалім өзі айтып, баяндап береді. Мұндай жағдайда оқушылардың өздігінен ізденуінің, «жаңалық» ашуының керегі жоқ. Сондықтан мектептегі білім беруді түгелдей ізденіп, зерттеп оқытуға негіздемей, оқытудың қалыптасқан түрлі амал-тәсілдерін үйлестіріп қолдану міндет. Әсіресе, оқушылардың өздігінен жасайтын түрлі оқу жұмыстары балалардың таным белсенділігін арттырады және оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін қалыптастырады, басқаша айтқанда оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуге үйретеді. Мысалы, материалдың негізгі ұғымдары мен тұжырымдарын айыру, жаңа материалды өткен материалмен салыстыру, оларды белгілі бір жүйеге келтіріп топтастыру және қорытындылар жасау сияқты т.б. амалдарды қолдану. Осындай амалдарды қолдана білетін оқушы материалдың мазмұнын еркін меңгергенін көрсетеді, яғни оны баяндау тәртібін өзінше өзгертіп, мазмұнын айтып беруге шамасы келеді. Мысалы, оқушы материалдың мазмұнын қай жерінен болсын айтып бере алады. Ал материалмен ойдағыдай жұмыс істей алмайтын оқушылар оның мазмұнын тек басынан бастап айтады да, басқаша өзгертіп айтуға қабілеті жетпейді.

Оқу материалымен жұмыс істеудің тиімді жолдарын білетін оқушы оны тек есте қалдыру үшін жаттап алмайды, ол өзінің белсенді ойлау әрекеті арқылы материалдардың негізгі жақтарын айырып, оларды белгілі жүйеге келтіруге тырысады. Мұндай оқушылар пәннің кейбір екінші дәрежелі жақтарына көңіл аудармай, оның жетекші принциптері мен заңдылықтарын ұғынып алуға күш жұмсайды және басқа материалдарды солармен байланыстыра қарастыратын болады [3,74].

Балалардың ойлау қабілетін дамытуда салыстыру амалының маңызы өте зор. Салыстыру – түсінудің, ойлаудың негізі. Дүниеде барлық болып жатқан құбылыстарды, заттарды салыстыру арқылы ғана білеміз. Егер біз еш нәрсемен салыстыруға болмайтын, еш нәрседен айыруға болмайтын бір жаңа зат кездессе, біз бұл зат туралы біз бірде-бір пікір айта алмаған болар едік. Сондықтан оқушыларға салыстыру амалын дұрыс қолдануды үйрету керек. Мысалы, мынандай тапсырмаларды орындаған пайдалы:

1. Салыстырудың мақсатын анықтап ал.
2. Заттарды қандай белгілері бойынша салыстырасың.
3. Салыстыру арқылы заттардың айырмашылық және ұқсастық белгілерін айыруға болады.
4. Салыстыру арқылы байқағандарына қорытынды жаса.

Есеп шығарғанда анализ бен синтез амалдарын қолдануда оқушыларда мынадай айырмашылықтар байқадық: олардың бір тобы анализ бен синтезді мүлдем қолдана алмаған, екінші тобы ойдағыдай қолдана білген, үшінші тобы шала, толық емес дәрежеде қолданған.

Оқушылардың ойлау әрекетіне тән дара айырмашылықтардың бірі – ойлаудың нақты образдық және сөздік-логикалық түрлерінің біркелкі болмай, көбінесе біреуінің басым болуы. Осыған орай, олардың кейбіреулері теориялық мазмұнды есептен гөрі, мазмұны нақты есептерді жылдам және дұрыс шығарады, ал екіншілері, керісінше, мазмұны күрделі, теориялық сипаттағы есептерді ойдағыдай шығарады, үшіншілерінің есептің қандай да болмасын барлық түрін шығаруға қабілеті бірдей жетеді.

Мектеп пен отбасының міндеті – оқушылардың ойлау әрекеті амалдарын ойдағыдай дамытып, жоғары сатыға көтеру. Психологтар оқушылардың ойлау әрекетінің даму дәрежесін анықбаудың мынадай белгілерін көрсетеді:

1. Ойлаудың дербестігі.
2. Оқу материалын жылдам және берік меңгеру.
3. Оқу материалына сын көзбен қарап, берік меңгеру.
4. Оқу процесінің икемділігі.
5. Ойлаудың көрнекі-образдық және теориялық түрлерінің өзара үйлесімді болып дамуы.
6. Бір пәннің материалдарына байланысты қалыптасқан ойлау амалдарының басқа пәндерді оқуда да пайдалануға ауысуы.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың күшті құралы – бақылау. Бақылау – логикалық ойлаудың негізі. Логикалық ойлауға үйрету үшін, ең алдымен, балаларды жан-жақты бақылауға үйрету керек.

Біздің байқауымызша, оқушылар көбінесе өздігінен түрлі зат-құбылыстарды, сондай-ақ графикалық бейнелерді дұрыс бақылай алмайды. Олардың бақылауы көп жағдайларда үстірт, бір

жақты және жүйесіз келеді. Олар нәрселердің бірден көзге түсетін кездейсоқ белгілеріне көңіл аударады да, басты белгілері мен қасиеттерін айыра алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2015 жыл, 25 сәуір, № 327 қаулы
2. Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – Алматы, 2009
3. Калмыков Т.С. Саморегуляция деятельности школьника и формирование активности личности. – М., 2006. – 412 с.

Сурабалдиева Б.Т.

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Елшан А.С.

2 курс студенті

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Адамды қолдайтын, оның күші мен қабілетін, сенімін нығайтатын күшті сезім – бұл оның өз елінің азаматы екенін түсіну, оның бүкіл елімен және халқымен туыстық сезімі.

Балаларды өз Отанын сүйуге, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді.

Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев профессиограмманы түрліше жетілдіріп, маманның кәсіби сапаларын анықтауда бірнеше нұсқаларын ұсынды. В.А. Сластенин педагогтың профессиограммасында оның жеке тұлғасының инвариантты, мұрат етілген параметрлері болу керек деп есептейді [1]. Ол мұғалімге қойылатын талаптарды бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтыратын жалпы азаматтық сапалар, педагог кәсібінің өзіндік ерекшелігін көрсететін сапалар және мамандық бойынша арнайы білім, икемділік және дағдылар түріндегі үш негізгі компонентке біріктіреді.

Студент өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларымен педагогтық қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан әлі дайын емес. Мұғалімнің кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограмма түрінде көрсетуге болады. Профессиограмма – педагогтің тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдері мен біліктерінің жиынтығы.

Профессиограммаға жоғары оқу орнында білім беру мазмұны нәтижесінде құрылатын, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби сапасы үшін қажетті кәсіби білімнің, білік пен дағдылардың жиынтығы енеді. Бір бағытта даярлаудың параметрлерін анықтау кезінде теориялық білімнің мазмұны, оқу-тәрбие әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық шеберлік пен дағдылар анықталады. Басқа бір бағыт педагогикалық қызметтің құрылымын ашумен сипатталады. Онда негізгі компоненттер ретінде мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық болып жіктеледі. Үшінші бағытта мұғалім қызметінің жекелеген түрлері бойынша білім қалыптастырудың мазмұны, түрлері қарастырылады.

Балабақша, мектеп пен жоғары оқу орнының түбегейлі айырмашылығы бар: заманына сай педагог, көбінесе, өзін тәжірибелік жұмысшы ретінде анықтайды, ол іс жүзінде күрделі жұмыс атқарады. Сондықтан, осы уақытқа дейін педагогтің шығармашылығы оқыту мен тәрбие

процесінің педагогикалық технологиясын өзгертегін тәжірибелік-әдістемелік өнімді жасауда көрінді, ал нысанның мазмұны, негізінен, педагог іс-әрекетінен тыс қалып қоятын; жоғары оқу орнында зерттеушілер басқа деңгейдегі өнім жасайды. Методологиялық білімдер болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дайындығының сәттілігін анықтайды. Сондықтан, педагогикалық жоғары оқу орнында мұғалімді дайындаудың ең басты шарты: мұғалімнің жаңа түрін дайындаудың теориялық негіздерін түсініп ұғыну.

Кәсібилікке жетудегі педагог-тәрбиешінің бойынан табылуға тиісті келесі қабілеттің бірі – оқып үйрену қасиеті. Бұл қабілеттің басты қажеттілігі кез келген материалды оқи отырып, студент талдау нәтижесінде өз теориялық багажын толықтыра білу немесе оны өзгерте алу мүмкіндігіне жете білуі. Тек осындай жағдайда ғана педагогбала алдында берілген, дайын ақпаратты, материалды ұсынушы емес, керісінше балаға ой салушы, бағыт беруші роліне ене алады. Оқып үйренудің негізгі қағидаларын төмендегі түрде құрастыруға болатын тәрізді:

- тәрбиешінің өзін-өзі дамыту, өзіндік үздіксіз білім алу және оны жаңартып отыру қабілеті;
- барлық жинақталған ақпаратты жүйелеу, материалдар арасындағы сабақтастықты таба білу қабілеті;

- дүние жүзілік білім беру тәжірибесіндегі кең тараған педагогикалық тәжірибелердің өз тәжірибесіне қажетті тұстарын таңдай білуі мен сол элементтерді өз тәжірибесіне енгізе білу қабілеті;

- үздіксіз білім алу нәтижесіндегі алынған ақпаратты талдап, жүйелеп, пайдалану мүмкіндіктерінің ең тиімді тұстарын таба білуі қабілеттері түрінде алуға болады [2].

Алғаш балабақша табалдырығын атап, жаңа өмірге қадам басқан кішкентай бүлдіршіндерге алғаш әріп үйретіп, біліммен сусындату үлкен жауапкершілік екені айналада түсінікті. Жаңа ортаға, жаңа адамдарға тап болған балалар үшін ата-анасынан жырақта болу алғашқы кезеңде оңайға түспесі анық. Дегенмен олар балаларға білім үйретіп, ақылайтып, оларды алғашқы кезде тыныштандыру кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Ал балабақша тәрбиешісінің міндетті болып табылады. Кішкентай, оң-солын танымаған бүлдіршіндерге сабақ беріп, тәрбиелеу үлкен жауапкершілік. Бұл балаларды жайғана теориялық жағынан білім бермей, оларды біздің болашағымыз, еліміздің келешегі деп қарап, оларға білім беру барысында барынша дұрыс тәрбие мен бағыт-бағдар, білім, үлгі өнеге беруіміз қажет.

Балаларды тәрбиелеу балабақша тәрбиешісінің жұмысы және жауапкершілігі. Балабақша тәрбиешісінің өздеріне жүктелген міндетті орындау үшін оларға үлкен тәжірибе мен педагогикалық шеберлік, іскерлік, жақсы білім, теория, практика, тәжірибе, ұйымдастырушылық, ғылыми тәжірибе керек. Тәрбиешінің тәжірибелі болуы ол балалардан алатын білімінің, тәрбиесінің жоғары болатыны белгілі. Балаларға дұрыс тәрбие беріп, ой-санасын қалыптастыру, оның болашағынның негізін салумен пара пар. Кішкентайынан бастап дұрыс тәрбие білім алған жас ұрпақтың өскен кезде үлкен азамат, азаматша шығуы белгілі. Балаларға білім беру барысында аса мұқият болуымыз қажет. Қандайда болмасын қате берілген ақпарат мен білім, тәрбие балаларға қиындықтар әкеліп, болашағына әсер етуі мүмкін.

Кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруде болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдетумен қоса шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби қызметті орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегі мәселелерге: кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруі; білім, білік, дағдылардың дәрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуі; берілетін білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуы; мақсатқа жетуге байланысты тиімді жолдарды таңдай алуы; ұсынылған жаңа білім мазмұнын игеруі және оны эмоционалдық көңіл күймен қабылдауы; балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісінің міндеттерін жүзеге асыра алуы, талдау жасауы, түзету жұмыстарын жүргізе білуге ықпал ете алуы; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Қорытындалай келе, жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың сапасы қоғам сұранысына сай болуы ескерілді. Студенттер Қазақстандағы және Ресейдегі т.б. шетелдік озық іс-тәжірибелермен танысып, болашақта өз тәжірибесінде қандай әдістемені таңдайтындарын ойланады. Тәжірибе тақырыбын анықтап, жұмыс кезеңдерін белгілейді, қысқа және ұзақ мерзімге арналған жұмыс жоспарын құруды үйренеді. Белгіленген тақырыпқа сәйкес философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттермен танысып, талдау жасайды. Оқу үдерісінде семинар сабақтарда ғылыми жобалар қорғайды,

белсенді ой пікірлер айтып, арнайы ұйымдастырылған семинарға қатысып, баяндамалар жасады. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік қорытындыларынан «портфолио» дайындайды.

Кәсіби құзырлылық деңгейіне жеткен маман шығармашылық жұмыс нәтижесінде өзіндік тәжірибесінің ерекшеліктерін көруге, өз тәжірибесінің мақсатқа жетудегі артықшылықтарын, оған жетудің тиімді жолдарын және болжамды нәтижені сипаттап, ұзақ уақыт тиімді де, жоғары нәтижені ұстап тұру мүмкіндігіне ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сластенин В.А. Педагогика: Учеб.пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2017. – 576 с.
2. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері: оқу құр. – Тараз: ТарМПИ, 2014. – 424 б.
3. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы, 2012. – 211 б.

Шыниева Р.Т.
аға оқытушы

Оспанбаева А.Р.
аға оқытушы

Райсова А.
3 курс студенті
М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

Далибаева А.Б.
Көктал орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТӘРБИЕШІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Бүгінгі таңда қоғам кәсіби білімі жетік, құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті педагог, білімді маман болу үшін-әрбір педагог өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Педагог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

Білім беру бағдарламасын іске асыратын педагог қызметкер мектеп жасына дейінгі ерекшеліктерге сәйкес тәрбиеленушілердің дамуы үшін әлеуметтік жағдай туғызуға қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырған болуы керек.

Бұл құзыреттер мыналарды білдіреді:

1) эмоционалдық әл-ауқатты:

- әр баламен тікелей байланыс;
- әр балаға, оның сезімдері мен қажеттіліктеріне құрметпен қарау;

2) балалардың даралығымен бастамашылдығын қолдау:

- балалардың іс-әрекеттерді, бірлескен іс-шараларға қатысушыларды, материалдарды еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;
- балаларға бағытталған емес көмек, әртүрлі іс-шараларда (ойын, зерттеу, жоба, танымдық жәнет.б.) балалардың бастамашылығымен тәуелсіздігін қолдау;

3) әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау және өзара әрекеттесу ережелерін белгілеу:

- балалар арасындағы, соның ішінде әртүрлі ұлттық, мәдени, діни қауымдастықтармен әлеуметтік қабаттарға жататындар, сондай-ақ денсаулық сақтаудың әртүрлі (соның ішінде

шектеулі) мүмкіндіктері бар адамдар арасындағы жағымды, мейірімді қатынастар үшін жағдайлар жасау;

- құрдастарымен жанжалды жағдайларды шешуге мүмкіндік беретін балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту

4) әр баланың жақын даму аймағына бағытталған дамушы білім құру:

- ойлау, қиял, қиялмен балалардың шығармашылығын дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру;

- балалардың өздігінен ойнауын қолдау, оны байыту, ойын уақытымен кеңістігін қамтамасыз ету;

- тәрбиешінің өзіндік оқу іс-әрекетінің тиімділігін анықтауға, білім беруді дараландыруға және балалар тобымен жұмысты оңтайландыруға бағытталған бақылау барысында балалардың жеке дамуын бағалау.

5) баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналармен өзара іс-қимыл, оларды білім беру қызметіне тікелей тарту, оның ішінде отбасының тәрбиелік бастамаларын қолдаумен қажеттіліктерін анықтау негізінде білім беру жобаларын құру арқылы.

Мінез-құлық ережелерін белгілеу.

Балабақша – бұл кейбір балалар үшін ұжымдағы алғашқы шомылу. Сондықтан, балалардан көп нәрсе талап етпеу және оқу жылының басында барлық мінез-құлық ережелерін түсіндіру маңызды.

Балалар мен өзін-өзі ұстау ережелерін құру маңызды. Балабақшада белгілі бір тәртіп ережелерін енгізу қажеттілігін балалармен талқылаңыз.

Балаларға топ ережелері туралы ойларын ортаға салсын. Балалар мен қарапайым мінез-құлық ережелерін ойлап табыңыз. Барлық ережелер бекітілгеннен кейін, сіз балалармен олардың әрқайсысы нені білдіретінін талқылауыңыз керек. Әр ереже бойынша не істегіңіз келетінін түсіндіріңіз.

Ережелердің бір тармағын қарастыру үшін, сіз ережеге сәйкес дұрыс әрекет жасауыңыз керек болатын жағдайларды ойнатыңыз, содан кейін бұл жағдайда қалай әрекет етуге болмайтындығына мысал келтіріңіз. Құрылған ережелерді топтағы көрнекті жерге іліп қойыңыз және ата-аналарына тексеруге жіберіңіз.

Педагогикалық құзыреттілік – бұл білім беру кеңістігінде тиімді қызмет ету үшін қажетті жағдайлар жасайтын кәсіби өкілеттіктер, функциялар жиынтығы.

Баланың мектепке дейінгі білім алуының ерекше маңыздылығын ескере отырып, тәрбие процесін жоғары деңгейлі мамандармен қамтамасыз ету қажет. Қазіргі кезеңде тәрбиешілер мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, оны жүзеге асырудың формаларына, балаларға мазмұн беру әдістері мен тәсілдеріне, өз жұмысын жүйелік-белсенділік тәсіліне негіздеу қажеттілігіне байланысты инновациялық процеске қатысуда. Мұндай жағдайда тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту ерекше маңызға ие болады.


Сондықтан мектепке дейінгі педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру, қазіргі заманғы тәрбиешіге және оның өзін-өзі тәрбиелеу деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Осыған байланысты, ең алдымен, тәрбиешілердің педагогикалық санасын қайта құруды жеңілдететін жағдайлардың кешенін құру қажет, бұл өз кезегінде жаңа жеке және кәсіби позициялардың дамуына әкеледі.

Сонымен, мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру аясындағы білім беру қызметі келесі педагогикалық шеберлікті дамытуға бағытталуы керек деп болжауға болады, оның ішінде келесі бағыттар бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және мазмұны бойынша құзыреттер жиынтығы:

Өкінішке орай, қазіргі уақытта құзыреттілікке, шығармашылыққа, инновацияларды қолдануға және жасауға дайын, эксперименттік жұмыстар жүргізуге қабілетті мұғалімді қалыптастыру проблемасы әлі де бар.

Сондықтан мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қажет.

Мектепке дейінгі педагогтың кәсіби құзыреттілік жүйесі келесі құзыреттер жиынтығын қамтиды:



Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі қайнар көзі дайындықпен тәжірибе болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Кәсіби құзыреттілік үнемі жетілдіруге, жаңа білім мен дағдыларды игеруге, іс-әрекетті байытуға ұмтылуымен сипатталады. Құзыреттіліктің психологиялық негізі – біліктілігін және кәсіби дамуын үнемі жақсартуға дайын болу.

Педагогтың басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы бала бақшаларда білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден педагогикалық кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал педагог негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі – белсенді оқыту түрлерімен әдістерін жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Азарова Р.Н., Борисова Н.В., Кузов Б.В. Дизайн федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары және еуропалық және әлемдік трендтер контекстіндегі жоғары кәсіби білімнің білім беру бағдарламалары. 2-бөлім. - М.; Уфа: Мамандарды даярлаудағы сапа мәселелерін зерттеу орталығы, 2007. – 56-64 б.
2. Дука Н.А., Дука Т.О., Дроботенко Ю. / барлығынан төмен ред. Чекалева Н.В. – Омбы: ОмГПУ баспасы, 2012. – 130 б.
3. Щербова Т.В. Жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім: тұжырымдамаға және болжауға көзқарас // Білім және қоғам, 2013. - No 2 (79). – С. 21-25.
4. «Ресей Федерациясындағы білім туралы» Федералдық заң. – М.: Проспект, 2013. – 160 б.

Шыниева Р.Т.

аға оқытушы

Оспанбаева А.Р.

аға оқытушы

Әнешова А.Ғ.

2 курс студенті

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз қ. (Қазақстан)

Шынеева Г.Т.

«Балбөбек бөбекжай» бақшасының тәрбиешісі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің, жаңашыл-мұғалімнің, зерттеуші-мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады [1].

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгерудің жүйесін жасау; баланың түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді. Баланың дарындылығын анықтаудың негізі мектептен басталады.

Мектеп балаларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық проблема. Осыған байланысты дарынды балалармен жұмыс істеудің төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
- балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;
- игерілген нәтижелерді бақылау [2].

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Дарынды баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет

мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және ұстаздардың көмегі арқылы ашылады және дамиды.

Педагогикалық орта – тәрбиенің ошағы. Оның баланы тәрбиелеу мен оқытудағы бірізді еңбегі, мәдениеттілігі, шеберлігі, әр адамның іскерлігіне назар аударуы жас маманның қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Әрине, бұған ортаның мынадай әсерлерін бөліп көрсетуге болады:

- ұжым әсері, көзқарасы;
- ондағы белгіленген жұмыс бағытының орындалуы, талпынысы;
- жас маман жұмысына берілетін баға [3].

Педагогикалық жоғары оқу орындары – ұстаздыққа жан-жақты үйрете отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне қанығады. Оқушылар ісі мен біліміне байқау, зерттеу, бақылау жұмыстарын жүргізе отырып, өздерінің мамандығы бойынша тәжірибе жинап, шеберліктерін қалыптастырады.

Егер мұғалім оқушы біліміндегі ол қылықты жоя алмаса, балаға дұрыс тәрбие бере алмаса, бағдарламалық материалды меңгертуге кемшілік жіберсе, ол – методикалық бірлестік жұмысының өз дәрежесінде өтпейтіндігінің айқын көрінісі.

Бала тәрбиесі – өте күрделі, нәзік те жауапты іс екені баршаға аян. Сол себепті де мұғалімнің алдында жасөспірімдерді қалай оқыту, олардың әрқайсысының бойына Отанға сүйіспеншілік, қоғам игілігіне еңбек ету қажеттігін қалай қалыптастыруға болады деген сұрақтар тұруы заңды. Ендеше мектепте, сыныпта мұғалімнің басты тұлға аталынуы да бекер емес. Болашақ азаматтың қандай болып шығуы оған білім мен тәрбие беруші бүгінгі мұғалімнің сапасына, білімділігі мен іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек.

Оқытушыларды дайындау қай кезде де актуалды проблемалар санатына жататынын аяқ-айқын. Бұл, қоғамның экономикалық-әлеуметтік мақсат-міндеттері заманына сай ерекшеліктерге ұшырап, жаңа буынды соған сәйкес өмірге үйретудің жаңа талаптары пайда болып отыр. Осы таңда ұстанымдар кәсіби педагог мамандарын дайындау жүйесіндегі көзқарастардан белгілілігі сөзсіз. Елдің білім жүйесі сатысында білім беру үрдісін ұйымдастыру жаңаша, өзгеше оқыту технологияны кіргізуді бағыт-бағдарға алады.

Сабақтың оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Мұғалім мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық.

Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандыруы қажет. Осы мақсатты алға қойып, мұғалім өз тәжірибесіне оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу күнделікті дағды болып қалыптасуы керек. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы белгілі. Сондықтан, пәндерді жекелей бермей, мазмұны жағынан ұқсас пәндерді біріктіре беруді тәжірибеге енгізген жөн, нәтижесінде оқушы алып жатқан білімін қайда қолданатынын ұғынып, оқуға деген ынта-жігері артады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоянбаев Қ. Педагогика.– Алматы, 2015 ж.

2. Игенбаева Б.Қ. Адамгершілік сабақтары. – Алматы, 2014
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.

Шыниева Р.Т.
аға оқытушы

Оспанбаева А.Р.
аға оқытушы

Бақдәулетова Э.Б.
2 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

Далибаева А.Б.
Көктал орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы


МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ


Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына септігін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты қолдануында болып табылады.

Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану, оның барысында мұғалім мен бала арасындағы өзара әрекеттестіктің маңызы арта түсуде.

- мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи интерактивті жұмыс түрлері туралы бірыңғай білімді қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарының мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті әрекеттесу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілетін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтары арасында өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:





Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші білім беруде жаңа инновациялық технологияларды игеруі – бала тұлғасының дамуының басты кепілі.

Қазіргі таңда ойынның маңыздылығы заманауи баланың ақпаратпен қанығуынан артады. Теледидар, бейнетаспа, радио, интернеттен алынатын ақпарат ағымын ұлғайтты және түрлендірді.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясы

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «Блум таксономиясы» технологиясы – бұл тәрбиешілер үшін толық әдістемелік ұсыныстары бар ұжымдық ойындар мен сабақтар жүйесі.

Блум таксономиясы негізгі бағдарламасын ауыстыруға емес, оның тиімділігін барынша арттыруға арналған. Тәрбиеші жұмыс істейтін кез келген бағдарлама негізінде практикада тексерілген блум әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады.

Балаларды шығармашылығын дамытуда АКТ-ның тигізер әсері зор екенін панорамалық флипчарт сабақта дәлелдедік.

Болашақта Блум таксономиясы әдісі арқылы ұйымдастырылған оқу қызметімізді жоспарлай алсақ және оның жүйесімен жұмыс жасай білсек шешімін дұрыс табамыз деп сеніммен қараймыз.

Ұйымдастырылған оқу әрекетін алты бөлікке жіктеп жаза отырып, АКТ-ны пайдалану оқу қызметін жандандыра түседі, ойлау, сөйлеу, ұшқыр қиялы дамиды деп ойлаймыз.

Өз жұмысымды балабақша ұжымының алдына қойған мақсатымен ұштастырамын. Жаңа технологияны әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді.

Жұптық оқыту қалпында тілдік қатынас екі баланың арасында жүреді. Онда негізгі мақсат – екі баланың өзара тілдесу ерекшеліктеріне, тілді білу дәрежесіне т.б сүйене отырып іске асырылады. Мұнда балалар екі-екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді де, олардың сыңарлары бір-бірімен отырады.

Жұптық қалыппен тілді үйретудің ерекшелігі ол диалог арқылы жүзеге асады да, тілдік қарым-қатынастың ауызша түрін дамытуға себін тигізеді. Бұл қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың негізінде меңгеріледі.

Топтық оқыту балаларды бөліп оқыту балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартады, дұрыс сөйлей білуге жағдай жасайды, білімдерін жетілдіреді, адамдар әртүрлі мінез-құлықтағымен пікір алмасуға үйретеді, топтар арасында балалар өздерінің жеке дара қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік алады.

Тіл үйренудің ұжымдық формасы, үйренушінің бүкіл топтағы қызметкерлерімен жеке сұқбаттасу арқылы олардың олардың бір-бірін үйретуі, оқытуы, пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының қос ұжымдық мүшелерінің түгелталып, әрі жұп, әрі топтық тілдік қатынастың асуы жүзеге асырылады. Оқу қызметінде балалардың коммуникативтік сөйлеуі, тіл дамытуы көрнекілік әдісі, ойын әдісі арқылы іске асады.

Сөздік жұмыстарын өткізбей тұрып, жалпы символдардан бейнелерді меңгерту керек, мұнда мнемокесте үлкен роль атқарады.

«Сөйлейтін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі қажетті сөздер, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды. Ұнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.

«Музыка немесе дыбыстармен жұмыс» мәзірінен арнайы әуендерді ойнату арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін түрлендіруге, балаларды түрлі байқауларға дайындауда көп көмегін тигізеді.

Осыдан шығатын нәтиже:

- Әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- Баланың жеке қабілеті анықталады;
- Балалар бір-бірінен қалмауға тырысады;
- Әр бала өз деңгейімен бағаланады.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе», «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі.

Бала тәрбиесінде ең маңызды роль атқаратыны мәлім. Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушыда, ілгері апарушы да – балалар, яғни бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің болашағы.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында алдымен жанұя жағдайы, онда қалыптасқан моральдық-психологиялық ахуал, татулықпен өзара түсіністік, сүйіспеншілікпен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Қателігін түсіне білетін,

Дұрыс жүріп күтіне білетін,

Үлкенді сыйлап, кішіні сүйетін

Білімді жинап, дүниені шолатындай, – балаларыңыз үлкен азамат болып өссін!

Қорытындылай келе Макаренконың: «Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз, кіре берістегі жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды», – деген парасатты ойымен түйіндегенді жөн көрдік. Орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана, мұғалім оқуды, ізденуді тоқтатысымен мұғалімдігі де жойылады» – деген. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қоймай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдаланған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2017 ж. <http://adilet.zan.kz/>.

2 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мирценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.

3 Нұрышева Г.Ж. Философия Лекциялар курсы. – Алматы: Зият Пресс, 2016. – 204 б.

4 Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя // Советская педагогика. – 2010. - №8. – С.11-15

Шынтаева Н.А.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

Аккулиева Г.М.
Аягул бөбекжай балабақшасы
Жуалы ауданы (Қазақстан)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

XXI ғасыр – білім ғасыры, бүгінгі таңда парасатты, адамгершілігі жоғары, дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің ең басты міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие. Баланың денсаулығы мықты, қимыл-қозғалысы, физикалық дамуы мектепке дейінгі кезеңде де қалыптасады.

Ойын баланың тілін дамытуға ықпал етіп, танымдық әрекетінің дамуына жол ашады. Кез келген бала ойнап өседі, өйткені баланың табиғаты тек ойынға байланысты. Ойын барысында бала ештеңеге тәуелді болмайды. Ол өз қалауын айтады. Ал еркіндік – барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге құштарлық пен құлшыныс. Ойын барысында баланың білуге құмарлығы, сөйлеуі дамиды.

Баланың танымдық түсінігі мен іс-әрекеті ойыннан басталады, оның негізі болашақ өмірде оқу мен еңбек болады. Ойынның тұлғаның дамуына әсері ежелгі дәуірде байқалды – оны жүзеге асыру жолдарын ұсынған атақты ойшылдар, философтар, педагогтар, психолог ғалымдар.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті. шетелдіктер Р.Оуэн, Ф.Фребель, М.Монтессори, Я.А. Коменский, Г.Песталоцци, С.Л. Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев ойынның мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі туралы, Е.И. Тихеева, А.П. Усова, А.К. Усова, А.К. О.М. Дьяченко, А.И. Кирилова, В.С. Мухина, Т.Рибот, Қазақстандық Н.Құлжанова, Б.Баймұратова, А.Меңжанов, Қ.Аймағамбетов, М.Тұрыскелдин, Ф.Жұмабекова және т.б. зерттеулерінде қарастырған.

Ұлы Абай: «Ойнамай, ән салмай бала өсер ме?». Оның ойынша, ойынның бала өміріндегі маңызы көрінеді. Балабақша бүлдіршіндерінің психикасын дамытуда ойынның шешуші рөл атқаратынын белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтады: Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров. Ал антикалық ұлы ойшылдар ДЖ.Ж. Руссомен И.Т. Песталоцци балаларды болашаққа ойын арқылы бейімдеу керектігін түсіндірді. ойынның теориясы мен мағынасы туралы Д.Ушинский және П.Ф. Лесгафтойынның тәрбие мен оқытудағы рөлі туралы. П.Шацкий, В.А. Сухомлинский, Н.К. Крупскаяөз пікірлерін білдірді.

Педагогикалық процесті жетілдірудегі ойынның рөлі туралы қазақ ғалымы Н.Құлжанова ойын баланың күнделікті іс-әрекетіне, өміріне еліктеу, инстинкт екені дәлелденді. Н.Құлжанованың пікірінше, ойынды адамгершілік-тәрбиелік мақсатта пайдалану болашақ өмірге төте жол, үлкендерге еліктеу және өмір талабына бейімделу деп түсіндіріледі. Сондықтан балабақша балаларының негізгі іс-әрекеттері оқу, қарым-қатынас, ойын және еңбек болып табылады, олардың әрқайсысы баланың негізгі функцияларын орындайды және дамытады. Бұл сонымен қатар жаңалықтармен бөлісу мүмкіндігін арттырады, ойын белсенділігі артады, бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді және бұл жұмыс күшінің қозғалысын жақсартады, практикалық кеңістік пен көрнекі ойлауды жақсартады.

Оның пайда болуының көп ғасырлық тарихына жүгінер болсақ, ол туралы алғашқы түсініктер ежелгі грек философтары Платон мен Аристотельдің еңбектерінен басталады. Ұлы ежелгі ойшылдар Я.А. Коменский, Я.У. Руссо, Д.ДЖ.Локк, И.Г. Песталоцци ойын арқылы балалардың болашаққа бейімделуі қажет деп түсіндірді. Коменскийдің пікірінше, ол ойын мен еңбек арасындағы байланыстың күрделі педагогикалық мәселесін шешуге тырысты, сондықтан оның көзқарастары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Ол: «біз ойынды баланың рухани және физикалық дамуының қозғалысында көреміз, сондықтан ол санаға пайдалы болатындай етіп жүргізілуі керек» - деп атап көрсетті.

Оқыту әдістері мен құралдары мәселелеріне де тоқталған Дж. Локк та, Дж.Ж.Руссо да ойын арқылы баланы дамытуды, оқытуды және тәрбиелеуді бірінші орынға қойды.

Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан оның ерекше мәні бар. Ойын – адам өміріндегі алғашқы қадам. Бала өмірінде ойынның алатын орны ерекше. Бұл ойын барысында баланың өмірді психологиялық қабылдауы, еңбекке деген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Ойын балаларды ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Баланың қуанышы да, қайғысы да ойын барысында көрінеді, сонымен қатар құрдастарымен тез тіл табыса алады.

С.А. Шмакова, көптеген ойындардың ортақ белгілері: баланың тек нәтижеден ғана емес, сонымен қатар әрекет процесінен ләззат алуға ұмтылуымен ғана қабылданатын еркін дамып келе жатқан әрекет (әрекеттік (процедуралық) ләззат); Бұл қызметтің мәні бойынша мағыналы, шығармашылық, белсенді сипаты («шығармашылық сфера»). Эмоционалдық сілкініс, бәсеке («эмоционалдық энергия»).

Мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалар мен балалардың даму деңгейінің толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін дағдылар мен еңбек жағдайларымен жұмыс жасау.

Ойын балаларды өмірдегі қиындықтарды жеңуге үйретіп қана қоймай, өмірге қажетті қасиеттерді дамытады, ұйымдастырушылық қабілетін дамытады. Ойын арқылы бала бойында адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлық қалыптасады. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысында балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытуға, үйренген сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге, күнделікті сөйлеуде қолдана білуге ерекше көңіл бөлінеді. Тіл дамытудың негізгі міндеттерінің бірі – мектеп жасына дейінгі балалармен лексикалық жұмыс. Сөздік жұмысында мұғалімдер әрқашан осы тапсырмаларды басшылыққа алуы керек. Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда ойындардың, тапсырмалардың, жаттығулардың алатын орны ерекше.

Халық даналығы бойынша ойынды білмейтін, ойлай білмейтін баланың ойын өмірінде табысқа жетуі – ойынға деген көзқарасы, көзқарасы, мінез-құлқы өскен сайын өмірде қаланады.

Бала өміріндегі ең бірінші қимыл – ойын, сондықтан оның мәні ерекше. Ойын жас баланың өмірлік, экологиялық, еңбек, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Балалар ойын кезінде өзін еркін сезінеді, қызығушылық танытады, интеллект (сезім, қабылдау, зейін, ерік арқылы), эмоцияға әртүрлі психологиялық идеялармен жауап береді. Ойын барысында бала өмірдегідей қуаныш пен қайғыны бастан кешіреді. Танымдық түсіну, баланың іс-әрекеті ойыннан басталып, оның негізгі болашақ өмірінде жалғасады. Ойын арқылы бала тұлға болып қалыптасады.

Ойын – бала өміріндегі тәрбиенің негізгі шарты. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны, айналадағы заттар мен құбылыстарды түсінеді. Ойын – балалар үшін қиын әрекет, ол білімділікті, ақылды, ұйымшылдықты қажет етеді. Мына тәрбиелі бала қайдан шықты? Бала мұны ойын арқылы үйренеді, ал ересектер мұны үйретуі керек. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары және т.б. мүмкіндіктері көп. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуына ықпал ететін жетекші, негізгі құбылыстардың бірі. Бала ойын арқылы күш-қуатын шыңдайды, қоршаған орта мен құбылыстардың сырын түсінеді, еңбек дағдыларын меңгере бастайды. Олай болса, болашақ іскердің тәрбиесі, оның тәлімгерлігі – ойын. Оқу үрдісіндегі түрлі инновациялық технологиялар білім сапасын арттырудың кепілі болып табылады.

Жаңа педагогикалық технология ұғымы оқытудың жаңа әдістерін іздестіру, яғни нәтижеге жету, білім мен тәрбие беруде жаңа ғылыми зерттеулерді оңтайлы пайдалану, демек, жоғары нәтижеге жету дегенді білдіреді. Заманауи технологиялардың бірі – ойын ойнау.

Балалардың білім беру саласында оқуға деген ынтасын арттыру үшін жаңа технологияларды қолдану мұғалімдер мен балалардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, қызығушылығын арттыратындықтан ойын технологияларын тиімді пайдалану қажет. Сондықтан қазіргі педагогика ғылымы баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқытудың жаңа технологияларын жасауға ұмтылуда. Осы технологиялардың бірі ойын ойнау болып табылады. Педагогикалық ойындар технологиясы – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Бала тәрбиесінде ойын технологиясының маңызы өте зор. Ойын процесінде адамда өзін-өзі бақылау қабілеті дамып, қалыптасады.

5-6 жастағы балалармен сөздік жұмысын жүргізу. Мектепке дейінгі тәрбиеде балалардың сөйлеу тілін дамытуға, оларды сөйлеуге үйретуге, үйренген сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге, күнделікті қарым-қатынаста қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. Балалармен ауызша жұмыс жасай отырып, айналадағы заттармен таныстырамыз, оларды атауға, белгілері мен қасиеттерін, түсі мен пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы әртүрлі құбылыстар туралы түсініктерін дамытып, тілде белсенді қарым-қатынас жасауға үйретеміз. Мұғалім лексикалық жұмысты жүргізгенде әрқашан осы тапсырмаларды басшылыққа алуы керек.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойындардың, тапсырмалардың, жаттығулардың алатын орны ерекше.

Ойын кезіндегі баланың ұйымдастырушылық қасиеттері: ойлау қабілеті, сөздік қоры, сауаттылығы, тапқырлығы, шыдамдылығы, табандылығы, күрделілігі, әдептілігі. Мысалы, балалардың барлығы жалғыз ойнамайды, өз құрбыларымен бірге ойнайды, бір-бірімен араласады. Ойын барысында бала қызықты нәрсені таңдайды. Баланың ерекше қасиеттерінің бірі – сөйлеуге алаңдамау. Ойын баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді, танымдық белсенділігін арттырады. Ол бос. Сөйлеу ойынында баланың білуге құштарлығы қалыптасады. Ойынның түрлері көп. Ойындар, жаттығулар, тәттілер, спорттық, қимыл-қозғалыс, халықтық, дидактикалық, саусақпен, рөлдік ойындар, үстел ойындары және т.б. қолданылады.

Сөздік қорын дамытуды ұйымдастыруда ойын сабақтары басты рөл атқарады. Мұғалім бақылауды, көруді, сурет салуды, жұмбақ шешуді, саяхаттауды, ойын ойнауды ұйымдастыруда балалардың сөздік қорын дамытады. Осылайша, бала топтың жас ерекшелігіне сәйкес бағдарламалық тапсырманы меңгереді. Ойынды ұйымдастырған кезде мұғалім жетекші ретінде балалардың ойынға, ойын ережелерін сақтауға және ойын барысында ойлауға, заттың атын немесе қасиетін есте сақтауға, ойынға қатысу арқылы зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен ойында ойыншықтар мен табиғи заттар қолданылады. Мысалы, «Бірдейін тап», «Салыстыр және ата», «Ағаштың қай жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап» т.б.

Жалпы ойынды ұйымдастыру үш бағытты қамтиды: ойынға дайындық, ойын ойнау, ойынды талдау. Ойынның маңызды құралы, заттарды дайындау ойынға дайындық болып табылады.

Оқушылардың білім, білік, дағдыларын, белсенділігін арттыру, балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында ойын технологияларын ұтымды пайдалансақ, алға қойған мақсаттың сапалы нәтижесіне қол жеткізе аламыз. Ойын технологиялары кеңінен қолданылатыны белгілі.

Сонымен қатар балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырмалар, жаттығуларды қолдану тамаша нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдысын, танымдық белсенділігін, зерделілігін, адамгершілік қасиетін дамытады.

Ойын баланы ізденуге бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, содан кейін ойын шартын сақтай отырып, жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, тапсырмаларды дәл орындауға тырысады. Ойындар, әсіресе топтық ойындар адамның адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілік сезімін, тәртіпті, еңбексүйгіштік пен мінез-құлықты дамытады. Көрнекілік әдістері, қызықты да тиімді сұрақ түрлері, жұмбақтар, анекдоттар, жағдаяттық жағдаяттар, сайыстар балалардың белсенді психикалық әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында баланың ойлау қабілеті үнемі дамып, жетіліп, деформацияланып отырады.

Ойын баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді, танымдық әрекетінің дамуына жол ашады. Ойын баланың физиологиясын дамытумен қатар оның тілін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ойынның әр түрінің өз мақсаттары, міндеттері мен бағыттары болады. Бұл ойынды әр бала ойнайды. Бұл ойынды көп ойнаған баланың дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі жұмсақ, жүзі нағыз сезімтал болады.

Бір сөзбен айтқанда, сабақ қызықты өтуі үшін ойындарды дұрыс ұйымдастыра білу керек. Сабақта әртүрлі дидактикалық ойындарды қолдану арқылы ғана мақсатқа жетуге болады. Сонда дүниетанымы кең, жан-жақты дамыған, өз ойын толық жеткізе алатын, мектепке баруға дайын ұрпақ тәрбиелеуге болады.

«Баланы тәрбиелеу үшін, ең алдымен, оған білім беру, ертеңгі күні апатқа соқтыратын тәрбиесіз білім беру керек», - дейді данышпан, ойшыл, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби данышпанымыз айтқандай, тәрбиелік мәні бар ойындарды ойнай отырып, бала тәрбиесіне үлес қосайық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бисембаева Ж.К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі». – Қостанай, 2019.–77 б.
2. Әбішева А. «Ойын элементтерін қолданудың педагогикалық ерекшеліктері» Бастауыш мектеп, №3, 2003.
3. Баймұратова А., Қасымова Г. Ойын теориясы. – Алматы, 2004. – 90-110 бб.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2008. –115 б.
5. Мәженқызы Р., Нұржумина Ш., Садуақасова Ю. «Сауат ашу» (Өліппе дәптері, дидактикалық материалдар). – Алматы: «Мектеп», 2003. – 121 б.

ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

ПСИХОЛОГИЯ И ПЕДАГОГИКА: ИНТЕГРАЦИЯ НАУК В ХХІ ВЕКЕ

PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY: INTEGRATION OF SCIENCES IN THE XXIST CENTURY

Абдрашитова Т.А.

доктор психологических наук, профессор

Брюхова П.К.

студентка 3-курса

Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ САМОСОЗНАНИЯ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Начало младшего школьного возраста определяется моментом поступления ребенка в школу. В этот период происходит дальнейшее физическое и психофизиологическое развитие ребенка. Резкая смена социально – психологических условий жизни ребенка, столь же резкий рост физических, эмоциональных и интеллектуальных нагрузок, безусловно, отражаются на физическом и психическом состоянии ребенка.

Что же конкретно происходит с организмом в первые недели обучения?

Прежде всего, отмечается низкий уровень и неустойчивость работоспособности, напряжение сердечно-сосудистой системы. Неслучайно поэтому у значительной части учеников в конце занятий отмечается резко выраженное утомление.

В младшем школьном возрасте все большее значение для развития ребенка приобретает его общение со сверстниками, которое способствует усвоению таких типов отношений, как лидерство и дружба.

Развитие познавательных психических процессов в младшем школьном возрасте характеризуется тем, что из действий произвольных, совершающихся непреднамеренно в игровой или практической деятельности, они превращаются в самостоятельные виды психической деятельности, имеющие свою цель, мотив и способы выполнения.

Наряду с психофизиологической адаптацией происходит и психологическая адаптация ребенка к школе. Исследования Э.М. Александровской показали, что только 56% детей обладают адекватной формой такой адаптации. Среди оставшихся 30% составляют дети с неустойчивой адаптацией, для которых характерны повышенная утомляемость, нарушение сна, склонность к страхам, и 14% – дети с нарушениями форм социально-психологической адаптации, выражающейся в плохом усвоении учебной программы, поведенческих проблемах, трудностях в установлении контактов с учителями и сверстниками [1].

Ведущей в младшем школьном возрасте становится учебная деятельность. Она определяет важнейшие изменения, происходящие в развитии психики детей на данном возрастном этапе. В рамках учебной деятельности складываются психологические новообразования, характеризующие наиболее значимые достижения в развитии младших школьников и являющиеся фундаментом, обеспечивающим развитие на следующем возрастном этапе. Ребенок начинает овладевать своими психическими процессами, учиться управлять памятью, мышлением и вниманием. Согласно Л.С. Выготскому, с началом школьного обучения мышление выдвигается в центр сознательной деятельности ребенка. Во время учебной деятельности происходит усвоение основ теоретического сознания и мышления, что ведет к возникновению и развитию таких новых качественных образований, как рефлексия, анализ [2].

Происходящая в этом возрасте «утрата детской непосредственности» (Л.С. Выготский) характеризует новый уровень развития мотивационно-потребностной сферы, что позволяет ребенку руководствоваться сознательными целями, социально выработанными нормами, правилами и способами поведения.

Для характеристики младшего школьного возраста как качественного своеобразного этапа детского развития представляют интерес подходы зарубежных психологов к пониманию сущности данного возраста.

Так, согласно концепции Э.Эриксона, возраст 6-12 лет рассматривается как период передачи ребенку систематических знаний и умений. При позитивном исходе этой стадии развития у ребенка формируется переживание своей умелости, при неудачном исходе—чувство неполноценности и неспособности быть наравне с другими [3].

Согласно концепции Ж. Пиаже, интеллектуальное развитие ребенка 7-11 лет находится на стадии конкретных операций. У ребенка возникает способность применять логическое мышление, опираться на свой опыт. Переход к конкретно - операционному мышлению влечет за собой перестройку всех психических процессов.

Таким образом, младший школьный возраст является этапом существенных изменений в психическом развитии. Необходимо учитывать, что для ребенка данного возраста важную и определяющую роль играют взрослые (учитель, родитель, воспитатель, психолог), основной задачей которых является создание оптимальных условий для раскрытия и реализации потенциала.

Поступление в школу изменяет эмоциональную сферу ребенка. Эмоции играют важную роль в жизни детей: помогают воспринимать действительность и реагировать на нее. По мере того, как ребенок растет, его эмоциональный мир становится богаче и разнообразнее.

Эмоциональную сферу младших школьников можно характеризовать:

1. легкой отзывчивостью на происходящие события и окрашенностью восприятия, воображения, умственной и физической деятельности эмоциями;
2. непосредственностью и откровенностью выражения своих переживаний радости, гнева, смеха, печали, удовольствия;
3. свои и чужие эмоции слабо познаются и воспринимаются, мимика других часто воспринимается неверно;
4. большой эмоциональной неустойчивостью и частой сменой настроения.

В отличие от дошкольников, которые предпочитают воспринимать только веселые и радостные картины, у младших школьников возникает способность к сопереживанию при восприятии драматических конфликтов.

Таким образом, в младшем школьном возрасте особенно ярко видна социализация эмоциональной сферы.

Список литературы

1. Аверин В.А. «Психическое развитие детей младшего школьного возраста»: Учеб.пособие. – 2-етиздание, 2000. – 63 с.
2. Выготский Л.С Собрание сочинений: в 6-ти томах/ Гл. ред. А.В. Запорожец. Т. 4. Детская психология/ Под ред. Д.Б. Эльконин. 1984 – 433с.
3. Немов Р.С. «Психология» М.: Гуманитар. Изд. Центр ВЛАДОС, 2005.

Абильдина С.К.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Бакижанова Ж.М.
магистрант
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ. (Қазақстан)


БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен бекітілген.

Ұлттық жоспардың мақсаты: Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық сауаттылықтарын жетілдіру және алған білімдерін өмірде пайдалана алу.

Педагогика ғылымында «**функционалдық сауаттылық**» ұғымы салыстырмалы түрде жаңа. Ол 60-жылдардың аяғында пайда болды және алғаш рет ЮНЕСКО құжаттарында халықаралық проблема ретінде анықталды. Бұл термин қазіргіден сәл өзгеше мағынаға ие.



PISA зерттеуінің нәтижелері бойынша көптеген елдер мектеп оқушыларының математикалық сауаттылық деңгейінде төмен нәтиже көрсетті, бұл осы мәселеге көбірек назар аударды. А.А.Леонтьев математикалық сауаттылықты «функционалдық сауаттылық» деп түсінді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден:

1. оқу, жазу сауаттылығынан
2. жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан
3. математикалық сауаттылығынан
4. құқықтық сауаттылығынан
5. компьютерлік сауаттылығынан
6. денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан көрінеді.

Әрине, математика сабақтарында математикалық сауаттылық қалыптасады, бірақ бұл туралы көптеген мақалалар жазылды, мен математикалық, сәйкесінше функционалдық сауаттылықты барлық сабақтарда, мүмкін үзілістерде қалыптастыруды және дамытуды ұсынуға болады. Мысалы: «Кезекші, кезеңіңіз қай күні болады?», т.с.с. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мен бағалауда әртүрлі тәсілдер бар, ең өнімдісі жағдаяттық тапсырмаларды орындау болып табылады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру);

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациялау, математикалық объектілерді танып білу.

- қолдану (байланыстарды орнату);

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу

- ойлау (пайымдау, тұжырымдау).

Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы элем проблемаларын математикалық элеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру;

- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану сияқты амал-тәсілдер қолданылады.

Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.

Оқу бағдарламасында жекелеген тақырыптар ретінде логикалық сұрақтар қарастырылмайды, дегенмен оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамытуда логикалық есеп-жаттығулардың алатын орны ерекше.

Әрбір үшбұрыштың ортасында орналасқан сан астыңғы екі санды өзара көбейтіп, үшбұрыш төбесіндегі санға бөлсек, іздеген сан шығады (45).

Әрбір тапсырма бойында орналасқан үш санның шеткі екеуінің цифрларының қосындысы ортаңғы санды береді. $1+9+8+4=23$ $3+0+3+2=8$

$5+3+1+0+1=10$, ізделінді сан онға тең.

Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функциональдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз. Л.С. Выготский «педагогика өткенге емес, келесі күнге баланың дамуына бағытталу керек», – деді. Осыған орай оқушылар арасында математикалық сауаттылығын арттырудың барысында дамыта оқытуды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары. Дамыта оқыту – сабақтағы мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым – қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл-ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Мұғалім баланы оқыта отырып, жалпы дамыту, оның өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау болып табылады.

Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу – ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі оқушының мақсат қоюға үйрену; есте сақтау қабілеттері даму; басқалармен бірігіп жұмыс жасайды; кітаппен жұмыс жасауға үйренеді; қатарынан қалмауға тырысады; дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түсу; әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылу; күшті сыныптарда оқуға деген ынта арту; білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді; өздігінен жұмыс істеуге дағдылану арқылы көрінеді.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, А.П.Конфоровичтің «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген сөзін ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ете берейік. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функциональдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз.

Мақала материалы ҚР БҒМ 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясында АР14870260 – «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функциональдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.
2. Ақатова Т.И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: Психолого-педагогический аспект Текст.: монография / Т.И.Ақатова. М. ИТК «Дашков и К», 2006. –237 с.
3. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. Ұлттық білім беру және бағалау орталығы. – Астана 2013.
4. <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/425769-matematicheskaja-gramotnost-kak-osnova-formir>
5. <https://shareslide.ru/detskie-prezentatsii/bastauysh-synyp-oushylaryny-funktsionaldy-sauattylyyn-alyptastyru>
6. <https://daryn.online/article/1076>

Албыгова Н.П.

доцент

Оймауытова А.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ. (Қазақстан)

АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА МЕКТЕПТІҢ ЫҚПАЛЫ

Тұлғаның қалыптасуы отбасында негіз алатындықтан бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың мәні жоғары бағаланады. Баланың басты ұстазы оның ата-анасы. Қазіргі қоғамдағы экономикалық тұрақсыздық, әлеуметтік желілердегі ақпарат ағыны және өмірдің барлық деңгейлерінде көрінетін қарама-қайшылықтардың болуы дағдарыстық сипатта. Соның салдарынан ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасының бұзылуы байқалады. Және соңғы жылдарда пандемия жағдайынан болған қоғамдағы күрт өзгерістер әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне, эмоционалдық шиеленістің өсуіне және халықтың әлеуметтік және психологиялық бейімделу қаупінің жоғарылауына әсер етті. Нәтижесінде қоғамдағы ересектердің құндылық бағдарының өзгеруі, балаларымен қарым-қатынас жасау мәнінің бұзылуы және бұрмалануы олардың балаларға деген көзқарасын өзгертіп, отбасы ұстанымдарының мәнін төмендетті. Кейбір жағдайларда баланың өмірін жақсарту және комфортты орта жасауды асыра бағалау, шеттен тыс қамқорлық - детоцентризмге жол берілді.

Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлшегі. Тәжірибеге қарағанда, баланың психологиялық тұрғыдан қалыпты дамуы отбасында дұрыс қарым-қатынастың болуына, отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқорлық танытуына, құрметтеуіне, еңбектің дұрыс жолға қойылуына байланысты екенін көрсетеді. Мұндай ортада бала көңілді әрі қалыпты өсіп дамиды. Дегенмен, кейде толық отбасының өзі баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді.

1994 жылды БҰҰ Халықаралық отбасы жылы деп белгілеп әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге мән беруін көздеген еді. Осы шараның нәтижесі ретінде қазіргі күні Қазақстанда «Отбасы және демография», «Отбасын әлеуметтік қамсыздандыру қоры», «Ана және бала денсаулығы» сияқты ұйымдар қызмет етуде.

Отбасы тәрбиесі, ондағы балалармен қарым-қатынас мәселесі мен тәлім-тәрбиелік идеялар Қорқыт ата кітабында, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде, Жүсіп Баласағұни, Сайф Сараи шығармаларында, хандық дәуірдегі ақын-жыраулар мұраларында, Ы.Алтынсарин еңбектерінде, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев мұраларынан елеулі орын алған. Кейінгі кездерде отбасы тәрбиесіне қатысты Х.Арғынбаев, Г.Уманов, К.Оразбекова, Ж.Қоянбаев, Қ.Әтемова, З.Әбілова т.б. зерттеу еңбектері бар [1].

Атақты ұстаз В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектеп-отбасылық тәрбие» термині кең қолданылады. Оның ойынша, тәрбиені мектеп немесе отбасы деп қарастыруға болмайды, өйткені баланың жеке басы бір, және оның қалыптасу процесі де бір [2].

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В. Лодкина, А.И. Захаров, В.С. Мухина, Е.О. Смирновалар сынды ғалымдар қарастырған [2].

А.Н. Леонтьев, С.А. Козлова, балаға отбасы жылулығының әсеріне тоқталса, А.В. Запорожец, А.Д. Кошелева және т.б. жақын адамдардың әсерін баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде айтылуының маңызына назар аударған [2].

Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын, ата-ана мен баланы жақындатуының маңызына Ю.П. Азарова, И.В. Гребенников, Т.А. Маркова, А.Г. Харчев т.б. аса мән береді. Қазіргі заман отбасыларын, екінші некенің бала тәрбиесіне, дамуына теріс әсерін Е.П. Арнаутова, А.И. Захарова, Е.И. Кульчицкая т.б.; жалғыз бала тәрбиесі туралы А.П. Усова; егіздер тәрбиесін Р.Скиннер, К.Витек т.б.; бала психикасының қалыптасуына ананың әсерін психотерапевт А.И. Захарова, психолог Д.Б. Эльконин, А.Я. Варга т.б. арнайы зерттеген [2].

Ата-ана – алғашқы тәрбиеші, балаға ең үлкен әсер етушілер. Ж.Ж.Руссо: «Балаға соңғы тәрбиешінің әсерінен гөрі алдыңғысынікі көбірек», - деп отбасының орнын бағалаған [2].

Отбасылық қатынастың ерекшеліктерін А.И. Захаров, А.С. Спиваковская, А.Я. Варга, Э.Г. Эйдемиллер, Ю.Гиппенрейтер, М.Буянов, З.Матейчик, Г.Хаментаскас, А.Фром, Р.Снайдер, т.б. ғалымдар зерттеген.

А.Е. Личко отбасылық қарым-қатынас мәселесінде гиперопека, караусыздық, «отбасы пірі», «жетім қыз» жағдайын зерттей келе отбасындағы жайсыз жағдайларды көрсетті [3].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, отбасылық тәрбие берудің теріс әсері баланың денсаулығына орны толмас зиян келтіріп, оның психикасына зақым тигізіп ғана қоймайды, сонымен қатар басқа да ауыр әлеуметтік зардаптар тудырады. Осының барлығы бала мен ата-ана қарым-қатынасын үйлестіру үшін кез-келген баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің өзектілігін анықтайды.

Отандық және шет елдік психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ата-ана мен бала қарым-қатынасын зерттейтін көптеген еңбектер бар. Отбасы тәрбиесі мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулердің басында белгілі ғалымдар И.М. Балинский, И.А. Сикорский және П.Ф. Лесгафт еңбектері тұр. Ал Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, И.М. Марковская, Р.В. Овчарова, А.В. Петровский еңбектерінде ата-аналардың балаға қатынасының түрлері мен стильдері, оның жеке басының, мінез-құлқының және өзін-өзі ұстауының дамуына әсер етуімен байланысты зерттеледі, содай-ақ отбасылық тәрбиенің қандай стилі балаға немесе басқа ауытқулардың пайда болуына ықпал ететіні көрсетілген [4].

Аталған авторлардың еңбектерінде, сонымен қатар, бала мен ата-ана қарым-қатынасының дамуымен қатар, басқа да мәселелері қарастырылады. Барлық авторлар ата-аналардың көмекке мұқтаж екендігін алға тартады: ата-анаға өз баласымен арадағы қарым-қатынасты дұрыс бағытта дамытуға ықпал ететін дағдыларды үйренуге әлеуметтік педагогикалық көмек қажет.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндамада келтірілген бірқатар деректерге назар салайық. Баяндамада соңғы 10 жылда ата-аналар мен балалар қарым-қатынасының нашарлауының азайғаны, балалар мекемелерінің желісі қалпына келтіріліп жатқандығы, көптеген жаңа мектептер бой көтеріп, балалардың мектептен тыс жұмыстардың жаңа түрлеріне тартылып отырғандығы, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарында мәдени іс-шаралар арқылы балалардың ой-өрістері мен қабілеттерін кеңейту мүмкіндіктері қаралып отырғандығы айтылады [2].

Дей тұрғанмен, комитет ұсынған мәліметтерде көп балалы және аз қамтылған отбасылар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, экологиялық, зорлық-зомбылық қауіпіне түскен, оның ішінде отбасында зорлық-зомбылық көрген, интернет және т.б. орындарда теріс психологиялық әсерлі жағдайларға ұшыраған балалар үшін қауіп әлі де сақталып отырғандығы сөз болады.

Отбасылық өмірдің динамикасы және ата-ананың балаға эмоционалды қатынасының табиғаты - баланың жеке басын қалыптастыру үшін, жеке тұлға болуы үшін өте маңызды.

«Ересектердің балалармен қарым-қатынасының мынадай принциптерін көрсете аламыз: баланы қаз қалпында қабылдау; эмпатия – ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды; конгрэнттілік – болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы» [8].

Отбасындағы баланың дамуының барлық кезеңдерінде оған отбасылық ортаның әртүрлі факторлары, соның ішінде отбасылық тәрбие стилі үнемі әсер етіп отырады. Отбасылық тәрбие стилі баланың тәрбиесіне жақсы да, ал кей жағдайларда керісінше әсер етуі мүмкін, бұл отбасы үшін, оның мүшелері мен қоршаған ортаға әртүрлі мәселелер туғызады.

Осыған байланысты ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа мектептің серіктестік рухы қажет.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста отбасылық ортаның әртүрлі факторлары және отбасылық тәрбие стилі туралы тұрақты педагогикалық оқулар орын алғаны орында деп есептейміз.

Отбасылық ортаның әртүрлі факторларын Л.Д.Столяренко, С.И.Самыгиннің пікірінше, төмендегідей етіп көрсеткен [4]:

1) Ата-аналардың өздерінің балалық кездегі тәжірибесі. Ересек бола отырып, адамдар отбасына көбінесе бейсаналы түрде өз отбасындағы қарым-қатынастарды қалыптастырады, сондай-ақ бала кезінде шеше алмаған мәселелерді көбейтеді.

2) Ата-аналардың іске асырылмаған қажеттіліктері. Кейбір ата-аналар үшін (әсіресе аналар) ата-ана тәрбиесі негізгі іс-әрекетке, тіпті өмірдің негізгі мағынасына айналуы мүмкін. Әрине осыдан кейін бала осы қажеттілікті қанағаттандырудың жалғыз объектісіне айналады.

3) Ата-аналардың жеке ерекшеліктері. Көптеген ата-аналар үшін осы фактордың әрекетін байқау қиын болуы мүмкін, бірақ белгілі бір әдіс-тәсілмен немесе маманның көмегімен ата-анасының жеке ерекшеліктерінің балада белгілердің бар-жоғын және олардың баланың қабылдауына әсерін түсінуге болады.

4) Баланың екінші ата-анасымен қарым-қатынасы. Егер ата-анасы балада бар бір ерекшелікті есінен өшіргісі келсе немесе баланың іс-әрекеті рухани жаракат салған адамды еске түсірсе, онда бұл жағдайда ата-ана баланың екінші биологиялық ата-анадан мұра еткен сипаттамаларын мүлдем басқаша қабылдайды.

5) Баланың туу жағдайлары. Егер ата-аналар баласын «ауыр», «нәзік» немесе «қорғансыз» деп қабылдаса, онда олардың нәрестесі қандай жағдайда туылғанын ескерген дұрыс. Баланы жоғалтып алудан жиі қорқу, қандай да бір ойдың, іс-әрекеттің салдарынан болуы мүмкін, мысалы ата-аналарда бедеулікті ұзақ емдеу, ауыр босану және олардың салдары, баланың ерте балалық шағында ауыр ауруға шалдығуы және т.б. Керісінше баланың пайда болуын қаламау, оның жынысының күтілетін немесе қалаған түріне сәйкес келмеуі, баланың пайда болуымен жеке өмірдегі қиыншылықтар сияқты проблемалар пайда болған кезде баланы эмоционалды түрде қабылдамауға әкелуі мүмкін.

Демек, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста... факторлар басшылыққа алыну керек.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста отбасылық тәрбие стильдерін Д.В.Берконың былай белгілейді [6]:

Әр отбасында оның мүшелері әрқашан біле бермейтін объективті түрде белгілі бір білім беру жүйесі қалыптасады. Бұл білім беру мақсаттарын түсінуді, оның міндеттерін тұжырымдауды және тәрбие әдістері мен тәсілдерін азды-көпті мақсатты қолдануды, балаға қатысты неге рұқсат етілмейтінін немесе қандай әрекеттерге жол беруге болмайтынын ескеруді білдіреді. Отбасындағы тәрбиенің бес жалпы стилін және оларға сәйкес келетін отбасылық қарым-қатынастың төрт түрін ажыратуға болады. Тәрбиенің бес стиліне келесі аталған түрлері жатады: диктат, қорғаншылық, немқұрайлылық, ынтымақтастық және тепе-теңдік.

Диктат – бұл басқаның ой-пікірін, бастамасын жүйелі түрде басу. Отбасындағы диктат көбінесе отбасының белгілі бір мүшелерінің (негізінен ересектер) оның басқа мүшелері арасында жүйелі түрде бастама жасауы, өзін-өзі бағалау арқылы көрінеді. Ата - аналардың өздері де байқамайтын авторитаризмі, баланың мүдделері мен пікірлерін елемей, үнемі басып отыруы, мәжбүрлеу, сондай-ақ егер бала қарсылық білдірсе, оған эмоционалды немесе физикалық зорлық-зомбылық көрсету, қорлау, оған қатысты мәселелерді шешуде оның дауыс беру құқығынан жүйелі түрде айыру – мұның бәрі баланың жеке басының қалыптасуы, тұлға ретінде қалыптасуы барысында жіберілетін маңызды қателіктер болып табылады.

Қорғаншылық қатынас – ата-анасының баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қатынасы. Отбасындағы қорғаншылық – ата-аналар өз еңбектерімен баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, оны кез-келген уайымнан, күш-жігерден және қиындықтардан қорғайтын, оларды өзіне қабылдайтын қатынастар жүйесі.

Шын мәнінде ата-анасы балаларын туған үйінің табалдырығынан тыс болатын шынай өмірмен бетпе-бет келуге дайындау процесін тежейді. Дәл осындай балалар ұжымдағы өмірге бейімделе алмай жатады.

Баланың өміріне араласпау, немқұрайлылық – «ересектер» және «балалар» деп аталатын екі әлемнің қатар өмір сүруін білдіреді. Бұл жағдайда екі әлем бірге өмір сүре алады деп болжанады, егер ересектер де, балалар да осы жолмен белгіленген сызықты кесіп өтпеуі керек. Көбінесе қарым-қатынастың бұл түрі ата-аналардың тәрбиеші ретіндегі пассивтілігіне, кейде олардың балаға эмоционалды суықтылығына, немқұрайлылығына, ата-ана ретінде бала тәрбиелеуге қабілетсіздігіне, ата-ана болуды үйренуге құлықсыздығына негізделген.

Ынтымақтастық қатынас – бірлескен қызметтің ортақ мақсаттары мен міндеттеріне тұлғааралық қатынастардың ынтымақтастық түріне негізделген. Өзара қарым-қатынастың жетекші түрі – ынтымақтастық қатынас, мұндай отбасында ата-аналар балалармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасайды, мұнда әркім отбасы мүшелеріне сұрақ немесе өтінішпен жүгініп, көмек ала алады, тәрбие ерекше сапаға ие болады, дамудың жоғары деңгейіне – ұжымдық дамуға айналады.

Тепе-теңдік қатынас, яғни одақтың барлық мүшелерінің өзара пайдасына негізделген тең «одақтастық» қатынастар.

Көптеген психологиялық зерттеулер баланың қабылдауына және көзқарасына көптеген факторлар әсер ететін көрсетті, олардың кейбіреулері баланың немесе қыздың өзіне тікелей байланысты.

Автордың ұсынысы бойынша ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасын арттыруда ынтымақтастық және тепе-теңдік отбасылық тәрбие стильдерін пайдалану маңызды.

Осылайша, баланың жеке қасиеттер деңгейіне ата-аналардың білім беру қағидалары мен психологиялық денсаулық жағдайы, эмоционалды жағдайы әсер етеді, тұлғаның мінез-құлқын реттеуге және әлеуметтік бейімдеуге жауапты жеке құрылымдар арасында айтарлықтай байланыс бар.

Мектеп балалардың мінез-құлқына, қарым-қатынасына әсер етуде олардың түсініктері, қажеттіліктері, мәдени нанымдары туралы анықтап алып қана кеңес беру қажеттілігін ескертіп отырады. Ал, педагогикалық ұжым, өз кезегінде, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасына ықпал етуде ата-аналардың білімін, танымын, отбасы тәжірибесі мен мәдени сенімдерін ескерулері қажет [5].

Қорытындылай келе, отбасылық тәрбиеде ата-ана өздерінің педагогикалық сауаттылығына мән беріп, өз бетімен әдебиеттер оқу, баланың жеке ерекшеліктеріне тұрақты назар аударуы міндетті. Бірақ, осы бағытта арнайы маман ретінде педагогтардың ықпал ету мүмкіндігіне әлеуметтік педагогтардың басшылық жасауы осы қызметтің негізгі тармағы демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бодалев А.А. Психология личности. М., Изд-во МГУ, 1988г., – 312 с.
2. Годфруа Ж. Что такое психология М., «Мир», 1996ж., 1том -370с., -2том. – 490 с.
3. Шнейдер, Л.Б. Психология семейных отношений [Текст]: учебноепособие для вузов. 2-е изд. –М.: Академический Проект. – Екатеринбург: Деловая книга, 2006, — 768 с.
4. Ломов Б.Ф. Особенности познавательных процессов в условиях общения //Психологический журнал, 1980.- №5.- С.26-41.
5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М.: Наука, 1977. – 380 с.
6. А. Воспитание и проблемные дети // Родители и дети: хрестоматия / под ред. Д.Я.Райгородского. – Самара: Издательский Дом Бахрах – М, 2003. – С. 106 – 121.
7. Алиева Н. З., Котлярова В. В.. Образование в XXI веке: аксиологический аспект. – Шахты: ГОУ ВПО «ЮРГУЭС», 2010. – 223 с.
8. <https://massaget.kz/>

Аралбаева А.Ғ.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Тұрғын А.М.
3 курс студенті
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Пәндік апталықтарды өткізу көптеген мектептерде дәстүрге айналды. Бастауыш мектептегі математикадан пәндік апталықтар оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастырудың ең көп тараған формаларының бірі. Олар оқушыларға математика саласындағы білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдануға кең мүмкіндіктер береді, жеке қасиеттердің дамуына ықпал етеді, мұғалімдер мен оқушыларды жақындастырады, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға, алған білімдері мен дағдыларының сапасын арттыруға, ой-өрісін кеңейтуге, балалар шығармашылығын кеңінен дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, апталық олардың ұйымдастырушыларына оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеру сапасын анықтауға, сондай-ақ білім мен дағдылардағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Көбінесе пәндік апталар жылына бір рет өткізіледі. Дайындыққа жоғары сынып математика мұғалімдері мен жоғары сынып оқушыларын тарта отырып, барлық бастауыш сынып мұғалімдері қатысады.

Аптаны өткізудегі жетістік көбінесе ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасын құруды, оқушыларды математика апталығына қатысуға дайындауды қамтитын дайындық жұмыстарының қаншалықты уақтылы және сапалы жүзеге асырылатынына байланысты. Мектеп оқушыларының апталыққа деген қызығушылығын арттыру үшін ерекше көзге түскен оқушылардың есімдерін кеңінен жариялап, оларды мадақтай отырып, жарыстар ұйымдастыру керек. Пәндік аптаның жемісті жұмысының таптырмас шарттарының бірі-ашық қорытындылау. Оны нақты жағдайларға байланысты әртүрлі тәсілдермен жасауға болады. Осылайша, пәндік апта алдын-ала жұмыстың нәтижесі болуы керек. Оның формаларының ауқымы әртүрлі-бұл маңызды интеллектуалды жарыстар мен жарқын мерекелер, қызықты жарыстар мен қызықты сабақтар.

Сабақтан тыс жұмыс;

- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды түзету, үлгерімі төмен оқушылардың математикалық өзін-өзі оқытуын ынталандыру, танымдық дербестік, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру,

- оқушылардың бағдарламалық материал бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, арнайы математикалық қабілеттерін дамыту, танымдық-іздеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруда алатын орны ерекше.

Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар деп оқушылардың математикаға және оның қолданылуына тұрақты қызығушылығын оятуға және дамытуға, оқушылардың математиканың мәдени-тарихи құндылығы туралы түсініктерін кеңейтуге және тереңдетуге, тәуелсіздік пен шығармашылық белсенділікті дамытуға, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған мұғалімнің қызметі түсіндіріледі. Әрине, бұл жұмыстардың екі түрін де бөлек қарастыруға болмайды, олардың әрқайсысы екіншісінің табиғи жалғасы болып табылады.

Сабақтан тыс сабақтардың ерекшелігі – олар оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, олардың танымдық қызығушылықтары мен дамып келе жатқан қажеттіліктерін ескере отырып, таңдалған бағдарламалар бойынша өткізіледі. Жеке немесе топтық бағдарламаларды таңдаудың алдында үлкен және ауыр диагностикалық жұмыс болуы керек, бұл өзін-өзі оқыту, балалардың өзін-өзі дамыту бойынша түзету немесе дамыту шараларын анықтауға мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс жұмыстың екі аспектісі бар: ұйымдастырушылық және дидактикалық. Ұйымдастырушылық іс-шаралар оқушылардың математика сабақтарына деген қызығушылығын оятуға, оларды бұқаралық іс-шараларға, жеке жарыстарға немесе үйірмелердегі сабақтарға қатысуға тартуға көмектеседі.

Дидактикалық аспектінің рөлі – балаға қосымша математика сабақтарында туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектесу, пайда болған қызығушылықты, математикалық өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысты қолдау, осылайша әрқайсысының жеке жетістіктері үшін негіз құру.

Сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстар екі негізгі түрге ие:

- үнемі жұмыс істейтін формалар, мен оларға үйірмелер, факультативтер, клубтар, қабырға мөрі, сырттай викториналар, олимпиадалар және т. б.;

- эпизодтық формалар, оларға тақырыптық көрмелер, викториналар, кештер және т. б. Осы және басқа да іс-шаралар бөлінбестен жүзеге асырылады, бірақ математика бойынша қосымша жұмыстың бірыңғай, нақты жоспарланған жүйесіне енгізіледі.

Мұғалім қосымша сабақтардың материалы бағдарламалық талаптардан тыс болуы мүмкін екенін есте ұстауы керек, бірақ ешқандай жағдайда балалардың жас, интеллектуалдық және танымдық мүмкіндіктерінен аспауы керек. Математикадан қосымша сабақтарды ұйымдастырудың және өткізудің арнайы принциптеріне оқушылардың ерікті қатысу принципі жатады. Бұл балаларда белгілі бір қызмет түрін және осы қызметпен айналысуға ең маңызды тілекті таңдауға мүмкіндік беретін белгілі бір қызығушылық шеңберінің болуын болжайды. Алайда, еріктілік принципі мұғалімнің барлық оқушыларда, соның ішінде математика сабақтарына әлі жеткілікті көңіл бөлмейтіндерде математиканы оқуға деген қызығушылықты дамыту жұмысын жоққа шығармайды.

Бастауыш мектептегі математика апталары

Мақсаты: білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту және олардың ақыл-ой қызметін жандандыру, шығармашылық қабілеттері мен пәнге деген қызығушылығын қолдау және дамыту, математикалық білімнің күнделікті өмірдегі маңыздылығын саналы түрде түсінуді қалыптастыру.

Мектепте математика апталығын өткізу міндеттері:

1. Оқушылардың математика сабақтарына деген қызығушылығын дамыту.
2. Шығармашылық қабілеті бар оқушыларды анықтау, математика бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу.
3. Шығармашылық тапсырмалар мен шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды қолдану арқылы сөйлеуді, есте сақтауды, қиялды және қызығушылықты дамыту.
4. Ойлаудың тәуелсіздігін, ерік-жігерін, мақсатқа жетудегі табандылығын, ұжым алдындағы өз жұмысы үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
5. Қолда бар білімді практикалық жағдайларда қолдана білуге тәрбиелеу.

Математика апталығын ұйымдастыру принциптері:

1. Жаппай болу принципі (жұмыс мүмкіндігінше көп білім алушылар шығармашылық қызметке тартылатындай етіп ұйымдастырылады).
2. Қолжетімділік принципі (көп деңгейлі тапсырмалар таңдалады).
3. Қызығушылық принципі (тапсырмалар көзбен және мазмұнмен назар аудару үшін қызықты түрде жасалуы керек).
4. Бәсекелестік принципі (оқушыларға өз жетістіктерін әртүрлі сынып оқушыларының нәтижелерімен салыстыру мүмкіндігі беріледі).

Математика апталығы оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілді. Әр бала аптаның барлық іс-шараларының белсенді қатысушысы болады. Балалар өздерін әртүрлі рөлдерде сынап көріп, әртүрлі іс-әрекеттерде өз күштерін сынайды.

Бастауыш сыныпта математика апталықтарында: сыныптарда «нүктеден нүктеге» байқауы, «Мен және менің сыныбым сандарда» сауалнамасы, «математикалық турнир» (белгілі бір уақыт ішінде балалар өте күрделі математикалық есептер мен мысалдарды шешуі керек, әр сыныпта жеңімпаздар таңдалады.) Әр сынып математикалық қабырға газетін дайындау (онда сіз жұмбақтарды, қызықты есептерді, лабиринттерді шешеді. (Газеттер түрлі-түсті және қызықты болды, олар стендке орналастырылды), математикалық лотерея өткізу, онда оқушылар логикалық есептерді шешіп, жұмбақтар, жұмбақтар шешеді. Сонымен қатар, ауызша санау дағдыларын тексеруге де болады. Сыныптарда «Жылдам есепші» байқауы өткізу, мұнда бәріне санауға тура келді. Белгілі бір уақыт ішінде балалар мысалдарды шешуі керек еді. Әр сыныпта жеңімпаздар таңдалады. Оқушылар «ойын-сауық сандары мен фигуралары» қолөнер байқауына қатысса, үзілісте бастауыш сынып оқушылары әр сыныпта «көңілді алаң» ойынын өткізсе, Балалар Танграм бөлшектерінен адамдардың, жануарлардың, құстардың, сандардың, заттардың фигураларын жинайды.

Пәндік апта оқушыларға өздерін тануға және басқалардың арасында өздерін көбірек көрсетуге мүмкіндік берді. Жалпы, бұл шығармашылық ойлауды дамытуға, қорытынды жасауға, оқуға деген ынтаны тәрбиелеуге қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Виленкин Н.Я., Чесноков А.С., Шварцбурд С.И., Жохов В.И. Математика: орта мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – М.: Ағарту, 1990. – 304 б.
2. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін мекемелерге арналған оқулық. – М.: Мнемозина, 2007. – 264 б.
3. Гурова Л.Л. Мәселелерді шешудің психологиялық талдауы / Л.Л. Гурова. – М: Ағарту, 2016. - 220 б.
4. Истомина Н. Б. бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі / Н.Б.Истомина. – М.: Академия, 2011. – 288 б.

Болатбекова Н.Ж.

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

СТУДЕНТТІҢ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар жоғары оқу орнында білім беретін оқытушылар мен білім алушы студенттердің танымын жетілдіруге деген талаптану деңгейін туғызды. Жаһандану жағдайында оқытушылар мен болашақ маман иегерлерінің белсенділік әрекетінің көрінісі байқалады.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Сондықтан да студенттердің танымын жетілдіру жолдарын әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу және оны жүзеге асыруды әдістемелік жүйемен қамтамасыздандыру өзекті мәселе.

Яғни, қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағытталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі – субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандарды дамыта оқыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Студенттің танымдық әрекетін басқару мен ұйымдастыру, әсіресе дәрістік сабақтарға арнайы әдістемелік кешендер және дидактикалық нұсқаулар қолдану өте тиімді.

Оқыту барысында нақты семинар немесе дәріс деп бөлмеген дұрыс, ең қолайлы термин «сабақ». Сабақ формасын таңдау – әр оқытушының құқығы мен міндеті. Бірақта барлық оқыту процесі оқытушы мен студент арасында тығыз байланыста және интерактивті жағдайда болуы керек.

Кредиттік технология негізінде оқыту ұсынады:

- белгілі бір негізгі білім бойынша шешім қабылдау дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеті мен қиялын жетілдіру;
- тұлғаның даму ерекшеліктері негізінде ойлауды жүйелі дамыту;
- жекелік және топтық жағдайда білімді меңгеру;
- түрлі білім саласы негізінде танымдық деңгейлерін синтездік бақылау;
- эмоционалды қарым-қатынас стилі;
- оқытушылардың позициялары мен рөлі-ұйымдастырушы және көмекші (аналитикалық, бағыт-бағдар беруші).

Оқыту міндеттері:

- белсенді іс әрекетті (мобильді) тұлғаны қалыптастыру;
- жағымды позицияда тәрбиелеу;
- коммуникабельдікті дамыту;

- бизнес-мәдениетті меңгеру;
- кәсібилік;
- өз пікірі мен ұстанымының болуы.

Кез келген сабақ құрылымы саналы және жүйелі түрде оқытушының қандай мақсатқа жеткісі келетіндігі айқын болуы керек. Қойылған мақсатқа жетудің құралдары айқындалып, содан кейін ғанга оқытушы мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасауды айқындайды.

Әр сабақ – бүтін оқу үрдісінің тіркесі. Сондықтан да кез келген сабақ 3 деңгейге сәйкес болуы керек:

1. Қабылдау, түсіну, меңгеру.
2. Білімді үлгі бойынша қолдану.
3. Білімді жаңа ситуацияда қолдану.

Сабақтың нәтижелі өтуі оқытушының сабаққа дайындық деңгейіне байланысты. Дайындықтың өзі сабақтың пәнаралық байланыс бойынша бір ізділігін жоспарлайды.

Сабаққа дайындық барысында мынандай жағдайларды нақтылау керек:

- студент нені меңгеруі тиіс;
- оқылатын білім шеңберу қандай басқа пәндермен байланысты;
- материалды қалай ұстау керек;
- студенттерге не қыты түсінікте, материалды жеңіл меңгеруі үшін қойылатын сұрақтардың мәнділігі сияқты.

Сабақты төмендегідей жағдайда ұйымдастыруға болады:

- материалды ұсыну барысында «негізгі тірек» сөздерге назар аудару;
- аналитикалық жағдайларға баса назар аудару, түрлі факторларды өзара байланысы;
- студенттердің қызығушылығын ояту;
- ашық сұрақтар қою;
- бағдарлы шолу мен қорытынды жасау.

Оқытушылық тәжірибе барысында студенттердің танымдық деңгейін дамытуда сын тұрғысынан ойлау әдісінің маңыздылығы зор екендігін байқадық. Сын тұрғысынан ойлауға американдық профессор Дэвид Клаустер төмендегідей анықтама береді. Оның анықтамасы бес пункттен тұрады:

1. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес, ойлау өзіндік сипатта болу қажет. Ең негізгісі – оқушы нені ойлау керектігін өзі шешу керек.

2. Берілген ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, бастапқы пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттарды өңдеу керек болады. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз әрі өнімді бола бастайды.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Америка педагогі әрі философы Джон Дьюи «сыни тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады. Мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді».

4. Сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды, дәлелге ұмтылады. Бұлай ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімді негізі бар саналы дәлелдермен нақтылай түседі.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі, әрі шыдамдылық, басқаны тыңдай білу және өз көзқарасына деген жауапкершілік секілді өнімді ой алмасуға өте қажет болатын сапалы өңдеулер жүріледі. Сын тұрғысынан ойлау әдіснамалық жағынан философияға негізделіп құрылса, оны жүзеге асыруда жүздеген стратегиялар қызмет атқарады.

Сыни ойлау әдісінің сабақты жүргізу құрылымы дәстүрлі құрылымнан өзгеше болып келеді. Мұнда:

1. Ой шақыру стратегиясы немесе қызығушылығын ояту (мотивация)
2. Мағынаны тану (жаңа ақпарат)

3. Ой толғанысы немесе ой қорытындысы (рефлексия) деп аталатын үш құрылымынан тұрады. Әр кезеңде жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс жасалады.

Оқу іс әрекетіне қызығу туғызу, ояту – EVOCATION. Бұл саты–танымдық іс әрекетті қалыптастыруда маңызды. Яғни, студенттер сабаққа белсене араласады, осы тақырыпқа байланысты білегіндерін пәнаралық байланыс негізінде еске түсіреді. Өз білімін талдауға ынталы

болады. Бұрыннан білетінін жаңамен байланыстырады. Студент өз білімінің, ұғымының арқасында жаңа ұғым жасайды. Бұрынғы білімінің негізінде жаңа білім алады.

Меңгерген білімін жүзеге асыру сатысы – REALISATION. Мағынаны ұғыну, сабақта студенттердің белсенділігін арттыру жалғаса береді. Өз білімдерін, түсініктерін жазады, айтады. Жауаптарды өз ақпараттарына сүйеніп іздейді. Өзінің жеке түсінігін береді. Студенттерде оқу әрекетіне деген қызығу туады және өз пікірлерін қалыптастыруға үйренеді.

Рефлексиялық саты – REFLECTION. Өз іс әрекетін, оның нәтижелерін ұғыну, түсіну, өз түсініктерін дамытып, ақпараттарды өңдеу үрдісін қамтиды.

Оқытушы бұл модель бойынша төмендегідей нәтижелерге жетеді:

1. Оқытуда мақсат қояды.
2. Студенттерді жаңа ақпаратпен қамтамасыз етеді.
3. Тақырыпты меңгеруге студенттерді белсене араластырады.
4. Пікірін алмасуға ынталы болады.
5. Жақсы пікірсайыс туындайды.
6. Оқу мотивациясы жоғарлайды.
7. Рефлексияға дем беріледі.
8. Студенттерге түрлі пікірлер айтуға мүмкіндік беріледі.
9. Студенттерге сұрақ қоюға, оны талдауға, өз түсінігін қалыптастыруға дайындалады.
10. Студенттердің ақыл- ой белсенділігі артады.

Сыни ойлау технологиясын пайдалану арқылы болашақ маманның танымдық деңгейі мен біліктілігін жетілдіруде негізгі күш болып табылатындығы сөзсіз. Студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау.

Сабақ барысында студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыруда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болатындығына көз жетті.

Алдағы уақытта студенттердің танымдық қабілетін дамытуға даярлығын қалыптастыру; студенттердің танымдық қабілетін дамыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларын пайдалануға даярлау және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990. – 125 б.
2. Меерович М.И., Шрагина Л.И. Технология творческого мышления. – Минск, 2003. –19-25 бб.
3. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. – М., Академический проект, 2004. – 560 б.
4. Дьюи Джон. Как мы думаем. – Москва, 1997

Болатбекова Н.Ж.

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БАРЫСЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оқушылардың қарым-қатынас барысындағы мінез-құлық ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық мәселелері қазіргі білім беру жүйесінің басты назарында болып отыр.

Қарым-қатынас бар болғаны қатысушылардың бірлескен әрекетінің аспектілерінің бірі. Қарым-қатынас – баланың тұтас әрекетінің бір жағы және осы әрекеттің ерекшеліктерімен

анықталады. Қарым-қатынаста қажеттілік баланың ересек адаммен әсіресе ұстазының бірлескен әрекетінің сипатына байланысты мазмұны бойынша өзгереді.

Баланың ересекпен немесе ұстазымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі дамуының кезеңдерін ғалымдар төрт жағдайда қарыстырғаны белгілі: біріншіден педагогтың зейіні мен мейірімділігіне деген қажеттілік; екіншіден педагогпен ынтымақтастықты қажет ету; үшіншіден педагогтың сыйластық қатынасын қажет ету; төртіншіден педагогтың өзара түсінуімен жаны ашуы деген қажеттілік болып табылады.

Себебі, қарым-қатынас оқушы тұлғасының дамуында маңызды рөл атқарады. Қарым-қатынассыз тұлғаның дамуы мүмкін емес, қарым қатынас үдерісінде тәжірибе игеріледі, білімдер жинақталады, практикалық білімдер мен біліктер қалыптасады, көзқарастар мен сенімдер нығаяды. Тек сонда ғана рухани қажеттіліктер, моральдық эстетикалық сезімдер қалыптасады.

Қарым-қатынас тек жеке тұлғаның дамуында ғана емес, сонымен бірге қоғамның дамуында да маңызды орын алады. Қарым-қатынас үдерісінде тұлғалық және қоғамдық қатынастар қалыптасады және жүзеге асады.

Қарым-қатынас негізінде балалардың тұлғалық жеке бас қасиеттері дамып, психикалық сапалары қалыптасады. Сонымен қатар қарым-қатынас балалардың танымдық үрдістерінің жетілуін қамтамасыз ететін бірден-бір фактор екендігі белгілі.

Оқушылардың қарым-қатынас проблемасының әр түрлі аспектілерін А.А. Бодалев [2], Я.Л. Коломинский [3], В.В. Бойко., А.Г. Ковалев, [4], Б. Айдарханова, А. Аязбаева [7], Ж.Р. Бәшірова [8] сынды ғалымдар зерттеген болатын. Қарым-қатынастың бұзылу себептерін анықтап, оны түзету жолдарын ұсынған Э. Берн [9], Вацлавик П., Бивин Дж., Джонсон Д. [10]. Олар әлеуметтік ортаға адамның икемделуіне негіз болатын себептер және факторларды анықтап, қарым-қатынас функциялары мен түрлерін жіктеп, бір жүйеге келтірген.

Балада қарым-қатынас қажеттілігінің пайда болуы оның онтогенездегі дамуының анықтаушы мезеті болып табылады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ересектермен қарым-қатынасы, олардың жеке тұлғасының қалыптасуының жетекші факторларының бірі болып табылады.

Әлеуметтанудың негізінде адам өмір сүруге, басқа адамдармен өзара әрекеттестікте болуға ыңғайланады. Осындай әрекеттестік қарым-қатынаста жүзеге асады. Қарым-қатынас адамның тіршілік әрекеті мен әлеуметтік топтардың әр қырында көрініс беретіндігімен, бұл мәселе әлеуметтік психологияның жетекші міндеттерінің бірі болып табылады. Мұның барлығы қарым-қатынас процесінің жан-жақты қарастырылуын талап етеді.

Баланың әлеуметтік ортаға енуінің салдарынан міндетті түрде терең, әрі әр сапалы өңделудің негізінде 6-7 жас шамасын әлеуметтік дамудың алғашқы кезеңі деп атауға болады. Адам өмірінің мектепте өткен кезеңі оның екінші сатысы болып табылады. Дамудың осы жас шамасында жеке тұлғаның және оқу-танымдық субъектісінің оқу процесін қамтамасыз ететін психологиялық құрылымдары қалыптаса бастайды. Осы жас шамасына дейін бала заттар әлемінде тіршілік етсе, ендігі жолда ол ғылыми тұрғыда қатаң тәртіпте ұйымдасқан қатынастар мен заңдылықтар әлемінде тіршілік ете бастайды. Мектеп кезеңінде іс-әрекет субъектісімен қатар жеке тұлға қалыптаса бастайды. Осы кезеңде қоғамдық-бағдарланған әсердің қалпы күрделеніп, тікелей және әлеуметтік әсердің әрқилы каналдары арқылы, жанамаланған сипатқа ие бола бастайды. Мектеп кезеңінде жеке тұлға мен іс-әрекет субъектісінің біртұтас көріністері, яғни мінезі, жалпы және қосымша қабілеттері, дүниетанымы, мақсатты түрде болжай алу іскерлігі мен мотивациялық-қажеттілік сферасы, кәсіби бағытқа мойын бұра бастауы, құнды бағдарлары, мінез-құлқы мен іс-әрекетін өз еркімен реттей алу іскерлігі қалыптаса бастайды.

Баланың әлеуметтік ортада бағдарлануы мен мінез-құлқының адамгершілік үлгілерін меңгеруінің негізінде, оның жеке басының қасиеттері қалыптаса бастайды. Осы тұста қарым-қатынастың алар орны ерекше. Ең алдымен, баланың ересектермен жанамаланған және тікелей қатынасы арқылы оған ата-бабалардың көне мұралары жетіп отырады. Сонымен бірге тек қарым-қатынас арқылы ғана психиканың әлеуметтік нормалары қалыптаса алады. Қарым-қатынас тәжірибесін біртіндеп жинақтау арқылы жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің сапаларының күрделі жүйесінің қалыптасуына негіз болатын жеке тұлғаның қарым-қатынас қабілеттері қалыптаса бастайды. Жеке тұлғаның басқа адамдарды тануының негізінде пайда болған қарым-қатынас процесінде, оның сана сезімі, өзіндік реттеу мен кері байланыс қасиеттері, жоғары дәрежедегі сапалары қалыптаса бастайды.

Оқу, іс-әрекеттің негізгі түрі ретінде қарым-қатынас пен танымды өзара байланыстырады. Сондықтан да, балалардың мектепке келу мерзімінен бастап және олардың осы кезеңге дейінгі

ойын іс-әрекетінде, оқушыларда жеке тұлғаның қарым-қатынасты қамтамасыз ететін қасиеттерінің қарқынды түрде қалыптасу процесі орын алады. Оның оқу процесіндегі күрделілігі ұлғая түседі. Осындай өзгерістердің барлығы, бала өміріндегі әлеуметтік жағдайлар мен топтардың әр түрлілігінің ұлғаюымен, қарым-қатынастың формалары мен түрлерінің сапалы өзгерістерімен байланысты. Балалардың жанұядағы және құрдастарымен қарым-қатынастарынан тыс, мұғалімге, құрдастарына қатысты қарым-қатынастың жаңа түрлері, және оқушылардың түрлі үйірмелер мен топтарға енуінің негізінде достық қатынастардың жүйесі де қалыптаса бастайды.

Педагогикалық қарым-қатынас негізінде балалардың мінез-құлқы, таным дүниесі, адамгершілік позициясы қалыптасып жетіледі.

Соңғы уақытта педагог-психологтар бастауыш сынып оқушысы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде әр түрлі графикалық тестер мен тәсілдерді өз жұмыстарында жиі қолдануда.

Психологтар бастауыш мектеп жасындағы оқушының жеке тұлғасының қалыптасуындағы оқу іс-әрекетінің мәніне ерекше көңіл бөліп, оқушының ішкі позициясын қабыл алу, оның танымдық және адамгершілік күштерінің дамуының жаңа көздерін ашатын, мінез-құлық мотивтерінің өзгерісі, баланың «мектепте оқу міндетін» сезінуде қамтылған қоғамдық орнының өзгерісі сияқты аспектілерді бөліп көрсетеді.

Психологиялық зерттеулер бойынша бастауыш мектеп жасындағы балалардың өзара қатынастарының негізгі бет бейнесі, олардың достық қатынастарының сыртқы өмірлік жағдайлары мен кездейсоқ қызығушылықтарының бірігіп кетуінде. Құрдастарының берген бағасы өзіндік бағалаудың қалыптасуына негіз болмайды. Осы жас шамасындағы балалардың жетекші іс-әрекеті оқу іс-әрекеті болып табылады. Қарым-қатынас көбінде өз-өзін және басқа адамдарды тану қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты алдағы уақытта оқушылардың қарым-қатынас барысындағы мінез-құлық ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық мәселелерін ғылыми-практикалық тұрғыда зерттеу жүргізу қажеттілігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка / М.И. Лисина. – Москва: Институт практической психологии; Воронеж: Издательство НПО 'МОДЭК', 1997. – 384 с.
2. Бодалев А.А. Общение и развитие психики. – М., 1986., с.132
3. Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений в малых группах. – Минск, 2006. с.5-18, 50-80.
4. Бойко В.В., Ковалев А.Г., Панферов В.Н. Социально-психологический климат коллектива и личность. – М., 1999.
5. Айдарханова Б., Аязбаева А. Жалпы әлеуметтік психология. – Астана, 2011.
6. Бәшірова Ж.Р. Тұлға аралық қарым-қатынас педагогикасы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2011.
7. Берн Э. Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений; Люди, которые играют в игры. Психология человеческой судьбы / Пер. с англ.- СПб.: Лениздат, 2010. – 400 с.
8. Вацлавик П., Бивин Дж., Джонсон Д. Прагматика человеческих коммуникаций. – М.: изд-во «Апрель-пресс», «Эксмо – пресс», 2009.

СОСТАВЛЕНИЕ ПРОГРАММЫ ЛИЧНОСТНОГО РОСТА СТУДЕНТАМИ В РАМКАХ ДИСЦИПЛИНЫ «СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ТРЕНИНГ»

Дисциплина «Социально-психологический тренинг» обучает студентов процессу проведения коммуникативного тренинга воспитанников и школьников [1]. В процессе проведения подобного тренинга дети и подростки должны получить опыт личностного роста на основе приобретения ценностей. Ценности позволят им достигать своих целей и реализовывать идеи на конкурентоспособном уровне в уважительных и культурных личностных критериях самопроявления [2].

В результате освоения курса «Социально-психологический тренинг» студенты составляют программу для детей и подростков «Развитие личности» на основе формирования нравственных ценностей с раскрытием личного потенциала, которая представляет из себя психологический коммуникативный тренинг. Пройдя данный тренинг, у детей и подростков увеличится степень мотивации улучшать качество своей жизни в различных ее проявлениях на основе личного роста, что будет также обеспечивать психолого-педагогическую поддержку личности в рамках взросления подрастающего поколения [3].

В настоящей статье предлагаем рассмотреть одну из программ, которая состоит из мотивационных упражнений, призванных призывать детей и подростков к освоению и применению в своей жизни нравственных принципов [4].

1. Упражнение «Выбор». Цель упражнения: направить на осуществление выбора, основываясь на анализе личных способностей.

Участник тренинга перечисляет свои способности, отвечая на задание тренера, и записывает присущие ему способности. После перечисления своих способностей он распределяет их по трем рангам: 1-ый ранг - значимые способности; 2-ой ранг - неразвитые способности, которые он не может проявить в полной мере. Например, хочу сочинить стих, но не могу находить красивые рифмы, или хочу сделать трюк с велосипедом, но не могу удержать равновесие, и т.д.; 3-ий ранг способности, которые проявляются без усилий, легко и просто, автоматически.

Далее участник тренинга вырабатывает оценку своих способностей, отвечая на задание тренера: свяжи занятие, профессию, деятельность с тем, чем бы хотелось заниматься всю жизнь. Составь список желаемых профессий, занятий и дел. После того, как он перечислит желаемые занятия, то должен оценить их по следующим критериям: 1-ый критерий – безопасность (желаемое занятие не должно приносить вред твоей жизни и жизни окружающих); 2-ой критерий – честность (желаемое занятие должно соответствовать неоспоримым фактам); 3-ий критерий - полезность (результаты желаемого занятия должны приносить вдохновение, полученный опыт вместе со знанием, умением и навыками), 4-ый критерий - удовольствие (получать удовольствие в процессе выполнения всех шагов желаемого занятия, нет тех шагов, которые вызывают неудовольствие и отказ от них).

После данного участник делает выводы: помогло ли упражнение проанализировать способности, получилось ли их ранжировать и связать с любимым делом, занятием или профессией. Смог ли анализ способностей осуществить выбор.

2. Упражнение «Вклад». Цель упражнения: мотивировать на проявление и использование ресурсов личности.

Участник тренинга представляет ситуацию, слушая установку тренера, где представляет, что есть в мире только он, и больше ничего нет: нет материальных ресурсов, родителей, друзей, дома, школы и другого, и выходит, что индивид будет один в мире, который ему не знаком, и который будет для него дружественным только тогда, когда он сам лично сделает в него положительный вклад. Далее участник тренинга отвечает на вопросы тренера: как эффективно выйти из данной ситуации? Какой вклад нужно сделать? Какой вид труда стоит проявить, что можно будет сделать? После задаются вопросы для формулировки выводов: в чем ценность и значимость труда? Почему нужно уважать труд человека?

Упражнение «Источник вашего света». Цель: получать информацию о мире, его проблемах и чудесах, определить свои интересы.

Участник тренинга рассказывает об интересующей его информации, анализируя историю использования интернет. В рассказе он говорит об интересном, о том, что любопытно узнать, увидеть и попробовать реализовать. Другие участники тренинга отвечают на вопрос: Кого еще интересует то, что описано в рассказе, почему? Далее, после ответов на вопросы делают вывод: для чего человек выявляет и распространяет все данные о своих интересах?

4. Упражнение «Безопасность». Цель: формировать представления о нравственно здоровой, психологически грамотной и осведомлённой о своих правах и обязанностях личности, которая соблюдает принципы безопасности.

Выдающийся казахский ученый Ч.Ч. Валиханов (1835–1865 гг.) также указывал на одинаковые следы тотемизма среди сибирских народов и американских индейцев. Если родовыми тотемами первых выступали собаки, волки и лани, то у вторых бобры, черепахи и другие

представители местной фауны. Эти факты говорят о древнейших корнях их общего происхождения из региона Южной Сибири и Саяно-Алтая [6,418].

Таким образом, подтверждается убеждение американских индейцев племени сиу о том, что можно не знать историю своего народа, а просто слушать о нем истории. И хотя америнды – бесписьменный народ, иногда бывает полезно последовать их совету и просто послушать истории о происхождении разных народов мира, которые таят много неожиданных открытий.

Жизнь первобытных людей в эпоху палеолита сводилась к использованию готовых продуктов природы: сбору дикорастущих злаков, плодов, ягод и коллективной охоте. Для ранних периодов этой эпохи свойственно преобладание стоянок открытого (наземного) типа по берегам рек, в пещерах и лессовых районах. Среди них стоянки-мастерские Кызылтау (Жамбылская область), Мугоджары (Актюбинская область), Шакпак-ата (Мангыстауская область), Семизбугы, Хантау и Туранга (Карагандинская область) и другие.

Одним из привлекательных районов для расселения человека являлся хребет Каратау. Древнейшими стоянками здесь являются Бориказган и Танирказган, их возраст около 800 тысяч лет. Человек устраивал простейшие жилища, приручил огонь, что способствовало ускорению эволюции и социальному развитию людей. Орудия труда изготавливались из мягких пород камня, например, речной гальки, которой можно придать любую форму, их называют *чопперами* (оббитые с одной стороны) и *чоппингами* (оббитыми с двух сторон). Появилась техника *леваллуа* (способ расщепления кремня), когда производилась предварительная обработка нуклеуса, что позволяло получать пластины менее массивные и правильных очертаний. В зависимости от формы и предназначения каменные изделия подразделяются на рубила, скребла, отбойники, сверла, ножи, проколки и другие.

В период позднего палеолита (от 40 тыс. лет до 10 тыс. лет до н.э.) появился человек современного типа, который в эволюционном развитии соответствовал *homo sapiens* (человеку разумному). Это было временем широкого расселения человека по всем климатическим зонам земли, всестороннего развития его материальной и духовной культуры [15, 25].

Мировоззрение человека усложнилось, получил распространение культ охотничьей магии. Возникает представление о душе человека и загробной жизни как продолжении земного существования, в могилу клали предметы труда и быта, пищу и напитки в сосудах. Это привело к использованию красной охры (по цвету крови) в обрядовых погребальных церемониях и появлению первобытного искусства в виде наскальных рисунков.

На последних этапах позднего палеолита происходит переход к многогранной технике обработки камня, что позволило изготавливать более сложные орудия труда. В верхнем палеолите возникают пиктографические изображения как способ сообщения информации, например, охоты. Прогресс человека и его материальной культуры подтверждается исследованиями более ста палеолитических стоянок на территории Казахстана.

Затем происходит переход от палеолита к мезолиту. Термином «мезолит» обозначаются комплексы каменных орудий, занимающих среднее положение между палеолитом и неолитом (новокаменным веком). Он датируется X-VII тыс. до н.э. Мезолит отличается высоким уровнем развития техники производства ножевидных пластин и орудий из них. Широко употребляются различные микролиты геометрических форм, распространяется изготовление рубящих орудий – топоров, тесел, долот, мотыг. Появляется техника шлифовки, сверления и пиления каменных орудий. Поселения располагались на берегах рек и озер, это были легкие прямоугольные постройки площадью 40-60 кв. метров с неглубоко вкопанными столбами каркаса и стен.

Формируются современные гидрографическая система, флора и фауна, что связано с отступлением ледников. По-прежнему ведущую роль играют собирательство, охота и рыболовство с применением лодок и сетей. Начинается освоение пустынь и полупустынь, что расширило ареал расселения людей. Были одомашнены козы, овцы, крупный рогатый скот и свиньи. С ростом населения люди мигрируют на север, в бассейны рек Иртыша, Есиля, Тобола и Торгая. Они сооружали речные плоты, чтобы передвигаться по рекам и озерам, открывать новые земли и осваивать их. Фауна млекопитающих была представлена видами, приспособленными к открытым пространствам, напоминающими африканскую саванну. Археологами установлено 15 видов охотничье-промысловых млекопитающих: бизонов, туров, лосей, диких лошадей, джейранов, кабанов, косуль и других животных [3,184].

Важнейшим техническим достижением в верхнем палеолите и мезолите стали лук и стрелы с наконечниками из кремниевых пластинок, которые обладали преимуществом перед пиками и дротиками. Их изобретение явилось подлинной революцией в развитии производительных сил и

привело к коренным изменениям в хозяйственной жизни древнего человека. Наряду с дубинками, палками и гарпунами они обогатили арсенал оружия человека, лучники-мужчины стали занимать привилегированное положение наряду с вождями и шаманами. Другим достижением мезолита явилось появление микролитов – миниатюрных пластин в форме треугольников, ромбов, трапеций и сегментов. Они использовались в качестве наконечников стрел и вкладышевых орудий при изготовлении дротиков, копий, стрел, ножей и скребков для обработки шкур.

Всего в Казахстане исследовано около двадцати мезолитических стоянок близ Атбасара, Караганды, Костаная, Кокшетау, Петропавловска, на Мангыстау и у Торгайской ложбины.

В эпоху мезолита разразился первый глобальный экологический кризис, поставивший первобытные общества перед угрозой голодной смерти. Причинами его были потепление климата и уход крупных животных (мамонтов, бизонов и оленей) в труднодоступные северные просторы. Другой причиной явилось использование лука и стрел, что приводило к массовому истреблению животных и птиц степной зоны. Выход из него находился на пути перехода от присваивающей экономики к производящей, основанной на иных хозяйственных инновациях и принципах разделения труда. Человек вступил на траекторию развития от биосферы к ноосфере, к новым технологическим цивилизациям в эпоху неолита [19, 113-114].

Одним из сложных вопросов является определение приблизительной численности населения Казахстана в эпоху перехода от присваивающей экономики к производящей. Исследователи связывают эту проблему с соотношением численности охотничьей общины с размерами необходимой ей охотничьей территории. Если охотничью общину определять в среднем в 50 человек, то для выживания ей необходима территория в 750 кв. км (при условии сохранения равновесия между человеком и природой). Они полагают максимальную численность населения в 80 тыс. человек наиболее оптимальной для Казахстана эпохи неолита [11, 94].



Неолитическая революция охватывает период между IX и VII тыс. до н.э., она зародилась в Передней Азии и Ближнем Востоке. Этот период жизни людей нового каменного века, насыщенный новыми открытиями и изобретениями, получил название «неолитической революции» – первой социально-экономической революции в истории человеческой цивилизации.

Рисунок 2. Схема неолитической революции.

Источник: <http://900igr.net/prezentacija/geografija/vozniknovenie-zemledelija-i-skotovodstva243199/neoliticheskaja-revoljutsija-11.html>.

От занятий охотой на млекопитающих человек переходит к их одомашниванию, так появляются зачатки скотоводства, затем он переходит к оседлости и начинает осваивать земледелие. Скотоводство и земледелие шли на смену присваивающей экономике, когда человек брал от природы готовые продукты питания. Теперь человек получил устойчивые и возобновляемые источники существования. Переход к скотоводству и земледелию явился первым общественным разделением труда, появляются специальные группы скотоводов и земледельцев, к ним затем добавились ремесленники, строители, гончары и древние металлурги.

Как полагают ученые, скотоводство и земледелие возникли благодаря уму и вниманию женщины. Она сыграла главную роль в приручении детенышей убитых на охоте диких животных, что создавало гарантированный запас пищи и привело затем к скотоводству. Поскольку содержание и размножение даже одного животного в неволе уже является его начальной формой. Предполагается, что в Казахстане занятие скотоводством впервые зародилось на территории Сары-арки. Именно женщина обратила внимание, что при сборе диких злаков зерна, случайно упавшие на землю, весной дают всходы, так появилось примитивное земледелие. Первым злаком, который выращивали люди, стал ячмень. Скотоводство и земледелие привели к кризису

привычных ценностей общества, на вершину первобытной иерархии взошла женщина. Поскольку она играла главную роль в одомашнивании животных и растений, так сформировалась женская элита общества.

Однако вскоре роли поменялись. Археологи считают, что овца и собака были первыми прирученными женщиной мелкими животными, а последними такие крупные как рогатый скот, лошадь и верблюд, прирученные уже мужчиной. Соответственно, все инновации, связанные с тяжелым ручным трудом производящей экономики, особенно скотоводством и земледелием, требовали много физических сил, времени, навыков и опыта. Поэтому на вершину социальной лестницы восходит мужчина, материнско-родовая организация сменяется отцовско-родовой. Мужчина становится главой семьи, рода и племени. Возвышению мужчины также способствовали участвовавшие столкновения с соседними общинами за охотничьи и земельные угодья, скот, пастбища, иные ресурсы. Из общества выделяется первая мужская элита: вожди, воины и жрецы. В социальном отношении эпоха неолита была временем родовых общин с коллективной собственностью на средства производства.

В неолито-энеолитическом периоде на территории нашего края стали складываться три хозяйственно-культурных типа: полуседлое – на севере, кочевое – в западных и центральных районах, оседло-земледельческое – на юге и юго-востоке. В целом, экономическое развитие определялось гармоничным развитием хозяйственно-культурных типов однородных в этническом и культурном плане человеческих сообществ. Этот процесс получил свое продолжение и в последующие исторические периоды [2, 45-46].

Известно свыше 800 археологических памятников этого времени, объединенных в несколько культур: Кельтеминарская в юго-западном Казахстане – стоянки Саксаульская, Акеспе, Шатпаколь, Кульсары, Сарыкамыс, Шаянды и другие, Атбасарская в бассейне реки Ишим и северо-западной части Казахского мелкосопочника, Маханджарская в Торгайской ложбине и Ботайская в Северном Казахстане. Много стоянок новокаменного века выявлено на южных и северных склонах хребта Каратау. Самый многочисленный материал неолитического времени собран в пещере Караунгур, где сохранился культурный слой от позднего мезолита до неолита. Люди освоили ручную лепку керамической посуды, которую делали с круглым дном, наружную поверхность покрывали краской, украшали орнаментом в виде штрихов, ямок и фигур. Он имел магический характер, символизировал богатство, изобилие и достаток.



Рисунок 3. Скульптурная реконструкция мужчины из погребения Коскудук I. Источник: Великая степь: история и культура. Т. III. Нур-Султан, 2019. С. 144.

Пращур из Коскудука - первый «казах». Самым древним захоронением эпохи неолита является погребение у стоянки Коскудук I в Мангыстау, которое датируется концом V–началом IV тыс. до н.э. Умерший мужчина находился в скорченном виде на боку (поза младенца в утробе матери), в круглой яме с каменным закладом, был зрелого возраста, жил около семи тысяч лет назад. Человек из Коскудука, возможно, является первым тюркоязычным европеоидом на территории Казахстана. Поскольку языковеды отодвигают зарождение пратюркской общности и ностратического тюркского языка к эпохе мезолита (X–VIII тыс. до н.э.).

Около 50 тыс. лет назад генофонд человечества разделился на три ветви: негроидную, европеоидную и монголоидную расы. Например, бушмены – древнейшее население Южной Африки уже обладали некоторыми монголоидными чертами. Завершился процесс расообразования 12–10 тыс. лет назад, в эпоху позднего мезолита и раннего неолита. Сегодня ученые подразделяют расы также по континентам: африканскую, европеоидную, азиатскую, тихоокеанскую и коренных американцев [17, 51-66, 243–245].

В этой связи можно утверждать о существовании тюрко-тураноидной (степной евразийской) расы, носителей которой в свое время европейские ученые искусственно объединили с

монголоидной. Все современные расы сформировались под влиянием внешней среды, в разных зонах планеты развитие человека происходило изолированно и имело свою эволюционную траекторию. Это приводило к появлению человеческих популяций (народов, этносов и рас) со своими своеобразными отличиями. Например, восточный расообразовательный очаг находился в долине рек Хуанхэ и Янцзы, где в эпоху нижнего палеолита у синантропа начал формироваться монголоидный антропологический комплекс.

Великая Евразийская степь имела свои особенности по сравнению с джунглями Африки, прериями Америки, равнинами Европы и островами Полинезии. Сегодня тюркоязычные народы расселяются на гигантской территории от Южной Сибири, Байкала и Алтая до Западной Азии и Средиземного моря. Ее отличали своеобразные физико-географические, природно-климатические и биотические особенности. Народы же ярко выраженного монголоидного антропологического типа занимают территорию Центральной, Восточной и Юго-Восточной Азии со своими аналогичными признаками. К тому же между ними находится область мощных тектонических поднятий Центральной Азии (горные массивы Алтай, Гиндукуш, Гималаи, Памир, Тянь-Шань и другие), которые и сегодня являются труднопроходимым рубежом, что вело к изоляции человека и появлению расовых отличий.

Поэтому правомерно ставить вопрос о необходимости выделения из монголоидной расы самостоятельной тураноидной расы тюркоязычных народов со своими анатомическими, морфологическими, генетическими и языковыми особенностями. Первоначально тюрки вышли на мировую историческую арену как европеоиды. Их расовый тип называют тюрко-татарским или тюркским. Например, сегодня казахи в своем генотипе имеют 70% монголоидных и 30% прежних европеоидных признаков, уйгуры – 50% европеоидных генов и столько же восточноазиатских, узбеки также народ смешанного происхождения, они в основном европеоиды с частично монголоидными чертами, у татар всего 20% монголоидных признаков, туркмены – европеоиды с небольшой монголоидной примесью, турки антропологически относятся к средиземноморской группе южных европеоидов, азербайджанцы также почти все европеоиды.

Еще ученые XIX в. указывали на среднее положение казахов между европеоидной и монголоидной расами. В середине XX в. смешанные и переходные формы между европеоидами и азиатскими монголоидами насчитывали почти 34 млн. человек. Из них в СССР проживало 23,5 млн. человек. К ним относятся такие контактные группы, как южносибирская (6,3 млн.), распространенная, в основном, в Центральном Казахстане. К этой же категории промежуточных европеоидно-монголоидных популяций причисляют смешанные группы узбеков, туркмен, уйгуров и других народов Средней Азии, которые по внешнему облику связывают южносибирскую группу с индопамирской [18,116-117].

Также сегодня исследователи называют антропологический тип древних насельников Туранского плоскогорья тураноидным. Поскольку изначально вся динамика краниологического развития местных древних насельников края шла по пути формирования смешанного физического облика казахского народа [10,23, 86].

Для справки: сегодня в мире насчитывается 40 тюркоязычных народов, шесть тюркских государств, 13 автономий и 30 этнических групп, всего около 100 млн. человек, которые можно уверенно отнести к самостоятельной тураноидной расе.

Таким образом, первые архантропы (древние люди) вступили на нашу территорию около одного миллиона лет назад. Вплоть до середины I тыс. н.э. они являлись 100% европеоидами и лишь под влиянием алтайского антропологического типа начали менять свой физический облик на смешанный тюрко-европеоидный.

В процессе эволюции наш далекий предок-протоказак превратился в биосоциальное существо и значительно продвинулся в своем интеллектуальном развитии. Предположительно, он научился пользоваться 18 элементами таблицы Менделеева. С освоением скотоводства и земледелия питание стало более разнообразным и калорийным, использование белковых веществ, микроэлементов и витаминов способствовали активизации мозговой деятельности. Физиологи считают, что переход к земледелию и употребление более мягкой пищи растительного характера привели к заметным антропологическим изменениям: трансформации черепной коробки, лицо человека постепенно приобретало более тонкие черты. Он накапливал и применял знания об окружающем мире, климате, пространстве и времени, видах растений и животных, способах лечения болезней, появились навыки счета, складывалась система верований и культов. Эти новации явились главными стимулами дальнейшего прогресса общества и самого человека на территории Казахстана.

Список литературы

1. Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана (О древнейшем заселении Казахстана первобытным человеком). Алма-Ата: Наука, 1979. – 208 с.
2. Артыкбаев Ж. История Казахстана: Учебник. Астана: Фолиант, 2013. – 352 с.
3. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане (по остеологическому материалу из археологических источников энеолита и бронзы). Алма-Ата: Ғылым, 1992. 218 с.
4. Ахметов Ә.К. Түбі түркі мәдениет. – Алматы: Арыс, 2009. – 344 б.
5. Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.К. Қазақстан археологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 354 б.: илл.
6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том I. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. 777 с.: илл.
7. Вопросы географии США (Сборник статей). Л.: Географическое общество СССР, 1976. 141 с.
8. Деревянко А.П. Три глобальные миграции человека в Евразии. Том II. Первоначальное заселение человеком Северной, Центральной и Средней Азии. Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 2017. 884 с.
9. Захаров И.А. Центральноазиатское происхождение предков первых американцев // Первые американцы. 2003. № 11. С. 139-147.
10. Исмагулов О., Исмагулова А. Очерки по антропологии казахского народа и его предков. Нур-Султан: Международная тюркская академия, 2021. 128 с.
11. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В четырех томах. Том I. Алматы: Атамура, 1996. 544 с.
12. История человечества. Том I. Доисторические времена и начала цивилизации. М.: Изд. Дом МАГИСТР-ПРЕСС, 2003. 682 с.: илл.
13. Керам К.В. Первый американец. Загадки индейцев доколумбовой Америки. М.: Вече, 2005. 384 с.
14. Кшибеков Д.К., Кшибеков Т.Д. Речь и письменность: трансформация звездно-знаковых систем. Алматы: НИЦ Ғылым, 2004. 264 с.
15. Ламберт Т.Д. Доисторический человек. Кембриджский путеводитель/Пер. с англ. Л.: 1991. 256 с.
16. Умирьяев Б. Безвестные тюрки. Исчезнувшие цивилизации. Изд. 2-е. Алматы, 2013. 438 с.
17. Уэйд Н. На заре человечества: Неизвестная история наших предков / Пер. с англ. М.: Альпина нон-фикшн, 2017. 408 с.
18. Чебоксаров Н.Н., Чебоксаров И.Н. Народы, расы, культура. М.: Наука, 1971. 256 с.
19. Яковец Ю.В. История цивилизаций: Учебное пособие для студентов гуманитарного профиля. 2-е изд. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1997. 352 с.

Abdikadirova A.

PhD

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana (Kazakhstan)

TRANSFORMATION IN HIGHER EDUCATION: NEW TRENDS AND CHALLENGES

The noted changes in education and research, especially the impact of the technologies, have demanded a number of new things: different management approaches, different teaching methods and research communication ways. This article highlights some important changes in global research and higher education with respect to digitalization.

This research article has been supported by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan within the project «Development of a model for evaluating the effectiveness of research activities of universities in Kazakhstan based on non-parametric and semi-parametric data analysis» (IRN AP13268842).

In recent years, educational institutions have been experiencing a set of important changes, induced by technological and social trends towards digitalization. Like all other types of revolutions, the digital

one involves an intense readjustment in all sectors, from the production and energy chain to banking [1]. Currently, the adoption of technologies by universities is related to a paradigm shift, where technology is conceived as a complex and interconnected environment that enables digital learning [2].

In this way, the interest is focused more on the students than on the technology itself, in addition to the learning experiences it allows. In this context, digitalization is a necessity in higher education institutions (HEIs) capable of attracting more and better students, improving the experience of courses, teaching materials, and the training process in general [3]. It also allows monitoring in order to detect training obstacles and reduce the risk of dropping out of school. However, reluctance to understand and take advantage of the opportunities to move towards this digital environment persists.

Regarding the research connections among scholars, the digital changes affected the co-authorship diversity. Figure 1 shows the collaboration network between main countries based on the co-authorship of their authors during the last 34 years. The distinct colors represent the different clusters formed by the groups of countries, while the size of the circle varies depending on the number of items in each country. Thus, the larger the circle of each country, the greater the number of articles whose authorship it represents.




Figure 1. Network of cooperation between countries based on co-authorship [4].

Thus, the interest generated by the knowledge economy has implications in education as conclusive of economic growth. The ability of countries to both compete and cooperate in the global economy and respond to existing and potential challenges depends on the ability of their educational systems to develop basic skills, which enable greater learning and this is reflected in the research collaboration.

Table 1 shows the five clusters on the thematic area of sustainable management of digital transformation in higher education, derived from cooperation between countries based on co-authorship and named by the country with the largest number of published articles

Table 1. Clusters of countries, Network of cooperation [4].

Cluster number	Color	Cluster name	%	Main countries
1	Red	Australia	34.44	China, Spain, Italy, Germany, Norway, Poland, Russia, Finland
2	Green	UK	26.67	France, Japan, Taiwan, Serbia, Ghana, Latvia, South Korea
3	Blue	The Netherlands	18.89	Canada, Switzerland, Sweden, Denmark, Turkey, Israel
4	Yellow	USA	13.33	Malaysia, Ireland, Qatar, South Africa, Bangladesh
5	Rose	Brazil	6.67	Argentina, Chile, Costa Rica, Guatemala, Panama

It is observed that scientific collaboration between these countries does not respond to reliable and elementary relations of a political, cultural, economic, legal, or technological, and digital development type, but rather, they respond to an institutional or related alliances globalization process.

The main categories of research topics were Social Sciences and Environmental Sciences. This indicates that the relationship between digitalization of education has connotations related to both human society and behavior and to the more general, multidisciplinary, and global vision of environmental sciences. This area of research has implications and scope of interest for the international scientific community.

Finally, it is necessary to highlight that the growing interest of authors, institutions, and countries shown by the number of publications in recent years supposes the support of the international scientific community to the study of the different thematic lines of digital transformation in higher education and its link to sustainability.

References

1. Syam, N.; Sharma, A. Waiting for a sales renaissance in the fourth industrial revolution: Machine learning and artificial intelligence in sales research and practice. *Ind. Mark. Manag.* 2018, 69, 135–146.
2. Mahlow, C.; Hediger, A. Digital Transformation in Higher Education—Buzzword or Opportunity? *ELearn* 2019, 2019, 13.
3. Gurung, B.; Rutledge, D. Digital learners and the overlapping of their personal and educational digital engagement. *Comput. Educ.* 2014, 77, 91–100.
4. Abad-Segura, E., González-Zamar, M. D., Infante-Moro, J. C., & Ruipérez García, G. (2020). Sustainable management of digital transformation in higher education: Global research trends. *Sustainability*, 12(5), 2107.

Абдразакова К.Ж.

жаратылыстану ғылымдарының магистрі
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, биология пәнінің оқытушысы
«Екібастұз медициналық колледжі» КМҚК
Екібастұз қ. (Қазақстан)

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Жаһандану заманы жыл өткен сайын өзінің даму қарқынын үдетпесе азайтқан емес. Ең маңыздысы бұл қас пен көздің арасындай жылдамдықта өмірімізге еніп жатқан жаңалықтар қоғамдық санаға мықтап әсер етуде. Сәйкесінше жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесінде жаһандану процесіндегі шиеленіспен байланысты бірқатар проблемалар байқалды. Сарапатамалық көрсеткіштерге сай білім алушы арасындағы суицидтің көбеюі және жүргізілген талдаулар нәтижесінде

- балалар мен білім алушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет-сайттарға бағдарлануы;
- қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегуге, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі;
- еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі;
- отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі;
- әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашақорлық, діни секталарға қатысу және т.б. анықталды. Күнделікті тәжірибе көрсеткеніндей, жастардың бір бөлігінде әлеуметтік-позитивті бастамашылық мүлдем жойылып, оның орнын мақсатсыз уақыт өткізу алмастырып отыр. Бүгінгі жастарда өмірлік жетістікке, жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу табанды және нәтижелі еңбек етумен, қойылған мақсатқа дәйекті түрде жету білігімен байланыстырылмайды. Бұл келтірілген дәйектер қоғам болып ойланатын мәселе. Демек, қазіргі қоғамдық санада болып жатқан өзгерістер мен жаңарулар жас жеткіншектерді жалпыадамзаттық құндылықтар мен өмірдің қарапайым ақиқаты тұтастығында тәрбиелеуді нысана тұтады. Қазіргі педагогика ғылымы тәрбие саласындағы басымдық міндеттердің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде тәрбиелеу қажеттігін дәлелдеп отыр [1,44]. Бұл іс ізгілікке жол ашады. Осыдан келіп,

білімді құндылықты беруге назар аударылып, оқыту мазмұнында дүниетанымдық және рухани-адамгершілік сипаттары айқын мәселелерді көбірек қамту қажеттілігі туындап отыр.

Бұл тарапта мемлекет тарапынан көптеген шаралар қолға алынып атқарылуда. Қосымша білім берудің дамуы, білім алушыларды жаппай үйірмелерге тарту, үйірмелерді ұйымдастыруға мүдделі азаматтарға қолдау, мұғалімдер мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстардың жүргізілуі бұл сөзіме дәлел бола алады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда жаңартылған білім берудің жаңа кезеңі басталды. Оқыту мен тәрбие бағыттары білім алушы жеке тұлға ретінде жетілдіріп, пәндердің бір-бірімен байланысын күшейту арқылы құндылық пен дағдыны дамытуға, оқушының өзіндік іс ерекетін қалыптастыруға ықпал жасайды. Демек, оқушыға қолайлы оқу ортасын құру және өзін-өзі тұлға ретінде жүзеге асыруына мүмкіндік беру қажеттілігі туындайды. Ұлы философ әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» – деп айтқандай, баланың тұлғалық дамуы тікелей тәрбиеге байланысты десек, құндылықтарға бағыттап оқыту бізді осы межеге жеткізері анық [2,310].

Құндылық дегеніміз – адамдардың көпшілігі мойындайтын және қоғам қолдайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Елімізде жалпыұлттық идеяның құндылықтарын, «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыруда оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асыру қолға алынды. «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктеріне білім беру құндылықтарына қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, өмір бойы білім алу және тағы да басқалар жатады [3].

Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін қатар сіңіруіміз қажет. Қазіргі кезде табысты болу үшін білім алушыға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ой басымдыққа ие болып келеді. Бұл білім алушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңа ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада әлемдік Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаны шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр [4,156].

Жалпы құзырет жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды, оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Қарапайым ғана мысал, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады. Осы нақтылықтарды негізге ала отырып, жаңартылған оқу бағдарламаларында білім алушылардың бойында болуы тиіс құндылықтар мен дағдылар анықталды.

Құндылықтар мен дағдыларға әдетте төмендегілерді жатқызамыз:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу;
- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- мәселелерді шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары ;
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Жаһандану кезіндегі қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа жалпыұлттық құндылықтарға сай білім беру технологияларын жетілдіруде. Оның аясында жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік бағдарларын жоғалтқан қазіргі замандағы технократиялық өркениетті тажалдан – тек адамның рухани көзінің ашылуы, оның өзінің жоғарғы рухани субстанцияға бастапқы қатынасын сезінуі ғана құтқара алатындығы дәлелденген [5,304].

Қазірде пәндік білім беруде дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Бұл дағдыларды білім алушыға меңгерту үшін сабақ беру үрдісіне де енгізілген жаңашылдық көп, бүгінгі әдістер мен технологиялар да нәтижеге қол жеткізу үшін қызмет ететіні іріктеліп алынған. Мәселен, сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмаларды сабақта пайдалану мұғалімге бір мезгілде бірнеше міндетті қатар шешуге көмектеседі: оқушылардың когнитивті даму деңгейін анықтау; тапсырмада қойылған мақсатқа жету жолында баланың білімді өздігінен алу мен әрекет тәсілдерін таңдау қабілетін бағалау; зерттеушілікті дамыту арқылы пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру. Берілген тапсырманы білім алушы орындағаннан кейін жауаптарына қарап, әр білім алушының сын тұрғысынан ойлауын бағалауды жүзеге асыруға болады. Осы тапсырмаларды тапсырмаларды орындау барысында студенттердің сыни дағдылары: бакылау, талдау, қорытынды, интерпретация дамиды. Сын тұрғысынан ойлау білім алушының мұғаліммен, топ ішінде еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге тәрбиелейді. Ал оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту әр сабақта назарға алынуы әр сабақта ескерілген. Оқыту барысында белгілі бір тақырыптың аясында білім алушы бірлесіп жұмыс жасап, ортақ мәселе бойынша талқылауға қатысса жұмысты шығармашылықпен орындау, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, өз оқуына деген жауапкершілікті сезіну, қарым-қатынас жасай білу құндылықтары арта түседі. Басты құндылықтардың бірі – шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау болып табылады [6].

Ойымды қорытындыласақ, жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуда құндылыққа бағыттальп оқытылған әр пән жас ұрпақтың өмірден өз орнын табуына бағыттай отырып, олардың кәсіби-тұлғалық жетілуін, интеллектуалдық дамуын қамтиды. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытады. Тамыз конференциясында Президентіміз Қ.К. Тоқаев: «Бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыруда басты үміт мұғалімдерге артылады. Педагогтардың, әлбетте ата-аналардың да міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеу» деген болатын. Айтылған міндетке жетуде бізге құндылықтарға бағыттап оқыту нақты бағдар бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сіләмбекова Т. Адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат /Т Сіләмбекова // Қаз. Мектебі, -2018, – № 5, – 44 б.
2. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Монография. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2019. – 310 б.
3. info@kazakh.ru
4. Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық тренинг жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Жазушы, 2006. – 156 б.
5. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. – Алматы: НұрлыӘлем, 2004. – 304 б.
6. Иманбаева С.Т. Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру. Абай атындағы ҚазҰПУ, 2020.

ТОМАС ГОББСТЫҢ ЛЕВИАФАН ІЛІМНІҢ ҚАЗІРГІ САЯСИ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ РӨЛІ

Қазіргі саяси ойдың қалыптасуында Гоббстың саяси философиясының маңызы зор. Жаңа заман философиясында Томас Гоббс ұлы ойшылдардың бірі болғаны сөзсіз. Гоббстан кейінгі саяси ой тарихы салсында бірде бір философ Гоббс ойларын айналып кете алмайды. Дей тұрғанмен, Гоббстың кейінгі философтар үшін маңызы бір қалыпты болған жоқ. Оның еңбектері де терең, тиісті деңгейінде зерттеліп, оқылды деп те айта аламаймыз.

Гоббс көзқарастарының интерпретациясының күрделі тұстары көптеген пікір таластарды тудырды. Қазіргі кезде Гоббс философиясын түсінудің бір ыңғай бағыты да қалыптаспады, тіпті оның ілімін уақыт өткен сайын жаңаша қарау тенденциясы орнады деуге болады. Қазіргі кезде де осы тенденция қарқындамаса, саябырлаған жоқ. Гоббс шығармашылығына жиі назар аударудың бір себебі, оның өз заманында көтерген мәселелелерінің қазіргі философияда да өзгектілігін жоймағаны [1].

Гоббс философиясын жаңа қырынан қарастырған көрнекті теоретиктердің бірі Квентин Скиннер. Ол ренессанстық гуманизм дәстүрінде жетілген Гоббсты сол сарынға қарсы концепция құрды деп айыптайды. Қала-мемлекеттердің республикалық өзін басқару тәртібіне қарсы суверенитет билігін бекіту үшін адамдар өзін өзі басқару құқығынан бас тартуға негізделген суверенитет концепциясын ұсынды. Саяси бостандық бітпес пікірталас пәніне айналады. Сондықтан, Скиннердің түйіндеуінше, Гоббсты ғұлама, теңдесі жоқ автор деп есептегендер ақиқатты бұрмалаушылар.

Скиннердың қарсыласы Уоррендер Гоббсты табиғи құқық теоретигі деп дәлелдейді, ал зерттеуші Бернард Герт өз жұмыстарында бұл кітапты оқу тарих алаңының, яғни интеллектуалды тарихтың және аналитикалық философия алаңының айырмашылығын көрсетті [2,4-137].

Кэмбридж университетіне оппозициялық ой ұстанған Ив Шарль Зарка басқарған Сорбонна тобы. Бұл мектеп өкілдері біріншіден Гоббстың еңбектерін өзіндік ішкі қисыны бар философиялық шығармалар ретінде қарастырады. Бірақ модернизация мен қазіргі философиялық терминдерге ауыстырмайды.

1996 жылы Скиннер мен Зарка арасында «Амстердам дебаттары» ұйымдастырылды. Өз позициясын түсіндіру барысында француз философы, бұл бағытта зерттеу жүргізуде саяси философия сол дәуірдің тарихында алатын орнын назарға алуымыз қажет. Сонымен бірге шығарманың әдеби аспектісі де назарға алынады. Мәселе мынада: бұл аспектілерді рационалды философиялық еңбек ретіндегі философияның негізгі статус ұғымдары арқылы зерттеу. Мұндай зерттеу тарихи контекстінің назарға алынуын, тарихи нақтылықты талап етсе де тарихи аспектіні философиялықтан ажыратуға болмайды. Өйткені бұл мәтіндер өткен дәуірдің тозығы емес, онда «саясаттың табиғатына, құндылықтарына және мақсаттарына» қатысты мәселелер қойылады. Сондықтан, қазіргімен байланыстырмай ескіні қайта ашамыз деу бекер іс.

Кембридж мектебіне қарағанда Сорбонна ұжымының жұмысы ұтымды, принциптері нәтижелі. Мәселе бұл жерде тіпті тарихи-философиялық жетістікте емес. Скиннердің 3 томдық «Саясатқа деген көзқарас» атты зерттеуінде 1 том түгелдей әдіс туралы ойға арналған. Уоррендердің және оның жақтастарының сынына қайта қайта орала отырып, П.Бейль тәрізді Гоббстың Құдай туралы, табиғи құқық туралы ойларын таза сол күйінде қабылдауға болмайтынын айтады. Гоббсты да Бейльды да өз замандастары діни ортодоксияны жоюшылар деп, ал 18 ғасыр француз ағартушылары ізбасарымыз деп есептеген. Гоббс шіркеу шеңберінде сынға ұшырағандықтан, шығармасын өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда жазды. Бейль екі мәрте университеттік кафедрасынан айырылды. Сонда туындайтын орынды сұрақ, неліктен Гоббс та Бейль де кейінгі жариялымдарында қатты сынға ұшыраған тұстарын алып тастамаған? Скиннердің бұл аргументіне амстердам дебаттарында Зарканың ойымен жауап беруге болады. Зарканың пікірінше, философиялық ой қандай да бір көзқарасты білдіреді. Біздің өз заманымызға сай зерттеу объектісіне қызығушылығымыз, интеллектуалды бағдарымыз, көздеген мақсаттарымыз біздің ойымыздың бағытын айқындайды. Философия таза күәнде болмайды, жоқ, тек біз шешуге ұмтылатын философиялық позиция мен міндеттер бар. Сондықтан

интерпретациясыз, яғни мәтіннің, оқиғаның, әрекеттің, құбылыстың, процестің мәнін реконструкциялаусыз зерттеу жүргізу мүмкін емес. Алайда, реконструкциялау екі түрлі болуы мүмкін: бір жағынан мәтіннің біз үшін маңыздылығы болса, екінші жағынан мәтін тарихи шығарма ретінде маңызды. Біріншіге қарағанда, екінші жағдайда біз еркінбіз дей алмаймыз, себебі тарихи контекстінің шеңберінен шыға алмаймыз [3, 31].

Көріп тұрғанымыздай, қазіргі саяси-философиялық қызығушылық пен тарихи-философиялық зерттеу сипаты жалпы түрде шешілмейді. Егер мақсатымыз автордың нені меңзеп тұрғанын анықтау болса, контекстуалды зерттеу (нәтижелері емес, мақсатына қарай, жалпы идеяға қарай) жоққа шығарылмайды. Бірақ та, бірде бір контекстуалды зерттеу мүлдем басқа сауал қоюға бөгет бола алмайды. Мәселен, Гоббстың негізгі ниетін түсінбесек те, Гоббстың қандай да бір ойлары біз үшін нені білдіреді? Автордың контекст ішінде айтпақ болған ойы (интенциясы-ниеті) айтылған сөзін толық айқындамайды, және де мағынасы ниетіне қарай емес, заманынан қарай түрленетін контекстіге қарай өзгереді.

Гоббсты зерттеуде 2 ыңғай бар. Олардың бірі бойынша Гоббстың саяси шығармаларын басқа шығармаларымен бірге зерттеу. Себебі ойшылдың шығармалары қандай да реттілігі бар бір тұтас мәтін. Екінші ыңғай бойынша Гоббстың саяси және өнегелілік философиясын айырықша әлем ретінде қарастырады. Бұл жерде табиғи философия аргументтері күшін жояды. Екі ыңғайдың қайсы дұрыс екенін анықтау қиын. Әрине, Гоббс әмбебап ғалым болғаны сөзсіз. Оның сыни көзқарасы сол заманда маңызы зор салалардың барлығына таралды. Ал оның зерттеулерінің арасындағы байланыс қаншалықты тығыз болды? Осы жерде тарихқа бір назар аударайық.

Гоббстың «Философия бастамасы» атты трилогиясы келесі реттілікпен жарық көрді: алдымен «Азамат туралы» атты 3-ші бөлімі жарық көрді, сосын «Тән туралы» 1-ші бөлімі жарияланды, соңында біраз уақыт араға салып «Адам туралы» атты 2-ші бөлім жарық көрді. Осы жағдайдың негізінде Гоббс үшін практикалық философияны құруда теориялық философияның қажеті болмағанын көреміз. Теориялық философияның ойшылдың этикалық және саяси-философиялық шығармаларын түсіндіруге де қажеті болмаған. Бірақ «Левиафанның» жазылу тарихы барлығының күрделі болғандығын дәлелдейді. Гоббс «Азамат туралы» (1642) трактатын жарыялаған соң «Тән туралы» трактатын жазуға кірісті. Алайда оны Уэльс ханзадасының (болашақ 2-ші Карл патшасы) сарайына тақ мұрагеріне математиканы оқыту үшін шақыртып алады. Кейін ол ауырғанына, басқа да жұмыс бастылыққа қарамастан трактатын жазуға бірнеше жылын арнады. Тек 1649 жылы Гоббс «Тән туралы» трактатын қойып, «Левиафанды» жазуға кірісті. Бірінші бөлімі маңызды теориялық-философиялық тарауларға арналған. «Левиафан» басылып шыға салысымен Гоббстың патша сарайымен қарым-қатынасы бұзылып, ол Лондонға қоныс аударады. Сол жерде «Тән туралы» трактатына қайта оралып, жалғастырып жазады. Басқа сөзбен айтқанда, Гоббстың ең танымал саяси-философиялық шығармасы оның теориялық философиясындағы негізгі еңбегі жазылу барысында пайда болады.

Осыдан келіп, Гоббстың теориялық философиясы ғана емес, ғылыми зерттеулерінен «Левиафанды» жазумен тарихи сабақтастықтығы бар екеніне және есепке алыну қажеттігіне көз жеткіземіз.

Зарқа қазіргі философия тарихшыларының ең үлкен жетістігі Гоббстың концепциясының когеренттігін ғана дәлелдеуге тырысты, бірақ табиғилық пен әлеуметтікті байланыстыра алмады, олар үшін саясылықтың негізі құқықтық, яғни физиказандарынан шығарылмайды деуі бекер.

Жоғарыда келтірілген пікірге қарсы Лео Штраус өткен ғасырдың 30-шы жылдарының ортасында мүлде басқа ыңғай тұрғысынан келді. Ол Гоббстың саяси философиясын өзге идеялары мен ұғымдарынан бөлек қарастыруды ұсынды. «Гоббс еңбектерінде жаратылыстану ғылыми әдістеріне сәйкес жаратылыстану ғылымының бір бөлімі ретінде саяси ғылымды құрастыру мүмкіндігіне әрдайым күмән келтіріп отырады. Себебі, екі саланың өзара түбегейлі айырмашылығын жақсы түсінеді. Сондықтан, Гоббстың негізгі ойы бойынша саяси ғылым негізінен жаратылыстану ғылымынан тәуелсіз болып табылады». Гоббс бойынша саяси ғылым – эмпирикалық ғылым болып табылады. Себебі, ол өзін-өзі тану біліміне негізделген білім. Қала берді тағы бір дәлел келтіретін болсақ, тарихқа көз жүгіртейік. Гоббстың моральдың философия саласы бойынша алғаш жазылған, бірақ тірісінде жарық көрмеген «Elements of Law» атты шығармасы 1640 жылы жазылды. 2 жылдан соң «Азамат туралы», одан кейін «Левиафан», одан көп уақыттан кейін ғана теориялық философиядан жұмыстары жазылды. Басқа сөзбен айтқанда: Гоббстың практикалық философиясы бұрын пайда болып, теориялық философиясы кейін жазылып біткенін аңғардық [4, 175-181].

Гоббсты түсіндіру проблемалары бізді Гоббстың өзінен таса қалдырмауы тиіс. Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, Гоббсты түсіндіру аясы тым үлкен. Алайда біздің назарымыз Гоббстың саяси философиясында. Егер Гоббс қоғамдық келісімшарт концепциясын құрмаса, барлығының барлығына қарсы күресі жағдайындағы адамның табиғи қалпын сипаттамаса, сувереннің шексіз билігін түсіндірмесе, сол құрылымды Левиафан деп атамаса оның есімі екінші қатарлы ғалымдар арасында тұрар еді. Алайда, Гоббстың саяси философияда алатын орыны зор екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гоббс Т.О. Гражданине // Гоббс Т. Сочинения. Т. 1. – М. 1989.
2. Skinner Q. Visions of Politics. Vol.III: Hobbes and Civil Science. – Cambridge. 2002.
3. Zarka Y.Ch. La decision metaphisique de Hobbes. – P.1999.
4. Strauss L. Hobbes politische Wissenschaft und zugehörige Schriften – Briefe. – Stuttgart u. Weimar. – 2008.

Азыбаева Ж.М.

жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі
Астана қ. (Қазақстан)

Мусина А.З.

әдіскер, география пәнінің оқытушысы
Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі
Астана қ. (Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНДЕГІ TERRA INCOGNITA

Жиһангерлік және саяхатшылық – адамның танымдық көзқарасын кеңейтетін, қазіргі заманда ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етекпен келетін, өкінішке орай, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі. Сондықтан еліміздегі туризмді министрліктер, уәкілетті органдар, туристік компаниялар, жеке кәсіпкерлер және т.б. мүмкіншіліктерін біріктіре отырып дамыту қажет. Туризм – қазіргі уақытта табысы жоғары және қарқынды дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі.

Осы баяндамада Қазақстанда дамымаған, толық зерттелмеген, халық арасында сұранысы аз, бірақ туризмнің өте бай саласы – палеонтологиялық туризм туралы сөз қозғаймыз.

Палеонтология және палеонтологиялық туризм деген не, палеонтологиялық туризмнің басқалардан айырмашылығы, несімен қызық, Қазақстан палеонтологиясына зор үлес қосқан, бірақ еленбей қалған ғалым жайлы және адамдардың бойында осы салаға қызығушылықты қалай оятуға болады деген мақсатпен қысқаша зерттеу жүргізуе тырысып көрейін.

Палеонтология – грек. тілінен аударғанда «көне тіршілік иелері туралы ғылым» (palaios – ежелгі, көне, ontos – тірі организм, logos – ілім). Бұл өтіп кеткен тарихи кезеңдердегі организмдер туралы ғылым, оның негізгі мақсаты жойылып кеткен жануарлар мен өсімдіктерді, олардың тарихи даму заңдылықтарын зерттеу. «Палеонтология» терминін алғаш рет 1822 ж. Дюкорте де Бленвил енгізді. Бірақ бұл термин әдебиетке біршама кейінірек кірді. Палеонтология биологиялық ғылымдарға жатса да, геологияның ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі қоғамда палеонтологиялық білімнің танымал болуы кездейсоқ болған жоқ және ол қазба фаунасының (ең алдымен мезозой дәуіріне жататын) және алғашқы адамдардың қалдықтарының бүкіл әлемге әйгілі олжаларына негізделген. Бұл палеонтологиялық білімді популяризациялаудың бір түрі. Күнделікті өмірінде жаратылыстанумен байланысы жоқ және оған ерекше қызығушылық танытпайтын адамдар үшін палеонтология туралы білім әдетте өте аз беріледі: бұқаралық ақпарат құралдарынан, кітаптардан, фильмдерден, сондай-ақ қысқаша немесе салыстырмалы түрде толық палеонтологиялық коллекциясы бар мұражайларға бару арқылы ақпаратпен танысуға негізделген. Палеонтологияның табиғатқа және оның айналасындағы әлемге қызығушылық танытатын адамдар арасында танымалдығы палеонтологияның туристік қызмет

сияқты адам өмірінің саласына енуіне мүмкіндік берді, бұл оны қарапайым адам үшін де, өзінің көкжиегі мен біліктілігін кеңейтуге мүдделі сала мамандары үшін де қол жетімді етті.


Палеонтологиялық туризм ұйымдастырушылық және тақырыптық тұрғыдан экологиялық туризмнің басқа түрлерімен, әсіресе су туризмімен, спелеотуризммен, альпинизммен үйлеседі. Палеонтологиялық туризм тұжырымдамасы экологиялық туризмнің құрамдас бөлігі ретінде, біздің ойымызша, палеонтолог ғалымдардың көзқарасы мен туристердің көзқарасы бойынша өте негізделген.


Біздің ойымызша, экологиялық туризмнің ең сәтті анықтамаларының бірі оны «туристік қажеттіліктермен байланысты туристік сұранысқа негізделген, табиғатты тануға және жергілікті халықтың мүдделерін құрметтей отырып, экожүйелерді сақтауға үлес қосатын туризм түрі» деп анықтайды.

Қазіргі уақытта туристік нарық анықтайтын және туристік өнімді тұтынушылар арасында сұранысқа ие туризмнің түрлері жүйесінде палеонтологиялық олжалар мен палеонтологиялық қазба орындары өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Бұл жүйеде палеонтологиялық туризмнің жалпы туризмге тиесілігі тек интернет көзінде көрсетілген, онда ол су туризмімен, альпинизммен, спелеотуризммен, ботаникалық экскурсиялармен, агроэкотуризммен, дайвингпен, рафтингпен және т. б. қатар экологиялық туризм түрлерінің құрамына кіргізілген.

Палеонтологиялық туризмнің ең үлкен екі құрамдас бөлігі бұл қазба қалдықтарының табиғи жерлеріне бару және оларды сақтау және зерттеу орындарына бару болып табылады. Осылайша, палеонтологиялық туризмді Қазақстанда дамытуға көп мүмкіншіліктер бай, себебі біздің елімізде палеонтологиялық қазба орындары өте көп. Бірақ бұл сала көп игерілімеген, сала мамандары мен әуесқой зерттеушілер ғана қызығушылық танытады. Ал әлем бойынша палеонтологияға қызығатын адам қанша ма? Туризмнің бұл саласын дамытып, инфрақұрылымды жақсартса, жақсы жарнама жасалса елімізге түсетін пайданың көптігіне еш күмән жоқ. Палеонтологиялық туризмді дамытатын мамандар да тапшы. Менің бала күнгі палеонтолог болу деген арманымның орындалмауының бір себебі, сол кезде бұл ғылым туралы ешқандай информацияның болмауы. Ал палеонтология ғылымына қызығушылығымды оятқан ресейлік палеонтолог-ғалым Шевырева Нина Семеновна. Ғалым 1961-1991 жылдар арасында Қазақстанның палеогендік кеміргіштерін зерттеген. Балалық шағым Нина «апайыммен» ғылыми экспедицияда өтті. Мен ес білгелі, Нина Семеновна мамыр айынан қарашаға дейін Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында жұмыс істейтін. Ол кісі Зайсан қазаншұқыры Еуразия материгінде, Монғолия елінен де палеонтологиялық қазбаларға бай деп айтатын. 30 жылдың ішінде Н.С.Шевырева 50-ге жуық палеогендік және неогендік омыртқалылардың қазбаорындарын ашты. Жуып-шаю арқылы үштік кеміргіштердің үлкен және әртүрлі коллекциясын жинады. Осы жұмыстарының нәтижесі ретінде «Азияның палеогендік кеміргіштері» атты кандидаттық диссертациясын жазды. Бұл еңбегі ғалымға халықаралық атақ беріп, ол кісіні әлемнің осы саладағы жетекші мамандарының қатарына қойды. Н.С.Шевыреваның ғылыми қызығушылығының аясы кеміргіштермен ғана шектелмеді, ол ең алғашқы азиялық қалталыны және Солтүстік жарты шардағы миксодонттар мен көне қоянтәрізділерді сипаттады.

Палеонтолог-ғалым, Н.С.Шевыреваның Қазақстан палеонтологиясына қосқан үлесі орасан зор. Бірақ есімі өте сирек кездеседі. Нина Семеновна 1994 жылы Ресей Ғылым Академиясының «Палеонтологиялық журналына» (1994 ж.№4) Новые грызуны (Rodentia, Mammalia) из нижнего олигоцена Зайсанской впадины (Восточный Казахстан) атты мақаласын жариялады. Бұл мақалада өзі ашып, зерттеген түрлерге жақындарының есімін беріп алғысын білдірді. Осылайша әлемдік палеонтология ғылымының зерттеулерінде қарапайым қазақ отбасының да есімі тасқа қашалғандай жазылып, сақталып қалды. *Суреті төменде.*





Қазіргі уақытта Қазақстанда палеонтологияға біршама қызығушылық танытып жүргендер аз емес. Өлкетану үйірмелерінде палеонтологиялы зерттеулер орнына бару, мұражайларда танысу ғаламторда жиі кездеседі. Әуесқой палеонтологтар да интернет желілерінде өз жұмыстарымен таныстырып жүр. Солардың бірі – Владимир Ярцев. Бұл өзiгiнен Маңғыстау маңына (Қазақстанның басқа да жерлерiне) көп зерттеулер жүргiзiп, палеонтология ғылымын популяризациялап жүрген адам. В.Ярцевтің зерттеулерімен YouTube-те plus362kz каналында, инстаграмм желісінде hedgehog 1979 парағында таныса аласыздар. Осы сияқты арамызда аты шықпаған, қаншама ғылымға қызығушы адамдар бар. Осылардың басын біріктіретін ұйым бар болса ғой.

Қорыта келгенде, палеонтология - Қазақстан туризміндегі Terra incognita деп айтуға болады. Біздің мақсатымыз, қазақстандық палеонтологиялық ғылымды дамытып, популяризациялап, жақсы танылатын салалардың қасына қосу. Мақсатқа жету үшін көпшілік қызығатын мақалалар, фильмдер, т.б. көбейтіп жастардың қызығушылығын ояту қажет. Қазіргі жастар өте алғыр, шығармашыл болғандықтан Қазақстан палеонтологиясын әлемге паш ететініне сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Палеонтологический журнал. М.: «Наука», 1994. №4.
2. Ископаемая фауна и флора Центрального и Восточного Казахстана. Академия Наук КазССР. Том V. Алма-Ата. 1971
3. Тлеубердина П.А. Поздне-неогеновая фауна Юго-Востока Казахстана. Академия Наук Каз. ССР. инст.зоологии. – Алма-Ата.:Наука, 1982. -120 с.
4. Богоявленская О.В., Федоров М.В. Основы палеонтологии: Учеб.для вузов. – М.:Недра, 1990. –208 с.

Айдарова Ш.Ә.

тарих ғылымдарының кандидаты

Қалыхбергенова С.Ж.

магистр, аға оқытушы

Қазақ технология және бизнес университеті

Астана қ. (Қазақстан)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – АДАМЗАТТЫҚ ӨЛШЕМДЕГІ ТҰЛҒА

Ресей империясының отаршылдығында болған қазақтар үшін, XX ғасырдың басы дүрбелең оқиғаларға толы болды. Патша өкіметінің қазақ даласындағы шексіз билігі, езілген қазақтардың саяси бірігуіне жол ашты. Ресей империясындағы «Бұратана» деп есептелген қазақ халқының бостандығы көзқарастары, мүдделері есепке алынбады. Қазақтың мүшкіл халін сезінген жанашыр азаматтар, «ұлт үшін» күреске белсенді кірісті. Ұлт мүддесі үшін, ұлт тәуелсіздігі үшін Алаш зиялыларын соңына ертіп, қазақ мемлекеттілігін қалыптастыруға бар ғұмырын арнап кіріскен қайраткер Әлихан Бөкейханов болатын. Әлемдік еркін ойдың өкілі, халықтың эволюциялық даму жолын ұсынған, либералды ұстанымдағы алаш көсемі, патша тартып алған қазақ жерін қайтару жолында аянбастан күресті.

Ресейде болып жатқан саяси оқиғаларды тарихи тұрғыдан таразылаған Әлихан Бөкейханов, қазақ халқының кемсітіліп отырғанын, бүкіл қазақ жерін патша өкіметі меншігіне айналдырғанын Ресей Мемлекеттік Думасында ашық байқады. Жер болмаса ұлттың, мемлекеттің болашағы жоқ екендігін түсінген, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар «қазақ жерлерін қайтару үшін, ұлт үшін саяси қозғалысқа шықты. Әлихан Бөкейханұлының саяси қызметі Омбыда «Халық бостандығы» партиясына мүше болған кезден басталды. Алаш көсемі де, көзқарастары ортақ, мүддесі бір азаматтарды ертіп «Алаш» партиясын құрып, бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Алаш жетекшісі отаршыл империяның әрбір саяси әрекетін ұтымды пайдаланып отырды. Ақпан буржуазиялық төңкерісіндегі патшаның тақтан таюын, қазақ даласындағы саяси құрылымдарды реформалауға пайдаланды. Ресей федеративтік мемлекеттің автономиясы бола отырып, демократиялы мемлекетке айналдыру арқылы ғана қазақтың әуелі өзін-өзі билеп, кейін толық тәуелсіздікке қол жеткізуіне болады -деп санады. Сол үшін алаш қайраткерлері, қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы саяси қозғалысын жалғастыра берді.

Ұлт тарихын зерделей отырып, «Алаш» қозғалысы зиялылары Қазақ тарихын терең білген, оған байланысты өз пікірі,бағасы болған Бөкейханов ұлттық мешеуліктің түп тамырын халықты билеушілердің надандығы мен ел бірлігінің жоқтығынан көреді. Әлихан Бөкейхан сөзі «Қыр баласы» атты дәптерінде, ұлт тарихын таразылаудан, тарихи бағалаудан басталады [2, 242].

Ата бабасының қасықтай қаны қалғанша қорғап, ұрпағына аманаттаған жердің пайдасын өзге елдің көргені, көре тұрып, жердің иесіне айналған қазақ елін езіп жаншуы, кемсітуі, патша үкіметінің ашық озбыр саясаты, ұлт жанашырларын тыныш жатқызбады. Патшаның құйтырқы саясатын халыққа түсіндіріп, санасына жеткізіп қана қоймай, азайып бара жатқан қазақ халқының болашағына алаңдаумен болды [3]. Жоңғарлардан қорғанған үлкен зұлматты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасын айта отырып, қазақ елінің өз жерінен босып кетуінен сақтандырып отырды [4,248]. Ел тарихын зерделеген алты алаштың көшбасшысы, Әлихан Бөкейханов: тарих–елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса – ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң, өмірін ондай алмайды. Ондамаған соң мәжнүн болып, құдыққа құлайды. Тарихтың негізі тап тартысы: бай мен жарлы, хан мен қара, құл мен қожа дүние жаратылғаннан тартысулы. Тартысқандағы таласы күн көру, тесік тамақ қамы. Шаруаның оңуы, ғылым- өнердің артуы, күн көрудің қиындап оңайлауы осы таптар тартысына байлаулы. Орыстың патша, ақсүйегі, байлары жеңіп тұрған уақытта гүл жастанып рахат дариясында жүзді. Өктәбір төңкерісінде кедейлер жеңіп еді, байлар шайтанның отындай тозды. Қазақтың төрелері, ақсүйектері, әпесерлері үйге дәрет сындырып тастап түкіртті. Бейнетқорлар жеңіп еді, суық Сібір, ит жеккенге жіберіп айғыр қуған саяқтай сырдан асты.

Осы реттер, өзгерістер барлығында шаруа жасаудың ретіне байлаулы. Шаруаның қай уақытта қандай өзгерісте болғаны, болашақта шаруаны дұрыс алып баруға аса қажет. Олай болса тарих қажет. Тарих болса ел өсіп, өнеді. Тарих болмаса ел жоғалады. Бұл – хақ нәрсе. Жоғарыда біз айтып өттік – елдің ел болуына тарих шарт деп, тарих елмен бірге өседі. Ел күшті болып, өмірі қайнап тұрса тарих күшті, сегіз қырлы болады. Қалың, қалың кітаптардың бетін толықтырады.

Ел азған болып, тап тартысы аз, өмірі солғын болса, тарих та солғын болмақшы. Көбіне кітапқа жазылмай, ауыздан ауызға, құлақтан құлаққа қыдырып неше түрлі өтірік жамылып, «тоғыз тоңқылдақ, сегіз шіңкілдек» ертегісі сияқты бір мағынасыз әңгіме болып жүре береді. Ел оразды боларда тарих жұмысын қолға алады. Тарихты теріп қағазға жазады, адамның өмірінің сипаттары қандай көп болса, тарих түзудің негізі де сондай көп болады [5,253].

Бұл-Ұлт тарихын жасап, ұлт болашағы үшін, қазақ жерін еркін иемденіп, жалтақтамайтын болашақ үшін бар ғұмырын арнап, қазақ үшін басын өлімге қиған Әлихан Бөкейхановтың сөзі еді.

Тарихты зерделей келе, қазақ баласын ұйысуға, ұлт болашағы үшін бірігуге шақырады. Ресей империясындағы патшаның монархиялық тәртіптеріне қарсы бағытталған саяси күштерді біріктіріп, ұлт мүддесін іске асыру жолына жұмсайды. Саяси қайраткердің басты мақсаты, Ресейдің отар елі болып отырған қазақ халқын бұғаудан шығару болды. 1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпылқазақтық I құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты [6,130]. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным: Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген –деген

тұжырымға саяды. Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл – өз жерінің игілігін – әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат – деген емеуірінді танытады [7].

Ел тарихын терең білген, оған байланысты өз пікірі, бағасы болған Бөкейханов ұлттық мешеуліктің түп тамырын халықты билеушілердің надандығы мен ел бірлігінің жоқтығынан көреді. Әлихан Бөкейхановтың осындай белсенді саяси қимылдары патша өкіметін сескендіріп, оны қазақ даласынан аластап, Самара қаласына жер аударады. Әлекең, онда 1908-1917 жылдары тұрып, қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен қол үзбей «Қазақ» газетіне «Қыр баласы» деген атпен ел тіршілігінің өткір де түйткіл мәселелеріне ден қойған мақалалар жазады. Ақпан төңкерісінен соң, оңтайлы саяси ахуалды қалт жібермей пайдаланып қазақ елдігінің дербестігі үшін белсене қимылдайды. 1917 жылдары шілде және желтоқсан айларында өткен жалпы қазақтық сиездерді ұйымдастырып, онда «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін құруға қол жеткізеді. Алашорда үкіметінің төрағалығына сайланады. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» - деп Алаш идеясын жүзеге асырған Әлихандай азамат, бүгінде әлем адамына айналып, адамзаттық өлшемге дейін биіктеген тұлға болып танылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөкейханов А. Шығармалар. – А., 1994. – 115 б.
2. Әлихан Бөкейхан шығармаларының 9 томдық толық жинағы VI том, қазақ және орыс тілдерінде мақалалар, жазбалар, баяндамалар, үндеулер, ғылыми зерттеулер, әдеби аудармалар, хаттар (ашық хаттар), жеделхаттар (телеграммалар) 1915-1917, (Самар-Петроград-Минскі-Орынбор-Томскі-Омбы-Өфе-Алаш). – Астана, 2013. – 242 б.
3. Қазақтың жері қалай заңдастырылды: Әлихан Бөкейхан <https://sputnik.kz>
4. Әлихан Бөкейхан шығармаларының 9 томдық толық жинағы VI том, қазақ және орыс тілдерінде мақалалар, жазбалар, баяндамалар, үндеулер, ғылыми зерттеулер, әдеби аудармалар, хаттар (ашық хаттар), жеделхаттар (телеграммалар) 1915-1917, (Самар-Петроград-Минскі-Орынбор-Томскі-Омбы-Өфе-Алаш), Астана, 2013. – 248 б.
5. Сонда., 253 б.
6. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық, 4-том. – А. 2010-130 б.
7. Бейсен Сұлтан, Әлихан Бөкейханов: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». «Алаш» қозғалысы зиялылары Қазақ тарихы. 2015 жылғы 29 қараша

Алексеев В.В.

кандидат исторических наук, доцент
МГУ имени М.В. Ломоносова
г. Москва (Россия)

ЗАДАЧИ И ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ УЧЕБНОГО КУРСА «ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ ВЕЩЕСТВЕННЫХ ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ»

В большинстве случаев при своих изысканиях историки привыкли опираться на письменные источники, как на наиболее освоенный тип исторических источников. Для их изучения разработан широкий спектр методологических принципов, арсенал соответствующих поставленным исследовательским задачам методов и методических приёмов. Вместе с тем историческая наука всегда ориентирована на расширение круга источников, на основании которых можно исследовать самые разные аспекты прошлого. Одним из вариантов является вовлечение в научный оборот других типов исторических источников, таких как изобразительные, вещественные и фонические. Для того чтобы научить студентов навыкам обращения к менее известным им источникам, на кафедре источниковедения отечественной истории исторического факультета МГУ имени М.В. Ломоносова читается курс «Источниковедение вещественных исторических источников». Он

призван дать представление обучающимся о том, что собой представляют вещественные исторические источники, какими способами и какого рода информацию можно из них извлекать.

Следует отметить, что источниковедческий подход несколько отличается от методов работы археологов и этнографов, которые в силу сложившихся в исторической науке специализаций, больше всех имеют дело с вещественными источниками. Археологи, как правило, изучают комплексы вещей, объединённые культурно-исторически, регионально и хронологически, т.е. те, которые относятся к определённой археологической культуре. Для археолога зачастую важна не сама вещь, а обстоятельства её находки – контекст окружения, характеристика культурного слоя и т.д. Обусловлено это тем, что когда «предмет найден в ходе раскопок, чётко привязан к плану в трёх измерениях и имеется подробное описание условий его обнаружения, можно с достаточно высокой точностью установить его возраст и принадлежность к конкретной культуре» [1,19]. Этнографов интересуют предметы, которые относятся к традиционной народной культуре, а потому они почти не работают с предметами индустриального производства.

Источниковеды предлагают считать вещественным источником аутентичный по происхождению, искусственно созданный из природного или синтетического субстрата материальный предмет, который обладает свойством длительной физической сохранности, имеет функционально-прикладное предназначение в качестве орудия труда или производства, а также элемента среды обитания человека и обеспечения его жизнедеятельности, и который одновременно выступает носителем семантической, социально-психологической и индивидуально-личностной информации [2,25]. Поэтому задачи источниковедческого изучения вещественных источников заключаются в том, чтобы на основе анализа сущностных характеристик отдельно взятой вещи или их совокупности извлечь максимум информации об обществе времени их бытования и о различных взаимоотношениях внутри социума конкретной исторической эпохи. Для этого требуется установить:

- подлинность и аутентичность вещи;
- правильное название предмета;
- степень сохранности (поскольку старые вещи не всегда сохраняются целиком, а пребывают порой в состоянии фрагментарности);
- функциональное назначение;
- морфологию, материал и технику изготовления;
- такие внешние объективные характеристики, как размер, вес, цвет и пр.;
- дату создания и хронологические рамки бытования;
- место/центр создания и ареал распространения;
- имя автора или именование изготовителя;
- принадлежность к определённой социальной среде и выполняемую роль.

Также необходимо генетически исследовать процессы, обуславливающие появление и дальнейшее существование конкретной вещи, поскольку для каждой эпохи артефакты и их взаимодействие составляют некую социокультурную систему.

Для того, чтобы научиться осуществлять комплексное источниковедческое исследование вещественного источника, студенты должны иметь представление об обще- и специально-научных методах, таких, как дедуктивный и индуктивный, при помощи которых, прежде всего, можно выявить назначение вещи, её использование в реальной обстановке, системном подходе, который предписывает рассматривать единичные вещи как компоненты более обширных систем материальной культуры в целом. При конструктивно-морфологическом подходе любую вещь рассматривают как некую конструкцию, составленную из набора частей, выполненных с применением определённых материалов и техник изготовления. Кроме того, учащимся следует хорошо ориентироваться в комплексе специализированных методов и методик, сложившихся внутри вспомогательных исторических дисциплин: униформологии, вексиллологии, фалеристики, оружейведения, торевтики, сфрагистики, нумизматики и т.д., поскольку это способствует решению задач по атрибуции предметов, установлению их предназначения, места бытования в материальной культуре своей эпохи.

Также студентам нужно иметь навыки поиска необходимой информации посредством обращения к другим типам источников, т.к. большим подспорьем для определения функций, датировки, места производства, авторства предметов и прочих моментов существования вещественных источников выступают законодательные и нормативные акты, делопроизводственная документация (приказы о производстве, перечни номенклатуры изделий, артикулы, прейскуранты, каталоги), сочинения бытописателей, сведения этнографических

изысканий, различная справочная литература, монографии, справочники, определители, словари, путеводители, рисунки и картины. Это предполагает знание студентами источниковедения письменных источников, архивоведения, ориентирования в сети фондов архивов и библиотек разного уровня.

Однако существует ряд объективных обстоятельств, которые затрудняют студентам освоение курса «Источниковедение вещественных исторических источников». Прежде всего, это обусловлено тем, что научная классификация вещественных источников на нынешний день не разработана. Из-за этого есть проблемы в дидактическом построении изложения учебного материала. Многие старинные вещи уже вышли из повседневного обихода, поэтому их функциональное предназначение остаётся загадкой для молодых людей. Также современная молодёжь плохо разбирается в материаловедении, не знает историю технологий производства тех или иных предметов, а это бывает необходимо для уточнения физико-химических характеристик отдельных артефактов. Ведь в ряде случаев, благодаря таким данным, появляется возможность локализовать места производства вещей или проследить хозяйственные связи между различными регионами, странами. Иногда студенты, вместо непосредственного посещения библиотечных залов или архивохранилищ, излишне доверяются информационным сайтам среды интернета, типа Википедии, которые далеко не всегда являются достоверными.

Так или иначе, при построении учебного курса «Источниковедение вещественных исторических источников» нужно исходить из того, что процесс исследования вещественных источников сложен и многомерен. С точки зрения источниковедения вещь остаётся «безмолвной» до той поры, пока в ходе интерпретации не будет реконструирован контекст породившей её культуры, установлена история бытования артефакта, среды использования. Всё это необходимо для упорядочивания разноплановых фактов с тем, чтобы осмыслить конкретно-исторический материал и создать целостную картину существования вещного мира. Ведь полностью вещь может быть изучена только будучи вписанной в рамки конкретного явления, события, факта, соответствующего времени, пространства, межличностных и производственных отношений, т.е. в контекст истории как таковой [3,3].

Список литературы

1. Ермаков С.Э. Неразгаданные артефакты археологии. М.: Вече, 2018. 336 с. (Тайны. Загадки. Сенсации).
2. Алексеев В.В. Теоретико-методологические основы изучения вещественных источников // Роль вещественных источников в информационном обеспечении исторической науки: сборник статей / авт.-сост. Е.А. Воронцова; отв. ред. Д.М. Бондаренко, Д. Н. Маслюженко. Москва, 2020. С. 21-35.
3. Вещь в контексте культуры: Материалы научной конференции / Науч. ред. и сост. Дмитриева Т.Н., Хршановский В.А. СПб.: б.и., 1994. 121 с.

Аманбаев А.Ж.

кандидат исторических наук, профессор
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

ОБ АРМЕЙСКОЙ СЛУЖБЕ А. КУСАИНОВА

Как известно, в 1962 году, имея за плечами полный курс Павлодарского педучилища и несколько лет работы школьным учителем, Амангельды Кусаинов поступил на исторический факультет Казахского государственного университета в Алма-Ате. Но после окончания первого курса, т.е. в 1963 году был призван в ряды Советской Армии на действительную военную службу. Отсрочка от призыва в армию обучавшихся в вузах юношей в этот период была временно отменена, поскольку низкая рождаемость и выживаемость новорожденных в годы Великой Отечественной войны отозвались к началу 60-х годов резким снижением численности юношей

призывного возраста, что в научной литературе именуется «первым демографическим эхом войны». И служить он попал в ракетные войска противовоздушной обороны.

Вскоре, благодаря своим физическим, интеллектуальным и морально-политическим качествам, был отобран в группу для оказания интернациональной помощи Демократической Республике Вьетнам (Северный Вьетнам), которая с 1959 г. находилась в состоянии войны с Южным Вьетнамом.

Амангельды Кусаинову выпало служить сначала рядовым, а затем командиром расчета зенитно-ракетного комплекса класса «земля-воздух», участвовать в боевых действиях по охране воздушного пространства столицы Северного Вьетнама Ханоя от налета американских бомбардировщиков, участвовавших в войне на стороне Южного Вьетнама. По воспоминаниям Амангельды, в эти годы ему, выполняя воинский долг, приходилось очень часто пребывать на волоске от смерти [1, 31].

Расчет А. Кусаинова отличался меткостью стрельб и количеством сбитых самолетов, за что был награжден медалью «За отвагу», которая особо ценилась среди фронтовиков Великой Отечественной, так как в соответствии с Положением о медали ею награждались войны «*за личное мужество и отвагу, проявленные при исполнении воинского долга*» и по своему статусу она *являлась высшей в системе медальных наград*.

В 1965 г. он также был удостоен награждения еще одной правительственной наградой – юбилейной медалью «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.».

Как признается А. Кусаинов в своей автобиографической книге «Өмір иірімдері» («Зигзаги судьбы»), ощущение безграничного счастья он пережил после приема его парторганизацией воинской части в ряды Коммунистической партии [1, 31].

В 1966 году закончился срок действительной воинской службы А.Кусаинова и он, имея две правительственные награды, партийный билет и отличную характеристику, вернувшись в Алматы, продолжил обучение на истфаке Казахского университета. Окончил его в 1969 году с получением диплома с отличием.

Годы воинской службы, по признанию А. Кусаинова, стали этапными в его судьбе и предопределили во многом траекторию развития его жизненной стези [1, 31].

Список литература

1. См.: Құсайынов А. Өмір иірімдері. – Астана: Фолиант, 2012. – 31-б.

Аманбаев А.Ж.

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

Арман А.А.

4-курс студенті
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Өзбекәлі Жәнібеков Қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, мәдени мұраларын зерттеп, ұлттық өнеріміз бен дәстүрімізді ғылыммен ұштастыра білген ұлт жанашыры, көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі этнограф. Өкінішке орай тарихи зерттеулерде бұл тұлғаның орнымен ролі әлі де тиісті дәрежеде толық бағаланбай келеді.

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылдың 28 тамызында қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданының Сарықамыс деген жерде дүниеге келеді. Әкесі мен анасы дүниеден ерте өткен. Сегіз жасынан бастап Өзбекәлі жетімдіктің ауыртпалығын молынан бастан кешкен [1]. Әсіресе қиын жағдайға ол бауыры Спандияр Ұлы Отан соғысы жылдары қанды қырғынға кетіп, із-түссіз

жоғалып кеткеннен соң ұшырайды. Соған қарамастан 1945 жылы жетіжылдық мектепті тауысқан Өзбекәлі Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің сегізінші сыныбына барған. Интернатта көрпе-төсексіз, үйден әкелінген біл тілім киіздің үстіне жатып, таңертеңгілік 200 грамм қара нан мен бір кәмпит жеп тәрбиеленеді.

Сөйтіп, Өзбекәлі Жәнібеков 1948 жылы орта мектепті аяқтаған соң, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, оны 1952 жылы ойдағыдай бітіріп шығады [1].

Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданының «Ленин жолы» орта мектебінен бастайды. Осында жүріп, Шымкенттегі мұғалімдік институтты бітіріп туған ауылына оралған Халихан атты қызға үйленеді. Мектеп директоры жылы шырай танытып, беретін баспаналары болмаса да, сол ауылдағы бір азаматтың үйінен тұруға орын тауып берген.

1952-1955 жылдар аралығында жас жігіт мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. Ол өзінің естелігінде: «Бар болған үш жылдық мұғалімдік қызметімнен байқағаным, ұстаздық етуге бел байлаған адам, ешқашан үйретуден жалықпайды екен. Шәкірттерімді қатаң ұстағаным рас. Кейде тіпті қатты кетіп қалдым ба деп ойлаған кездерім болды. Алайда, олардың ешқашан ар-намысын қорлап көрген емеспін. Олар үшін күйіп-пісетінімді жақсы біліп, түсінетін», – дейді.

1955 жылдың қарашасында аудандық комсомол конференциясында Өзбекәлі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Жаңа қызметке тағайындалысымен ол жастарды нақты істерге жұмылдыру жағын қарастыруды жөн деп санады. Сондай-ақ, жастарды ауыл-аймақты көгалдандыруға, олардың тазалықты сақтауға, өнерге, салауатты өмір салтына қатыстырып, белсенді болуына қатты көңіл бөледі.

Содан соң мәдениет эстафетасын өткізуді қолға алады. Оған себеп болғант Социалистік Еңбек Ері, атақты «Қызыл әскер» ұжымшарының төрағасы Байбек Ермековтың айтқан көгалдандыру идеясы болатын. Бұл кісі денсаулығына байланысты ұжымшар жетекшілігінен босап, ауыл кеңесінің төрағасы болып сайланған еді. Ол қондыратын ағаш көшеттерді өзі дайындап, оны етуге жастардың басын қосуды Өзбекәліге ұсынады. Келісілгендей аудан орталығындағы (қазіргі атауы Абай ауылы) негізгі көше әрбір комсомол ұйымына қадамдап бөліп беріледі. Тал отырғызуға Өзбекәлі Жәнібековтың өзі де тікелей қатысады. Басқа да көшелерді тазалауды, ағаш отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын да өз міндетіне алады. Қысқа мерзім ішінде аудан орталығы жасыл желекке оранады.

1956-1961 жылдар аралығында Ө.Жәнібеков Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарады. Ал 1961-1970 жылдары бүкіл Қазақстан комсомолын басқарып, ВЛКСМ Орталық Комитеті бюросының мүшелігіне енгізілген екінші қазақ болады. Қазақ тарихында мұндай дәрежеге тек Ғани Мұратбаев қана жеткен болатын. Сондай-ақ 1970-1975 жылдар барысында Қазақстан Компартиясы Торғай облысы комитетінің хатшысы, 1975-1977 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шет елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1977-1988жж. Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары, ал 1987-1988 жж. мәдениет министрі қызметтерін атқарды.

Осы қызметтерді атқарып жүрген тұсында ол қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің ескерткіштерін сақтап қалу үшін ерлік таныта күресіп, баға жетпес жетістіктерге қол жеткізе білді. Мәселен, оны Түркістанның төрінде тұрған, барша түркі халықтарының ортақ мұрасы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тағдыры қатты алаңдатқан екен. Сондай алып кешенді қайта жөндеуден өткізіп, мұражайын жасақтауға өзі білек сыбана атсалысқан еді. Тарихи жәдігерлерді ауыл-ауылды аралап отырып, іздеп, тауып, сондағы музейге алдырған. Оның осы кешенге түбегейлі кіріскен уақыты 1970-1975 жылдармен мерзімделеді [2].

Өзекең кеңес билігінен қорықпай Қожа Ахмет Яссауидің мұрасы мен ілімін зерттеудің негізгі ілімін қалап, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» кітабын қазақшаға аудартып, баспадан шығартқан [2].

Ө.Жәнібеков «Қазақ киімі» кітабының алғы сөзінде: «Қазақтың ұлттық киімі ғасырлар бойы қалыптасқан және айналадағы ортаға – желді, аязды болып келетін аңызқ даладағы тіршілікке бейімделген халық мұрасының құрамдас бөлігі болып табылады. Оның қарапайымдылығы, үйлесімділігі, жүріп-тұруға қолайлылығы, басқа жұрттардың киім-кешегі секілді әуел баста адамның тәнін жауып, мағынасыз және ойдан шығарылған ғаламаттардан, ал кейіннен денені ыстық-суықтан, қуаң желдерден, әсіресе мал айналасында болатын маса-шыбыннан қорғауға қажет болғандығын аңғартады. Киімді әшекейлеу, жағасына, өңіріне, етек-жеңіне кесте тігіп, оқа бастыру, зерлі жиектер жүгірту, киімді безендіруге қымбат металдар мен асыл тастардан түзілген

әткеншектерді пайдалану, тоза бастағандарын қайта қалпына келтіріп арнайы альбомдар, буклеттер, проспектілер шығару игі мақсатқа қосылған үлкен үлес болар еді», – деген еді.Ізімен осы бағытта бірталай іс атқарылып жатты.

1988-1991 жылдарда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеология бойынша хатшысы, Назарбаевпен бірге сол кездегі ең ықпалды және беделді қазақ басшыларының біріне айналды.

Осы тұста Өзбекәлі Жәнібек атқарған маңызды істің бірі – 1926 жылдан бері тойланбай, тыйым салынған «Наурыз мейрамын» қазақ еліне қайтаруы еді. Тағы бір тығыз айналысқан ісі – ол қазақ халқының ертедегі салттары мен дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы кітаптарды жиі бастырып шығару болды. Бұл туралы Өзбекәлі Жәнібеков 1988 жылдың ақпан айында-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланысымен, араға бір жеті салып, Жазушылар одағы басқармасының пленумына қатысқанда-ақ ашып айтқан еді.

Партиялық биліктің бір биігіне көтерілген тұлға халықтың көне мәдениеті негізінде заманға сай күрделі жұмыс жүргізуге кірісті. Өнер саласында бұрын қолы жеткен табыстарын молайтуды көздеп, қарт әнші-күйшілерге қамқорлық жасау, халықтың ән-күйлерін, көне әуен аспаптарын жинастыру, тарихын үстеп зерттеу бағдарламасы жасалуына мұрындық болды. Шәмші Қалдаяқовтың, Әсет Бейсеуов және басқа дарынды тұлғаларды әрқашан қолдап отырды.

Ө. Жәнібековтің тағы да бір жасаған ерлігі-Алаш арыстарын ақтау ісі оңай шаруа болмағаны анық. Оның бастамасымен құрылған арнайы комиссия Алаш қайраткерлері туралы тарихи деректерді зерттеп, олардың жазықсыз қудаланғанын дәлелдей түседі. Осылай Алаш қайраткерлерінің есімдерін ең алғаш елге қайтарыла бастайды. Ол үшін тікелей Мәскеуге барып, ештеңеден қорықпай: «халыққа өз қаһармандарын қайтармасаңдар, Горбачевтің перестройкасының ешбір мәне жоқ» деп, түбінде Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев есімдерін ақтап, оларды еңбектерінің үлкен таралыммен басылып шығуына жол ашып береді.

Кеңестік кезеңнің соңғы жылдарындағы Өзекеңнің мәдениет басқару менидеология салаларындағы жан-жақты әрі жемісті еңбегі халықтың рухани еңсесінің жедел түрде биіктеуі мен саяси талаптарының толық егемендік пен тәуелсіздікке дейін күшейе түсуіне елеулі ықпал етті десек артық болмас. Оның осы бағыттарда жүргізген саясаты халық ішіндегі беделінің жылдан жылға арта түсуіне де алып келді.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ елі жері үшін барынша тырысып, көп еңбегін сіңірген, тарих қойнауына үңіліп, халқымыздың өмірі мен тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерттеп, ерлігі мен бірлігін паш етіп, келер ұрпаққа баға жетпес құнды еңбектері мен өсиетін қалдырған еліміздің біртуар ірі тұлғаларының бірі – мемлекет қайраткері, белгілі этнограф, тарихшы-ғалым. Сондықтан оның еңбегінің жыл өткен сайын құндылығы арта түсері анық. Оған еш күдігіміз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ергөбек Қ. Өзбекәлі Жәнібек // Егемен Қазақстан. – 2011, 12 қазан.
2. Байболов Б. Өзбекәлі Жәнібеков және тарихи мұралар // <https://abai.kz/post/57784>

Арыстанова К.А.

кандидат биологических наук, доцент

Рахимжанова Г.Ж.

магистр, старший преподаватель
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПЕДАГОГОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Формирование в обществе экологической культуры, пропаганда экологических знаний на всех уровнях образования, развитие экологического образования и просвещения в целях

обеспечения устойчивого развития является одной из задач реализации единой государственной экологической политики в Республике Казахстан.

В последние десятилетие стало очевидным, что будущее развитие человечества во многом зависит от благополучия окружающей природной среды и находится в непосредственной зависимости от отношения людей к этой проблеме. Технократическое развитие цивилизации приводит к увеличению антропогенного давления на биосферу и подрыву компенсаторных возможностей естественных экосистем, а культура уже не в состоянии выполнять свою традиционную роль в системе общество – природа [1]. В основе многих, если не всех, проявлений деградации природы и экологических проблем современности лежит дефицит экологических знаний, низкий уровень экологической культуры общества. Уничтожение тропических лесов Амазонки, трагедия Арала, загрязнение и гибель морей, уничтожение лесных массивов, увеличение зон экологического бедствия и пр. являются результатом нерационального использования достижений технического прогресса, противопоставления человека природе и осознания своего господства над ней. Самым правильным решением для выхода из этого тупика является трудный процесс перестройки сознания людей, изменение системы ценностей в направлении формирования экологической культуры, что в итоге обеспечит устойчивое развитие и экологическую безопасность. Отечественные и зарубежные культурологи определяют культуру как сложное понятие, означающее результат, процесс, способ, отношение, норму, систему деятельности, единственным субъектом и преимущественным объектом которой является человек. Экологическая культура – это неотъемлемая часть общечеловеческой культуры в области социальных отношений, моральных ценностей, норм и способов взаимодействия с окружающей природной средой. Она формирует здоровый образ жизни, способствует духовному росту общества и его социально-экономическому развитию, обеспечивает экологическую безопасность и выражается в способности людей осознанно пользоваться экологическими знаниями и умениями в практической деятельности. По данным статистики, 18% мировой управленческой элиты принимают решения, от которых зависят 82% ресурсов планеты, 2/3 которых сосредоточены в СНГ. Важно заметить, что многие из этих управленцев готовятся в стенах университетов, поэтому так важна роль преподавателя высшей школы в формировании экологической культуры общества. Неотъемлемой частью общекультурных знаний и мировоззрения преподавателя является его экологическая культура, которая становится мощным рычагом воспитания и формирования личности студента, его будущей ответственности перед обществом за принятие решений [2]. Что же включает в себя экологическая культура преподавателя? Прежде всего, это – экологическое образование. Оно включает в себя наличие знаний и практических навыков в следующих областях:

- основные законы экологии,
- экологическая безопасность,
- рациональное природопользование,
- ресурсосберегающие технологии,
- охрана окружающей среды.

Не менее важной составляющей является информационно-экологическая компетентность, т.е. особый вид преподавания предметно-специфических знаний, позволяющий принимать эффективные решения в соответствующей области деятельности. В нее входит:

- знание основных экологических проблем современности, причин их возникновения и возможные пути решения;
- наличие комплекса общественных, естественно-научных и технических знаний, отражающих систему современного информационного общества;
- способы получения и передачи разнообразной информации [3].

Экологическая культура преподавателя высшей школы невозможна без его эколого-педагогической компетентности, которая является неотъемлемым компонентом общей педагогической культуры и одним из важнейших показателей профессионального мастерства и соответствия мировым стандартам в сфере высшего образования. Она состоит из:

- знаний по педагогике, психологии и методике преподавания;
- мотивации, потребности и интереса к получению знаний, умений и навыков в области экологии;
- владения современными технологиями в области образования; - умения видеть локальные и глобальные экологические проблемы в рамках узкопрофессионального предмета;

- умения видеть и формулировать педагогические задачи в области формирования экологической культуры студента на основе анализа педагогических ситуаций и находить оптимальные способы их решения [3].

Обязательной составляющей экологической культуры преподавателя является его экологически направленное мировоззрение, которое выражает:

- отношение преподавателя к экологическим проблемам и охране окружающей среды;
- отношение к правовым и нравственным аспектам экологии;
- нравственное содержание личности и искреннее желание содействию формирования экологической культуры общества.

В официальных документах сказано, что экологическое образование – это непрерывный процесс воспитания, обучения, самообразования и развития личности, направленный на формирование норм нравственного поведения людей, их обязанностей и ответственности по отношению ко всему живому. Это также получение специальных знаний и практических навыков по охране окружающей природной среды, природопользованию и экологической безопасности, которые должны быть использованы в экологически грамотной деятельности.

Экологическое воспитание – процесс непрерывного, систематического и целенаправленного формирования эмоционально-нравственного, гуманного и бережного отношения человека к природе и морально-этических норм поведения в окружающей среде.

Поэтому преподаватель высшего учебного заведения для формирования экологической культуры педагогов должен обеспечивать подготовку специалистов путем формирования у студентов экологического сознания, которое будет воплощаться в профессиональной деятельности, а также в навыках и умении по организации экологического образования и просвещения трудовых коллективов и населения [1]. Преподаватель, используя свои профессиональные и психолого-педагогические знания, умения и способности, должен развивать представления о технико-экономических, организационно-правовых, информационных и иных возможностях и путях решения экологических проблем.

Национальный план развития Казахстана до 2025 года как основной стратегический документ страны также ставит перед системой образования задачу принятия мер по экологическому воспитанию детей и молодежи, повышению их уровня знаний об охране окружающей среды и привитию экологических ценностей. Кроме того, развитие экологической культуры граждан должно происходить через призму бережного отношения к природе, принципов зоозащиты и поддержки экологических организаций.

Обеспечение устойчивого развития любого государства и рациональное использование природных ресурсов является важным слагающим повышению уровня информированности населения, достигается посредством экологического образования и воспитания детей и молодежи, формирующего в конечном счете экологическую культуру общества. Усвоение экологических и этических норм, ценностей, профессиональных навыков достигается посредством целенаправленного экологического воспитания и экологической грамотности личности, которые должны способствовать формированию общества с гуманным, эмоционально-нравственным и бережным отношением к природе [4].

Как показывает опыт развития человечества, те страны, которые сделали своей основной задачей подготовку высокоинтеллектуальных кадров, обладающих широким спектром знаний, включая и экологию, добились наибольшего успеха в оборонной, экономической, социальной, правовой и культурной сферах.

Список литературы

1. Комиссарова М.В., Щербакова И.С. «Формирование экологической культуры преподавателя высшей школы». Евразийский союз ученых. 2019. № 3-1 (36). С. 80-81.
2. Фокин Ю.Г. Психодидактика высшей школы. – М., 2016г.
3. Соколова О.И. Информационная культура преподавателя как необходимый компонент современного образования. «Педагогическая наука и образование в России и за рубежом», Вып.1 – 2008 г.
4. <https://bilimdinews.kz/>

Аубакирова Қ.Ш.
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Еслямова А.З.
тарих ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

XX ҒАСЫРДЫҢ 40-60 ЖЖ. МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

XX ғасырдың 40-жылдарындағы жаңа оқулықтар шығару, жаңа оқу әдістерін іздестіру, тәжірибе алмасу сияқты бастамаларға Ұлы Отан соғысы кедергі жасады. Соғыс кезіндегі тарихты оқытудың өз ерекшелігі болды. Ол ең алдымен оқытудағы тәрбиелік мақсаттарға мән берумен айқындалды. Мұғалімдердің алдына патриоттық тәрбие мен интернационалдық бірлікті нығайту міндеті қойылған болатын.

Партия мен өкімет соғыстың ауыр жылдарында мектепке деген қамқорлығын бұрынғыдан да күшейтеді. Мектептерде оқу, тәлім-тәрбие жұмысын жақсартуда бірқатар жаңа шаралар белгіленген болатын. Ер балалар мен қыз балаларды бөлек оқыту тәртібі жойылды, балалар мектепке 7 жасынан бастап тартылатын болды. Компартия басшылары оқу-тәрбие саласы, оның ішінде тарих пәнін оқыту ісінде негізгі мақсат ретінде жауды жеңуді айқын қоюды қатаң талап етті.

1940-жылдардың ортасында Алматыда А.М. Панкратованың басқаруымен 1942 жылы шыққан «Ұлы Отан соғысы жылдарында тарихты оқыту» деген екі кітапша мектеп оқушыларын отаншылдыққа тәрбиелеуге үлесін қосқан болатын, жарыққа шыққан 8-10 сыныптарға арналған КСРО тарихының үш оқулығының, олардың қазақ тіліне аударылып, республиканың барлық мектептерінде оқытылуын және мектептерде тарихтан білім беруді жақсартуға пайдасы тиді. Осы үш оқулықта Қазақстан тарихынан он шақты материал енген болатын. Олар: Қазақ хандығының құрылуы; қазақтар; XIV-XVI ғасырлардағы Орта Азия (I бөлімде); оқулықтың II бөлімінде: Орта Азия XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтар; Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев; III бөлімінде: 1916 жылғы көтеріліс, Амангелді Иманов; Орта Азия мен Қазақстанды азат ету. Бұл материалдардың көлемінің шағындығы сонша, барлығын қосқанда 7-8 беттей ғана болатын. Осыған қарамастан аталған оқулықтарда Қазақстан тарихының материалдардың болуы бүкіл елдегі мектеп оқушыларын аз болса да Қазақстан тарихымен таныстырса, екінші жағынан шығармашылықпен жұмыс істейтін тарихшы мұғалімдердің өз мүмкіндіктеріне қарай бағдарламалық материалды кеңейтіп оқытуына жағдай жасады. 40-жылдардың аяқ кезіне дейін мектептерде тарихты оқытуда фактология үстемдік етіп, негізгі тарихи ұғымдарды ашып көрсетуге, оларды шәкірттер санасына берік қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінбеген.

50-жылдары айтылған сын-ескертпелер негізінде тарих пәні бағдарламаларын жетілдіруге, бұрыннан пайдаланылып келген бірқатар оқулықтарды жақсартуға, жаңадан оқулықтар шығаруға, сол оқулықтарда негізгі тарихи ұғымдарды ашып көрсетуге, сондай-ақ оқулықтардағы өте қиын, немесе маңызы шамалы материалдарды қысқартуға баса назар аударылды. 50-жылдардың орта кезінде 6-7-сыныптарға арналған орта ғасырлар тарихы, 8-9-сыныптарға арналған жаңа тарих, 10-сыныпқа арналған КСРО тарихы, 8-сыныпқа арналған КСРО тарихы жаңадан басылып шықты. Мәскеуде орыс тілінде басылып шыққан осы оқулықтар, ұлт республикаларында, соның бірі Қазақстанда да қазақ тіліне аударылған, мектеп оқушыларының тарихи білімін жақсартуға үлес қосты. Мұның өзі тарих оқыту әдістемесінің жетіле түсуіне де әсер етті [1,26-27.]. 50-жылдардың соңына дейін Кеңес мемлекеті мектептерінде одақтық республикалар тарихын оқыту мәселесі көтерілгенде, күн тәртібіне қойылған жоқ. Мұның оқушыларға тарихтан сапалы білім беруге, оларды кейінгі жылдары уақыт талабына сай тәрбиелеуге үлкен зияны тиді.

Мұғалімдер азаматтық тарихты оқытқанда, КСРО халықтарының бақытты болашағы үшін жұмысшы табы ұлы күрес жүргізгенінде оның ұйымдастырушысы, бағыт берушісі КПСС болғандығын толық ашып көрсетуге айрықша назар аударады, оқушыларды партияның XXIII съезінің тарихи шешімдерін, КПСС бағдарламасын жүзеге асыру жолында кеңес халқының істеп жатқан қажырлы еңбегімен таныстырады.

Тарих пәні мен қоғамтану пәнінің мұғалімдері өздерінің жұмысын жаңа бағдарламалар бойынша қайта құрды. Оқушылар тарихи дамудың заңдарын, халықтың, бұқараның тарихты жасаушы ретіндегі рөлін неғұрлым терең түсінуіне жаңа бағдарлама көп мүмкіншілік берген болатын.

1944 жылы РСФСР-дың педагогикалық ғылымдар Академиясы құрылды. Ол 1966 жылы Министрлер Кеңесінің қаулысымен КСРО педагогикалық ғылымдар Академиясына айналған болатын. Бұл Академияның құрамында тарих әдістемесінің бөлімі болды. Осы бөлімнің басшылығымен мектеп мұғалімдеріне көмекші ретінде «мектепте тарихты оқыту» журналы шығарылған болатын. Онда алдыңғы қатарлы тәжірибе, жаңалықтар, әдістемелік әдебиеттер рецензиясы т.б. жарияланды. Соғыстан кейінгі жылдары әдістеменің дамуына В.Н.Бернадский, Н.А.Андреевская, М.А.Зиновьев, Д.Н.Никифоров және т.б. ғалымдар көп үлесін қосты.

1959 жылы 8 қазанда 8 жылдық жалпыға міндетті білім беру енгізілгеннен кейін Министрлер Кеңесінің «Мектепте тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер» қарары қабылданып, тарихты оқытудың мынадай тәртібі енгізілді: 4-сынып – КСРО тарихынан әңгімелер; 5-сынып – Ежелгі дүние тарихы; 6-сынып – Орта ғасырлар тарихы; 7-8 сыныптар – КСРО тарихы, жаңа және қазіргі заман тарихы. 1950-жылдардың соңында оқулықтарға оқушылардың дербес жұмыс жүргізуіне арналған құжаттар енгізіліп, тарих бойынша жұмыс дәптерлері шығарыла бастайды, тарихи білім берудің құрылымы, мектепте тарихи білім берудің теориясы мен тәжірибесін жетілдіру ісі жүзеге асырылған болатын [2, 12-13]. Сонымен қатар 1960 жылы Министрлер Кеңесінің қаулысымен 4-10-сыныптарға арналған сапалы оқулық үшін бәйге жарияланады. Бұл бәйгеде Т.С. Голубев пен Л.С. Геллернштейн «Рассказы по истории СССР для 4-х классов» атты кітаппен бас жүлдеге ие болады [1,33].

Бұл кезеңде тарих оқулығының міндеті мен қызметі өзгерді. Ол сабақты оқығанда бекіту үшін ғана емес, сонымен бірге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге, курстың мазмұнын қорытып, жүйелеу үшін де қажет бола бастады. Тарихтан бірінші оқу құралын құруда ат салысқан профессор Е.Б.Бекмаханов, оның «Қазақ КСР тарихының 8-9 сыныптарға арналған оқу құралы» және 1960 жылы жарыққа шыққан «Қазақ КСР тарихының 10-сыныпқа арналған оқу құралы», ал 1962-1963 жылдары сегізжылдық мектептің 7-8 сыныптарына және онбіржылдық мектептің 9-11 сыныптарына арналған оқулықтары мен соған сәйкес жазылған бағдарламасын дайындады [2,10;11]. Бекмахановтың оқулықтары тарих оқулығының міндеті мен рөлі жөніндегі жаңаша көзқарасты бейнеледі. Оқулықтарда оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген, түрлі мұрағат материалдары, еліміздегі сол кезеңдегі өзгерістерін айқындайтын құжаттар енгізілген.

Оқулықтарды еліміздің мектептерінде отыз жылдан аса пайдаланды. Мысалы, «Қазақ КСР тарихы 7-8 сыныптарға арналған оқу-құралының» мазмұнын қысқаша қарастырайық, 2 курсқа арналған оқулық 3 бөлімнен, 10 тараудан және 40 тақырыптан тұрады. Оқулықтың алғашқы беті «Алғы сөз», «Қымбатты достар» деген атаумен басталып, оқулықта қандай мәселелер қарастырылатыны, мақсаты мен міндеттеріне тоқталады. Оқулық 23 көрнекіліктен, оның ішінде 4 түрлі түсті сурет, 4-карта, 40 тақырыптың 11 тақырыбына сұрақтар мен тапсырмалар, 15-құжаттан және хронологиялық көрсеткіштен тұрады [3]. Оқулық оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған. Оқу материалында сонау ерте заманда Қазақстан аумағын мекендеген алғашқы адамдар, олардың өмір-тіршілігі, тайпа одақтары, тайпалардың шаруашылығы, тұрмыс-салты, діни-нанымдары, ертедегі мемлекеттер, көшпелілер мен егіншілер, қолөнершілер өмір-тынысы, шапқыншыларға қарсы қазақ күресі, көрші елдермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстары, қалалар, сауда, қолөнердің гүлденуі, елін, жерін қорғаған батырлар, ғалымдар, ағартушылар туралы толық, түсінікті баяндалады. Автор екі курсты (КСРО мен Қазақ КСР тарихы) органикалық байланыста оқыту жолдарын жетілдіре түседі. Оқулыққа «Алтын адам» туралы материал енген, жаңа терминдер мен ұғымдар мағынасы түсіндірілген. Тарих оқулықтарына қойылатын талаптардың күрделене түсуіне байланысты Н.Е. Бекмаханов КСР тарихының жоғары сыныптарға арналған оқулықтарын үнемі жетілдіріп, заман талабына сай толықтырып отырды. Сөйтіп, Қазақстан тарих оқулығын жазуда белгілі дәрежеде оң тәжірибе жинақталды, бұл тұңғыш оқулықтар жеткіншек жастарға тарихи білім, тәрбие беруге септігін тигізді [4, 27-28].

Сонымен қоса, доцент Х.М. Адильгереев, тарих ғылымдарының кандидаты С.К. Ибрагимов және де ғалым–әдіскер, доцент А.П. Чижов болды. Бұл авторлармен құралған, 7-сыныпқа арналған оқу құралы 1958-1959 жылдары жарыққа шықты.

1950-жылдардың соңында тарихи-әдістемелік ой педагогикалық-психологиялық ғылымдармен тығыз байланысын нығайту бағытында дамыды. Оқу мен оқытудың тәсілдері,

материалдарды мазмұндау, әңгімелеу, пікір алмасу, карта, суреттерді пайдалану тәсілдері жетілдірілді. Бірақ, оқушының сабақта не істейтіні, тарихты қалай танитыны, түсінуі белгісіз болып қала берді.

1961 жылы қазан айында КПСС XXII съезі өтеді, бұл съезде ағарту ісіне басты назар аударылады, бүкіл елде арнаулы орта білімді алу міндеттеледі. 1962-1963 жылдары Қазақстанда 9717 мектеп жұмыс істеді. Солардың ішінен жартысы бастауыш мектептер, үштен бірі 8-сыныптар, қалғаны орта арнаулы мектептер болды. 1958-1961 жылдары республикада мектептер жүйесі тұрақталды. 1959-1962 жылдары Қазақстанда 1002 кітап және оқу құралы жарыққа шықты. 1962-1963 оқу жылынан бастап, қоғамтану курсы енгізілді; 1964 жылы 11-жылдық білім беру жүйесі 10 жылдық білім беру жүйесіне өзгертілді. 1965 жылы 14 мамыр айында КПСС Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес «Мектептерде тарихты оқыту тәртібін өзгерту жайында», тарих пәндерін оқытудың жаңа тәртібі белгіленген. Енді КСРО-ның ерте замандардан бергі тарихының жүйелі курсы 7-сыныптан 10-сыныпқа дейін жүргізілді, ал шетелдердің жаңа тарихы мен осы заманғы тарихы – 8,9,10-сыныптарда оқытыла бастады. 8-сыныптарға мұнымен қоса «Біздің кеңестік қоғам жайында әңгімелер» енгізілген болатын. Тарих курсының сыныптарға осылай бөлу оқушылардың тарихты ғылыми меңгеруін жеңілдетті. Жалпы, бұл қаулы мектептерде Қазақстан тарихын оқытуға жол ашқан үлкен мүмкіндік еді.

60-70 жылдарда тарихты оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелерімен әдіскерлер А.А. Вагин, П.С. Лейбенгуб, Ф.П. Коровкин, П.В. Гора, Н.Г. Дайри т.б. айналысты. Мектептегі тарих курсының құрылымындағы ендігі өзгерістер міндетті түрде орта білімге көшумен байланысты жүзеге асырылды [2,13-14]. 1960-жылдары тарихты оқыту әдістемесін А.А.Вагин, Н.Г.Дайри, Д.И.Никифоров, П.В.Гора, П.С.Лейбенгуб, Ф.П.Коровкин сияқты ғалымдар одан әрі жалғастырған болатын.

Тарихты оқыту әдістемесінің дамуы мұғалімнің оқушыларды оқытудың тиімді жолдарын іздестіруіне, әдістемелік көмек көрсететін құралдар мен тәсілдерді пайдалануға бағытталды. Оқушылардың білімді өз бетінше іздеп, игеріп, көбейген ақпараттар ағынында бағдар таба алуға үйрету басты мақсат етіп қойылды. Дидактикада оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенділігі мен дербестігін, оқытудың тәрбиелік рөлін, сабақтың тиімділігін арттырып, көкейкесті мәселелерді оқытуды тереңдетуге бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1960-1980 жылдары оқушылардың белсенділігі мен дербестігін дамыту оқытудың мақсатына айналды. Оқушылардың танымдық әрекетін жандандыру, дағдыларын, әдіс-тәсілдерін қалыптастыруға көңіл бөлініп, дамыта оқыту мәселесі алға қойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. –256 б.
2. Журсова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. - Орал; БҚМУ баспасы, 2012. –160 б.
- 3 Бекмаханов Е. Қазақ ССР тарихы. 7-8 сыныптарға арналған оқу-құралы. – Алматы: Мектеп, 1967.
Қазақ хандығының күшіне төтеп беруге мүмкіншілігі жетпейтінін білген Самарқандағы темірлік мырзаның аймақтағы әкімі Мұхаммед Мазид тархан Мұхаммед Шайбани ханға Сыр бойынан Мауереннахр жаққа қарай паналай тұруды ұсынады [6,102]. Оның ойы Шайбани ханды Мауереннахрға жіберу арқылы қазақтарды Сыр бойына кіргізбеу болатын.

Аймақтың солтүстік өңіріндегі Созақ, Сауран қалалары Бұрындық хан бастаған қазақ әскерлерінің келуімен ұрыссыз Қазақ хандығы құрамына өтеді. Сауран қаласы түбінде қаланың жаңа билеушісі Жәнібек хан ұлы Жиренші сұлтан Мұхаммед Шайбани хан әскеріне қатты соққы береді. Шайбани хан әскері тас-талқан болып жеңіліп, оның атақты сұлтандарының бірі - Әлике сұлтан қаза табады да, қалған сұлтандар мен батырлар бастарын біріктіре алмай жан-жаққа қашып кетеді [6,102]. Ал, Мұхаммед Шайбани хан болса, төңірегінде қалған аз ғана сенімді адамдарымен бірге амалсыздан Бұхара жаққа қарай қашудан басқа жол таппайды [6,102].

Қазақ хандығының Түркістан аймағы үшін жүргізген күресінің бірінші кезеңі, осылай жеңіспен басталады. Бірінші кезең нәтижесінде, Мұхаммед Шайбани ханның Түркістан аймағына бекінуіне жол берілмейді. Ол аймақтан қуылады. Ең бастысы, Сыр өңірінің Дешті Қыпшаққа іргелес жерлері – Сығанақ, Сауран, Созақ қалаларымен қоса Қазақ хандығының құрамына көшеді.

Деректерде баяндалғандай, Мұхаммед Шайбани хан Бұхара жақта 2 жылдай болып, шамамен XV ғасырдың 70-ші жылдарының екінші жартысында Самарқан билеушісі Сұлтан Ахмет мырзаның жәрдемімен Түркістан аймағына қайта оралады [6,103]. Бұл кезде Мауереннахрдағы саяси бытыраңқылық одан сайын арта түсіп, Сұлтан Ахмет мырза Сыр өңірінің солтүстік бөлігінде Қазақ хандығының билік жүргізе бастағанына ешбір қарсылық көрсете алмайды. Ол қазақтарға қарсы қолданар жалғыз күш – Мұхаммед Шайбани хан деп түсінеді де, оған қолдау көрсетіп, сенім білдіреді. Самарқан билеушісінің бұд әдісі – XIV ғасырдың 70-ші жылдарындағы Ақсақ Темірдің Тоқтамысты қолдану арқылы Ақ Орданы әлсірету, бағындыру әдісіне сай келеді.

Мұхаммед Шайбани ханның Түркістан өңіріне екінші рет келуімен Қазақ хандығының XV ғасырдың соңындағы Сыр өңірі үшін күресінің екінші кезеңі басталады.

Түркістанның оңтүстігінде орналасқан Аркук қамалы Шайбани ханға еркімен қақпасын ашады [6,103]. Осы қалаға табан тірей отырып, ол аз уақыт ішінде солтүстікке қарай жылжиды да, Сығанақ қаласын басып алады [13,103]. Мұхаммед Шайбани ханның Сырдың сол жағалауындағы қамалдар мен Сығанақ қаласын оп-оңай, тез басып алуын мынадай жағдайлармен түсіндіруге болады.

Біріншіден, қала қазақ ханына не сұлтандарының біріне бағынғанымен, ол қалада тұрақты болмады. Жазда негізінен жайлауда болып, қалада өздері тағайындаған адамын басшы етіп қалдырып отырған. Қалада билеушінің болмауы іс жүзінде оны қорғансыз етті [11,114].

Екіншіден, Сырдарияның сол жағалауындағы қалалар оң жағалаудағы қалаларға қарағанда бекіністері әлсіз болатын және онда Қазақ хандығының ықпалы аздау еді. Сол жағалаудағы кішігірім қалаларды тез бағындырған Шайбани хан, шұғыл қимылдау арқылы оң жағалаудағы Сығанақ тұсына келеді де, өзеннен өте сала тез ес жиғызбай, Сығанақ іргесіне жетіп отырған. Осындай жағдайлар Шайбани ханға аймаққа екінші рет келуінде Сығанақты тез алып, оның оңай жеңіске жетуіне мүмкіндіктер береді.

Осы тұста маңғыт ұлысының биі, Едіге бидің ұрпағы Мұса би өз адамын Сығанақтағы Мұхаммед Шайбани ханға жібереді. Оның мақсаты – Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіндегі өз ұлысында оны хан көтеру болатын. Ұсынысты қабыл алып, шибанилық сұлтан өз жақтастарымен маңғыт ұлысына келеді. Бұл хабар Бұрындық ханға жетісімен ол бірден көп әскермен ноғай ұлысына аттанады. Қазақ ханының мақсаты – Дешті Қыпшақ аумағында шибанилық әулет билігінің қайта келуіне жол бермеу болатын. Екі жақтың арасында кескілескен қанды ұрыс өтеді. Ол жөнінде «Фатх-наме» авторы Шәді молда: «...қазақтарды жеңіліс тапты, Шайбани хан жеңіске жетті», - деп мадақтап жырлағанымен, Әбілқайыр хан немересі ноғайлар арасында тұра алмай, Сығанақ маңына қайтып келеді [12,72-73]

Шайбани ханның Сығанақ қаласына қайтып келіп, Түркістанның солтүстік өңіріне бекіне бастауына бірінші болып, Созақ өңірінің билеушісі, Жәнібек ханның ұлы Махмұт сұлтан қарсы әрекет етеді [6,105]. Махмұт сұлтанның әскер жиып жатқанын естіген Шайбани хан Созаққа қарай өзі әскер бастап аттанады. Екі жақ әскері Созақ түбінде кездеседі. Ұрыс қыс айларының бірінде өтеді. «Ұрыс кезінде қатты қар жауып, адамдар да, аттар да көздерін аша алмады», - деп баяндайды дерек мәліметі [6,105]. Одан әрі шибанилық автор бұл шайқаста Махмұт сұлтан бастаған әскердің жеңіліс тауып, Созаққа қарай шегінгенін, ал Шайбани ханның Сығанаққа кері оралғаны туралы айтып өтеді [6, 106].

«Шайбани-наме» авторы одан әрі оқиғалардың өрбу барысы туралы: «Махмұт сұлтан жеңілгеніне карамастан келесі шайқастарға мықтап дайындала бастайды», - деп жазады [6,105-106]. Оның бұл әрекетін былайша түсінуге болады. Шайбани ханның аймақтың ірі қаласы - Сығанаққа табан тіреуі, ең алдымен, оның Созақ өңіріндегі ұлысы мен қарамағындағы тайпаларына үлкен қауіп туғызған болар еді. Сонымен бірге бұл қауіп Сыр өңірінде қыстайтын басқа да қазақтың ру-тайпаларына ортақ болды. Сондықтан да Шайбани ханға қарсы күресу үшін бүкіл Созақ өңірінің тұрғындары Махмұт сұлтанның төңірегінде жиналады. Және де Бұрындық ханнан көмек сұрауға адам жіберіледі. Шайбани ханның нығайуынан сескенген Бұрындық хан Махмұт сұлтанға көмекке көп әскер жібереді. Махмұт сұлтан екінші рет ұрысқа түсу үшін Созақтан Сығанаққа аттанып кетеді.

Өз кезегінде Махмұт сұлтанның мән-жайын біліп отырған Шайбани хан да Сығанақтан Созаққа қарай бет алады. Екі жақ әскері Қаратаудың Соғынлық деген асуында кездесіп, ұрысқа түседі. Шибанилық авторлар Шайбани ханды қаншама мадақтап, дәріптегенімен бұл жолғы жеңісті қазақтар жағы иеленеді [6,106-107]. Жеңіліске ұшыраған Мұхаммед Шайбани хан болса, Түркістан аймағын тастауға мәжбүр болады. Осылайша ол екінші рет Қазақ хандығының қарсы әрекеттері нәтижесінде Түркістан аймағына бекіне алмайды. «Тауарих-и гузида-йи нураат нама» мәліметі бойынша ол Хорезм аймағына, ал басқа дерек мәліметі бойынша Маңғышылаққа қашады [4,23; 13,107].

Осылайша, Қазақ хандығы үшін Сыр бойы үшін күрестің екінші кезеңі де жеңіспен аяқталады. Хандықтың билігі аймақтың оңтүстік өңірлеріне қарай тарала бастайды. Бірақта бұл мандағы қазақ хандарының табыстары моғол ханы мен темірлік билеушілердің мықты қарсылығына тап бола бастайды [12, 114].

XV ғасырдың 80-ші жылдары Қазақ хандығы билігінің Сыр өңірінің оңтүстігіндегі қалалар мен егіншілік өңірлерге таралуы одан әрі жалғаса береді. Үшінші кезеңге жататын осы жылдардағы күрестер Мауереннахр билеушісіне сүйенген Мұхаммед Шайбани хан тарапынан да өте қатандықпен, әрі табандылықпен жүргізіледі. Себебі, Қазақ хандығының билігі оңтүстікке қарай неғұрлым тереңдеп жайылған сайын, Моғолстан тарапы да қарсы әрекеттер жасай бастайды. Шайбани хан да аймақтың оңтүстігіндегі қалалар өзінің соңғы тірегі, соңғы үміті екенін сезіп, оларды иеленіп қалу үшін, онда бекініп, табан тіреп қалу үшін жан аямай күреседі.

Аймақты иелену үшін және онда Қазақ хандығына қарсы тұру үшін Шайбани хан Мауереннахрға арқа сүйей отырып, XV ғасырдың 80-ші жылдарының басында Сыр өңіріне тағы келеді. Үшінші жорықтың басталуы екінші кезеңдегідей өрістеді. Алғашында Аркук, сонан соң Сырдың сол жағалауындағы қамал-бекіністер, соңынан барып Сығанақ қаласы бағындырылады [6,111-112]. Бұл кезде қалада Бұрындық хан да немесе басқа қазақ сұлтандары да жоқ болатын. Қаланың жау қолында қалғаны туралы хабар жетісімен Бұрындық хан тез арада Сығанаққа жетеді [6, 112].

Қаланы қоршауға алған қазақ әскерлері бірден оны ала алмайды. Қала бекінісінің мықтылығы арқасында Шайбани хан үш ай бойы қорғанады. Шибанилық авторлардың дерек мәліметері қаланы қоршау қазақтар үшін сәтсіздікпен аяқталды дейді [6,112].

Бұрындық ханның ұзақ қоршауынан кейін Шайбани хан Сырдың солтүстік өңірін жаулап алу үмітінен айырылады да, Әзгентке қарай шегінеді [6,112]. Отырар қаласы маңында қыстап жатқан Бұрындық ханға Сығанақ қаласының беделді адамдарынан хабар жеткізіліп, онда олар: «Ежелден бұл өңір Бұрындық хандыкі. Қаланы оған беру дұрыс», - деген шешімге келіп, қала кілтін қазақ ханына береді [6,112]. Қала тұрғындарының бұл әрекетін К.А.Пищулина: «Сығанақ және Сыр бойындағы басқа да қалалардың жоғарғы топтары бұрынғы Ақ Орда хандарының ұрпақтарын қолдауымен» байланыстыра түсіндіреді [11,115].

Сығанақты қайтарған соң, қазақ әскерлері Яссы /Түркістан/ қаласын қоршауға алады [16,115]. Бұл қалада Мұхаммед Шайбани ханның туған інісі Сұлтан Махмұт сұлтан отырған еді.

Шибанилық дерек мәліметтері қазақтардың Яссы қаласын қалай алғандығын айтады. Бірақ үшінші кезеңнің нәтижесінде шибанилық сұлтандардың Сыр өңірінен толық қуылғандығын олар жасырмайды. Үшінші кезеңдегі оқиғалар барысының бір өзгешілігіне – темірлік әулеттің аймақтағы билеушісі Мұхаммед Мазид тарханның Қазақ хандығымен одақтасып, Шайбани ханға қарсы шығуы жатты. Бұл өзгерген жағдайды К.А.Пищулина: «Бұл Самарқандағы Сұлтан Ахмет мырзаның талап етуімен болды. Өйткені, Мұхаммед Шайбани ханның Түркістандағы темірліктердің иелігін басып алуы ол үшін қауіпті бола бастады. Бұған дейін Мауереннахр билеушісі Шайбани ханды бұрынғы Әбілқайыр хан мемлекетін қалпына келтіру үшін және сол арқылы Қазақ хандығының Түркістан қалаларына енуін тоқтату үшін пайдаланған болатын», - деп түсіндіреді [11, 115].

Расында да Шайбани ханның Яссы қаласын басып алуы және онда өз інісін билеуші етіп отырғызуы Сұлтан Ахмет мырзаның да, Мұхаммед Мазид тарханның да жоспарына кірмеген еді. Әбілқайыр хан немересінің бұл әрекеті Мауереннахр үшін Түркістандағы оның басқа иеліктеріне қауіп туғызады. Төніп келе жатқан қауіпті болдырмау үшін Түркістан басқарушысы Бұрындық ханмен одақтасып, Шайбани ханға қарсы күреске шығады.

Біріккен әскерлер Түркістанның оңтүстігіндегі Аркук қамалына бекінген Мұхаммед Шайбани ханды 40 күн қоршағаннан кейін, оны Сыр бойынан біржолата кетуге мәжбүр етеді [14,29]. Шайбани хан енді Орта Азиядағы Мауереннахрдың бір қарсыласы – Хорезмге қашады [6,113].

XV ғасырдың 80 - жылдарының бірінші жартысындағы Түркістан аймағы үшін жүргізілген күрестің тағы бір ерекшелігіне – аймақтың оңтүстік қалаларына Моғолстан ханының иелік етуі үшін ұмтыла бастауы жатты. Түркістан аймағының солтүстік өңірі Қазақ хандығына қарағанын және оған Мауереннахр тарапынан тікелей қарсылықтың болмағанын көрген моғол билеушісі Жүніс хан 1482-1485 жылдары Сайрам мен Ташкент өңірлерін басып алады [12,114]. Моғол ханның бұл әрекетін Сыр бойындағы қалаларға ықпалы өсе бастаған Қазақ хандығының одан әрі күшеюіне жол бермеуден және аймақтың оңтүстік өңірлерін иелену арқылы Моғолстанның Сыр бойындағы позициясын арттырудан туындаған деп санауға болады. Бұл жағдайдың одан әрі дамуы Қазақ хандығы мен Моғолстанның саяси қарым-қатынасын қайшылықтарға әкелері сөзсіз еді. Екі ел арасындағы саяси қайшылықтар XV ғасырдың 90-шы жылдарында, яғни Түркістан аймағы үшін күрестің төртінші кезеңінде Қазақ хандығы мен Моғолстанды соғысқа киеліктіреді.

Түркістан аймағының билеушісі Мұхаммед Мазид тархан Самарқандағы Сұлтан Ахмед мырзаның Жүніс ханның Сайрам мен Ташкентті басып алуына ешқандай қарсы әрекет жасай алмайтынын білді. Ал аймақ билеушісінің өз қолында Моғолстанға қарсы тұрар күші болмады. Мауереннахрдың Сыр бойындағы соңғы тірегі – аймақтың орталық бөлігіндегі қалаларды Мұхаммед Шайбани хан басып алғанда, оған Бұрындық ханмен одақтасып, Шайбани ханға қарсы күресуден басқа жол қалмады, күшейіп келе жатқан Қазақ хандығы арқылы ол аймақтағы дәрежесін сақтап қалуды және болашақта Қазақ хандығы құрамындағы Түркістан аймағының билеушісі болып қалуды да мақсат етеді.

Үш жылға созылған үшінші кезең оқиғалары барысында Қазақ хандығы біріншіден, Мұхаммед Шайбани ханға аймақтың солтүстік өңірінде бекінуіне жол бермейді, онда ықпалын сақтап, күшейте түседі. Оқиғалар барысы көрсеткендей, өңірдегі қалалардың жоғары топтары Қазақ хандығын қолдайтындығын көрсетеді. Екіншіден, аймақтағы Шайбани ханды қолдаушы күш – Мұхаммед Мазид тархан оқиғалардың даму барысында өз ұстанымын Қазақ хандығы жағына қарай өзгертеді. Үшіншіден, бұл ең бастысы, Қазақ хандығы Сыр бойының орталық және оңтүстік өңірлеріне ықпалын тарата бастайды.

XV ғасырдың 90 жылдарының басында Қазақ хандығының Түркістан аймағы үшін күресінің соңғы төртінші кезеңі басталады. Бұл кезеңінде Қазақ хандығына қарсы аймақта Моғолстан ханына арқа сүйеген тағы да Мұхаммед Шайбани хан қарсы әрекеттер жүргізеді.

1487 жылы Моғолстан ханы Жүніс қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Сұлтан Махмұт хан отырды [10,139]. Ол әкесінің иелігіндегі отырықшы аймақтарға және Моғолстанға соңынан қосылған Сайрам мен Ташкент өңірлеріне билік жүргізеді. Оның ел басқарудағы тәжірибесіздігін ескеріп, Мауереннахрдың билеушілері Омар-шайх мырза мен Сұлтан Ахмет мырза әрқайсысы өз беттерінше жеке қимылдап, Ташкентті қайтарып алуға ұмтылды. Бірінші болып Ферғана әміршісі Омар-шайх мырза көп әскермен Ташкентке аттанады, бірақ қала түбінде жеңіліске ұшырап, кейін оралады [10,139-140]. Келесі жылы, шамамен, 1489-1490 жылы Ташкентті алуға Самарқанд әміршісі Сұлтан Ахмед мырза күш салады. Сұлтан Ахмед мырза әскерінің ішінде 300 адамдық әскерімен Мұхаммед Шайбани хан да қатысады [10,139-140].

Ташкент түбіндегі Шыршық өзенінің бойында кездескен Сұлтан Ахмет мырза мен Сұлтан Махмұт хан әскерлері ұрысының нәтижесін Мұхаммед Шайбани хан шешеді. Ол астыртын моғол ханымен келісе отырып, ұрыс барысында моғол әскері жағына шығып, Самарқан әскерінің ту сыртынан соққы береді. Өз одақтасынан мұндай соққыны күтпеген Самарқан билеушісі сасып қалады. Нәтижесінде Сұлтан Ахмет мырза әскері жеңіліс тауып, Самарқанға қарай қашады [16, 114; 10,140]. Ал өз кезегінде жеңіске жеткен Сұлтан Махмұт хан Мауереннахрдың Түркістан аймағындағы соңғы тірегі, әрі орталық өңірі болып саналатын – Отырар қаласын басып алады [6,114; 10,140]. Ондағы билеуші Мұхаммед Мазид-тархан моғол ханына ешқандай қасылық көрсете алмайды.

Моғол ханның Сыр бойының орталық бөлігін жаулап алуы біріншіден, Самарқан билеушісінің жорығына жауап, екіншіден, күннен күнге осы аймақта ықпалы өсіп келе жатқан Қазақ хандығының аймақ жеріне тереңдей енуін тежеу үшін қолданылған әрекет болды. Аймақтағы Қазақ хандығының күшін әлсірету мақсатымен жаңадан жаулап алынған Отырар өңірін моғол ханы Шыршық өзені бойындағы ұрыста көрсеткен қызметі үшін Мұхаммед Шайбани ханға сыйға береді [16,114]. Сөйтіп, моғол ханы аймақта екі қарсыласты бір-біріне қарсы қойып, өзінің позициясын нығайтуды мақсат етеді.

Моғол ханының бұл әрекеті, жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақ хандығы мен Моғолстан арасындағы саяси қарым-қатынасқа жік түсіреді. Бұл туралы «Тарих-и Рашиди» авторы былай деп жазады. «...Осыған байланысты Керей хан мен Жәнібек хан ұлдары мен Сұлтан Махмут хан арасында ежелден бері келе жатқан достық қатынас енді жаулыққа айналды. Жәнібек хан мен Керей хан ұлдары: Шахибек хан /Шайбани хан/ біздің жауымыз, қалайша сен оны Түркістанда бізге қарсы қоясың» - дейді. Қысқасын айтқанда, осы қайшылыққа байланысты Сұлтан Махмут хан мен өзбек-қазақтардың арасында екі рет ұрыс болды. Екеуінде де Сұлтан Махмут хан жеңіліс тапты [10,142].

Сыр бойында ықпалы өсе бастаған Сұлтан Махмут ханның қазақтардан қатарынан екі рет жеңілуі, дерек мәліметі жазғандай, оның беделін төмен түсіреді. Ал керісінше, Қазақ хандығының күш-қуатының арта түскенін көрсетеді.

Ал бұл кезде Мұхаммед Шайбани хан болса қазақтар мен моғолдардың арасындағы қайшылықтар мен қақтығыстарды пайдаланып, аймақтың солтүстігіндегі қалаларды бағындыруға әзірлене бастайды. Ол жөнінде «Таварих-и гузида-йи нусрат - наме» еңбегінде былай баяндалады: «Сауран қаласының белді тұрғындары бас қоса келе: «Отырар тағы да Мұхаммед Шайбани ханның қолына түсті. Оның қуаты күннен күнге өсуде. Ол енді бүкіл аймақты басып алады», - деп ойласа келе, қаладағы Мауереннахр билеушісінің тағайындап қойған адамы Құл-Мұхаммед тарханды қуып жібереді және адам жіберіп, Махмұт Сұлтан Баһадүрді шақыртады да, оған Сауранды береді» [4,29-30].

Сауран қаласының өз еркімен шибанилық сұлтандарға берілуін К.А. Пищулина былай деп түсіндіреді: «Саурандықтар қаланы күштеп аларда болатын бүліншілікті болдыртпау үшін, дәл осы кезде күшейіп тұрған жаққа қаланы өз еріктерімен берді. Аймақта болып жатқан үздіксіз соғыстар оның шаруашылық-экономикалық өміріне кері әсерін тигізді. Қалалар үшін көптеген қарсыластар арасында болған қақтығыстарды қаланың белді топтары, қаланы тонаушылықтардан, бүліншіліктерден сақтау үшін еріктерімен күштілерге өткізіп отырған. Сауранның берілуі осының бір мысалына жатады»[11,117].

Арада 3 ай уақыт өткенде Мауереннахрдан ешқандай көмек ала алмаған темірлік билеуші Мұхаммед Мазид-тархан Бұрындық ханға адам жіберіп көмек беруін сұрайды. Екі жақ бірігіп, Саураннан шибанилық сұлтанды қуу үшін қарсы алтанады. Қазақтар қаланы қоршауға алады, ал қала ішіндегі Сұлтан Махмұт Баһадүр қала бекінісін қалпына келтіруге кіріседі. Қаланы қоршаушылар құпия түрде қаланың беделді адамдарымен байланыс жасап, қала билеушісін ұстап бергізеді [6,116]. Тұтқынға алынған қала билеушісін саурандықтар Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтанға тапсырады. Бұрындық ханның тұтқынды өлтіру туралы жарлығына қарамастан Қасым сұлтан оны Созақ өңіріне жібергізеді. Бірақ Сұлтан Махмұт Баһадүр тұтқыннан қашып шығып, ағасы Мұхаммед Шайбани ханға барып қосылады [6,117].

Сауран қаласын алғаннан кейін Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары Мұхаммед Шайбани ханды біржолата Сыр бойынан қуу үшін ол бекініп отырған Отырарға беттейді. Деректе жазылғандай, «Мұхаммед Шайбани хан күшінің аздығына байланысты қарсыласуға шамасы жетпей, қамал ішіне тығылады» [6,117]. Сондай-ақ ол моғол ханынан көмек сұратады. Мұхаммед Шайбани ханды толық талқандалудан құтқарған жағдай – Сұлтан Махмұт ханның тез арада жіберген әскери көмегі болды [6, 117].

Моғол ханының әскери жәрдемі келгеннен соң Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары қоршауды тастап, Сауранға қарай шегінеді. Ал Мұхаммед Мазид-тархан болса, Бұрындық ханмен келісе алмай, Яссыға кетеді. Ешбір дерек мәліметі және ешбір зерттеуші Бұрындық хан мен Мұхаммед Мазид-тархан арасындағы одақтың бұзылуын түсіндірмейді. Сауран қаласы шибанилық сұлтандар қолына өткенге дейін Мауереннахр иелігі болатын. Онда Мұхаммед Мазид-тарханның ұлы Құл-Мұхаммед-тархан билік құрып отырған еді. Қала шайбанилықтардың қолына өткен кезде, Мұхаммед Мазид – тархан Бұрындық ханмен одақтаса отырып, қаланы қайтарады. Қала кімнің иелігінде болуы керек төңірегіндегі мәселе – одақтастар арасында шешілмеген мәселеге айналады. Ал Бұрындық ханның Отырар түбінен Сауранға кетуі, қаланың қазақтардың иелігіне өткенін көрсетсе керек. Үміті үзілген аймақ билеушісіне Яссыға барудан басқа жол қалмайды.

Шайбани хан қарсыластарының одағы ыдырағанын көріп, бірден Яссыға аттанады. Мауереннахрдан келген әскери көмекке қарамастан, Яссы билеушісі алғашқы ұрыста жеңіліс табады [6,118]. Яссы қаласының шибанилықтар қолына өтуімен, Мауереннахр билеушісінің Түркістандағы иеліктері толығымен жойылады.

Қазақ хандығы аймақтың солтүстік өңірлерінде: Сығанақ, Созақ және Сауран өңірлеріне ие болады. Ал аймақтың ірі экономикалық сауда және әкімшілік орталықтары – Яссы, Отырар өңірлері – Мұхаммед Шайбани хан қолына көшеді. Бай өңірлерге ие болған ол, енді қазақтар иелігіне ғана емес, Моғолстанның Сыр бойындағы иелігі Сайрам өңіріне қауіп төндіреді. Осыған байланысты Қазақ хандығы мен Моғолстан арасында Шайбани ханға қарсы одақ қалыптасады.

Шайбани ханның Түркістандағы жағдайының жақсаруы моғол ханына қауіп төндіріп, ол туралы «Шайбани наме» дерегінде «Бұл адам түбінде бәрін, Ташкентті және басқа аймақтардың бәрін жаулап

алады. Қатерді басталмай тұрып, алдын алу керек», - деп, моғол ханы өзінің әмірлерімен кеңес құрады [6,120]. Кеңесе келе, Қазақ хандығымен бейбіт қатынасты орнату және Шайбани ханға қарсы Бұрындық ханмен одақтасу қажет деген тоқтамға келеді. Бұрындық хан мұндай шешімге қуана келіседі. Осылайша, кешегі қарсыластар қайтадан бірігіп, болашақтағы соғыс қимылдарына дейін бірігіп талқылайды [6, 120].

Келісілген шешім бойынша екі жақ алдымен Отырарды алуды ұйғарады. Онда Шайбани ханның ұлы Мұхаммед Темір сұлтан билік құрып отырған болатын. Одақтастар қала билеушісінің жастығын, тәжірибесіздігін есепке алады. Бірақ та бекініс қамалдары мықты Отырар, одақтастардың барлық шабуылдарына төтеп береді.

Отырарды бірден ала алмаған қазақтар мен моғолдар Ташкентке тәуелді Сайрамға қайтып оралады. Осы жерде оларға Мұхаммед Шайбани хан тосыннан шабуыл жасап, жеңіске жетеді, мол олжаға кенеледі [6,120-121].

Қазақ хандығы мен Моғолстанның Шайбани ханға қарсы құрған одағы осылайша сәтсіздікке ұшырайды. Ұрыс қимылдары Түркістан аймағының оңтүстік өңірінде болғандықтан, Қазақ хандығы өзінің аймақтағы иелігін жоғалтпайды.

1493-1495 жылдары Мауереннахрдың үш билеушісі 1-2 жыл ішінде қайтыс болып, орындарына 12-16 жастардағы мұрагерлері отырды [13, 20,25,27,38-39,40]. Сұлтан Махмұт хан осыны пайдаланып, Түркістандағы істерін тастап, бар күшін Мауереннахрға аударады. Ал Бұрындық хан болса, Шайбани ханмен бейбіт келісім жасайды. Оны туыстық байланыстармен нығайту үшін қазақ ханы өзінің екі қызын шибанилық сұлтандарға ұзатады [6, 121].

Осылайша, Бұрындық хан мен Шайбани хан арасындағы келісім, XV ғасырдың соңындағы Сыр бойы үшін жүргізілген күресті уақытша болса да тоқтатады.

Сөйтіп, XVI ғасырдың алғашқы жылдарына дейін Түркістан аймағындағы саяси оқиғалар бәсеңдейді.

Жалпы алғанда, XV ғасырдың соңындағы Қазақ хандығының осы аймақ үшін жүргізген күресін шартты түрде 4 кезеңге бөлуге болады. Барлық кезеңде де оқиғаға қатынасқан саяси күштер негізінен біркелкі болды. Ал әр кезең оқиғасының өзіндік ерекшеліктері болды. Қазақ хандығына күрестің бірінші кезеңінде Созақ, Сығанақ өңірлері қарайды. Екінші кезеңде, негізінен күш Мұхаммед Шайбани ханның аймаққа бекінуіне мүмкіндік бермеуге жұмсалады. Үшінші кезең жылдары Қазақ хандығы Түркістанның орталық және оңтүстік өңірлеріне дейін жетеді, ықпалын тарата бастайды. Төртінші кезеңде Сауран өңірі толығымен Қазақ хандығына енеді.

XV ғасырдың 70-жылдарына дейін аймақта толығымен билік жүргізген Мауереннахр билеушілері XV ғасырдың 90-шы жылдарында аймақтағы иелігінен толығымен айырылды. Аймақ XV ғасырдың соңында шартты түрде үшке бөлінеді. Аймақтың оңтүстігі – Сайрам өңірі – Моғолстанға, орталығы – Яссы, Отырар өңірлері – Мұхаммед Шайбани ханға қарады. Ал Қазақ хандығы солтүстік бөлікке – Созақ, Сығанақ және Сауран өңірлеріне ие болады. Осылайша, Қазақ хандығы аса маңызды этникалық аумақ үшін ұзаққа созылған күресті жемісті бастап, тек келесі, XVI ғасырдың соңында ғана түпкілікті және толығымен жеңіспен аяқтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пищулина К.А. Присырдаринские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVIII веках. Мына кітапта: Казахстан XV-XVIII веках. Вопросы социально-экономической истории. – Алма-Ата, 1969
2. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы- XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 б.
3. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата, 1985
4. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.//Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата, Наука, 1969, (Одан әрі – МИКХ).
5. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар.// МИКХ.
6. Шайбани –наме.//МИКХ.
7. Тарих-и Кипчаки. //МИКХ.
8. Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. Книга II. Душанбе. 1989.
9. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – 288 с.
10. Дулати М.Х. Тарих-Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
11. Фатх-наме.//МИКХ.
12. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Моғулистаном и шайбанидами в последней трети XV века. Мына кітапта: Казахстан в эпоху феодализма. – Алма-Ата, 1981
13. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Толықтырылып, екінші басылуы. Аударған Б.Қожабекұлы. – Алматы, 1993

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СІБІР ТАРИХЫНЫҢ СЮЖЕТТЕРІ

Бүгінгі орыс тарихнамасында Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан жерінде Қазақ ру-тайпалары тек ХҮІІ ғасырда ғана қоныстанды деген пікір қалыптасқан. Мұндай парадигманың қалыптасуына негіз болған А.Левшиннің Ремезовтың ХҮІ ғасыр-дың екінші жартысында құрастырылған «Книги большому чертежу» картасына сүйене отыра «киргиз-казаки занимали только сре-дину нынешних земель своих. Восточная часть оных прина-длежала зонгарам и другим племенам монгольским. Север-ною владели разные отрасли татар сибирских. В западной жили ногаи и вы-ше их башкиры; а потом место ногаев заняли ныне-шние волжские калмыки»-деп жазды.

Атбасар қаласында 1848 жылы туған, генерал-лейтенант шеніне дейін өскен, өлкетанушы, ақгвардияшыл Георгий Ефремулы Катанаев былай деп жазды: «не подлежащими никакому сомнению историческими данными теперь точно выяснено, что земли, занимаемые ныне сибирскими казаками по Иртышской, Горь-кой и Пресногорьковской линиями ко времени прихода сюда русских в начале ХVІІ и даже первой половины ХVІІІ столетия еще не были заняты киргизами. Вся северная часть нынешних Тургайской и Акмолинской областей и вся, без исключения Семипалатинская область представляли собой в то время или совершенную пустыню или только частью были заняты... джунгарскими калмыками»[2, 1].

2015 жылы Қорған қаласында Тобыл өзенінің орта ағысына орыстардың қоныс аудару тарихына арналған ұжымдық моногра-фия жарық көрді. Осы кітаптың В.Пузанов жазған «Царево горо-дище в эпоху казахских набегов» деп аталатын тарауында «в 90-е гг. ХVІІ века отряды Казачьей орды впервые вышли к границам русской Сибири» [4, 98] дейді.

Дәл осындай пікірді 2017 жылы сол Қорғанда шыққан өңір тарихы туралы оқулықтың 66 бетінде «в 90-е гг. ХVІІ в. отряды казахов и каракалпак-ов впервые вышли к территории Сибири», придя «из Средней Азии, из «земли Бухарской» деп қайталайды.

Міне осындай басылымдар соңғы жылдары орыстың әсіре ұлтшыл саясат-керлерінің екі елдің арасында сенімсіздік туғызатын жерге талас пифылдар-ына негіз болуда.

Бір өкініштісі қазақ тарихнамасында осындай орынсыз пікір айтқандарға қарсы дәйек айтатын іргелі монографиялық еңбек жоқ. Мұрат Әбдіровтың, Қадіржан Әбуовтың монографиялары аз данамен басылып, қалың оқырман қауымның көзайымына айнала алмады. Оның үстіне осындай құны еңбектерді насихаттау жағы кемшін болып жатады. Зиябек Қабдулиновтың әлеуметтік желілердегі жазғандары да көпшіліктің құлағына іліне бермейді. Біздің 90 жылдары жазған «Казахская Сибирь» деп аталатын шағын кітапшамыз да елеусіз қалды.

Ал енді «Сібір қазақтың жері» деген пікірді бізді аталарымыз айтып кет-кен. Батыс Сібір өлкесінде болған саяси процестерге қазақтың ру-тайпалары белсене араласқан. Оған куә халқымыздың ауыз әдебиетіндегі мәліметтер.

«Қарабек-батыр» эпосында Тайбұға ұлысы туралы мәләметтер кездеседі. Оның екі нұсқасы бар. Біріншісін Сібір тұрғыны Маулекей Юмашев (1834 – 1910 гг.) Омбы округінің тұрғыны Әлжан Шоқаманұлынан жазып алған. «Қарабек пен Қараман қиссасы» деген атпен 1882 жылы Қазанда басылып шықты. Эпоста 1825 жол бар. Көлемі 7500 жолдан тұратын екінші нұсқасын 1940 жылы фольклор жинаушы экспедиция мүшесі М.Ахметов Арал өңірінің тұрғыны Жаңабергена Бітімбайұлынан жазып алыпты. [6, 130]. Екінші нұсқада ноғайлы елінің ханы Қадырхан оның баласы Қарабек, және қалмақ ханы Қараман билеген дәуір тарихы баяндалады. Эпоста «Тайбұ-ғаның ауыр жұрт, тайпалғысыз ... өткен» - деген мәләмет бар. «Ауыр» деген сөзді тілші ғалымдар « сансыз көп» деген мағынаны білдіреді дейді. Шоқан Уәлханов профессор Н.Березинге жазған хатында : «по преданиям своим киргизы почитают себя (потомками) татар Золотой орды, которая в героических поэмах – джирах – называется *ногайлының ауыр (اون) жұрты*»[7, 163]. Бұл жерде де «ауыр» сөзі кездеседі, Профессор Рабиға Сыздық апамыз айтқандай «ауыр « сөзі «сансыз көп», «үлкен мемлекет» мағынасын беруі мүмкін. [8, 50-51]). Қорыта айтқанда эпоста Тайбұға жұр-ты ноғайлы заманында Ұлы Ұлыстың бір бөлігі екендігін меңзейді.

1910 ж. Қазанда «жарық көрген Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» («Шығыстың бес елінің тарихы») атты араб, парсы, түрік және қытай жазба-ларына сүйене отырып, ғылыми тұрғыда қазақ, татар, монғол және қытай халықтарының тарихын жазады. Әсіресе, қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, «қазақ» этнонимінің шы-ғуы, Шығыс Қазақстан жерін мекендеген қазақ руларының тарихы жөнінде келтірілген деректер назар аударарлық.

Бірақ, кеңес үкіметі кезінде халық көзінен тасада ұсталып, ғылы-ми айналымнан тыс қалғандықтан халқымыздың қолына кешігіп барып тиді. Бұлай дейтініміз,кітапты шағатай тілінен (ескі өзбек тілі) Б.Төтенаев пен А.Жолдасов тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, 1992 жылы ғана жарық көрді.

Міне осы кітапта қарақшы Ермақтың Сібірдегі басқыншылық саясаты жөнінде бірталай мәліметтер бар. Ол оны ауыл ақсақалда-рының аузынан жазып алдым дейді. Оның айтуынша қазақтың Сәтбек есімді

батыры жорықта жүрген сәтінде оның ауылына Ер-мақ 9 адамымен келіп батырдың бәбішесін өлтіріп, қарындасы Қан-шайым мен қызын тұтқындамақ болады. Жорықтан қайтқан Сәтбек батыр қарақшыларды бір білеп көзін жойып, Ермакты итке талатті дейді. [10, 151].

1909-1911 жылдары Ақылбек Сабалұлы жариялаған “Сәтбек батыр” қиссасында оқиға Көкшетау мен Қазылжар маңында болған. [12, 316-322, 372]. Батырдың екі әйелі болған. Бірі қазіргі Ақмола облысының Бұрым-талды деген жерінде тұрса, екіншісі Орал тауының етегінде қоныстанған екен [12, 316]. Батыр кезек кезек бір айдан бәбішесі мен тоқалының ауылында болады екен. Ол тоқалының ауылында жатса бәбіше ауылына Кәпір Жармақ 8 адамымен шабуыл жасайды. Батырдың үш баласын және аулдың бірнеше адамдарын шейіт қылады, қызы Бәтешті тұтқындайды. Мұны естіген Сәтбек бәбіше ауылына жедел жетіп, қарақшыларды бір бірлеп өлтіріп, Жармақ пен жекпе-жекке шығады. Бірін бірі ала алмай итжығыс болып жатқанд батырдың иті келіп көмектесіп Ермакты Сәтбек жеңді дейді.

Сәтбек туралы жыр қытай қазақтары фольклорында да кездеседі. [13, 18-19]. Оларда батыр орыс әскерімен соғысты дейді [13, 18]. Сондықтан Сәтбек батыр тарихи тұлға. Жыршы Кәкен Күдеріұлы Уақ тайпасының Би-далы руына жатқызады [14, 41]. Уақ тайпасының әртүрлі нұсқасындағы шежірелерінің бәрінде де батырдың аты аталады. Бір нұсқада ол Бидалы ұрпағы болса Бидалы – Кудай-кул – Караман – Бекболат – Сәтбек [14, 293], екіншісінде Бида-лының өзі Сәтбектен

Қазақ ауыз әдебиетінде Сәтбек батыр кеңінен тараған тұлға. Ал енді Ермак жорығы Сібірде болғандығын ескерсек Қазақ ру-тайпаларының ата қоныс Сібірдің оңтүстік өңірі екендігі дәлелденеді.

Қазақ фольклорында «Сібір» атауы ХҮІІ ғасырдан бастап кездесе бастай-ды. Атақты Қожаберген жырау өзінің «Елім-ай» дастанында Сібірдің бір бөлігін қазақ ру-тайпалары мекендегенін көреміз. Жырдың мазмұны оның Батыс Сібір жерінде (қазіргі Қостанай, Солтүстік Қазақстан) жазылғандығын меңзейді. Уақыты ХҮІІІ ғасыр. Жырау сол заманда болған тарихи уақиғарды өз шығармасының арқауына айналдырған. Дастанның авторлығы (атрибуция) талас тудырмауға тиісті. Жырдың 11-ші шумағында автор өзін былай деп таныстырады:

Көрші елге батырлықпен даңқы кеткен,
Сібірдің батыс жағын мекен еткен.
Керейде Толыбай сыншы кіші ұлы едім,
Жырларым қазақ жұртын елжіреткен» [15].

«Елім-ай» тарихи жырға жатады. Ахмет Байтұрсынұлы «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығар-ылған сөздер айтылады» [16].

Ал енді ол өзінің «Ата тек» дастанында ол былай дейді:

Атанған бабам Ғали- «Ашамайлы» ,
Өсірген мыңдап тайлақ құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып, ерте кезден қанат жайды.
Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып, кеңес құрған би мен бегі [15].

Сібір тарихы жөнінде мәлімет береін келесі бір дастан «Дәстемнама» Ав-торы Дәстем сал 1677 жылы – жылан жылы, наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Благовещен-ка» (Жекекөл) совхозына қарасты орманды, көлді, көк шалғынды өте әсем қо-ныстардың бірі Гүлтөбеде Қарабас батыр Толыбай сыншы ұлының отбасында дүниеге келіп, әкесінен еншіге алған мекені – қазіргі Қорған облысының Петухово ауданындағы Өзентал деген қалың ағаш [17].

Оның көлемі 200 шумақ, «Дәстемнама» жырында қазақ жігіттерінің Ермак қанішердің жорықтарына қарсылығы баяндалады. Жырда Ермакты өлтірген Сәтбек батыр екендігі айтылады.

Дәстемнама тарихи жыр. Ол өзінің сібірлі екендігін мына шумақ-тарынан аңғарасың.
Сері болдым, топ бастап,
Домбыра, қобыз қолға алып.
Сібірлік түрік ахуалын,
Жыр етпекке толғанып [17.146].

Жырда Сібірді мекен ететін алты халық екендігі жөнінде мәлімет береді. Олар мыналар:

Ескер, барын, барабы,
Құрлаш, сұңқар қарабаш,
Бұлар да татар тайпасы,
Сібірде тұрған аралас.
Осы алты елі татардың,
Астана еткен Түменді.
Мекендеген жерлері,
Есіл, Ертіс, Тобылдың,
Тұтасар жері төменгі [17.148]

Жырда Сібірге Ермак қанішердің жорығы туралы мол мағұлымат бар. Жырда Сібір ханы Жәдігер болды,оның әскербасысы Орта жүздің керей тайпсынан шыққан Еламан батыр еді дейді. Жәдігерден кейін таққа Көшім отырған. Ал Еламанның орнын баласы Төс батыр басқан. Оның баласы Сейдақ Көшім ханның уәзірі еді дейді жырда.

Сібірлік түрік жұртына,
Жәдігер жайлы хан болды.
Дақ түсірмей ғұрпына,
Айтқаны оның заң болды.
Жәдігер ханның сардары,
Орта жүз Керей Еламан,
Жәдігер билеп тұрғанда,
Ел-жұрттың болды басы аман.
Жәдігер өліп орнына,
Көшім сұлтан хан болды...
Түменнен әрі Тобылда,
Өз ордасын қондырды,
Тоғайлы, сулы орманға.

Жасыл ала ту тігіп,
Ауылын хан жайнатты.
Еламан ұлы Сейдекті
Бас уәзір сайлатты
Еламанұлы Төс ерді,
Ордабасы етіп сайлаған.
Төс Сейдектің ағасы,
Қазақтың еді данасы...17

Жырдағы есімі аталғандар тарихи тұлғалар. Шибанид хан Көшім (1563 - 1598 гг.), тайбугид Жәдігер (1530 -1563 гг.), Сейдеак (Сеид-Ахмед) жәдігердің немере інісі тарихта болған адамдар.

Одан әрі жырда Ыстыраған дәудің қарақшы Жармақты Көшім ханға айдап солғаны айтылады. Ыстырған дегені шамасы Строгнов болуы мүмкін. Жармақ 16 мың әскермен келіп Сібір жұртын шапқан. Осы кезде Көшім хан қалмақтармен соғыста еді делінеді жырда.

Неге десең жауыздың,
Қырмаған ауылы қалмаған...
Он алты мың ауыр қол ертіп,
Желгіш атпен заулаған.
Жендеттері бес жүзден,
Бөлініп жұртты жаулаған...17

Жармаққа қарсы соғысты уақ-керей тайпаларының басшысы Дәулен батыр басқарған:

Қазақтың ордабасы,
Дәулен батыр дер екен.
Керей-Уақ көсемі,
Дәулен асқан ер екен.
Өз тұсында сол Дәулен,
Мұсылманға бел екен.
Жармаққа қарсы соғыста,
Ерлігі оның көп екен.17

Дастанның соңында қалмақтарды жеңген, керей әскерін басқарған Сейдақ елге оралып Жармақ әскерін тас-талқан еткендігі баяндалады. Бұл айтылған оқиғалар Жәдігер баласы Шығай хандық құрған заманде болған еді дейді жырда: Жармақпен соғыс болған кез,

Шығай ханның заманы.
Жәдіктің ұлы Шығай да
Сол тұста қазақ ханы екен.17

Сөз соңында айтарымыз 100 том болып жарық көрген «Баблар сөзі» жинағына кірген әрбір тарихи әңгімелер халқымыздың тарихынан мол мәләмет беретін нарративті деректер. Оларды текстологиялық және деректемелік тал-даудан өткізіп, ғылымның игілігіне жаратудың күні туған сияқты. Бабаларымыз қалдырған құнды жәдгерлер тарихымызды жаңаша,тың деректермен толықтырылып қайта жазуға мүмкіншілік тудырады анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацкихорд и степей. Алматы: Санат, 1996
2. Катанаев Г. Катанаев Г. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. Омск, 1904

3. Пузанов В.Д. Военно-административная система России в Южном Зауралье (конец XVI - начало XIX в.). Дисс. канд. ист. наук. – Курган, 1999
4. Слобода Царево городище на Тоболе (1679-1782 гг.): монография. Курган: Изд-во Курганского гос.ун-та, 2015
5. История Курганской области (с древнейших времен до 1991 года) : краеведческое пособие для обучающихся, студентов и педагогов / отв.ред. Д. Н. Маслюженко. Курган : Изд-во Курганского гос.ун-та, 2017
6. Карабек-Батыр // Казахстан. Национальная энциклопедия. Т. 3. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. 560 с.
7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том I. Алма-Ата, 1984
8. Сыздық Р. Казак тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. Алматы: Арыс, 2009. 272 б.
9. Древнетюркский словарь / под ред. Д.М.Насилова, И.В. Кормушина и др.; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмитриева, А.А. Зырин, И.В. Кормушин и др. 2-е изд., пересмотр. Астана: Ғылым, 2016. 760 с.
10. Халид К. Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы: Қазақстан, 1992. 304 б.
11. Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата: Ғылым, 1991. 254 с.
12. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 56: Тарихи жырлар. Астана: Фолиант, 2009. 408 б.
13. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 23: Хикаялық дастандар. Астана: Фолиант, 2005. 360 б.
14. Уақ шежіресі. Астана: Фолиант, 2009. 1008 б.
15. Қожаберген жырау.Ата тек
16. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы. 1991, 417 б.
17. Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. - Қостанай, 2011. .

Рустемова Г.А.
 учитель истории Казахстана
 Педагог-эксперт
 Коммунальное государственное учреждение
 «Общеобразовательная школа с.Тасты»
 Акмолинская область

ЮНЫЕ ГОДЫ ХАНА АБУЛХАИРА

Абулхаир Мухаммед-Гази – бахадур – хан происходил из незнатного султанского рода. До него никто из его предков не был поднят на белой кошке в период с XVI до начала XVIII в. В Казахском ханстве постепенно стала складываться своеобразная традиция унаследования власти, согласно которой титул хана становится привилегией одной ветви джучидов, которые происходили по ветви Жадика султана, четвертого сына основателя Казахского ханства хана Жанибека (1469/70–1473/74) и брата могущественного хана казахов Касыма (1512-1521). Итак, в XVIII в эту правящую линию династии чингизидов тогда представляли ханы и султаны среднего жуза: Каип, Болат, Семеке, Барак, Батыр, Абулмамбет, Абылай, Уали и др. Придерживаясь вышеупомянутой традиции, представители династии султанов, которые происходили от султана Оснека, другого сына Жанибека хана, по представлению чингизидов той эпохи не считались достойными претендентами на престол хана и поэтому не играли какой-то особой политической роли в кочевом обществе Казахского ханства. Первый представитель чингизидов, который нарушил эту неписаную традицию, был потомок в седьмом поколении Жанибека хана и средним сыном почти никому неизвестного в кочевом обществе султана Кажи, у которого был один взрослый и два несовершеннолетних сына [1,118].

Огромное большинство первоисточников, освещающих юные годы жизни Абулхаира, были уничтожены в бесчисленных пожарах в России в XVII-XVIII в., и потому интересующие нас биографические данные о Абулхаире дошли до наших дней большей частью в ретроспективном письменном изложении российских столичных и провинциальных чиновников 40-70-х годов XVIII веков [1,119].

Существуют определенные разногласия среди историков, касающиеся истинной даты рождения Абулхаира. К сожалению, было допущено немало ошибок, на которые нужно обратить внимание. Особенно ошибки встречаются в таких фундаментальных изданиях, как Казахская национальная энциклопедия. В монографии, опубликованной в 1999 году, «Хан Абулхаир-полководец, правитель и политик», допущенные ошибки были исправлены. Необходимо отметить, что хан Абулхаир родился не в 1693 году, как писали многие авторы. Он родился ранее, а именно в 1685 году, как доказали в своих трудах Абиш Кекильбаев и Ирина Ерофеева. Мы должны учитывать тот факт, что осенью 1709 года совет биев Казахского ханства, глубоко оценив многолетние заслуги султана Абулхаира по защите западных границ Казахского ханства от нападения казачьих отрядов Российской империи, решает избрать его ханом Младшего жуза. Если бы на тот момент его не поднял на белой кошке казахский народ, то это сделал бы башкирский народ. В 1707-1709

годах вспыхнуло стихийное восстание башкирского народа против российской колонизации, тогда молодой Абулхаир султан с тремя тыс. воинов прибыл на помощь башкирам. После того башкирский народ решает избрать Абулхаира, в этот момент совет казахских биев принимает решение об избрании его ханом Младшего жуза. Но тогда, из-за отъезда Абулхаира, восстание башкирского народа было жестоко подавлено. Вот как раз здесь мы и должны отметить самое главное: если бы будущий хан Младшего жуза родился в 1693 году, то когда его избрали ханом в 1709 году, ему было бы всего 17 лет. Однако ранее говорилось: «оценив многолетние заслуги султана Абулхаира по защите западных границ Казахского ханства от нападения казачьих отрядов Российской империи, решает избрать его ханом Младшего жуза». В таком юном возрасте человек не может обладать таким авторитетом и иметь столько заслуг перед народом, да и трехтысячное войско собрать молодому султану было бы достаточно сложно. Когда умерла его супруга Бопай 31 мая 1780 года, в России писали, что она прожила сто лет и умерла в сто один год. Если считать, что Абулхаир родился в 1693 году, то тогда получается, что он младше своей жены на 13 лет. Надо учесть тот факт, что в XVIII веке ислам был признан официальной идеологией и казахское общество с момента своего зарождения опиралось на мусульманские нравственно-правовые нормы, которые затрагивали абсолютно все сферы жизни. В таких условиях среди мужчин-чингизидов было недопустимо вступать в брак с женщиной, намного старше своих лет. Это существенно противоречило менталитету молодых чингизидов. Все это было всесторонне исследовано и подробно описано вышеуказанными авторами [1].

Как утверждает сам Абулхаир хан, он был вторым сыном Кажи султана, у которого было еще два сына: старший – султан Токтамыс, вероятнее всего, умершего задолго до вступления его брата на престол хана; младший – султан Булхаир, который пережил своего единоутробного предшественника на непродолжительное время. За исключением отдельных отрывочных данных о султанине Булхаире и сыновьях обоих братьев Абулхаира, никаких письменных сведений о семье будущего хана Младшего жуза не сохранилось. Можно с большой уверенностью сказать, что его отец и старший брат Токтамыс безвременно ушли из жизни в расцвете своих лет и на это косвенно указывают некоторые упоминания о юных годах жизни Абулхаира в документальных материалах 30-40-х годов и исторических летописях казахского народа, собранных полтора столетия спустя в тургайских степях известным писателем И.И Крафтом [1,123]. Из исторических преданий нам стало известно, что Абулхаир очень рано остался без родителей и других ближайших родственников по линии отца. В трудных и суровых условиях он был вынужден скитаться по степи в поисках необходимых средств к существованию. Как раз в это время происходит судьбоносная встреча, которая изменит его жизнь [1,124].

Согласно народной легенде, в жаркое и знойное лето знатный батыр казахского народа Жанибек направлялся с большой группой преданных ему людей в соседний аул и случайно увидел в степи спящего юношу, который безмятежно расположился под одиноким ветвистым деревом. Жанибек батыр остановил коня и, пораженный «необыкновенной красотой дремлящего молодого человека», слегка дотронулся копьём до его ноги. Почувствовав прикосновение, юноша резко вскочил на ноги и, схватив рядом лежащий лук, мгновенно направил его на Жанибека. «Безумный, остановись, остановись, – крикнул ему Жанибек, убери свой лук. Я – Жанибек, наверняка ты слышал обо мне. Я желаю тебе добра, я не враг твой, а друг!» Выслушав его, Абулхаир произнес: «Будь ты хоть известный Жанибек, но как ты смеешь беспокоить человека, который ничего от тебя не просит и ни от кого не зависит! И я не позволю кому-либо дотрагиваться до меня копьём. Пусть я бедный, но я благородный человек. Ты, славный Жанибек, ступай направо. Я, султан Абулхаир пойду налево!... Эй, Жанибек, как давно «черные» стали такими дерзкими перед белыми?». Дальше в легенде повествуют о том, что Жанибек, выслушав его речь, был поражен гибким умом и гордостью молодого человека. К безмерному удивлению своего окружения, Жанибек слез со своей лошади и протянул руку Абулхаиру в знак примерения. В ответ юноша молча опустил свой лук и тоже протянул руку почтенному батыру. После этого взаимного расположения друг к другу, они долго вели беседу о жизни. Из разговоров с Абулхаиром, казахский батыр узнает, что юноша «беден, одинок и у него нет ничего, кроме сивой лошади», и в свою очередь предложил ему свое покровительство и поддержку, которую чингизид, немного подумав, принял. С того времени жизненные тропинки этих двух великих личностей не расходились. Надо отметить, что Жанибек, ставший для молодого Абулхаира другом и наставником, сыграл огромную роль в формировании мировоззрения последнего. Они оба любили подолгу разговаривать и дискутировать о жизни, политике и о многом другом. Знатный батыр не скрывал своего восхищения гибким умом и дальновидностью юного чингизида, но при этом и сам давал мудрые советы, которые, несомненно, стали недостающими элементами в формировании жизненных взглядов будущего хана. В одном из душевных разговоров Жанибека и молодого Абулхаира, батыр сказал чингизиду: «Юный мой друг, я предвижу твое недалекое будущее...Ты обладаешь блестящим умом, храбростью, хотя безроден...Когда ты сильно будешь в чем-то нуждаться, обращайся ко мне, не бойся. Ведь я полюбил тебя как родного сына. Поверь, я могу пожертвовать и жизнью ради тебя, потому что, чувствуется мне, настанет время, когда судьба всего казахского народа будет в твоих руках...».

Преждевременная утрата родителей и старших членов семьи не могли не наложить глубокий отпечаток на его взгляды на жизнь, на формирование личности, с маленьких лет сталкивая Абулхаира лицом к лицу с суровой действительностью того периода. Несомненно, все эти обстоятельства заставляли самостоятельно пробивать себе дорогу в светлое будущее без всякой надежды на помощь со стороны.

Конечно, позже, осведомленность широкой массы казахского народа об отсутствии у первого хана их династии Болекей-Кояна достаточно многочисленного и влиятельного родственного клана дала повод будущему заклятому врагу Абулхаира Бараку презрительно отзываться о слабости и «бесчестности» генеалогического древа Абулхаира, ссылаясь на «малолетство» его родственного окружения. Этот исторический факт примечателен тем, что он довольно емко и глубоко характеризует ту чрезвычайно определенную роль, которую играли огромные родственные связи в личном возвышении и военно-политическом авторитете казахских чингизидов в тех условиях жизнедеятельности традиционного казахского кочевого общества. Не даром у казахского народа в то время достаточно актуально использовалась поговорка: «У кого дырявая юрта, того дождевые капли пожирают, у кого нет сородичей, того нагайка пожирает» [3,177].

После ухода из жизни родителей, дяди и старшего брата Токтамыса на плечи неопытного, несчастного юноши легли огромной тяжестью заботы о своем маленьком братике, султани Булхаире, а также о родных и двоюродных племянниках – султанах Шиме, Мамае, Кылышкылы, Ниязе и других. В этих условиях юный Абулхаир был вынужден непрерывно концентрировать свою волю, физические и интеллектуальные силы с целью обеспечения в будущем себе и своим близким родственникам и потомкам более достойную и счастливую жизнь [1,125]. Хотелось бы отметить, что вся его жизнедеятельность была направлена именно на это. Его благородное происхождение дало о себе знать даже спустя годы. Ведь на протяжении последующих 250 лет после его ухода из жизни, его прямые потомки занимали ведущие позиции в государственной, общественной и военной жизни. Его сын Нуралы обладал ханским титулом 38 лет, а второй сын Ералы - 4 года, Айшуак (третий сын) – 8 лет. В разное время 9 внуков Абулхаира занимали ханский престол, двое внуков во второй половине XVIII века были Хивинскими ханами. Не могли не передаться потомкам Абулхаира храбрость, воинское мастерство и умение управлять в административно-политической сфере. Его внук, хан Бокеевской орды Жангир хан, стал первым в степи разносторонне образованным монархом европейского типа, был первым генерал-майором из казахов, как просвященный государь, он многое сделал для цивилизации казахской степи. Генеральские погоны также носили султаны Баймухаммед Айшуаков, участник Хивинского похода 1839-1840 годов, его сын Мухамеждан Баймухаммедов, участник войны с Кокандом.

Достаточно суровые и тяжелые, даже по тем жестким меркам того периода, жизненные обстоятельства, бытовые трудности социализации совсем юного чингизида изначально стимулировали сравнительно ранее интеллектуальное и физическое возмужание Абулхаира. Именно в те годы закалялся его характер, развивались твердость духа, личная отвага, умение бесстрашно смотреть опасности в глаза и достаточно смело и мужественно преодолевать жизненные препятствия, бесконечно возникавшие перед ним на пути к достойному месту в казахском обществе. Бесспорно, суровая действительность научила его полагаться только на самого себя, сформировав у Абулхаира обостренное чувство собственного достоинства и, вместе с тем, самолюбивый и гордый характер. Несомненно, эти качества его натуры ясно проявлялись у будущего хана казахов в тот самый ненастный период, когда он был совсем беден, никому не известен и одинок, что найдет свое отражение в исторических преданиях казахов Младшего жуза [1,126].

Вот такие колоритные и яркие воспоминания людей той эпохи о трудной юности передавались на протяжении многих лет от одного поколения к другому, затем, обрастая многими подробностями легендарного свойства, складывались в пестрый пазл различных сюжетов о совершенных им подвигах и произнесенных словах, из которых позже вырастут целостные историко-эпические труды на героические темы, которые сохранили в своей основе многие достоверные факты из биографии будущего хана [1,127].

Список литературы

1. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е, исправленное и дополненное. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 с.
2. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.) – Алматы: «Гылым», 1991. – 238 с.
3. Карпык А. Белая кость прошлого. Наши современники. – Алматы: РГЖИ «Дэуір», 1994. - 277 с.
4. Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Учебное пособие. – Алматы, 1994. – 425 с.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общ. ред. акад. М. К. Козыбаева). – Алматы: «Санат», 1996. – 656 с.
6. Ибраев Г.М. Роль хана Абулхаира в событиях принятия казахов подданства России / Г.М. Ибраев, Г.М. Байхадамова. -Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2018. — № 18.01 (204).-URL : <https://moluch.ru/archive/204/50087> (дата обращения 20.02.2021).
7. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов XVII-XVIII веках. – Алматы: дайк-Пресс, 2001. –172 с. (Казахстанские востоковедные исследования).
8. Добросмыслов А.И. Материалы по истории России. – Оренбург, 1900. Т.1. – 279 с.
9. Жумадил А.К. Казахско-джунгарские военно-политические отношения в XVI-четверти XVIII вв: учебное пособие/. – Алматы, 2015. –101 с.

Махашова П.М.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қасқабай М.И.
3 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. (Қазақстан)

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болашақ маманның – өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу туралы айтылған.

Осыған орай, оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Заманауи оқыту: бұл жеке тұлғаның мүмкіндігі мен шамасына қарай мәселенің байыбына барып, үлгі көрсетер өнегелеріне еліктеп, тағылымдық жолдарын қабылдау, оған шығармашылық тұрғыдан пайымдау жасауға үйретеді. Сонымен қатар шығармашылдық ойлау мен бастамашыл іс-әрекеттегі саналылықты өрістетуге зерттеушілік тұрғыдан белсенділігін жетілдіріп, іс-әрекетке бейімділігін, қызығуын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта оқу үдерісін жетілдірудің перспективті бағыттарының бірі мультимедиялық технологияларды пайдалану болып табылады. Соңғы онжылдықтарда заманауи оқыту технологияларының ішінде компьютерлік технологиялар ерекше орын алды. Мультимедиялық оқыту технологияларын компьютерлік оқыту технологияларының дамуының жаңа кезеңі ретінде орналастыру заңды [1], өйткені олар компьютердің оқу мүмкіндіктеріне негізделген және қазіргі заманғы бағдарламалау технологияларын қолдануды көздейді.

Мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісіне енгізудің өзектілігі осы құралдарды қолдану арқылы алуға мүмкіндік беретін бірқатар артықшылықтарға байланысты: оқушылардың танымдық қызығушылығын ынталандыру, оқу процесінде аудио және визуалды эффектілерді кешенді пайдалану, деңгейді арттыру. оқытуды даралау, оқыту сапасына нұқсан келтірмей сыныптардың ақпараттық әлеуетін арттыру, оқу ақпаратын қабылдаудың көбірек арналарын тарту.

Педагогтың құзыреттілігі – адамның өзінің кәсіби қызметін түрлендіруге бағытталған зерттеушілік және рефлексиялық сипаттағы іс-әрекет ретінде өзінің кәсіби-педагогикалық болашағын болжау қабілеті мен дайындығын анықтайтын интегративті көп деңгейлі тұлғалық және кәсіптік білім. Қажетті дайындық деңгейіндегі мамандарды қалыптастыру қажеттілігі мамандарды даярлаудың мазмұны мен технологияларына қатысты жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға баса назар аударуды тудырды.

Болашақ мұғалім мектеп оқушыларына білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға дайын болуы керек. ЖОО-да дайындалған кезде ол сәйкесінше меңгеруі керек құзыреттер:

1) жалпы мәдени:

– дүниенің қазіргі жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы білімдерін оқу және кәсіптік қызметте пайдалана білу, ақпаратты математикалық өңдеу әдістерін, теориялық және эксперименттік зерттеулерді қолдана білу;

– ақпаратты алудың, сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын пайдалануға, ақпаратты басқару құралы ретінде компьютермен жұмыс істеуге дайын болу;

2) кәсіби:

– нақты оқу орнының нақты білім беру деңгейінде оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістер мен технологияларды, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана білу;

– білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ортасының мүмкіндіктерін, оның ішінде ақпаратты пайдалануға дайын болу.

Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғыртуда болашақ мұғалімдерді даярлауда мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдануға бағытталған педагогикалық білім берудің жаңа әдістемесін енгізу басым бағыт болып табылады.

Мультимедияны қолданудың келешегі бұл компьютерлік ақпараттық технология оқу процесінде ақпаратты берудің барлық арналарын пайдалануға мүмкіндік беретіндігімен анықталады, өйткені ол компьютерлік жүйеде мәтінді, дыбысты, бейне кескінді, графикалық кескінді және анимацияны біріктіреді.

Болашақ мұғалімді дайындау процесінде жаңа ақпараттық технологиялар қолданылмаса, жас маманның олармен белсенді жұмыс істеуін күтудің мағынасы жоқ. Мұғалімнің іс-тәжірибесінде оқу

үрдісінде мультимедиялық технологияларды қолданудың үш аспектісін бөліп көрсетуге болады: электрондық дидактикалық материалдарды дайындау және пайдалану; электрондық құралдарды пайдалану; интернет ресурстарын пайдалану. Сәйкесінше, болашақ мұғалімдер жоғарыда аталған ақпараттық технологияларды жетік меңгеруі керек.

Мультимедиялық технологиялар мыналарға қабілетті:

- оқытуды визуализациялау мәселесін тиімді шешу;
- білім алушыларда жағымды эмоциялар тудыратын және оқудың жағымды мотивтерін қалыптастыратын үдерісті даралау;
- сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушыларды босату, өз бетінше талдау және қателерді түзету, нәтижесінде өзін-өзі бақылау дағдылары жетілдіріледі;
- өз бетінше оқу және зерттеу қызметін жүзеге асыру, сол арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту.

Мультимедиялық технологияларды қолдану әдістемесі мыналарды қамтиды:

- сабақта оқытуды басқару жүйесін жетілдіру;
- оқуға деген ынтасын күшейту;
- білім мен тәрбиенің сапасын арттыру;
- қазіргі ақпараттық технологиялар саласында білім алушылардың дайындық деңгейін арттыру.

Мультимедиялық сабақтар келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

- пән бойынша негізгі білімді меңгеру;
- алған білімдерін жүйелеу;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;
- оқу мотивациясын қалыптастыру;
- білім алушыларға оқу материалы бойынша өздік жұмыста оқу-әдістемелік көмек көрсету.

Ақпараттық технологияларды компьютерге технологиялық тұйықталған оқыту және тәрбиелеу құралдарының кешені ретінде қарастыруға болады, бірақ бұл технологияның мүмкіндіктері белгілі оқыту мен тәрбиелеудің барлық құралдарының мүмкіндіктерінен асып түседі. Болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне ақпараттық технологияны енгізу мақсат ретінде емес, оқушылардың дүниені тану жолдарының бірі ретінде, пәндер бойынша қосымша ақпарат көзі ретінде, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу тәсілі ретінде қарастырылады. Ақпараттық технологияларды қолданудың маңызды нәтижесі оқушылардың өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекетіне деген ынтасының артуы, мектептегі педагогикалық тәжірибеде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсатты іс-әрекетіне дайындығы болып табылады. Мультимедиялық технологиялар оқу қызметін ұйымдастыру мен басқару мүмкіндіктерін өлшеусіз кеңейтеді және перспективалық әдістемелік әзірлемелердің үлкен әлеуетін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, мультимедиялық технологиялар болашақ маманның жалпы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.

2. Звонников В.И., Чельшкова, М.Б. Оценка качества результатов обучения при аттестации (компетентностный подход): учеб. пособие/ – М.: Логос, 2012.

3. Махотин Д.А. Компетентностно-ориентированные задания как средство оценки общих и профессиональных компетенций обучающихся // Среднее профессиональное образование. – 2014. – № 5.

4. Бондаренко О.В. Применение мультимедийных технологий в образовательном процессе высшего учебного заведения // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 3.

Шокатова А.К.

тарих ғылымының магистрі, аға оқытушы
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

АВАРЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аварларда әскери сала өте жоғары деңгейде дамыған. Осыған орай, біз аварлардың әскери өнерінің византияның әскери саласына және жалпы еуропалық халыққа ықпалын сөз етеміз. Тиверий мен Маврикий әскери саланың реформалары болды және біріншісі бұл салада басты роль атқарды. Империяның әскери күшін нығайту үшін, Феофанның айтуы бойынша Тиверий «15 мың адамнан құралған әскери отряд құрды». Бұл отрядқа созылған қару және әскери киім берілді, оның басшысы болып федераттар комитеті Маврикий әскери отрядтың тарихы сол кезеңнің өмірінен көптеген ақпарат береді; Себебі әскери өнер мен әскери лагерлерді орналастыру теориясы Маврикийдің есімімен байланысты. Бұл өзгерістерде аварлардың да

ықпалы зор. VII ғ. өзінде-ақ Византияда қалыптасқан әскери қызметке толық бір славян тайпаларын тарту жүйесі белең алған болатын. Зерттеп отырған кезеңнің VI ғ. атап өту қажет, соғыс тарихында бұл отряд маңызды орын алады, бұдан Византиялық әскер салыстырмалы түрде әлсіз болған деп қорытынды жасауға болады.

Аварлық әскери өнердің Еуропа және Жерорта теңізі халықтарының әскери ісіне ықпалы тарихта мойындалған. Авар әскери өнерінің шығыс-рим империясының әскери ісіне әсері, әскери-теоретикалық трактат Псевдо-Маврикийдің «Стратегикон» еңбегінде кездеседі [1]. Трактат 592 және 610 жылдар аралығында жазылған. Оны дәлелдейтін екі себеп бар: біріншіден, трактатта жазылған ең соңғы оқиға 592 ж. ромей әскерінің авар қағанынан Гераклесей-Перинфем түбінде жеңілуі баяндалды. Екіншіден, трактатта Ираклий (610-641 жж.) әскери қимылдары туралы, Фоканың сәтсіздіктері туралы ешнәрсе баяндалмаған. Сәйкесінше, трактаттың соңғы бөлігі Маврикий император кезінде немесе Фока кезінде жазылған болуы мүмкін. Трактатты жазушы императордың өзі немесе оның жақын қызметкерлерінің бірі болуы мүмкін. Трактатта авар нұсқасы бойынша жасалған шығыс-рим империясының кавалериясының реформасы баяндалған. Псевдо-Маврикийдің трактатында шығыс-рим кавалериясының дамуының екі кезеңі берілген:

1. V-VI ғғ. «урбикейлік» кавалерия

2. VI ғ. бастап «маврикийлік»

Трактатқа сәйкес V ғ. енгізілген әскери тактикалар VI ғ. дейін өзекті болған. Шындығында «урбикейлік» атты әскердің сипаттамасы VI ғ. екінші жартысындағы Юстиниан әскеріне сай келеді. Сонымен қатар, VI ғ. енгізілген жаңа идеялар байқалады. «Урбикейлік» және «маврикийлік» атты әскер схемасының айырмашылығына тоқталайық. V-VI ғғ. «урбикейлік» атты әскер екі бөліктен (сызықтық және шашыраңқы) құралған, олардың әрқайсысы атты әскерден құралды, олар екі түрлі схемамен (найзашылар, садақ) қаруланған. Басты тактикалық бірлік 310 атты әскерден құралған «тагма» болды. Нағыз әскер 20 мың атты әскерден құрылуы тиіс. Бірінші линия үш бөліктен тұрады: сол, орта және оң. Олардың әрқайсысын «мерарх» басқарады. Сонымен қатар, әскерінің орта бөлігінің мерархы бір мезгілде осы шептің барлық әскерінің басшысы болды. Бірінші шептің барлық әскерінің екі қанатында да көмекші шеп тұрды: сол жағында «плагиофилактар», яғни «күзет шебі» (үш тагма), оң жағында «гипперкерастар», яғни «жаудың шебін қоршап алушы топ» (екі тагма).

Сондай-ақ шептерде плагиофилакт пен гиперкераста артында тұзақ құру үшін арнайы отрядтар орналастырылады. Әр бөліктің флангтерінде тағы үш тагма болады. Оларды мыңдықтар басқарады. Бұл отрядтар алдыңғы қатарда өз шебінің флангтерін қорғайды немесе өз еркімен қозғалады. Олардың міндеті жылдам уақытта алға жылжу, шегінуді қорғау, жауды қудалау болды. Тагмалардың басты міндеті олар өз қатарын бұзбайды және қатаң тәртіпке қимылдайды. Оларды «дефензорлар» деп атайды. Олардың басты міндеті басты соққы беру болып табылады. Олардың қарулануында айырмашылық жоқ. Барлығы 10 шепке тізіліп тұрады, алдыңғы және соңғы екі шебі найзамен және қалқанмен қаруланады. Үшінші және төртінші шебі садақпен қаруланған. Қалқандары өз еркінше, себебі олар жастар болған және аз оқытылған болған.

Маңыздысы, ондықтағы жоғары әскер садақшылар мен найзашыларға қатаң түрде бөлінді. Сонымен қатар, автор (бұл «Псевдо Урбикий») мұның себебін қолына найза ұстап тұрған садақшы жылдам әрі нақты жебе ата алмайтындығымен түсіндіреді. Қалқан да, жебе атуға бөгет жасағандықтан ол жауынгерде болмаған.

VI ғ. соңындағы «маврикийлік» кавалерия толығымен сипатталмаған, себебі, әскер құрамының заңдылығы сол қалпында қалған болуы керек. Бірақ, трактаттың бірінші тарауларында Псевдо-Маврикий әскерлерін ең бірінші садақ атуға үйреткен, одан кейін, қарулану мен топтасуды ұйымдастырды. Трактатта отрядтардың жоғары әскерлерінің садақпен аруды үйренуі туралы бірнеше рет айтылады. Яғни, Псевдо Маврикий пикинерлерден садақпен жақсы аруды талап еткен.

Сонымен қатар, Псевдо Маврикий кавалеристердің топтасуы мен қарулануын сипаттай келе басқа халықтардан үлгі ретінде енгізілген жаңа әскери қимылдар туралы сөз етеді. Олардың барлығы аварлардың үлгісіне сәйкес келеді. Осы жаңа құралдардың ішінде ерекше орынды ұштары бар найзалар алады. Бұл найзалардың ерекшелігі: садақ ату кезінде әскердің қолы бос болу үшін, оған найзаны ұшындағы ілгек көмегімен арқасына асып қою ыңғайлы болған. Сонымен қатар, бұл кезеңде найзашыларда қалқан болмаған. Бұдан көріп отырғанымыздай барлық кавалеристер бірдей қаруланған, тек жас әскерлер ғана найзамен қоса қалқанмен қамтамасыз етілген.

Бұл жаңа технологиялардың барлығы шептердің тәртібін өзгерту үшін (алдыңғы екі қатарды жоғары жауынгерлерден емес тәжірибесі аз жастардан құрастыру), немесе атты әскердің шабуылын елеулі түрде әлсірететін қалқандармен қамтамасыз етілген найзашылардың орталық шабуылын ұйымдастыру. Бәлкім, қалқанмен қамтамасыз етудің азаюы басқа қорғанушы қарудың пайда болуымен байланысты шығар. Сол себепті Псевдо-Маврикий атты әскердің қаруын сипаттай келе, атты әскер мойнындағы әлдебір қорғаниспластиналары, сондай-ақ тізені жауып тұратын ешкі жүні мен зығырдан жасалған ерекше киім туралы баяндайды. Барлығы авар үлгісімен жасалған. Сонымен қатар, атты жауынгер басынан тобығына дейін темір сауыт киген.

Мұның барлығы кавалеристердің басты қаруы садақ болғандығын көрсетеді, ал Псевдо Урбикийде найза болған еді. Сәйкесінше, соғысу тактикасы да өзгеріске ұшырауы тиіс еді. Алайда, жалпы тұйық сапқа

тұру сол қалпынша қалды және фронтальді соққыдан да бас тартпаған еді. Бәлкім, найзаның орнына көбіне садақты қолдану Юстиниан билігі кезеңінен басталған болар, оған кейбір деректердегі Юстиниан соғыстары кезінде шығыс-рим кавалериясының тактикасын қолдануы туралы ақпарат дәлел бола алады. Бұл жаңа қаруларды қолданысқа тек бірнеше аварлармен болған сәтсіз соғыстардан кейін ғана енгізілді.

Шығыс Рим империясының кавалериясының тактикасындағы өзгерістерді батыстағы, әсіресе, готтардағы жағдайлардан бөліп қарастыруға болмайды. Олардың кавалеристерінде ұзақ уақыт бойы жақын қашықтағы соғыс қимылдарына арналған (найза, қылыш) құралдары қолдану сақталған кейбір зерттеушілердің ойынша, дәл осы шығыс-германдық тактиканың ерекшелігінде батыс-еуропалық әскердің шығу тегі авар кавалериясынан шыққан.

Жалпы аварлардың жауынгерлерін, сауыт-саймандарын, қару-жарақтарын археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған материалдардың негізінде сипаттайтын болсақ, жаяу әскер мен атты әскерлер де көлікпен жүруге арналған киім киген. Бұдан түркілерде жаяу әскердің, жауынгердің айрықша түрі ретінде болмағаны байқалады. Әскери киім-кешек бас киім мен сауыттан тұрады, ал біріншісі металл қаңылтырмен көмкеріліп, қоңыр-қызыл, қазіргі қазақ құлақшынына ұқсайды. Жауынгерлер биік жағасы иекке дейін жететін шекпен киген. Шекпеннің үстінен металл пластиналардан құралып, қоңыр-қызыл түспен жиектелген сауыт киген. Сауыт тізелеріне дейін жететін шолақ, белі жіңішке белбеумен буылады, жеңі қысқа, сарбаздың шынтағынан жоғаны тұрады. Оны бас арқылы киетін болса керек.

Аталмыш сауыт сарматтардың карта фактісіне ұқсайды, бұл ауыр атты әскерге тән болып келеді. Осындай сауыттар кейінгі кезге дейін, Тибетте қолданылып келеді. Мұнда пластиналар өзара кішкене белдіктермен біріктірілген. Ерте замандарда сауыттың бұл түрі кеңінен қолданылған тәрізді, бірақ оның орнына киюге ыңғайлы, жеңіл де берік торғауыт алмастырған [2].

Сарбаздар бұтына қара, теңбіл сары шалбар киген (барыс терісінен болса керек). Етіктері жұмсақ қара киізден жасалған және әлі күнге дейін Тибет пен Шығыс Түркістанда киілетін етіктерге ұқсайды. Осынау киім-кешек тибеттіктерге ұқсағанымен, олардың бір өзгешелігі, Тибетке тән белбеу үстінен төгіліп түсіп тұратын желбіршегі болмады.

Қару бейнесі тек аттан түскен жауынгер мүсінінде сақталған. Бұл атты әскерлер соғысына жарайтын ұзын әрі жеңіл найза. Осымен бірге түркі әскері құба түзде ғана емес, өздерінен бұрынғы әскер сияқты таулы жерде де әрекет етуге бейімделген тұрақты ауыр атты әскер болғаны анық [3].

Алдыңғы тарауда атап өткеніміздей IV ғ. екінші жартысында ғұндар Ұлы қоныс аудару қозғалысын бастап, жаңа қоғамдық қатынастардың және өркениеттің пайда болуына жол ашқан. Авар тайпалық одағы Еуропа мәдениетіне өз ықпалын тигізген деуге болады. Аварлар шығыстан келесідей жаңалықтарды әкелді: жетілген ат әбзелдері, айрықша темір үзеңгі және қару-жарақтар, соның ішінде бір жүзді қылыштар және қанжарлар [4].

Жоғарыда айтып өткендей аварлардың басты қарулары садақ пен жебе болған. Авар дәуіріне жататын жебелер анағұрлым үлкен және ұзын болған. Қазба жұмыстары кезінде, қабірлерден, сүйектен және темірден жасалған үш қырлы садақтың ұштары сақталған. Найзалары бұрынғыларға қарағанда ауырлау болып келеді. Қарулануға байланысты жаңалықтардың енуі, әскери тактикада өзгерістер болды, әсіресе атты әскер бұрынғыдан да дами түсті [5]. Деректерге сүйенетін болсақ, аварлар сол кезеңнің қамал бұзатын техникаларымен түгелдей қаруланған. Айталық, Менандрдың мәліметі бойынша, аварлар Византия империясының қалаларын жаугершілік соғыс барысында «Спалион» атты машина тектес, бекініс бұзатын құралдарды қолданған [6]. Ал келесі техникалардың бірі, қамал бұзғыш «таран» бұл тас лақтыратын машинаға ұқсас ауыр әскери техника. Таран ерте кезде қамалдың қабырғасын құлату, қирату үшін қолданылған құрал [7].

Сонымен қорыта айтар болсақ, Аварлардың көптеген жорықтарының сәтті болуы әскери жағынан жақсы ұйымдастырушылығы, негізгі орында атты әскердің болуы және басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы болды. Түрлі ауыр және жеңіл техника құралдарымен жабдықталған авар сарбаздары Еуропаның бірнеше қаласын қоршауға алып, көптеген жетістіктерге жеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Das Strategikon des Mauricians Einführung, Edition und indices Von G. Dennis Uber. Von E. Gamillscheg. – Wien, 1981.-XI, p. 2-3
2. Трегьяков, П.Н. Фино – Угры, балты и славяне на Днепре и Волге. – М-Л.: Наука, 1966. – 306 с.
3. Бичурн, Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: Жалын, 1998. – Т. 1.-390с.
4. Мухажанова, Т.Н. Авар атауы туралы //ҚазҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. – № 4 (27). -2002.–65-67 бб.
5. Мухажанова, Т.Н. YI-YII ғғ. Авар қағанатының әскери өнері //ҚазҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. – № 4 (35). – 2004. – 159-160 бб.
6. Менандр Протектор. Итория // Византийские историки: Дксип Эвнапии Олимпиодор, Малх Патриций, Менандр, Кандид Ноннос и Феофан Византиец / пер. С. Дестуниса. – СПб.: Тип. Изд. Л. Демиса, 1860. – С.313-470.
7. Ермұқанов Б. Қазақстан тарихы публистикалық көзқарас. – А. 2000. – 248 б.

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРДЕЛЕНУ ЖАЙ-КҮЙІ

Бүгінгі таңда қоғамдағы зияттылық мәселесі – білім мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйе мен адами капиталдың басты факторы болып отыр. Әлемдік білім контекстінде жоғары білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру бойынша заманауи мәселелер бізге болашақта дамудың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Демек, еліміздің адами капиталы өркендеген мемлекет ретінде қалыптасуы жоғары білім беру жүйесінің дәрежесінің өсуін міндеттейді.

Қазіргі заманда әлем дамуының жаңа тенденциялары, экономикалық, әлеуметтік, мәдени басқару істері жоғары білімнің осы жағдайларға бейімделуін талап етеді. Қоғам сұранысына қарай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қоғамның негізгі капиталына зияткерлік және адамның жасампаз іс-әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігі көрсетіледі [1].

Бұл тұста Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті – жасөспірімдердің әлеуметтік зияттылығын сақтау, оны демеу және дамыту болып табылады делінген.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдауында білім берудің жаңа сапасы жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек - деп белгіленген [2].

Ендеше, бәсекеге қабілетті ұлт, ұлттық сана-сезімі мол білікті маман иесі болу үшін, қарқынды цифрлық өсу заманында жеке дамуға қажетті ақпаратты саналы түрде іріктей алуының, қарым-қатынас мүмкіндіктеріне сананың ашық болуы әлеуметтік зияттылық өрістеуімен тікелей байланыста болмақ.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бабы бойынша білім беру саясаты қағидаларының бірінде:

«... әрбір адамның зияткерлік дамуы, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы», - делінген [3].

Жалпы алғанда, жоғарыдағы құжаттардағы талдаулар білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады.

М.А. Абсатованың сипаттауына, адамның бойында төмендегідей әлеуметтік-психологиялық сапалар болуы керек:

- «адамдарды тани білу» біліктілігі (олардың психологиялық ерекшеліктерін, күшті және әлсіз жақтарын тез және дұрыс бағалай білу қабілеті);

- қарым-қатынасқа бейімділік (кішіпейілділік, адалдық, мейірімділік, адам бойынан жақсы қасиеттерді көре алуы, кемшіліктерге аса назар бөлмеу, қарым- қатынасқа тез түсу, такт, қарапайымдылық және қолжетімділік);

- *бастамашылық* (адаммен қарым-қатынасқа түсе алу, қалыпты мақсат қою, оларға жету жолын ұсыну, демеушілікті белсенді түрде қол жеткізу);

- *көндіре алу, өз артына ілестіре алу;*

- демократизм (өзін-өзі басқару мен педагогикалық ұжымда өзара әрекеттестікті белсенді ету біліктілігі, топ ішілік қарым-қатынас құру) [4].

Жасөспірімдердің әлеуметтік зияттылығының дамуы – оның өмір сүру барысындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген тұлға бүгінгі жетістігінен ілгері қозғалуға құқылы. Біз зерттеуімізде өз кәсіби әрекетінде маманның әлеуметтік зияттылығының дамуын теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру, оқушының субъектілік деңгейге көтерілуін нәтижелі етуші әдістемесін құру жоспарланған еді. Жаңалықты практикаға енгізудің алгоритмін құру. Белгілі ойшыл аристотель еңбектерінде, зияттылық табиғатының тұлға құрылымындағы маңыздылығы туралы ой тұжырымдарды педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік тұрғыда негіздейді. «Актуальды зияттылық» пен «әлеуетті зияттылықтың» айырмашылығын көрсетеді. *Аристотель бойынша*, «Зияттылық сырттан келеді, сол үшін ол құдайдың жаратуынан». ол – субстанционалды шындық болып табылады және бұзылмайды. ойлау белсенділігі әлсірейді, ағзаның қандай да бір ішкі бөлігі әлсіреген немесе бұзылған кезде ол сезімде көрінбейді. Ойлау, жақсы көру немесе жек көру зияттылықтың емес, зияттылыққа ие субъектінің жағдайлары, ... зияттылық – ол құдыретті және бұлжымас қасиеттердің бірі» -деп тұжырымдайды. Бұдан біз

зияттылықты адамның өзіне қалай және қайтіп келіп қалғанын білмесе де, аналогия жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен, жаратылыстан біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде адамның қабілеттілігі деп ұғынамыз.

Аристотель зияттылықты төрт түрге бөліп қарастырған. олар: әлеуетті, белсенді, жүре келе дарыған және әрекетшіл зияттылық. бұл зияттылық түрлеріне философ төмендегідей сипаттама берген:

- *әлеуетті зияттылық* – материалды сана. ол түрлі формаға ие бола алатын жан, жанның бір күші немесе бөлігі. мұнда заттан бөлек формалар туралы айтылған, зияттылық санада белсенді түрде пайда болмас бұрын, жаннан тыс болған.

- *белсенді зияттылық* – шынайы сана зияттылық санада іске қосылып ол белсенді немесе жүре пайда болған зияттылыққа айналады.

- *жүре келе дарыған зияттылық дегеніміз* – ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма;

- *әрекетшіл зияттылық* – зияттылық түрлерінің кезекпен іске асуын реттейді [5].

Аристотельдің пікірі бойынша, ақиқат дүниенің зияттылық дамуындағы рөлі болып табылады. Зияттылық жөнінде шығыс философтарының еңбектерінде адамның мәніне назар аудара отырып, әлеуметтік және биологиялық факторлардың аса күрделі әсері ескеріледі, қоғамдық факторлардың басымдылығы айқындалады.

Адамзат тарихындағы зияттылық мәселесінің ғылыми ойға ұласуы үздіксіз дамуды көрсетеді, сондай-ақ «өзін танудың» немесе «жан қуаты» жайлы ойлардың қалыптасуына түрткі болған, адамтану ілімінің алғашқы қадамын жүйеге түсірген философ Әбу Насыр әл-Фараби болатын. Ұлы ұстаз ақыл парасат жайлы ілімді саралай келе, «Ақыл дегеніміз – тәжірибе, ол – әрекетшіл зияттылық. адамның еңбек құралдарын өндіру ерекшелігі» деп тұжырымдайды. Әл-Фарабидің еңбектерінен адамның зияттылығы, қабілеттілігі парасаттылық арқылы қалыптасады деген ой түйеміз [6].

Жантану ілімінің негізін құраушылардың бірі – Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастанында адамның зияттылығын жақсы мінез-құлықпен пара-пар қасиет деп санайды. Адамның ақыл-парасаты – барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікір айтады. Мұнда ақыл-парасат өз кезегінде шыдамдылық пен төзімділіктен, сыйластықтан түзіледі, демек зияттылықтың қалыптасуында ұстамды мінездің маңызы жоғары болмақ [6].

Зияттылықты тірі ағзаның диалектикасы деп санағандардың қатарында И.Кант болды. Философ адамның белсенділігіне терең көңіл бөліп, белсенділігі жоғары категорияны субъект деген пікір қалдырды. И.Канттың іліміне сүйенсек, әлеуметтік зияттылық түсінігін әрекет теориясына қарай ықпалдастырады.

А.Н. Леонтьев бойынша, даму психологиясы мен оған бағытталған педагогикалық тәжірибеде оқушылардың жас ерекшеліктері туралы неғұрлым қалыптасқан идеялар жетекші іс-әрекет концепциясымен және осы концепцияға негізделген психикалық дамуды периодизациялаумен байланысты. Осы кезеңдікке сәйкес жасөспірімдік кезеңде кәсіби өзін-өзі анықтау мотивтері жетекші орын алады, ол жоғары сынып оқушылары (ерте жас) мен студенттерді (жастар) біріктіреді. Біздің зерттеу пәні қазіргі жоғары сынып оқушыларының мотивациясы болып табылады.

Жастық кезеңнің жетекші қызметін анықтай отырып, Д.И. Фельдштейн өз еңбектерінің бірінде былай деп жазады: «Білім беру және кәсіптік сипатқа ие бола отырып, бұл қызмет бір жағынан, зерттеу элементтерін меңгерсе, екінші жағынан, мамандық алуға, өмірден өз орнын табуға белгілі бір назар аударады.

В.В. Давыдов бойынша, «Жоғары сынып оқушылары мен кәсіптік мектеп оқушыларының жетекші іс-әрекеті – оқу-кәсіби іс-әрекеті болып табылады, оның барысында оларда еңбекке деген қажеттілік, кәсіби қызығушылық қалыптасады. Олардың жасы – өмір жолын саналы түрде тандау жасы. Олар өмірлік жоспарларды құрады, болашақ қызметінің перспективалары туралы ойлайды. Ұлдар мен қыздарда тұлғаның тұрақты идеялық-адамгершілік және азаматтық қасиеттері, тұрақты дүниетанымы (ғылыми, адамгершілік, көркемдік және саяси нанымдарға сәйкес) қалыптасады.

Дьюидің пікірі бойынша, адамның дүниеге келе салысымен-ақ оның бойында дайын талап пен қабілет, зияттылық болады. Сондықтан Д.Дьюи адам табиғатын тәрбие арқылы түбегейлі басқарту мүмкін емес, керісінше тұқымқуалаушылық факторы арқылы із қуады деп тұжырымдаған.

Ж.Пиажениң пікірінше, зияттылық – бұл ассимиляция және аккомодация процесінің бірлігін білдіретін ағзаның ортаға бейімделуінің формасы болып табылады. Сондықтан зияттылықтың мәні – физикалық және әлеуметтік шындыққа икемді және бір мезгілде тұрақты бейімделудің жүзеге асу мүмкіндігінде қорытылады, оның негізгі міндеті – орта мен адамның өзара әрекеттесуін құрылымдау және ұйымдастыру. Автор үшін зияттылықтың мәні орта мен ағза арасындағы қатынасты құрылымдауда және оның дамуы біршама қалыпты бейнеленуі болып тұжырымдалады.

Осы пікірге қайшы келетін ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың афоризмдеріндегі жан қуаты – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен сынды қуаттардың бірлігін құрайды. Бұл тұста ғұламаның еңбектерінен адамның зияттылығы ғылымның рухани кілтін айналу үшін өмір бойы іздену, білім алу, үйрену қағидатының іске асырылып отыруымен байланысты екендігін аңғарамыз. Ол кемелдену мен жетілуді – адам өмірінің мақсаты екенін айтады.

Қазақша Уикипедияда (ашық энциклопедиядан алынған мәліметтер) *зияттылық* (ағылшынша Intelligence quotient; IQ) – ақыл-ой дамуының, білімділік пен хабардарлық деңгейінің көрсеткіші деп беріледі. Ақыл-ой тұрғысындағы даму деңгейін санға шағып анықтаудың идеясы мен әдістерін тұңғыш рет А.Бине (1903) дамытты; терминді енгізген В.Штерн (1911) болды.

Зияттылық ұғымын қарастыру кезінде көптеген пікірлердің тоғысуын көреміз. Аталған ұғым феноменінің мазмұны жан-жақты қарастырылған.

М.А. Холодная пайымдауынша, зияттылық – бұл индивидум ішкі дүниесінің субъективті бейнесін құрумен шартталған психикалық тетіктер жүйесі. Психологиялық тұрғыдан, зияттылық дербес қажеттіліктерді шынайылықтың объективті талаптарымен сәйкестендіру негізінде белгілі деңгейде реттілікке келтіру. Дегенмен, зияттылық ұғымына ғылымда тұрақтанған жалпы көзқарас формалды түрде міндеттерді шешу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі, яғни зияттылық – оны өлшеуші тесттер нәтижесі деген анықтама негізінде, зияткерлік белсенділік табиғи көріністеріне, шығармашылық зияткерлік мүмкіндіктерге, әлеуметтік таным тиімділігіне қарама-қайшы болды. *М.А. Холодная пікірінше*, «зияттылық орны қарапайым кейіпке енгені, оның адамның психологиялық өмірінде күрделі мәселеге айналуына септігін тигізді» [7].

Сонымен, ғалымдардың пікірлерінен біз зияттылық бір негізде адамның дамуы толықтай қоршаған ортаға тікелей байланыстылығын алға тартса, ал келесі кезекте сол адамның өмір бойы іздену, білім алуы, үйренуі қоғамның ілгерілеуіне, қоршаған ортаның қалыпты жағдайда дамуын көрсетеді деген тұжырымға келуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

2. Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. – Астана, 10 қаңтар, 2018ж.

3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – III Заңы. ИС BestProf ©22.04. 2016.

4. Абсатова М.А. Истоки становления поликультурной компетентности личности в Казахстане. // Гуманитарные исследования. – 2008. – № 3. – С. 122-125.

5. Кенжебаева Т.Б. Болашақ педагогтардың зияткерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) дис. – Алматы, 2014. – 170 б.

6. Умирбекова А.Н. Болашақ педагогтардың әлеуметтік зияттылығын дамытудың жүйесі. – Қазақстанның ғылымы және өмірі Халықаралық ғылыми көпшілік журнал. – Астана, №1 (54), 2018. – Б.216-220

7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған –А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 б.

ЛИНГВИСТИКАНЫҢ, ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИКИ, ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ И ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ

ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS, LITERARY STUDIES AND TRANSLATION STUDIES

Аманғазықызы М.
философия докторы (PhD), доцент
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

НҰРЛАН МӘУКЕНҰЛЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ АРХЕТИПТЕРІ

Абайдың шығармашылық мұрасы әлеуметтік сипаты, идеялық бағыты, бүкіл рухымен ғана емес, көркемдік қырларымен де өзінен кейінгі қазақ поэзиясына қуатты әсерін тигізді. Профессор Қ. Жұмалиев атап көрсеткендей: «Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абайдың үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасырдың бас кезінен бастап, күні бүгінге шейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын» [1,356].

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Нұрлан Мәукенұлының шығармашылығынан да Абай мұрасымен үндестік байқалады. Әсіресе Абай поэзиясындағы көпке тән ұжымдық бейсаналық Н. Мәукенұлының да өлеңдеріне тән. Мәселен, ақын «Қайран, Абай» өлеңінде: «Күрсіндің-ау маңғанда айдалада Ай, «Мыңмен жалғыз алысып», бір сәт мойып, Беттеріңді біле алмай қайда, қалай...» [2,169], – деп Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңіндегі «Мыңмен жалғыз алыстым» деген өлең жолдарынан дәйексөз келтіреді. Сөйтіп Абайдың жоғарыда аталған өлеңін оқырманның есіне түсіреді. Әдебиеттануда мұны реминисценция «басқа бір әдеби шығарманы еске түсіретін элемент» [3] деп атаймыз. Бұдан кейін ақын Абайдың Зайсанға баруды жоспарлағандығынан, алайда бұл жоспарының жүзеге аспай қалғандығынан хабардар етеді: «Аттың басын бұрмақ боп Зайсан жаққа, Сол кетіспен кежірге ой салмаққа, Оқталғанмен, алайда келмей қапсың, Еңбегі – еш, тұзы – сор сорлы аймаққа» [2,169]. Абайдың бұл аймаққа келмеуінің себебін ақын өзі түсіндіруге тырысады: «Қайда барсаң айнымай алдан шығар... Қазаққа өкпең қара қазандай болған шығар... Іштен у мен зарлы үн запыран қуып, Жүрегіннің басына толған шығар...» [2,169]. Осы жерде Абай өлеңдерінде кеңінен қолданыс табатын у, жүрек архетиптері қолданылады. Абай шығармашылығындағы жүрек архетипі лирикалық кейіпкердің жай-күйін, сезім иірімдерін, ішкі танымын көрсететін образ. Н. Мәукенұлы өлеңдерінде де жүрек осы сипатта көрінеді. Бір өлеңіне ақын Абайдың «Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек» деген өлең жолдарын эпиграф ретінде ала отырып, жүректің әлекке салып, тулаған кейпін танытады: «Тулап-тулап алады сосын, Қайнап-қайнап толады сосын. Әлектен-әлек салады сосын, Білмейді кімнен алады өшін? Тәуекел іске барады сосын, Өзін-өзі жарады сосын...» [2,225].

Аталған өлең жолдарын оқып отырып осы өлеңге эпиграф ретінде алынған Абайдың «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі есімізге түседі: «Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» [4,78]. Екі ақынның өлеңінде де әлекке салып, тулаған жүректі көреміз.

«Жүрек» архетипі дінде, философияда, тарихта, мәдениеттануда және басқа ғылымдарда кездеседі. Ол символдық түрде әртүрлі пішінде ұсынылады: мұзды – жалынды жүрек, қара – қызыл жүрек, мөлдір – боялған, жебелермен тесілген, тұтас – бөлінген және т.б. Бұл символдардың барлығы екіжақты мағынаға ие – жақсылық пен жамандық, махаббат пен жеккөрушілік, бақыт пен қайғы. Жүрек – күйзелудің, сүйіспеншіліктің, жанашырлықтың, жауаптылықтың, қуаныштың, қайғының символикалық көзі, сондай-ақ рухани ағартудың, түсінудің, шындық пен интеллекттің қайнар көзі [5]. Көбінесе жүректі орталық ақылдылықпен байланыстырады, сезімдер басты ойға қонымды ақылдылығына қарсы тұрады [6]. Көптеген ежелгі мәдениеттер де сезімдер мен ойларды ажыратпады. «Жүрекке басты басқаруға мүмкіндік беретін» адам ақымақ емес, ақылды адам деп есептелді [7,274]. Махаббат символикасы жүрекпен

жиі байланысты, өйткені махаббат адамды әлемнен, өз табиғатының шектеулерінен жоғары көтеретін негізгі рухани құндылық ретінде көрінеді [8,497].

Символдар мен белгілер энциклопедиясында жүрек жанның немесе рухтың сыйымдылығы, құмарлықтың, ойдың, өмірдің қозғалтқышы ретінде сипатталады. Жүректің соғуы кеңею мен жиырылу, инволюция және эволюцияның ғарыштық үдерістерінің көрінісі ретінде қарастырылады [8]. Сонымен қатар, бұл символға адамның жан дүниесінде болатын сезімнің әртүрлі күйлері жатады: ол «қымсынады», «қорқады», «қамығады», «қуанады», «шаттанады», «қайғырады», «қиналады», «ләззат алады», «босаңсиды», «дірілдейді» [9].

Абай: – «ызалы жүрек», «ынталы жүрек», «ыстық жүрек», «асау жүрек», «жас жүрек», «ет жүрек», «асыл жүрек», «жаралы жүрек», «ауру жүрек», «сорлы жүрек», «жылы жүрек», «айнымас жүрек» деп бұрын-соңды қазақ әдебиетінде болмаған жүрек образын жасады. Ақын Н. Мәукенұлы Абайдың жүрек архетипін Тәуелсіздік кезеңі әдебиетіне сол қалпында әкелді. Ғасыр өтсе де, өмір сүру қағидалары өзгерсе де, жүрек өзгермейді. Абай заманында тулаған жүрек әлі де тулайды, әлі де әлекке салады, әлі де бағынбайды.

Н. Мәукенұлы жоғарыда аталған «Қайран, Абай» өлеңін тағы да Абайдың өз сөзін сәл өзгертіп, келесідей аяқтайды: «Қазақ деген қалың ел, қайран жұртың, Бірде сылтың әлі күн, бірде бұлтың. Сол Зайсанда өзінді зарыға оқып, Запы болдым замана, көңіл, шіркін...» [2,169].

Абай жеке басының ғана емес, бүкіл ұлтының қайғысын сезінген, болашағына алаңдаған кемеңгер тұлға. XX ғасырда аналитикалық психология, ең алдымен швейцариялық психоаналитик және философ Карл Густав Юнг адамның рухани болмысында, оның түпсанасында оның мінезінің, дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін белгілі бір жасырын себептердің бар екендігін дәлелдеуге және негіздеуге тырысты (1875-1961). Оның теориясына сәйкес, жеке тұлға жанға теңестіріледі және үш бөлек, бірақ тығыз өзара әрекеттесетін құрылымдардан тұрады: эго, жеке бейсаналық және ұжымдық бейсаналық. Эго – бұл адамның сана аясының орталығы, оның ішкі «мен»-і, соның арқасында ол өзінің саналы қызметінің нәтижелерін көре алады. Жеке бейсаналық адамның кешендерін, оның қалауы мен ниеттерін қамтиды. Жеке тұлға құрылымындағы ең терең сала – бұл ұжымдық бейсаналық, ол адамзаттың ұжымдық жадының серпінді «қоймасы».

Абайдың бүкіл шығармашылығы оның айналасындағы болып жатқан оқиғаларға, қазақтың өміріне, тіршілігіне деген көзқарасын, жан дүниесін айқындайды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» [4, 20]. Абай «жақсы менен жаманды айырмадың» деп қалың көпшілікті сынайды, «жыртың-жыртың күлкіден» ештеңе шықпайтындығын айтып, содан сақтандырады. Ақын Н. Мәукенұлы да өмірдің қысқалығын тілге тиек етіп, өткен өмірге өкінішпен қарап қалма дегенді айтады: «Ылдидан өрге Күн ілбіп, Қоңыр бел желге күмілжіп, Қоңырқай күндер өткенде, Өкіне ме екен бүгін жұрт?» [2,228].

Екі ақын да өздерінің эгосын жүрек, көңіл, өмір образдары арқылы жандандырып тұр. Ұлттық әдебиетте әлемдік архетип кескіндерді жаңғыртып, жаңаша образ тудырған Абайдың Эгосы, яғни Өзі, өзі тудырған «толық адам» бейнесі шығармаларында айқындалған. Ғалым К. Юнг тұлғаны «самость» деп атайды, яғни адам табиғатының ең жоғары дәрежеде толығы. Сонда ақынның Өзіндік тұлғасы шығармаларында кейіпкер, персонаж, символдар мен мотивтердің жаңа кескінін тудыруында жатыр. Ақын Нұрлан Мәукенұлының ұлттың тағдырын жырлауда Абай қолданған архетиптері жандандыруы бекер болмаса керек.

Сөзімізді әдебиет зерттеушісі, сыншы-ғалым А. Нұрқатовтың сөзімен тұжырымдасақ: «Абайдың өзінен бұрын ол тағылым аларлық лайықты шығармашылық тұлғалар жоққа тән еді. Бірақ ол талантты мұрагерлердің қуатты да тұтас шоғырын тапты. Ұлы ақын мектеп алдын жөнді көрген жоқ. Бірақ ол туған халқының рухани дамуында айрықша рөл атқарған аса зор мектеп – өзінің тамаша ақындық мектебін жасады» [10,375].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960.
2. Мәукенұлы Н. Мойыл көзді келіншек. – Астана: Фолиант, 2011. – 264 б.
3. Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.
4. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Маслова В.А. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.

6. Фоли Дж. Энциклопедия знаков и символов/Дж. Фоли – М.: Вече, 1997. – 511 с.
7. Тресиддер Д. Словарь символов/Д.Тресиддер – М.: ФАИР-ПРЕСС, 1999. – 448 с.
8. Полная энциклопедия символов и знаков / авт.-сост. В.В. Адамчик. – Минск: Харвест, 2008. – 607 с.
9. Вышеславцев Б. Значение сердца в религии / Б. Вышеславцев // Путь. 1925. – № 1. – С. 70-98.
10. Нұрқатов А. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі», 2013. Т. 1. – 384 б.

Алипбекова Л.У.

педагогика ғылымдарының магистрі, доцент

Алданыш Р.

4-курс студенті

Еуразия гуманитарлық институты

Астана қ. (Қазақстан)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Ағылшын тілінің грамматикасын зерттеудің маңыздылығы – бұл ана тілінің грамматикалық құрылымын, логикалық ойлауды, байқауды, талдау мен қарым-қатынас қабілетін жақсы түсінуге көмектеседі, яғни оны оқу барысында оқытудың дамушы, білім беру және тәрбиелік мақсаттары жүзеге асырылады.

Грамматика – «бұл мақсат емес, ол тілді меңгерудің маңызды құралдарының бірі, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің ажырамас бөлігі». Бұл тұжырымды бірінші болып А.А. Любарская жасады, ол былай деп жазды: «орта мектептің бірде-бір кезеңінде грамматиканы зерттеу өз алдына мақсат ретінде қарастырылмайды. Дегенмен, барлық жерде оны білу – бұл міндетті негіз, онсыз мәтінді түсіну мүмкін емес. Ол ауызша сөйлеу, оқу және жазу кезінде тиісті орынға ие болуы керек» [1,145]. Грамматика сөзі көп мағыналы. Бір жағынан, грамматика сөзі «грамматикалық құрылым» мағынасында қолданылады, яғни тасымалдаушы интуитивті түрде білетін және оқу процесінде түсінетін және білетін осы тілге тән сөз бен сөйлемнің құрылымы. Екінші жағынан, грамматика – бұл белгілі бір тілдің теориясы, тіл білімінің бөлімі, тілдің құрылымы туралы білімімізді жалпылау.

Грамматикалық материалмен жұмыс жасау барысында оқушылар біртіндеп тілдік білімді жинақтап, грамматикалық дағдыларды қалыптастыра бастайды. Оқытудың негізгі міндеті – оқушыларға автоматизмге дейін белгілі бір дағдыларды игеру. Дағды, әдетте, саналы әрекеттің автоматтандырылған буыны ретінде түсініледі. Іс-әрекеттерді автоматтандыру – шеберліктің негізгі белгісі [2,27].

Грамматикалық білімді бекітудің мақсаты тиісті дағдыларды қалыптастыру болып табылады, олар кейіннен автоматтандыру арқылы дағдыларға ауысады [3,61-64]. Белсенді грамматикалық шеберлікті құрудың маңызды шарты–бұл дағдыларды қалыптастыруға болатын лексикалық материалдың жеткілікті болуы. Грамматикалық әрекет белгілі бір сөздік шекараларында, белгілі бір сөздік материалында ғана жасалады. Егер оқушы тиісті жағдайда фразаны тез және дұрыс грамматикалық түрде жасай алса, онда ол белгілі бір дәрежеде грамматикалық дағдыға ие.

Грамматикалық шеберлік – бұл сөйлеушінің сөйлеу міндетіне сәйкес келетін модельді таңдап, оны осы тілдің нормаларына сәйкес ұйымдастыра білу (мұның бәрі бірден). Әдістеме мен педагогикадағы дағдылар мәселесі әлі де даулы және әрі қарай зерттеуді қажет етеді. Сонымен, И.Л. Бим, сөйлеудің грамматикалық жағын оқыту мәселесін қарастыра отырып, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру туралы емес, сөйлеуді грамматикалық жобалау әрекеттері туралы айтады: морфологиялық және синтаксистік. С.Ф. Шатилов грамматикалық дағдыларды морфологиялық, морфологиялық-синтаксистік және синтаксистік деп бөледі. Р. Милруд қарым-қатынас процесінде сөйлеу-ойлау мәселелерін шешуге қажетті сөйлеу дағдылары мен сөйлеу-

ойлау қызметіне тілдік қызмет көрсетуді анықтайды [4,8]. Сөйлеу морфологиялық дағдылары – ауызша сөйлеуде сөздерді дұрыс және автоматтандырылған қалыптастыру мен қолдануды қамтамасыз ететін грамматикалық дағдылар. Оларға ауызша сөйлеуде зат есімнің дұрыс қолданылу дағдылары және т.б. жатады. Синтаксистік сөйлеу дағдылары. Тілдік бағыттарға сәйкес аналитикалық (ағылшын) және флективтік-аналитикалық (неміс, француз) тілдердегі сөйлемдердің барлық түрлерінде сөздердің тұрақты дұрыс және автоматтандырылған орналасуын (сөз тәртібі) қамтамасыз ететін тілдік грамматикалық дағдылар. Яғни сөйлемдердің негізгі синтаксистік схемаларын (стереотиптерін) меңгеру дағдылары.

Өнімді грамматикалық шеберлік – бұл сөйлеушінің сөйлеу міндетіне сәйкес келетін үлгіні таңдап, оны осы тілдің нормаларына сәйкес ұйымдастыра білу. Сөйлеу міндеті әрқашан бір нәрсені хабарлаудың, бір нәрсені сендірудің және т.б. коммуникативті ниеті болып табылады, өйткені тапсырмаларды орындау сол немесе басқа грамматикалық форма болып табылады, сондықтан Е.И. Пассов грамматикалық форма мен сөйлеу тапсырмасы бір-бірімен байланысты болуы керек екенін баса айтады. Грамматикалық өнімді шеберлік автоматтандырылған, тұрақты, икемді, «саналы» болуы керек.

Рецептивті грамматикалық шеберлік – бұл оқушының (тыңдаушының) оқытылатын тілдің грамматикалық формаларын танып, олардың мағынасымен байланыстыра білу қабілеті. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру процесі әртүрлі әдістемелік тәсілдер тұрғысынан ұйымдастырылуы мүмкін. Қазіргі уақытта ағылшын тілдерін оқыту әдістемесінде келесі тәсілдерді бөліп көрсетуге болады: түсінікті тәсіл; имплицитті тәсіл; сараланған тәсіл.

Грамматикалық дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға нақты көзқарас аясында екі әдісті бөлуге болады: дедуктивті және индуктивті. Дедуктивті әдіс атауы «дедукция» сөзінен шыққан, бұл жалпыдан нақтыға дейін анықтама дегенді білдіреді. Дедуктивті әдіспен дағдылар мен қабілеттерді қалыптастырудың бірінші кезеңі-танысу – ереже мен мысалдармен танысу процесінде жүзеге асырылады, екінші кезең – жаттығу – оқшауланған формальды операцияларды әзірлеуді қамтиды, үшінші кезең – сөйлеу практикасы-аударма жаттығулары негізінде ұйымдастырылады. Түсінікті тәсілдің тағы бір әдісі - индуктивті әдіс. Индуктивті әдіс индукция сияқты тұжырым формасынан туындайды, бұл жеке фактілерден жалпы ережелерге ауысуды қарастырады. Индуктивті әдіс оқушылардың өздеріне ағылшын тілін үйрену кезінде кездесетін құбылыстар негізінде ереже құруға мүмкіндік береді. Индуктивті әдіспен оқушылар мәтінде таныс емес грамматикалық формаларды табады және олардың мағынасын контекст арқылы түсінуге тырысады. Жаңа құбылысты одан әрі талдау шетелдік мәтінді ана тіліне аударумен салыстыру арқылы жүзеге асырылады, содан кейін ереже жасалады. Сонымен қатар, қажет болса, мұғалімнің немесе оқулықтың кеңестері қолданылады. Содан кейін оның формаларын актуализациялау үшін жаңа грамматикалық құбылысты анықтауға және түсіндіруге арналған бірқатар жаттығулар жасалады.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға нақты көзқарас әртүрлі модификациялары бар екі әдісті қамтиды, атап айтқанда құрылымдық және коммуникативті. Құрылымдық әдістерді ауызша, белсенді, құрылымдық-функционалды және т.б. деп атаған әдістер аясында әртүрлі авторлар жасаған грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың бірқатар әдістері деп атауға болады. Грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың бұл әдістерін құрылымдық деп атауға болады, өйткені олардың жаттығуларының негізі құрылымдық модельдер немесе формула арқылы символдық түрде көрсетілген сөйлем модельдері, мысалы: S–V–O, мұндағы S – бастауыш, V – баяндауыш, O - қосымша. Құрылымдық модельдер тілдік немесе сөйлеу модельдері деп те аталады, немесе егер олар символдармен емес, лексикалық бірліктермен, сөйлеу үлгілерімен, типтік тіркестермен көрсетілсе.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға нақты көзқарастың тағы бір түрі – коммуникативті әдістер. Коммуникативті әдістерге интенсивті әдістердің әртүрлі нұсқалары, басқару әдісі деп аталатын және коммуникативті мақсаттар үшін қарым-қатынас жасауға мәжбүр ететін тілдік ортаға табиғи батыру кіреді. Ағылшын тілдерін оқытудың коммуникативті әдісін, оның ішінде грамматикалық дағдыларды қалыптастыруды Е.И. Пассов жасаған. Сараланған тәсіл оқытудың мақсатына, сөйлеу әрекетінің түрлеріне, оқыту кезеңіне, тілдік материалға және оқушылардың ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін, әртүрлі жаттығуларды қолдануды қамтиды.

Ағылшын тілінің грамматикасын оқытуда И.Л. Бим мыналарды ұсынады: грамматиканы оқытуды мақсат ретінде емес, сөйлеудің құрылымдық дизайны ретінде қарастыру; белсенді және пассивті грамматикалық минимумды таңдаңыз. Грамматикалық минимумды берік және

автоматтандырылған меңгеруді қамтамасыз ету. И.Л. Бим грамматиканы оқытуда екі негізгі мақсатты бөліп көрсетуге болады деп сенді: біріншіден, оқушыларға ауызша сөйлеу сөздерін грамматикалық тұрғыдан дұрыс қалыптастыруға үйрету; екіншіден, оқушыларға негізгі мазмұнды ақпарат алуға бағыттай отырып, оқу және тыңдау кезінде грамматикалық құбылыстарды тануға үйрету. Бұл мақсаттар белсенді грамматикалық минимумға сәйкес келуі керек, оны таңдаудың негізгі принциптері: ауызекі сөйлеу тілінің таралу принципі; үлгі принципі; синонимдік грамматикалық құбылыстарды алып тастау принципі. Сондай-ақ, пассивті грамматикалық минимум бар, оны таңдаудың негізгі принциптері қарастырылады: кітап-жазбаша сөйлеу стиліндегі таралу принципі; екіұштылық принципі.

Ағылшын тілін оқытуда грамматикалық материалды ұйымдастырудың маңызы зор. Ол сөйлеу әрекетінің әр түрлі түрлерінің грамматикалық жағымен жұмыс істеудің сәттілігін анықтайды. «Әр грамматикалық құбылысты қолдану, - дейді А.А. Леонтьев, – шеберлік деңгейіне дейін жеткізілуі керек. Егер форма функциямен бірге сіңірілсе, автоматизмге қол жеткізіледі. Оның функциясынан оқшауланған форманы жаттау, оны кейіннен дұрыс қолдануға кепілдік бермейді. Сондықтан сөйлеудің грамматикалық жағын оқытудағы алтын ереже - оны қолдану барысында грамматикалық форманы игеруді үйрену. Тек осы жағдайда оны пайдалану дағдысы қалыптасады. Шынында да, сөйлеу тәжірибесінде адам бір немесе басқа грамматикалық құбылысты қолданғысы келгендіктен емес, өз келісімін немесе келіспеушілігін, сенімділігін және т.б. білдіру үшін бірдеңе айтады».

Сондықтан жаттығулар коммуникативті сипатта болуы керек, олар грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған дайындық және дағдыларды дамытуға жауап беретін сөйлеу болып бөлінеді [4,8]. Грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың ең тиімді әдісін және ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сауатты ауызша сөйлеуін қалыптастыру әдісін анықтау үшін олардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет, өйткені әр жас кезеңінде өзіндік педагогикалық және психологиялық сипаттамалары бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслыко Е.А. Настольная книга преподавателя иностранного языка: справочное пособие. – Е.А. Маслыко. – Минск: Высшая школа, 9-е издание, 2004. – 445 с.
2. Бабинская П.К. Практический курс методики преподавания иностранных языков: Учеб. пособие. – П.К. Бабинская, Т.П. Леонтьева, И.М. Андреасян, А.Ф. Бudyко, И.В. Чепик. - 3-е изд., дополн. и перераб. – Мн.: ТетраСистемс, 2005. – 288 с.
3. Бим И.Л. Некоторые актуальные проблемы организации обучения иностранным языкам //ИЯШ – 2001. – №2 –С. 61–64.
4. Куприянова Г.В. Групповая и самостоятельная работа учащихся при освоении грамматики //Иностранные языки в школе, 2001. – № 6. – С. 7–10.

Алипбекова Л.У.

педагогика ғылымдарының магистрі, доцент

Аманжолова М.

4-курс студенті

Еуразия гуманитарлық институты

Астана қ. (Қазақстан)

ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ТІЛ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕМЕСІ

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің, әсіресе, фэнтези жанрының аудармасы аудармашыларды көп жағдайда қиын жағдайға душар етеді. Бүкіл қиындық олардың жаңалығы мен ерекшелігінде. Бұл сөздер, әдетте, сөздіктерде кездеспейді және баламасын таппас бұрын аудармашы олардың қалай жасалғанын түсінуі керек. Көркем шығармада есімдердің алатын орны зор. «Көркем әдебиеттегі есімдердің, фамилиялардың, лақап есімдердің таңдалуы, олардың әртүрлі жанрлар мен стильдердегі құрылымдық ерекшелігі, бейнелі сипаттамалық қызметі туралы

мәселелерді бірнеше мысалдар арқылы көрсету мүмкін емес. Бұл көркем әдебиет стиліндегі өте көлемді және күрделі тақырып», - деп В.В. Виноградов өз еңбегінде атап көрсетті. Жалқы есімдер жалпы есімдермен бірге кез келген тілдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жалқы есімдерді зерттейтін арнайы ғылымның болуы осыны дәлелдей алады. Бұл ғылым ономастика деп аталады [1,78].

«Жалқы есім» терминіне көптеген анықтамалар бар, мысалы, И.С. Алексеева былай түсіндіреді: «шындық объектілерімен бірмәнді қатынасы бар лексика тобы». О.И. Фоякова анағұрлым толық анықтаманы ұсынады: «жалқы есім – зат есімдердің әмбебап функционалды-семантикалық категориясы, тілдегі осы объектілер туралы біртұтас ұғымдар мен жалпы түсініктерді білдіретін, дара заттарды (жанды және жансыз) бөліп көрсетуге және анықтауға арналған ауызша белгілердің ерекше түрі». О.И. Фоякова өз анықтамасында көрсеткендей, жалқы есім белгі категориясына жатады. Кейбір ғалымдар белгінің мәртебесі жалқы есімнің белгілі бір мағынаға ие екендігін дәлелдеу үшін жеткілікті негіздеме деп санайды, өйткені олардың түсінігінде белгі шындық объектісін алмастыра алады. Басқа ғалымдар, мысалы, Ж.С. Миль, жалқы есімнің кез келген мағынаға ие болуы мүмкіндігін толығымен жоққа шығарады. Сонымен, жалқы есімдер қоршаған шындықтың қайталанбас объектілері болып табылатын сан алуан құбылыстарды, ұғымдарды және заттарды атау үшін қолданылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта бар барлық атаулардың, фамилиялардың, географиялық объектілердің саны өте көп, сондықтан да оларды зерттеу біршама қиындық тудыруы мүмкін. Көркем шығармадағы жалқы есімдерді зерттеу де күрделі мәселе, өйткені белгілі бір көркем шығармадағы онимдердің саны шектеулі болғанымен, олардың жасалуы біршама ерекше болып табылады. Тілдегі жалқы есімдер жанды немесе жансыз әртүрлі объектілердің айтарлықтай көп санын білдіре алатындығына байланысты, зерттеушілер жинақталған материалды бір жерге жинап, жүйелеуге тырысып, жалқы есімдердің әртүрлі жіктелуін құрастырған. Олардың ішіндегі ең танымалдары А.В. Суперанская және О.И. Фоякова. А.В. Суперанскаяның жіктеуіне жалқы есімдердің 13 тобы кіреді: антропонимдер, зоонимдер, фитонимдер, топонимдер, космономимдер, астронимдер, фалеронимдер, хрононимдер, документонимдер, теонимдер, демонимдер, хрематонимдер, фитонимдер [2,503-508].

Тілдердің лингвомәдени сипаттамалары, рухани ұлттық мәдениетті танытып тұратын тілдік құралдар (лингвокультуремалар) екі тілдегі мәтінді – түпнұсқа мен аударма мәтінді салыстырғанда, нақтырақ байқалады. Лингвомәдени ерекшеліктері – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін төл сипат – белгі: сондай – ақ мәдениеттердің байланысы мен қарым – қатынасынан туындаған сипаттар да бар. Бұл құбылыстарды зерттеуге көркем әдебиеттегі тұрақты теңеулердің, арнаулы ақпаратты әдебиет пен көркем әдебиеттегі фразалық тіркестердің салыстыруы көп үлес қосады. Аударылатын әдебиеттің тілі мен түпнұсқаның тілін қатар салғастыру, сондай-ақ мифологиялық, теориялық атауларды, материалдық мәдениет атауларының, уақыт пен кеңістікке қатысты ұғымдар атауларының және бұл аталғандарды белгілейтін образдық құралдардың аккумуляциялық қызметінен де мол мәлімет береді.

Бір тілден екінші тілге аудару қоғамға басқа елдің мәдениетімен етене араласуға, яғни аударма арқылы екінші халықтың мәдениетімен пікір алмасып, қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді. Белгілі бір ұлтқа, халыққа тән мәдени ерекшеліктерді екінші тіл оқырмандарына өзгеріссіз жеткізу – аударма саласындағы маңызды мәселе.

Аудармашыға қойылатын ең бірінші талап: ол екі тілді де барынша жақсы білуге тиіс. Оның үстіне, сөз мәнін, көркемдіктің қадірін білетін, өмірге суреткерше қарап, әрбір көрініс пен құбылысты көркем образдылық тұрғысынан ұғына алатын қиялы ұшқыр, ойы терең, жаны сергек те сезімтал, ақындық-жазушылық дарынның иесі болу керек.

Бұл айтылғандарға қосымша, аудармашыға ауадай қажет нәрсе – нағыз энциклопедиялық жан-жақты, жоғары мәдениет. Ол түпнұсқаның тілінде сөйлейтін халықтың тарихынан, тұрмыс-салтынан, сол дәуірдегі қоғамдық қалыбынан мол хабардар болуға тиіс. Тіпті жалғыз сол халықтың ғана емес, жалпы адамзат тарихы мен мәдениетіне байланысты көп нәрседен мағлұматсыз болмауы керек. Өйткені ол әрбір ойдың түпкі төркіні қайдан шығып жатқанын біліп отырмаса, сөздің арғы сырын жеткізе алмайды. Бұл тұрғыдан аудармашыға ғалымдық білімпаздық, әр алуан сөздіктер мен энциклопедияға үйірсектік керек.

Жалқы есімдердің болмысын толығымен ашу мен теория тұрғысынан ұғыну үшін олардың атқаратын рөлін анықтау өте маңызды. Лингвистикада, соның ішінде ономастикада атау қызметінің нақты мазмұны мен көлемін анықтаған бір шешім жоқ. Әрине, әр түрлі деңгейде

берілетін элементтерден тұратын ауқымды құбылыс ретіндегі тілдің қызметіне қарағанда жалқы есім қызметтері жекелеген болып саналады. А.В. Суперанскаяның айтуы бойынша, «тілдегі жалқы есімнің арнайы ерекше қызметі жоқ. Олардың негізгі грамматикалық қызметі – сөйлемде бастауыш пен толықтауыш қызметін атқару, ал негізгі лексикалық қызметі – атау. Жалпы есімдердегі сияқты бұл функциялар жалқы есімдерге де қолдану аясы мен жағдай ерекшелігіне қарамастан тән». Барлық зерттеушілер жалқы есімнің бірінші қызметі атау болып табылады дейді: «Сөздер болмыстағы заттар мен құбылыстарды атауы мүмкін: бұл номинативтік қызметі, атау қызметі; таза осы қызметті атқаратын сөздер – жалқы есімдер. Жалқы есімдер гипертрофирлі атау беруші: олар атау үшін қалыптасқан, бұл олардың мақсаты». Жалқы есім — көркем образ тудыратын, кейіпкердің әлеуметтік қатысын сипаттайтын, ұлттық, жергілікті бояуды жеткізе алатын, іс-әрекет өткен заманда орын алса, тарихи астарлы жаңғырта алатын құралдардың бірі.

Жалқы есім жасырын ақпараттың көлемін жеткізетін ең экспрессивті және ақпараттық құралдардың бірі болып табылады. Фэнтези жанры авторлары өз кейіпкерлері үшін «сөйлейтін» есімдер мен фамилияларды жиі қолданады. Олар кейіпкерге қосымша қасиеттерін береді. Сонымен қатар, жалқы есімдер өз ішінде кейбір маңызды ақпаратты жасыра алады.

Жазушы ойдан шығарылған әлем жасауда кейіпкерлердің есімдерін және шығарманың ономастикалық кеңістігінің барлық құрамдас бөліктерін құрастырады. Бұл ономастикалық дүние органикалық түрде «белгілері шындықты бейнелі түрде бейнелеуге және бір-бірімен белгілі бір жүйеде байланысуға, өзіндік әдеби уақыт пен кеңістікте өмір сүруге қызмет ететін көркем шығарманың ішкі әлеміне енеді», - деп атап көрсетеді Д.С. Лихачев [4,18].

Ж.К. Роулиннің «Harry Potter» шығармасында ономастикалық әлем өте алуан түрлі және зерттеу жұмыстары үшін қызығушылық тудырады. Көркем әдебиетте онимдер атқаратын міндеттер маңызды және алуан түрлі. Есімдер функциялары төмендегідей: коммуникативті (хабарлау); апеллятивті (шақыру); экскурсивті (мәнерлеу); дейктикалық (сілтеу). Көркем шығармадағы жалқы есімдердің жасалуына қарай әртүрлі жіктеулер бар. Классификацияның жалпы принциптеріне әртүрлі тәсілдер болуы мүмкін.

С.М. Мезенин В.Шекспирдің драмалық шығармаларының ономастика материалына сүйене отырып, мынадай негізгі топтарды анықтады: тарихи тұлғалардың шын есімдері; жалпы атаулар (ағылшын, француз, т.б.); шығарманың жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне қарай айқындалатын стильденген атаулар; «сөйлеуші» есімдер, көбінесе лақап аттар.

О.И. Фоякова поэтонимдерді келесі негізгі ұстанымдарға қарай топтастырады: ұлттық тілдің жалпы атау тізіміндегі және көркем шығарманың ономастикалық кеңістігіндегі жалқы есімдердің денотативті мағынасының ерекшелігіне қарай (яғни, антропоним – топоним, топоним – урбаноним, кісі есімі – фамилия, кісі есімі – лақап аттар және т.б. сияқты қарама-қайшылықтар); көркем мәтіндегі көркемдік номинация әдісі бойынша (оппозиция: узуалды және жеке авторлық тәсілдерді ескеретін, әдеттегі және окказионалды лексикалық құралдар және т.б.); поэтикалық ономастикадағы жалқы есімдердің халық тілінің ұлттық атауымен арақатынасына қарай (поэтонимдерге мінездеме бергенде оппозиция: шын – ойдан шығарылған, жиі-сирек, таптық – таптық емес, т.б.) [5,26].

Шығармадағы әдеби кейіпкерлер есімдерінің стильдік қызметін ескере отырып, Л.М.Щетинин есімдердің мынадай топтарын ажыратады: ағылшын әдебиетінің кейіпкерлеріне ең тән бейтарап есімдер. Ең көп таралған түрі – лақап аттардан немесе кәсіби атаулардан жасалған жергілікті атаулар. Мысалы: *Copperfield, Sawyer*; есім иесіне тура немесе жанама сипаттама беретін сипаттамалық-сипаттаушы атаулар: *Mr.Tangle, Rasehellfrida*; пародия есімдер, олардың ішінде автор стереотиптік атаулар деп аталатын, стильдік қызметі кейбір тұлғалардың бұқаралық сипаты мен байланысын білдіру болып табылатын атауларды бөліп көрсетеді. Мұндай атауларды Ч.Диккенс кеңінен қолданған: *Doodle, Guffy*; көрнекі және дыбыстық формасы арқылы оқырманда кейіпкерлердің мінез-құлқын нақтылайтын және тереңдететін ассоциациялар тудыратын ассоциативті атаулар: *Miss Fllte, Mr. Toots*.

Бүгінгі таңда көркем шығарма мәтініндегі жалқы есімдерді зерттеудің маңызы зор, оған онимдердің стильдік қызметтері, олардың ассоциативтік байланыстары, белгілі бір образдың жүзеге асуымен, авторлық позициясымен байланысты көптеген еңбектері дәлел. Ономастика дербес ғылыми пән ретінде бір ғасыр бойы өмір сүріп, оның мәселелерін қолға алған көптеген көрнекті ғалымдар атсалысқанына қарамастан, бүгінгі таңда бұл білім саласында әлі де болса олқылықтар көп, көптеген салаларда ортақ пікір жоқ. Топонимика ең дамыған тақырып болып қала береді, ал поэтонимдерді зерттеу өте өзекті сала болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Виноградов В.С. Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы). – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
2. Моисеева С.М., Качаева Л.П. Перевод имен собственных в фантазийной художественной литературе на примере книги Дж.К. Роулинг «Гарри Поттер и Принц-полукровка» // Филологические науки, 2014. № 8. С. 503-508
3. Мезенин С.М. Стилистическая функция личных имен в драматических произведениях Шекспира // Вопросы теории английского языка. – М.: 1975. – С. 68-72
4. Мадиева Г.Б. Из истории ономастики // Вопросы ономастики, 2010. – С. 16-32
5. Суперанская А.В. Теоретические проблемы ономастики [Текст]: автореферат дис. ... д-ра фил. наук. / А.В. Суперанская. – Л.: 1974. – 48 с.

Алипбекова Л.У.

педагогика ғылымдарының магистрі, доцент

Богенбай А.М.

4-курс студенті

Еуразия гуманитарлық институты

Астана қ. (Қазақстан)

КИНО МӘТІНІНІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН МӘНІ, КРЕОЛДАНҒАН / КӨПТҰСПАЛДЫ МӘТІН

Кинофильм арнайы белгілі бір жүйені білдіреді және мәтіннің белгілі бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан, кино мәтінін кинематография жұмысының аясындағы кино тілінің жемісі деп санау керек.

Көптеген зерттеушілер фильм мәтінінің құрамын анықтауға тырысты. Ю.М. Лотманның пайымдауынша, кино өзінің табиғаты бойынша екі баянды тенденцияның синтезі болып табылады – графикалық және ауызша. Сөз – оның міндетті элементі болып табылады. Орыс лингвистері Ю.А. Сорокин және Е.Ф. Тарасов кино мәтінін көптұспалды мәтіндерге жатқызады, яғни, «құрылымы басқа тіл жүйелеріне жататын бір текті емес екі түрлі бөліктерден құралған – вербалды және бейвербалды».

Шығарылған мәтін вербалды және бейвербалды, ақпаратты берудің графикалық құралдарының жиынтығы болғандықтан, автордың негізгі міндеті алушыға мәтінді түсіну үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Сондықтан, мәтіннің табиғаты мен мақсатын ескере отырып, автор өзінің үндеулерін осы немесе басқа тәсілдерге қарай өзгерте алады. Бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы, вербалды және иконикалық мәтіндер жұмыстың тұтастығы мен байланысын, оның коммуникативті әсерін қамтамасыз етеді.

Креолданған мәтіннің мәні Н.С. Вальгина жұмысында нақтылап көрсетілген. Креолданған мәтіндер жартылай креолизациясы бар және толық креолизациясы бар мәтіндер болуы мүмкін. Бірінші топта вербалды және иконикалық компоненттер, вербалды бөлігі салыстырмалы түрде автономды болғанда және мәтіннің графикалық элементтері міндетті емес болған кезде аутосемантикалық қатынастарға енеді. Мұндай әдіс көбінесе газетте, ғылыми және көркем мәтіндерде жиі кездеседі. Үлкен үйлесімділік, компоненттердің бірігуі толық креолизациясы бар мәтіндерде кездеседі, онда вербалды және иконикалық компоненттер арасында синсемантикалық байланыс орнатылады: вербалды мәтін графикалық серияға толығымен тәуелді, ал кескіннің өзі мәтіннің міндетті элементі болып табылады. Мұндай тәуелділік әдетте жарнамада (плакат, карикатура, хабарландырулар және т.б.), сондай-ақ ғылыми, әсіресе ғылыми-техникалық мәтіндерде байқалады. Мәтіннің иконикалық компоненті иллюстрациялар (фотосуреттер, суреттер), диаграммалар, кестелер, символдық кескіндер, формулалар және т.б. арқылы ұсынылуы мүмкін.

Вербалды және графикалық компоненттер мазмұндық, мазмұнды-композициялық және мазмұнды-тілдік деңгейде байланысқан. Байланыстың осы немесе басқа түріне артықшылық беру,

креолизациясы бар, тұтас мәтіннің коммуникативті тапсырмасы және функционалды мақсаты арқылы анықталады.

Ауызша мәтінге қатысты ең автономды болып көркем мәтіндерге арналған көркем-бейнелі иллюстрациялар жатады. Ауызша мәтіннің авторы мен иллюстратордың ортақ мақсаты бар, олар бір тақырыппен, сюжетпен байланысты, дегенмен суретші шығармашыл тұлға ретінде заттардың өзіндік көзқарасымен, мәтіннің сюжеттік- композициялық жағына формалды түрде бағынса да, бірақ суреттеу барысында өз көзқарасын көрсетеді. Көрнекі бөлігі қабылдауға қатты әсер ететіндіктен, ол ауызша мәтінге қарағанда оңайырақ қабылданатындықтан, суреттер, әсіресе егер олар дарынды суретшімен салынған болса, ауызша мәтінмен берілген бейнелерден асып, өз бетімен жалғасын тауып өмір сүруі мүмкін. Өйткені олар тек көркем мәтінмен ғана емес, бейнелі түрде де нақтылай түсіндіріледі. Бұған жол бермеу үшін көптеген жазушылар шығармаларының иллюстрациясынан түбегейлі бастартады.

Ғылыми мәтіндерде, әсіресе ғылыми-техникалық, графикалық сериялардың танымдық мақсаты бар. Осындай мәтіндерде графикасыз мәтін өзінің құндылығын жоғалтады. Мысалы, физика-математикалық, химиялық мәтіндерде, техникалық әзірлемелерге арналған мәтіндерде, формулалар, символдық кескіндер, графиктер, кестелер, техникалық суреттер, геометриялық фигуралар және басқа графикалық элементтер мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізетін семантикалық компоненттер болып табылады. Сонымен қатар, ауызша мәтін мұндай жағдайларда тек байланыстырушы және енгізуші буынға айналады.

Тұтастай алғанда, көркем-бейнелі, декоративті, танымдық және вербалды компоненттерді иллюстрациялау түріндегі бейнелеу топтамасы ауызша және көрнекі қарым-қатынас объектісі ретінде креолизацияланған мәтіннің біртұтас бейнесін жасайды. Ғасырлар бойы кинематограф, өнердің кез келген түрі сияқты белгілі бір тілі бар, элементтері біртектес емес, бірақ бірге алғанда олар белгілі бір кинематографиялық жұмыста көрінетін үйлесімді де, тұтас бірлік деп тұжырымдайтын зерттеушілердің көзіне түсіп жүр.

Ресейлік кино маманы С.А. Филиппов «кино тілі» ұғымына келесі анықтама береді: «кинематографты пайдаланып мағынаны (байланысты) беруге мүмкіндік беретін құралдар жүйесі». Бұл жағдайда кинематограф «еркін сипаттағы жазық шектеулі қозғалмалы бейнені шығаратын кез келген жүйе ... және бұл кескінді лезде және толық өлшеу қабілеті бар жүйе» деп түсініледі. Көптеген ғалымдар киноны семиотика тұрғысынан қарастырады (Ю.М. Лотман, У. Эко, Р.Барт және т.б.). Сонымен қатар, «кино тілі» терминінің қолданылуы оның табиғи тілмен белгілі бір ұқсастығын білдіреді.

Кадр мен монтаж негізгі ұғымдарын кинолог-семиологтар өзара байланысты екі категория ретінде түсіндіреді. Олар кадрды «тіл мағыналарының негізгі тасымалдаушысы» ретінде қарастырады. Осы тәсілмен кадр көбінесе морфеманың бір түрі ретінде анықталады, ал монтаж кинематографиялық грамматикамен (морфология және синтаксис) ұсынылады, яғни әртүрлі монтаж жасау арқылы кинодағы сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдерінің кадр-морфема бірігуінің ережелер жиынтығы. Кино тілі табиғи тіл сияқты, кадрлық немесе кадраралық динамикада қолданылатын стилистикалық құралдардың (суреттер мен жолдардың) арсеналына ие. Мысалы, киноэпифорасын монтажды қосу, ал параллелизмді параллельді монтаж көмегімен жүзеге асыруға болады.

Киномәтін аудио-медиа мәтіндердің ерекше түрі болып табылады – «жазбаша түрде тіркелген, бірақ қабылдаушыға тілдік емес орта арқылы ауызша түрде жеткізілетін, есту арқылы қабылданатын, әртүрлі дәрежедегі экстралингвистикалық көмекші құралдар, аралас әдеби форманы жүзеге асыруға ықпал етеді».

М.А. Ефремов «кинофильм мәтінін материалдық ортада жазылған және экранға шығаруға және көрерменнің аудиовизуалды қабылдауына арналған, кинематикалық кодтарды қолдана отырып, ұжымдық функционалды түрде сараланған автордың ниетіне сәйкес ұйымдастырылған вербалды және бейвербалды белгілерді қолдана отырып, біріккен және толық хабарлама ретінде анықтайды».

М.С. Снеткованың пікірінше, киномәтін – бұл біртұтас, күрделі, семиотикалық-біртектес хабар, оның құрамына кинодиалогтан басқа – оның вербалды құрамдас бөлігі – бейнелеу қатары мен саундтрек кіреді. Ойын фильміндегі киномәтін көркемдік және аудиомедиалық мәтіннің қасиеттерін біріктіреді, бұл ретте аудармашының міндеті – көрерменге кейіпкерлердің сөйлеу сипаттамасында берілген коммуникативтік, сондай-ақ эстетикалық ақпаратты беру есебінен, бастапқы мәтіннің әсерін қамтамасыз ету.

Мәтінге текстологиялық көзқарас онда көркем мәтінмен жақындастыратын белгілі бір белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. Оған фильмдерде белгілі бір кино-бейнеқоғамы үшін мәдени маңызы бар мәтін астары бар сілтемелердің болуы, сондай-ақ әдеби шығармалар мен бейнелеу өнері туындылары жатады. Әдеби мәтін сияқты киномәтін прагматикалық функцияны орындайды, ол реципиентті кері реакцияға итермелеуге, яғни сезімінің өзгеруіне, көрерменнің ой-пікіріне әсер етеді. Кез келген кинофильмнің әрбір нақты көрерменінің жеке реакциясын тудыратыны анық, ол психофизикалық факторлардың көп болуымен түсіндіріледі және авторлық болжамдарға әрдайым сәйкес келмейді. Киномәтіннің генетикалық жоспарының әдеби мәтіннен елеулі айырмашылығы оның функционалдық ерекше полиавторлығы болып табылады. Кинофильмнің мазмұны мен оның кіші мәтіні сценарий авторының бастапқы шығармашылық тұжырымдамасына толықтай имманент болып табылады деген болжам дұрыс емес, өйткені фильм жасау барысында киносценарий жазу мен редакциялау кезеңінде басталатын көптеген өзгерістерге ұшырайды.

Біздің ойымызша, Р.А. Матасов фильм мәтініне ең толық анықтама берген. Оның көзқарасы бойынша, кино мәтіні – бұл «бір немесе бірнеше жанрға сәйкес белгілі бір эмоционалды хабарламаны фильмнің баяндалуында енгізілген семиотикалық кодтардың синергетикалық тіркесі түрінде алушыға жіберетін, кинематографиялық жұмыс аясында кино тілінің құрылымдық элементтерінің жиынтығы болып табылатын, техникалық тұрғыдан сараланған динамикалық белгі. Фильм мәтіні семантикалық толықтығымен, интертекстуалдылығымен, көп авторлық модальділігімен және кино тілінің әртүрлі стилистикалық тәсілдерімен (кино метафоралары, кинофильмдер, параллелизм, эллипс) сипатталады».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Снеткова М.С. Лингвостилистические аспекты перевода испанских кинотекстов / М.С. Снеткова. – М.: МГУ, 2009. – 232 с.
2. Слышкин Г.Г. Кинотекст (Опыт лингвокультурологического анализа) / Г.Г. Слышкин, М.А. Ефремова. – М.: Водолей Publishers, 2004. – 164 с.
3. Кулешов Л.М. Кинематографическое наследие / Л.М. Кулешов, В.П. Михайлов. – М.: Искусство, 1979. – 23-29 с.
4. Горшкова В.Е. Перевод в кино / В.Е. Горшкова. – Иркутск: МИГЛУ, 2006. – 278 с.

Аренова Г.У.

магистр педагогических наук, доцент

Яхия Л.М.

студент 4-курса

Евразийский гуманитарный институт

г. Астана (Казахстан)

К ВОПРОСУ О ПЕРЕВОДЕ ТЕРМИНОВ С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ

Одной из особенностей профессиональной языковой сферы общения является существование специальных терминов. Сегодня количество терминов постоянно растет, часто превышая количество слов, используемых в обиходе. Быстрое развитие новых дисциплин (количество дисциплин удваивается примерно каждые 25 лет) требует терминов, уникальных для данной области. В науке, технике и промышленности термины используются для описания специальных объектов или для точного выражения специальных понятий. Никакой другой язык не может передать эту информацию. Кроме того, в научном письме информация не может быть правильно передана без использования терминологии [1].

Термин (включая научно-техническую терминологию и административно-письменную терминологию) – это конкретная естественная или искусственная единица языка (слово, словосочетание, аббревиатура, символ, сочетание слова и буквенного знака, слова и цифрового знака), которая имеет специальное терминологическое значение, либо спонтанно, либо в

результате специального сознательного коллективного договора, и которая выражена в устной форме или которая может быть выражена и полно отражена в каком-либо формальном виде. Термин – это слово или фраза, обязательно связанная по содержанию с конкретной единицей, соответствующей логической или концептуальной системы. А.А. Реформатский дает терминам такое определение - «однозначные слова, лишённые экспрессивности» [2]. Согласно Комиссарову «Терминами называются слова и словосочетания, обозначающие специфические объекты и понятия, которыми оперируют специалисты определенной области науки или техники» [3].

Каковы лингвистические свойства терминологии? Во-первых, термины являются неотъемлемой органической частью лексической системы литературного языка. Во-вторых, термины отличаются от других классов слов огромным объемом информации. Какова же лингвистическая природа термина? Во-первых, термин – это неотъемлемая органическая часть лексической системы литературного языка. Во-вторых, термины отличаются от других разрядов слов своей огромной информационной насыщенностью. В научном и техническом термине дано наиболее точное, концентрированное и экономное определение научного или технического понятия.

Терминология как самостоятельное направление в научных исследованиях относится к 1931 году, когда в «Русском глоссарии» была опубликована первая статья Д.С. Лотте по проблемам унификации и стандартизации технической терминологии. Д.С. Лотте занимался проблемами стандартизации терминологии, создания терминологии, понятийных систем и терминологических комплексов, перевода научно-технических терминов. Д.С. Лотте считается основателем отечественной терминологической школы. Д.С. Лотте показал, что терминологическая однозначность не возникает сама по себе, а является или должна быть результатом работы над терминологией тех, кто ее создает [4]. Основное требование, предъявляемое к термину, – его однозначность. В терминологическом плане это требование реализуется по двум возможным вариантам, т. к. существуют две категории терминов: 1) общенаучные и общетехнические термины и 2) специальные (номенклатурные) термины. Общенаучные и общетехнические термины выражают общие понятия науки и техники. Термины существуют не просто в языке, а в составе определенной терминологии. Терминология, как система научных терминов, представляет собой подсистему внутри общей лексической системы языка [5]. Согласно А.А. Реформатскому, терминология – это система понятий данной науки, закрепленных в соответствующем словесном выражении [2]. Если в общем языке (вне данной терминологии) слово может быть многозначным, то, попадая в определенную терминологию, оно приобретает однозначность. Многие термины имеют несколько значений, и одно и то же слово может быть термином для разных дисциплин. Также возможно использование нескольких специальных лексических единиц для названия одного и того же понятия. В связи с этим можно говорить о полисемии, омонимии и синонимии терминов.

Одним из пластов терминологии являются термины в сфере туризма. Несмотря на стремительное развитие человеческой деятельности туризма и предоставления туристических услуг за последние несколько десятилетий, а также то, что в настоящее время очень разнообразная и перспективная отрасль, терминология в туризме недостаточно хорошо изучена, она нуждается в терминологической инвентаризации. Глоссарий туристических терминов постоянно динамично обновляется, как постоянно обновляется язык новой туристической реальности. Первое – это заимствование терминов из социальных и культурных сфер человеческой деятельности. Значительная часть англоязычных терминов в международной терминологической системе туризма была перенесена и сохранена в интернационализированном виде, без необходимости определения эквивалентов на национальных языках. Одной из причин такой тенденции является то, что в языках перевода отсутствуют терминологические аналоги в виде слов или коротких фраз. Существует такое явление, что сами понятия и названия морально устаревают. Так, бывшие бюро стали туристическими агентствами, туристические билеты стали ваучерами, групповые гиды стали турлидерами, направления стали дестинациями и т.д. [7].

В современном переводоведении предлагаются следующие способы перевода терминов: семантическая калька, структурная калька и заимствование, которые предполагают подбор лексического эквивалента термина исходного языка в языке перевода. Для того, чтобы правильно передать смысловое содержание текста, переводчик должен обладать достаточными знаниями не только особенностей исходного языка, но и духовности и традиций конкретной страны. Описания маршрутов должны быть переведены в точном соответствии с реальными признаками. В противном случае туристы не смогут найти описанные места. Содержание научного знания со

временем начинает проникать, насыщать и заполнять те единицы языка, которые мы выбираем для использования. В языке слова и фразы уже неотделимы от своего значения, и тогда содержание научного знания становится элементом языка. Научное знание выражается словом или же термином, включается в семантическую систему и структуру языка науки, становится компонентом лексико-семантической системы этого языка, переходя на качественно новую ступень.

Список литературы

1. Шынгысбаева Д.М. «Правовые фраземы, применяемые в законе, и роль перевода в нем», Научно-правовой журнал «Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан», – М., 2020. – 3 С. 61-62.
2. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология / А.А. Реформатский // Вопросы терминологии: материалы Всесоюзного терминологического совещания. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. - С.91-92
3. Комисаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб.для ин-тов и фак. иностр. яз. - М.: Высш. шк., 1990. - 253 с.
4. Лотте Д.С. Образование системы научно-технических терминов. Основы построения научно-технической терминологии. – М., 2001. – 149 с.
5. Капанадзе Л.А. О понятиях «термин» и «терминология». Развитие лексики современного русского языка. – М., 2005. – 289 с.
6. Табанакова В.Д. Идеографическое описание научной терминологии в специальных словарях// Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. Тюменский государственный университет, Тюмень, 2001. – 288 с.
7. Миронова В.Г. Терминология международного туризма и проблемы ее перевода. Вестник Вятского государственного гуманитарного университета, 2012.- С.173-175

Ахмер Б.Е.

әдебиеттану мамандығының докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ. (Қазақстан)

Аймұхамбет Ж.Ә.

филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ. (Қазақстан)

Бидаулетова М.Ш.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері
Астана қ. (Қазақстан)

АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Адамзат өркениетінің қалыптасып, айрықша қарқынмен дамуында діннің орны ерекше. Түрлі этностардың өзара ықпалдасуының нәтижесінде бастапқы өркениеттің эволюциялық желісі орнықты. Соның әсерінен дін де – уақыт өте келе өзектілігін айқындап, адам болмысының ішкі потенциялына, философиялық категорияларына ықпал етті. Қиял, ой, сана, ақыл ұғымдарының үздіксіз жетіліп отыруымен қоса адамның рухани құндылықтарға деген эстетикалық пайымы қалыптасқанын айта кету керек. Осы моральдік мәселелердің қатарына адамның қалауларын да қосуға болады. Ғұлама, ойшыл Ахмет Ясауидің хикметтерінде осындай философиялық, әрі метафизикалық құбылыстар уақыт пен кеңістік, жан мен тән, сауап пен күнә, болмыс пен бейсана ұғымдары көркем айшықтаулар, теңеулер мен метафоралармен суреттелген.

Сананың сезімге, сезімнің санаға ықпал ету үрдісі үнемі А.Ясауидің назарында. Жүрек концепциясын объекті ретінде ала отырып, автор дүние жаратылысын катарсистік идеялармен сабақтастыра білген. Оның пайымынша, нәпсілік қалтарыстардың адам жүрегіне әсері көп. Осыдан басталған күнә философиясы кінә ұғымымен жалғасын тауып, ғалам үдерісіне, Жаратушы ғажайыптарына ыждаһатсыз қарау мәселесі өзекті бола түседі.

Қожа Ахмет Ясауидің діннің барлық алғышарттарын орындап, рухани құндылықтарға мейлінше жақын болғанының бір дәлелі – оның хикметтеріндегі эстетикалық образдардан көре аламыз. Сонымен қатар, ғұлама діни сарындар мен исламның адам жанының көркемденуіне әсер ететін тетіктерін де кестелі жырмен өрнектеген. Дегенмен, ислам дінінің құлдырау тұсы да А.Ясауидің жан дүниесіне ерекше әсер етті. Ислами танымдардың бастапқы мәніне дұрыс үңіле алмай, сан-саққа кеткен қоғамның бет-бейнесін, болмыс-бітімін реалистік идеялармен ғана жіктеп, түсінуге болады. Тарих ғылымдарының кандидаты, йасауитанушы ғалым Зікірия Жандарбек осы мәселе бойынша мынандай пікір қозғайды: «Дәстүрлі мәдениеті мен мемлекеттік жүйесінен айырылған, оның үстіне ислам дінінің мұндай тоқырауға ұшырауы ХІІ ғасыр қарсаңында ислам дінін қабылдаған түркі халықтарын рухани, мәдени дағдарысқа ұшыратты» [1,22].

Сол кездегі түркі қоғамының бейнесін Қожа Ахмет Ясауи былайша суреттеген:

Ораза, намаз, иман, ислам қолдан кетті,
Күннен күн бетер деген хадис жетті.
Пайғамбар айтқандары келіп жетті,
Бұл дүниені қараңғылық басты, достар [2].

Сол кезеңдерде түркі мемлекеттерінде қалыптасқан рухани дағдарыстың соңы саяси дағдарысқа ұласқаны, олардың барлығы дерлік қарақытайлықтардың билігін мойындауға мәжбүр болғаны тарихтан белгілі.

Түркі дүниесінің басына осындай ауыр, қилы кезең туғанда тарих сахнасына Қожа Ахмет Ясауи шығып, сопылық ілімді түркілер арасына таратты. Бұл қадам бір жағынан, ислам дінінің қайтадан өркен жаюына ықпал етсе, екіншіден, рухани-эстетикалық танымдардың әрі Мұхамед пайғамбардың хадистеріндегі рухани мұралардың ұрпақтан-ұрпаққа насихатталуына септігі тиді. Ол сопылық ілімді түркілер арасына әкелу арқылы ислам дінін алғашқы қалпына қайта келтіруге тырысып, түркінің жоғалған дәстүрлі мәдениеті мен тілін қайта жаңғыртты.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде ынсап, тәубе секілді катарсистік ұғымдар жиі кездеседі. Осындай ұстанымдарсыз адамның адам болып қалуы қиын деген позицияны ұстанған. Ғұлама 5-хикметінде:

Ынсап қып отыздың мен жетеуінде,
Алланың ынтықпадым шекеріне.
Еңіреп жас төкпедім етегіме,
Тәубемді етті қабыл қожам, достар [3,49].

Автор бұл шумақта жас кезінде қабыл болған тілегін айрықша пафоспен суреттесе де, кейінгі өлең жолдарында бұл ойынан айнығанын байқаймыз. Әрине, жастық шақтың эмоциялық-экспрессивті ағымы осы жолдарды жазуға итермелегені шындық. Алайда, автор катарсиске бұл позициямен емес, керісінше өзгеше дүниетаныммен жетті. Яғни, көзінен жас аға отырып, Жаратқанға жалынып, күнәсінің кешірілуін тіледі. Адамның көзінен аққан жастың құнын терең философиялық иірімдермен жеткізген сәті мына шумақта жатыр:

Е, тәубе, елу алтымда азап салмай,
Көз жаспен іштің шерін тазартсаң-ай!
Бұл жұрттан көңілім қайтты ләззаттанбай,
Бір құдай, бар құдай-ау, көрінсейші [4,53].

Ясауи айтып отырған «Бұл жұрттан көңілім қайтты ләззаттанбай» тармағындағы идея желісі өзінен кейінгі ақындардың өлеңдерінде де кездеседі. Мәселен, қазақтың бас ақыны, хәкім Абай Құнанбайұлының:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда [5,8].

Екі өлеңдегі идеялық-көркемдік ұқсастықпен қатар, «көңілім қайтты» сөз тіркесі де анық үйлесім тапқанын байқаймыз. Қос автор да қоғамның қалтарысынан жыраққа кетіп, жан дүниесіндегі жалғыздықпен оңаша қалғысы келеді. Алдау мен арбаудан, өтірік пен жалғаннан, мақтау мен даттаудан, әсіре бояулардан аулақ болуды, екіжүзділіктен ада болуды мақсат еткенін

де аңғару қиын емес. Уақыт пен кеңістік арасындағы осындай бейсаналы әрекеттердің адам болмысын өзгертетінін, өзгертіп қана қоймай, өзгеше әлемге жетектейтінін де сезінеміз.

Ясауи ұстанған сопылық ілім әр кезде адам баласындағы ой-пікір мен іс-әрекетінің тазалығын, жүрегінің ақтығын талап етті және сопылық ілім өзінің мақсат-мұратына жету жолында әрқашан да Құран аяттарына арқа сүйеді. Онда сопылардың қалай жүріп-тұруы анық көрсетілген. Құран аяттарында былай делінеді: «Қиямет күні Менің алдымда сендерге мал-мүлік, перзент, бақ-дәулеттеріңнен ешқандай пайда жоқ. Тек ол адам Маған таза жүрегімен келсе ғана пайда бар». Пайғамбар хадистерінде де жүрек тазалығына көп мән берілген. Ол былай дейді: «Денеді жұдырықтай бір кесек ет бар. Егер ол таза болса – бүкіл дене таза болып, өте көркем болады. Егер ол бұзылып, хақтан тайып, жаман жолға кетсе, бүкіл дене бұзылады. Біліңдер және өте мұқият болыңдар, оның аты – жүрек». Құран аяттары мен хадистер ақынның хикметтерімен сабақтасып жатыр. Ғұлама 17-хикметінде:

Қожа Ахмет тастай қашты нәпсі тағын,

«Аллаға ұйуға» арнап жақсы шағын.

Құс жүрек аңсай ұшты хақ құшағын,

Құлмын деп жылап дұға қылам саған [6,75].

Жалпы, діни ілімде көркем мінездің қалыптасуы жүректен бастау алады. Автор «құс жүрек» эпитетін қолдана отырып, Жаратушы Иеге деген іңкәрлігі мен ерекше ілтипатын білдіреді. Аллаға ғашықтық, оның дидарын көруге ұмтылысы – Ясауи дүниетанымының символық сипаты. Ол үшін Құдай – тазалықтың, жылылықтың бейнесі. Осындағы «құшақ» деталін қарастыра отырып, поэтикалық образдың көркемдік әдістерін де байқауға болады. Осы орайда, ғалым П.Грязневич: «Ислам дінінде абсолюттік билік иесі тек Ұлы Алла» дейді [7]. Жалпы, абсолюттік биліктің шегі мен шеті болмағандықтан, ол уақыт өте келе танымға күрделене түседі. Дегенмен, сол жұмбақ – адамзаттың санасын қозғап, ұлы жұмбақты шешуге деген талпынысын арттырады.

А.Ясауидың хикметтеріндегі эстетикалық құндылықтардың поэтикалық тілмен, тәсілдермен бейнеленуін саралау арқылы автордың жоғары талғамы мен түркілік дүниетанымын байқауға болады. Ол таным діни тұжырымдармен байытылған әрі оның әрбір хикметі рухани-эстетикалық аспектілермен ажарланғанын да атап өткеніміз жөн. Бұл хикметтер қазіргі қоғамның да рухани қазынасына айнала алады. Өйткені онда жалпыадамзаттық мәселелер, адам бар кезде ескірмейтін кейбір моральдік кодтар астарлы бейнелермен жасырынған. Мінез – адам жанының айнасы. Сондықтан автордың поэтикалық сарындарында сол мінез, жүрек, ақыл бірлігі діни қағидаттармен көркемделіп, оқырман санасына ой салды. Сопылық ілімнің сан ғасырлық желісі де осы аспектінің қабаттарында жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256.
2. Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2000. – 208 б.
3. Йасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: «Жалын», 1998. – 656 б.
4. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 288 б.
5. Грязневич П.А. К вопросу о праве верховную власть в мусульманской общине в раннем исламе. – Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1984. – с 161-147.

Ахметбекова Г.М.
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Педагогика бөлімінің меңгерушісі
Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі
Астана қ. (Қазақстан)

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жаһандану адам өмірінің барлық жақтарын қамтыды. Бұл құбылысты болдырмау мүмкін емес, сондықтан осы үдерістің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын барынша пайдалану қажет. Алайда кез келген құбылыстың теріс жақтары бар. Олардың бірі ұлттық мемлекеттердің әлсіреуі, жекелеген халықтардың бірегейлігін жоғалту қаупі болып табылады. Мектепте әр өткізілген шараға ұлттық реңк беру орынды деп санаймын. Сонымен қатар жаһандану кезеңінде рухани-адамгершілік құндылықтардың жоғалу ықтималдығын ерекше атап өту маңызды. Қазіргі әлемде басқа мәдениеттерге жанаспай өмір сүру мүмкін емес, алайда өз бірегейлігін халық ретінде сақтау қажет. Халық мәдениеті ата-бабалардың мұрасына үніледі. Дәл осы әдет-ғұрыптар жас ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу жүйесінің іргетасы болып табылады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрсете отырып, әртүрлі іс-шараларды өткізу баланың жеке басының табысты қалыптасуы үшін, ал болашақта Қазақстан Республикасының азаматы мен патриоты болуы үшін едәуір негіз болып табылады. Бүгінгі күні қазіргі заманғы қазақстандықтардың бойында патриотизм сезімін тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі зор. Қазіргі уақытта мектепте патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. Оқушылармен жұмысқа мемлекеттіліктің қалыптасуына үлес қосқан тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу сияқты қызмет түрін енгізу маңызды. Ұзақ уақыт бойы біздің еліміздің көптеген нағыз патриоттардың есімдері белгісіз болып келген, есімдері болса да, ерлікке тең игілік істері мұрағат шаңдарының астында қалған.

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде ұмытылып қалған адамдардың өмірін таныстыру және зерделеу жұмыстарын жүргізу қажет. Оның біреуі біздің Отанымыздың тәуелсіздігі үшін жан пида, педагог, ғалым Әлімхан Ермеков болуы тиіс.

Оқушылармен жұмыста ұлы адамдар қызметінің нақты жетістіктерін атап өту маңызды. Оқушылар фактілерді көбірек есте сақтайды. Бұл фактілерді бөліп көрсетуге тырысамыз. Мәселен, іріктемелі сауалнаманың нәтижелері бойынша оқушылар Әлімхан Ермеков деген кім деген сұраққа көпшілігі оның есімін тек біздің қаладағы көшенің аты бойынша ғана білетіндігін айтады. Әлімхан Ермековтің өмірбаяны мен қызметін зерделеу барысында ол едәуір қызықты да, өзекті мәселелер көтерген, оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ісінде ол үлгі-өнеге тұлға деп есептедік. Оның қызметіне байланысты бірнеше нақты фактілермен оқушыларды таныстырдық, оның тұлғасы естерінде қалды деп ойлаймыз.

Әлімхан Ермеков – қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушылардың бірі ретінде айтуымыз керек. Мемлекеттік шекара – мемлекет тәуелсіздігінің ең жарқын символы. Оның шекараларды анықтау және қазақ жерлерін біріктіру процесіне қатысуы – өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі. 1918 жылы 19-21 наурызда А. Бөкейхановтың тапсырмасы бойынша Мәскеудегі Ленинмен және Сталинмен тікелей телеграф арқылы сөйлесуде А. Ермеков пен Х. Ғаббасов большевиктердің алдына қазақ аумағының тұтастығын тану және автономия құру туралы басты мәселені қойды. Ал 1920 жылы көктемде-жазда Әлімхан Ермеков Мәскеуге жолданды. Ол В.И. Лениннің алдында «Қазақ өлкесінің жалпы жағдайы туралы және, әсіресе, шекаралар туралы мәселе бойынша» тақырыбында баяндама жасады [1]. Төрт айлық тынымсыз жұмыс барысында

1932-1937 жылдары математика профессоры Ермеков ғылыми математикалық терминологияны әзірлеумен және қазақ тілінде математикадан оқулықтар мен оқу құралдарын жасаумен қарқынды айналысты. Арнайы тапсырма бойынша ол басқаратын математиктер тобы (Н. Бақаев, Р. Бөкейханов, Р. Маскеев) қазақ тіліндегі математикалық терминология бойынша бірнеше бюллетендерді табысты әзірлеп, жариялады. Алайда 1990 жылдардың ортасына дейін шығарылған жиынтық терминологиялық сөздікте Ермеков есімі аталмаған. Ал қазіргі кезде қанша түсініксіз сөз аудармаларын ұсынып жатыр. Бұл салада көптеген олқылықтар мен кемшіліктер бар екені құпия емес. Ермековтің терминология саласындағы еңбектері де оқушылар арасында зерделеніп, қажетті терминдерді аудару үшін негіз болуы тиіс. Тек ғылыми еңбектерде ғана емес, сонымен қатар оларды мектеп оқулықтарына енгізу керек.

А.Ермековтің «Жоғары математика курсы» оқулығы қазақ тілінде жоғары техникалық оқу орындары мен педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған. Ол 1935 жылы Қызылорда қаласында Қазақ мемлекеттік баспасында латын графикасында 10 мың дана таралыммен шығарылды. Оның мазмұны сол уақытта қолданылып жүрген және ескірген бағдарламаларға сәйкес болғанымен, оқулық қазіргі кезде де үлкен қызығушылық тудырады. Жоғарыда аталған еңбектермен қатар А.Ермековтің «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері», сондай-ақ «Қазақ тілінің математика терминдері» сөздік-анықтамалық құралы құнды еңбектер болып табылады. Ол 1937 жылы «Детерминант теориясының негіздері» (Детерминанттар теориясының негіздері) кітабын басып шығаруға дайындап, баспаға шығарды. Кейін, Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде, 1995 жылы оның жоғарғы математика оқулығы қайта басылып шықты [3].

Оның еңбектері мен істері біздің қоғамымыздың бүгінгі проблемаларымен үндесіп отыр. Бұл заңды үдеріс, өйткені ол жас Қазақ мемлекетінің қалыптасу жылдарында өмір сүріп, жасаған, сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде оның еңбектері біз үшін өзекті. Және жастар арасында зерделеніп, танылуға лайықты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кыдыралина Ж.У. АлимханЕрмеков: судьба и время
2. https://rus.azattyq.org/a/alimkhan_ermekov_alash_leader/24209606.html Султан-Хан Аққұлы. «Алимхан Ермеков. Чудом выживший в ГУЛАГе лидер «Алаша».
3. <https://e-history.kz/ru/biography/view/330> Қазақстан тарихы – Персоналии – А.Ермеков

Әбдікәрім Т.М.

педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Астана қ. (Қазақстан)

ТАНЫМЫ ЖОҒАРЫ ҚАЙРАТ АСЫЛБЕКҰЛЫ

Қайрат Асылбекұлының алғашқы кітабындағы өлеңдерінің философиялық ойларын, табиғат берген талант пен дарындылығын өз алдына тағы бір үлкен отырыстарда әңгімелеуге болар еді.

Қайрат Асылбекұлы «Тіл табиғаты» деген зерттеулерінде «Мемлекеттік тілді жаңғырта оқыту мәселесі» деген тақырыпты қозғаған. Оқыту деген мәселеге кіргеннен кейін оны әдістеме яғни методика деп, бірер мәселелерді орағытып айтпасқа болмайды. Себебі бұл мәселелені бір оймен жеткізу өте қиын, тікелей тілдің өзі ғана болса, оны тікелей жеткізуге ыңғайы келіп тұрады. Әдістемені түсіндірудің жан-жақты ойлары көп... Ғалым Қайраттың бұл еңбегінен қай мақаласын алып қарасақ та, тіл білімінің негізгі ұғымдары, тілдің құрылымдық ұғымдары, жүйесі, тілдің құрылымдылық, танымдық болмысы, мәні жайлы жан-жақты ақпараттар алуға болады делінген. Бұл жайында біраз мәселелерді де қарастырғаны шығармашылығынан байқалып-ақ тұр.

Тілдің қыры мен сырына қатысты мақалалары тіл ғылымы зерттеушілерінің сұраныстарын қанағаттандыра алатын құнды еңбектің бірі болатынына да сеніміміз бар.

Қарастырылған мәселелерде мемлекетіміздің еңбек етіп жатқан қай саласын алып қарасақ та жаңашылдыққа ұмтылу үрдісі жүріп жатыр. Ал білім саласы бойынша жаңаша іздену, жаңаша оқыту және әр ісіне проблема мәселесін туғызып, оны шешудің жолдарын жаңа оймен, жаңа іспен өзіңе-өзің талап қойып, соңында жаңарған, жаңғыртылған сапалы, пайдалы іс шығару болып келеді. Бүгінде біздің қоғам осыған шындап бет бұрды. Әуелгі бағытта халқымыз ойланып, толғанып, біраз сабырлықпен саябырланып жүрді.

Әрине білім-ғылым саласындағы ғалымдар өз істерін жалғастырып жатты. Істеліп жатқан ғылыми істерін жаңалыққа бұрудың жолын іздестірді деуге болады. Істері барлары жаңалық мәселесін қатты қиналмай, жаңалықпен іздену, жаңаша қарау деген мәселені толық меңгеруге мүмкіндіктері барлары жаппай кірісіп кетті демекпіз.

Қайрат та ғылым-білімнің адамы, сондықтан бұрыннан қажет деген мәселелерді (проблеманы) бірден жалғастырып кеткендігі шығармашылық істерінен көрінуде. Қайраттың күш-

қажырлығын, ғылыми ізденісін, өмірдегі ұстанып жүрген білімін өз ұжымы дер кезінде бірден көріп, танып, шығармашылығын жарыққа шығаруда бұл жайт семинарға қатысушы оқырмандарға қатты әсер етіп, риза болуда.

Қайрат өзі кетсе де, артында отбасы болып, ұжымы болып ғылыми еңбегіндегі іс-әрекетін жарқыратып көрсетуде. Қайратты ортамыздан кетіріп алдық-ау деген ойлар жүрегімізде өкініштерде болғандай еді. Бірақ Қайрат өз ісін табиғат берген талап пен дарынын қайда жүрсе де көрсете алды. Оның қадірін біліп-танып өзімен қызмет етіп жатқан ортасы мен ұжымы. Әрине оны бірінші басшылары – А.Құсайынов, А. Исмаилов, Қ. Ахметов және ұжымының қолдауынан дей аламыз.

Бұл ұжым негізінде қашаннан жұмыстың барысын, ғылым мен білім берудің тәртібін, білім мазмұнын қатты қадағалайтын. Әрі институттың студенттері де 100% сабақтан қалмайды, оқытушылары да сабақты тыңғылықты беріп жүрді. Түрлі шаралар өткізіліп, оған бүкіл ұжымдары қалмай қатысуын талап етіп отырды. Бұндай ұқыпты тәртібі бар ұжымның істері де тыңғылықты сәттілікпен жүріп жатты. Әлі де солай екені Қайратқа арналып өткізілген шаралардан көрінуде.

Сондай ұқыптылықпен Қайрат Асылбекұлының да арты еңбек жалғастығы жарқырап байқалуда. Олар: ғылыми конференция, ғылыми-практикалық семинар өтіліп, Қайратқа арнап кабинет ашылды. Енді міне 60 жасқа келгеніне арнап ғылыми семинар өтілуде. Отбасының жан-жолдасы Маржан да қолдап, Құранын оқытуда. Тек бір өзінің жоқтығы болмаса, тиісті мәселелердің бәрі де жүріп жатты.

Енді шығармашылық жұмыстарына біршама тоқталып кеткеніміз жөн болар. Қайрат Асылбекұлының біраз мәселелерге шолу жасап, зерттегендігі байқалады. Солардың бірі оқулықтар туралы айтқан ойлары өте орынды болып тұр. Себебі ғалымдар қай кезеңнің оқулықтары болса да, білім алушылардың деңгейлеріне қарай жасалады. Әуелі жас ерекшелігіне, одан әрі тыңдаушының деңгейлеріне қарай үйлестіріледі. Тыңдаушы оқушылармен студенттердің деңгейлері әртүрлі болып келеді. Яғни білімдері жоғары, төмен, орташа әрі дарынды. Оқулық мазмұны барлық баланың орта деңгейімен педагогика-психология талабымен өлшенеді.

Яғни оқушы мен студенттердің білім деңгейлері әртүрлі болып келуіне қарай, оқулық мазмұнын соған сәйкестендіріле жасалады және ғылыми еңбектерден жеңілдетілген бағыттағы оқулықтың мазмұны сонда ғана білім алушыларға оңай, әрі тез түсінуіне тиімді болып келеді. Ал деңгейлері тіптен жоғары, ұғымдары байыпты, талап-таланттыларына басқаша дүние оқулық жасаудың қажеті жоқ. Сол тілге байланысты соның маңайында болсын, ішкі мазмұнында болсын, қажет-ау деген жетіспеушілікті ізденіп, қорғаған ғалымдардың монографиялары, тағы басқа ғылыми еңбектерден сілтемелер беріп, қосымша іздендіріс беру міндетті. Әрі бұл белгілі жайт. Сол жетіспеушілік кем-кетікті үйлестіріп жатса, білімді дұрыстап бердім, енді болды, бітті демей, әрі қарай оның нәтижесі көрініп тұрса, міне, білім алды, білімденді деген- осы. Білім саласындағы дер кезіндегі нәтиже деген де–сол, студенттер алдағы берілген оқыған дәрісіңізден және нұсқаудағы әдебиеттерден алған білімі, өзінің де білгенін жинап теріп, жаңалықпен ортаға салып, студенттер білімін өмірде көрсете алса – міне білім нәтижесі де-осы. Оны әрі қарай тағы дамыту ол өздеріне және ортасына, жігеріне байланысты болып келеді. Ол адам кім болды? – деп, тағы да жаңалығымен нәтиже жалғастығын тауып жатса, оның білімдері одан әрі жоғарлап дами түседі. Үлкен биікке жетеді. Демек, адамды білім жетелей түседі, неғұрлым білімін толықтыра түссе, соғұрлым биіктерге өрлей береді. Міне, Қайраттың бойынан да, ойынан да шығармашылығынан да осы айтылымдар көрініп тұрғандай. Сол сияқты болашақ ұрпақ та өз жаңалықтарымен бұл сатылардан өтіп жататыны белгілі. Сондықтан өмірдің бәрі ізденіс пен білім әрі еңбек.

«Оқулықтар және кейбір ғылыми теориялық еңбектерде мына мәселелер ашылмай тұр, әрі қарай анықтауды қажет етіп тұр» дегендерді тайға таңба салғандай етіп, бірнеше мысалдармен көрсетілгендіктен оқырмандардан Қайратқа деген ризашылық ойлар болып жатады, мысал үшін, «Тіл табиғаты» зерттеуінде белгілі, көрнекті ғалымдардың оқулыққа авторлығы еңбегінде аталып кетті. Ол ғалымдар өз уақытында өмірлерінің барында жасарын жасап өтті. Өзінен кейінгілерді және бүгінгі қатарларды әрі бұдан кейінгі 50-60-70 жастағыларды өздерінің жазған еңбектерімен сауаттандырды, бұрынғылар да, бүгінгілер де солардың шығармашылықтарымен әлі де білімденуде. Дегенмен, олардың да еңбектерін әлі де толықтыру, не бар, не жоқ, деген мәселелерді бүгінге дейін ашық айтыла қойылмады. Кей тұстар нақтыланбай жатса, оны түсіндіруді қажет етіп тұрғанын тек Қайрат Асылбекұлының еңбегінде ғана байқалды. Мүмкін кім болса да, ол кезде бұндайларға мән бере қоймаған да шығар.

Оқулықтың мазмұны жан-жақты дәлелденген, дәйектелген ғылыми ізденіс нәтижелерінен құралады – деп айтылған Қайратта. Әрине солай. Сондықтан сол кезеңдегі (Алашорда

Заманауи ғылымда оқыту әдісі өте күрделі, көп аспектілі педагогикалық құбылыс болып табылады. Әдіс – белгілі бір тәртіппен атқарылатын қызмет жүзінде мақсатқа қол жеткізу тәсілі; тәсіл, әдіс немесе әрекет режимі; белгілі бір тапсырманы шешуге бағынатын шынайылықты практикалық немесе теориялық игеру тәсілдері немесе әрекеттер жиынтығы. «Әдіс» түсінігінің көптеген анықтамалары бар. Оқыту әдісі «білім беру және оқыту мақсаттарына жету және оқу мазмұнының игерілуін қамтамасыз ететін, студенттің танымдық және практикалық іс-шараларды ұйымдастырушы болып табылатын мұғалімнің мақсатты іс-шаралар жүйесі». Оқыту әдістері дегеніміз оқу-тәрбиелік мәселелердің жиынтығын шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесу жолдары [1, 6].

XIX ғасырдың басыда оқу-әдістемелік оқулықтарда әдістемеге мынадай анықтама берілді: «Әдіс-мұғалімнің оқушылардың ойларын керекті арнаға бұрып, бекітілген жоспар бойынша жұмысты ұйымдастыру өнері». Көптеген ғалымдар (И.П. Подласый, В.И. Загвязинский, Н.В. Босова және т.б.) әдіс педагогикалық қызметтің негізгі құралы болып табылады деп санайды. Оның көмегімен білім берудің өнімі пайда болып, мұғалім мен оқушылар өзара әрекеттеседі.

Басқаша айтқанда, оқыту әдісіне мұғалімнің оқыту (сабақ беру) қызметі және оқушылардың оқу-танымдық қызметін бірлесе отырып ұйымдастыру (білім алу), сонымен қатар олардың тәрбиелік, дамытушылық және ағартушылық мақсаттарына жету жолдары кіреді. Берілген анықтамада, біріншіден, тұлғаны оқыту және оқыту мәселелерін шешу мақсаты болып табылатын – қызмет, екіншіден, ол әрқашан оқыту және оқушының бірлескен әрекеті – зор маңызға ие. Сондықтан «оқыту әдісі» тіркесінің негізі болып білім беру процесінің субъектілерінің қызметі саналады [2, 10].

Логикалық тұрғыдан оқыту әдістемесі студенттердің қолданбалы логикалық тәсілдердің көмегімен білім дағдыларды саналы түрде меңгеруі деп анықтама берсе де болады. Оқыту әдісін мазмұндық және әдістемелік мәнін атап көрсету үшін, олардың мазмұндық оқу-әдіс қозғалысының формасы деп түсінуге болады [3, 82].

Шетел тілін оқытудың әлемдік теориясы мен практикасында оқыту әдістерінің көптеген түрлері мен атауларының пайда болуы ең маңызды құрам бөлшектері мен ерекшеліктеріне қарай саралау қажеттілігін тудырды. Тұтастай алғанда, XX ғасырда жарамды болған әдістер келесі критерийлер бойынша әртүрлі болуы немесе сәйкес келуі мүмкін: жалпы педагогикалық және жеке әдістерді мақсаттары мен оқыту принциптерімен; ана тілі және шет тілін оқытудағы грамматика рөлінің қатынасымен; шет тіліндегі мәтіндік және сөйлеу материалдарын ұйымдастыруымен; қу үрдісінде мұғалімдер мен студенттердің қызметін ұйымдастыру және рөлімен; шет тілін оқу қарқындылығы деңгейін және оқушылардың әртүрлі психикалық жай-күйін және басқа да мүмкіндіктерді қолдануы туралы [4, 23].

XX ғасырдың аяғындағы әдістер топтарын төмендегі негізгі ерекшеліктерге қарай ажырату қажет:

1) шетел тілін оқыту кезінде ана тілінің болуы немесе болмауы; осы топтың әдістеріне тікелей, аударма және аралас әдістер жатады;

2) шетел тілінде сөйлеу практикасымен теориясы қатынасы. Оған: практикалық саналы, салыстырмалы (грамматика және теорияны игеру маңызды рөл атқарады);

3) шетел тілін игеруші оқушыларды ерекше психикалық жағдайларын қолдану немесе қолданбау (ұйқы, релаксация, аутотренингтің әсері т.б.); Әдістер: баламалы және дәстүрлі [5, 4].

Шет тілін оқыту жүйесінің жоғарыдағы сипаттамаларынан басқа оқытушылардың көшбасшылық қызметі (бақыланатын зерттеу – other-directed learning) немесе білім алушылардың қызметі үстемдік ететін (шетел тілін өзін-өзі басқара оқыту – self-directed learning) түгел оқыту процесін ұйымдастыру тәсілімен де ерекшеленеді. Айтылған белгілер негізінде оқыту әдістері тарихы жұмыстарында келесі әдістерге бөлінеді:

1) аударма әдістері (грамматикалық және лексикалық аударма) [6, 25];

2) тікелей және табиғи әдістер мен олардың өзгеруі;

3) аралас әдістер;

4) саналы-салыстырмалы және саналы-практикалық әдістер;

5) оқытудың қазіргі заманғы әдісі – коммуникативтік жүйе әдісі ретінде анықталады.

Грамматикалық аударма немесе синтетикалық әдіс.

Бұл әдіс грамматиканы зерттеуге негізделген. Фонетика аспект болып табылмады, грамматикалық ережелерге иллюстрациялар ретінде лексика жүйесіз зерттелді. Грамматикалық-аударма әдістемесі шетел мәтінін оқу мен аударуды түсінуде оң нәтиже берді.

Лексикалық-аударма немесе аналитикалық әдіс

Бұл әдіс Еуропа елдерінде (Англия, Франция, Швейцария) қолданылады. Бұл әдістің басты мақсаты лексика болды. Сөз қоры түп нұсқадағы шығармаларды жаттау арқылы құрылып отырды. Тікелей аударма пайдаланылды. Грамматикаға аса мән берілмей, мәтінге түсініктеме ретінде ғана оқылды. Лексикалық-аударма әдісі негізінен жалпы білім беруді көздеді және лексикалық оқу және аударма дағдылары мен аудару әдісінің дамуын қамтамасыз етті [7, 256].

Табиғи әдіс

Табиғи әдістің негізгі мақсаты – студенттерге шет тілінде сөйлеуді меңгерту. Бұл әдісті қолдайтындар сөйлеуді меңгергеннен кейін, үйренуші шет тілінде оқу, жазу әдістемесімен таныс болмаған жағдайдың өзінде оны қиындықсыз меңгереді деп санады. Негізінен олар бастапқы кезеңнің әдістемесін әзірлеп, тек нақты практикалық мақсаттарды көздей отырып оқушыларға ауызекі тілді үйреті [8, 26].

Тікелей әдіс

Тікелей әдіс табиғи әдіс негізінде пайда болды. Әдістің жақтастары үйренушілердің ана тілін есепке алмай, шетел сөздерін және оның грамматикалық формаларын тікелей мағынасымен ұштастыруға ұмтылысы әдістің өз атауын алуының себебін түсіндіреді.

Пальмер әдісі

«Пальмер әдісі» атаулы әдістемелік бағытын тұжырымдаған, осы бағыттың көрнекті өкілі, ағылшын тілі пәні мұғалімі Гарольд Пальмер (1877-1950) болды [9, 138].

Пальмердің ең құнды әдістемелік ережелері педагогикалық үдерісті рационализациялау және оқу материалдарын жүйелендіру болып табылады. Пальмер шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты ауызша сөйлеу дағдысын меңгерту деп санады. Оның әдісі ауызша әдіс деп те аталады.

Аудио-лингвалды әдіс (Ладо мен Фризен әдісі)

Шет тілін үйрену сол халықтың мәдениетін оқып-үйренумен тығыз байланысты. Түпкілікті мақсатқа қарамастан, ауызша білім оқытудың негізі болып табылады. Тілдің алдын-ала ауызша сөйлеуге үйретілуі оқуға және жазуға қосымша дайындықты қамтамасыз етеді [10, 42].

Аудио-визуалды немесе құрылымдық-глобалды әдіс

Бұл әдіс Англияда, Канадада, Түркияда, Мексикада, Польшада кең етек алды. Ол негізінен шет тілдері курстарында қолданылады [11, 265]. Әдістің негізгі мақсаты ретінде ауызша сөйлеуге үйрету.

Физикалық сезіну әдісі

Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады.

Көрнекілік әдісі – шет тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

Түсіндіру әдісі – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ-жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірлеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

Практикалық әдіс – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс-әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

Интерактивтік әдіс – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүшелерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында оқушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Щукин А.Н. «Обучение иностранным языкам: теория и практика». – М.: Филоматис, 2006. – 480 с.
2. Кобышева А.В. Английский язык. Современные методы обучения / А.В. Кобышева. – Минск: Тетра Системс. 2007. – 352 с.
3. Банникова Л.С. Методика преподавания иностранных языков и технические средства обучения: Курс лекций для студентов 4 курса специальности 1-02 03 06 01 – «Английский язык», специальности 1-02 03 06 02 – «Немецкий язык». В трех частях. Часть I. / Л.С. Банникова. – Минск: обр. РБ. – Гомель: УО «ГГУ им. Ф. Скорины», 2006. – 82 с.
4. Витлин Ж.Л. Эволюция методов обучения иностранным языкам в XX веке / Ж.Л. Витлин // Иностранные языки в школе. – 2001. – No 2. – 23-29 с.
5. Белогрудова В.П. Об исследовательской деятельности учащихся в условиях проектного метода / В.П. Белогрудова // Иностранные языки в школе. – 2005. – No 8.
6. Демьяненко М.Я. Основы общей методики обучения иностранным языкам: теоретический курс / М.Я. Демьяненко, К.А. Лазаренко, С.В. Мельник. – Киев: Вища школа, 1984. – 280 с.
7. Миролубов А.А. Натуральный метод / А.А. Миролубов // Иностранные языки в школе. – 2002. – No 5. – С. 26-28.
8. Миролубов А.А. Прямой метод / А.А. Миролубов // Иностранные языки в школе. – 2002. – No 6. – С. 15-17.
9. Palmer Н. The Scientific Study and Teaching of Languages. – London, 1992. – P. 138

ПРИНЦИП ИНТЕРПРЕТАЦИИ ЗАВИСИМОЙ ЧАСТИ ПРЕДЛОЖЕНИЯ КАК ВЫРАЖАЮЩЕЙ ПРЕДШЕСТВУЮЩЕЕ ДЕЙСТВИЕ (НА ПРИМЕРЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В СРАВНЕНИИ С НЕМЕЦКИМ И РУССКИМ)

В описании языков обычно мало внимания уделяется одной интересной особенности: если в предложении, состоящем из двух частей – главной и зависимой (это может быть подчиненное предложение с союзом *when* или оборот с неличной глагольной формой), выражается два следующих друг за другом события, то предшествующее событие чаще всего передается в зависимой части данной синтаксической структуры, а следующее за ним событие – в главной части, а не наоборот.

В некоторых публикациях эта закономерность именуется «*anterior interpretation of embedded event clauses*» [1,229] или «*chronological priority of the converb clause event*» [2,327]. В предыдущих публикациях мы обозначали данную закономерность *anterior-in-subprinciple* [3,203], т. е. «принцип антериорности зависимой части». В настоящей статье этот принцип демонстрируется с привлечением материала, подробно описанного там же [3].

В то время, как союзы предшествования (*before, till, until*) или следования (*after, as soon as*) передают временные отношения между действиями однозначным образом, союзы с неопределенной временной семантикой (*when, as*) лишь показывают сопряженность ситуаций во времени, не уточняя, идет ли речь об одновременных действиях, о предшествовании действия придаточного предложения действию главного предложения или о следовании действия придаточного предложения за действием главного предложения. Если оба предиката в сложноподчиненном предложении с союзом *when* выражают целостные действия (т.е. являются предельными с точки зрения аспектологии) и выражены формами простого прошедшего (*Past Indefinite*), то предшествующее действие передается, как правило, придаточным предложением, напр.: «*When Maggie saw how he was moved, she went to him and put her arm round his neck*» (George Eliot, *The mill on the Floss*). Если придаточное находится в постпозиции к главному предложению, то действие «принципа антериорности зависимой части» становится даже более очевидным, так как в этом случае он нейтрализует принцип темпорально иконической интерпретации, напр.: 'It is just as I feared', he said *when* he came back (J.R.R. Tolkien. *The lord of the rings*).

Для преодоления принципа антериорности зависимой части необходимо использовать специальное средство, выражающее временной порядок действий однозначным образом, напр. *Past Perfect*: «*She had reached the top of a hill [...] when she heard footsteps behind her back [...]*» (Thomas Hardy, *Tess of the d'Urbervilles*). Очень редки случаи, когда употребление семантического контрастновременных форм (*Past Indefinite vs Past Perfect*) вступает в конфликт с принципом антериорности, напр.: «*The girl's father said police had refused to register a case when he went to report her missing*» (*The Independent*). В данном случае принцип антериорности подкрепляется фоновыми знаниями пишущего и читающего о типичной последовательности событий.

Анализ показал, что из 539 английских примеров с *when*, в которых выражены два одновременных действия, лишь в 28 случаях (5,2 %) в придаточном предложении выражалось последующее действие, а не предшествующее [3,212]. Очень схожие данные (4,5 %) были получены для немецких предложений с союзом *als* [3,210], который является почти точным семантическим эквивалентом английского *when*.

В роли зависимой структуры может выступать не только придаточное времени, но и причастный оборот. Английский *Participle I*, если он имеет акциональное значение (соответствующее значению деепричастия в русском языке), чаще всего выражает одновременность действия с действием главной части, однако иногда *Participle I* выражает предшествование, о чем пишет, например, Б. Комри, приводя пример «*Crossing the street, I entered the supermarket*» [4,62], ср.: «*Creeping cautiously out from the edge of the trees, they set off across the open as quickly as they could*» (J.R.R. Tolkien, *The lord of the rings*). Причастный оборот может стоять после главной части предложения, и в этом случае принцип антериорности зависимой части даже нейтрализует принцип иконической интерпретации: «*Richard's trance was broken. 'Mr Blaize!' he said, recognizing the farmer's voice*» (George Meredith, *The ordeal of Richard Feverel*). В

редких случаях *Participle I* может выражать последующее действие: «Papa's deeper voice spoke from within, and Ben entered the room, closing the door behind him» (Arthur Miller, *I don't need you any more*). Здесь принцип антериорности зависимой части нейтрализуется знаниями пишущего и читающего о том, как могут соотноситься друг с другом по времени события окружающего мира; при этом причастный оборот расположен после главной части предложения, следуя принципу темпорально иконической интерпретации.

Анализ показал, что из 70 английских примеров с *Participle I*, в которых выражаются неодновременные действия, лишь в трех случаях (4,3 %) в зависимой части передается не предшествующее, а последующее действие [3,218].

Необходимо отметить, что и в русском языке деепричастие совершенного вида (функциональный эквивалент английского *Participle I* при выражении последовательности действий) в редких случаях может выражать не предшествующее, а последующее действие, напр.: «Я надел тулуп и сел верхом, посадив за собою Савельича» (А.С. Пушкин, *Капитанская дочка*). Из 741 примеров, в которых предложение с деепричастием совершенного вида передает два неодновременных действия, лишь в 22 случаях (3,0 %) последующее действие выражается деепричастным оборотом, а не глаголом главной части предложения [3,221]. Таким образом, материал из английского и русского языков показывает, что антериорное значение неличных форм глагола является устойчивой тенденцией, хотя и не представляет собой правила без исключений.

Вышеприведенные примеры свидетельствуют о том, что при выражении двух неодновременных событий в синтаксической структуре с зависимой частью (причастный или деепричастный оборот либо подчиненное предложение с союзом неопределенной хронологической семантики, таким как англ. *when*, нем. *als* или русс. *когда*) существует устойчивая тенденция выражать предшествующее событие в зависимой части в соответствии с предполагаемым «принципом антериорности».

Список литературы

1. Boogaart, Ronny. Tense and temporal ordering in English and Dutch indirect speech // Theo A.J. Janssen, Wim van der Wurff (eds). Reported speech. Forms and functions of the verb. Amsterdam, Philadelphia: Benjamins 1996, pp. 213–235.
2. Johanson, Lars. On Turkic converb clauses // Martin Haspelmath, Ekkehard König (eds). Converbs in cross-linguistic perspective. Structure and meaning of adverbial verb forms (adverbial participles, gerunds). Berlin, New York: de Gruyter 1995, pp. 313–347.
3. Yevseyev, Vyacheslav. Nicht-ikonische Chronologie: Zeitlichkeit und Zeitreferenz im Deutschen, Englischen und Russischen. Köln: Böhlau, 2017.
4. Comrie, Bernard. Aspect. Cambridge: Cambridge University Press, 1976.

Загатова С.Б.

кандидат филологических наук, профессор

Смаилов А.Т.

студент 4-курса

Евразийский гуманитарный институт

г. Астана (Казахстан)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АУТЕНТИЧНЫХ ТЕКСТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Как известно, термин «аутентичное обучение» (или «authentic learning») стал широко известен уже к концу 90-х годов 20-го века. Аутентичность понимается как «метод обучения, который обеспечивает обучаемым возможность принимать участие в различных учебных и межличностных взаимодействиях, адекватных условиям реальной коммуникации и обладающих доступным смыслом и значением для обучаемых» [1,10].

Одновременно появились определения понятия «аутентичные материалы». Так, Г.И. Воронина при рассмотрении понятия аутентичных текстов определяет их как «тексты, которые были заимствованы из коммуникативной практики носителей языка» [2,23-25]. К.С.Кричевская к аутентичным материалам относит подлинные «фольклорные, музыкальные, изобразительные, литературные произведения, а так же предметы, относящиеся к реальной действительности, например: мебель, посуда, одежда, включая их иллюстративные изображения» [3,13-17]. Значимость аутентичности теоретического и практического учебного материала подчеркивает С.С. Кунанбаева, отмечая, значение использования теоретического материала «является принципиальным требованием к содержанию современного иноязычного образования» [4,32].

Наряду с трудностью, возникающей при объяснении явления аутентичности, непосредственно имеется проблема определения сущности аутентичного материала, а в частности, какие именно материалы имеют право быть признанными как аутентичные.

К примеру, Дж. Гебхард выделяет следующую классификацию аутентичных материалов:

- аутентичные визуальные материалы – фотографии, иллюстрации, картины, открытки, слайды, дорожные знаки и т.п.
- аутентичные аудиоматериалы – песни, передачи по радио, аудиокниги, реклама и т.д.;
- аутентичные аудиовизуальные материалы – художественные и документальные фильмы, телешоу, телевизионная реклама, клипы, новости, мультфильмы и т.д.;
- аутентичные печатные материалы – газетные статьи, билеты, тексты песен, телефонные справочники, спортивные колонки, комиксы с диалогами, брошюры, предназначенные для туристов, и т.д.;
- реалии (предметы) – монеты, наличность, маски и т.д.» [5,51].

Для определения аутентичного материала, изучения его структуры и особенностей существует параметр учебного аутентичного материала (таблица 1).

Таблица 1. Параметры аутентичного учебного материала.

№	Вид аутентичности	Определение (пояснение)
1	Функциональная аутентичность	Используя функционально аутентичный учебный материал (текст) приближает обучаемого к естественным условиям применения языка, помогает раскрыть различные лингвистические средства и подготавливает к самостоятельному их употреблению в своей речи.
2	Лексико-фразеологическая аутентичность	Использование настоящих учебных текстов в основном определяется правильным подбором словарного запаса и фразеологии. Интегральными критериями отбора являются достоверность определенной единицы, ее удобство и частота в английской речи.
3	Грамматическая аутентичность	Это понятие связано с применением в устной и письменной речи характерных для данного языка грамматических структур.
4	Структурная аутентичность	Понятие, связанное с характеристиками текстовой структуры, где признаками будут крепкие логические и грамматические связи в тексте, а также формальная и содержательная целостность.
5	Статические характеристики аутентичного текста	Статистические характеристики позволяют разработать оптимальную модель подлинного текста путем определения ряда количественных характеристик и закономерностей, которые присущи языковому произведению, созданному в методических целях.

Что касается применения аутентичных материалов как одного из эффективных средств обучения иностранным языкам, начальные упоминания в методической литературе появились в трудах зарубежных авторов (Scarcella R.C., Носонович Е.В., Мильруд Р.П. и др.).

Основным материалом аутентичности в процессе обучения иностранным языкам является, на наш взгляд, аутентичный текст. Аутентичные тексты воспринимаются обучающимися с

большим интересом, так как отличаются своей широкой информативностью благодаря содержанию лингвострановедческого, исторического и социокультурного материала.

Вместе с тем, в них имеется специфическая лексика, чаще всего незнакомая обучающимся, которая представляет собой определённую сложность. Для того чтобы уменьшить эти культурные и языковые барьеры при чтении подлинных текстов, необходим определённый набор заданий и методик, которые помогут обучающимся справиться с пониманием изучаемого материала и сформировать навыки критического осмысления прочитанного. Это связано с тем, что язык в аутентичном тексте представляет собой средство общения, отражающее настоящую языковую действительность, а также особенности функционирования языка как одного из средств коммуникации. Благодаря систематическому использованию аутентичных материалов снижается риск искажения иноязычной действительности, так как они помогают полностью отражать суждения и идеи, распространённые в определённый момент в обществе страны изучаемого языка.

Несмотря на то, что аутентичный текст вызывает у обучающихся большой интерес, в дидактических целях преподавателю нужно учесть речевые и языковые трудности, возникающие при восприятии аутентичного материала. В этой связи мы считаем, что при выборе аутентичного текстового материала необходимо предусмотреть дидактические принципы. Следует отметить два основных принципа: принцип доступности и принцип интегративности. Аутентичный текст становится доступным для понимания обучающимися в том случае, когда они чувствуют себя более уверенно, когда они знают, что изученная ими лексика (используемая носителями языка) отлично подходит для высказывания своих мыслей.

Принцип интегративности заключается в оптимальной интеграции изучения иностранного языка с другими дисциплинами, в особенности, с дисциплинами страноведческого цикла. Оптимальная интеграция иностранного языка с другими дисциплинами способствует получению через изучаемый иностранный язык знания и по другим дисциплинам.

Таким образом, мы можем заключить, что аутентичные тексты – это материалы, созданные носителями языка, как для собственного использования, так и для желающих изучать язык. Но стоит отметить, что, несмотря на большое количество достоинств аутентичных материалов, преподавателям при применении аутентичных текстов следует учесть трудности, которые испытывают обучающиеся в связи с языковым барьером социокультурного и межкультурного плана. Эффективность применения аутентичных текстов достижима при грамотной дидактической направленности аутентичной информации.

Список литературы

1. Donovan, Bransford, & Pellegrino, How People Learn: Bridging Research and Practice (1999). National Research Council, Washington, DC. - 363 с.
2. Воронина Г.И. Организация работы с аутентичными текстами молодежной прессы в старших классах школ с углубленным изучением иностранного языка // ИЯШ. 1999. № 2. - С. 23-25.
3. Кричевская К. С. Прагматические материалы, знакомящие учеников с культурой и средой обитания жителей страны изучаемого языка/ К. С. Кричевская// Иностр. языки в школе. -1996. № 1. - С. 13-17.
4. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. - Алматы, 2010. - 344 с.
5. Gebhard J.G. Teaching English as a Foreign Language: A Teacher Self-Development and Methodology Guide. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 1996. - 280 с.

К ВОПРОСУ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ УЧАЩИХСЯ С ОСОБЕННЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

В условиях трансформации системы образования получило распространение и развитие инклюзивное образование, представляющее собой государственную политику с целью обеспечения непрерывного совершенствования общего образования, доступного всем без исключения, включая детей с особыми образовательными потребностями. Такая политика гарантирует создание специальных условий, а также необходимой социальной и психолого-педагогической поддержки для детей особой категории.

На законодательном уровне инклюзивное образование в Казахстане обеспечивается рядом нормативно-правовых документов, в том числе Конституцией Республики Казахстан, Законом «О правах ребенка в Республике Казахстан», «Об образовании», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «Государственной программой развития образования», «Национальным планом действий по развитию инклюзивного образования», выполняющего требования «Конвенции о правах инвалидов», а также документами «Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан» от 2015 года [1], Методические рекомендации, «Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2022-2023 учебном году», изданное Национальной академией образования им. И. Алтынсарина (2022 г.) [2].

Благодаря данной нормативной базе дети с особыми образовательными потребностями имеют беспрепятственный доступ к качественной образовательной среде независимо от их физических, интеллектуальных, психических, языковых, культурных, этнических и других особенностей, что в свою очередь способствует социальной интеграции в обществе, как это принято во многих развитых странах мира, следующих данной политике начиная с конца XX века.

В зависимости от заболеваний дети данной социальной группы могут испытывать ограниченные возможности опорно-двигательного аппарата, иметь нарушения мозговых функций, зрения или слуха, расстройства эмоционально-волевой сферы, аутоиммунные и психические заболевания и др. затруднения [2,87-92] – все это указывает на то, что инклюзивное образование, в том числе при изучении иностранного языка, требует учета не только образовательных потребностей, но и образовательных способностей и персональных возможностей учащихся.

Первостепенное значение на уроке иностранного языка в условиях инклюзии имеет психологический и доброжелательный климат, располагающий положительно всех участников учебного процесса и позволяющий детям с особыми потребностями легко адаптироваться и интегрироваться в среду. Несомненно, здесь важны роль учителя, его компетентность и профессионализм, а в условиях инклюзивного образования – многовекторность и вариативность профессиональных действий, и самое главное – психологическая готовность работать с такой группой учащихся, о чем подробно изложено в диссертационном исследовании А.А. Кабдыровой [3]. Зная индивидуальные особенности каждого учащегося, учитель найдет наиболее целесообразный подход к нему. При этом следует учитывать ряд характеристик: физическое развитие, состояние речи, состояние и возможности интеллекта, эмоционально-волевая сфера; возрастные и индивидуальные особенности, интересы, склонности, особенности таких психических процессов как восприятие, внимание, память, мышление, а также тип темперамента. Не исключено, что для некоторых детей и индивидуальный подход в обучении иностранному языку будет являться одним из основных условий их развития.

При изучении любого иностранного языка дети с особыми потребностями сталкиваются с рядом сложностей, среди которых следует назвать следующие:

- ✓ медленный темп усвоения лексического материала,
- ✓ затрудненное усвоение и понимание грамматических и синтаксических конструкций, грамматических категорий,
- ✓ трудности этих конструкций применения в устной речи и на практике;
- ✓ сложное восприятие устной и диалогической речи (особенно при аудировании),
- ✓ затруднения при воспроизведении монологической речи или диалога.

Для того, чтобы дети с особыми образовательными потребностями безбарьерно могли в доступной форме получать знания, в т.ч. при изучении иностранного языка, необходимо усовершенствовать учебно-методическое обеспечение, предполагающее включение в процесс обучения разнообразных дидактических игр, дифференцированных заданий, использование мультимедийных средств с игровыми программами, адаптированных учебных программ. Все это будет способствовать развитию социокультурной, лингвострановедческой, коммуникативной и иноязычной компетенций учащихся данной социальной группы.

При изучении иностранного языка приоритетной задачей является применение различных педагогических, психологических приемов и коммуникативных методик, в результате применения которых учащиеся практически овладеют изучаемым языком, т.е. в большей степени будет уделяться внимание аудированию и говорению [4,35].

В рамках такого подхода при инклюзивном обучении иностранному языку следует руководствоваться следующими принципами:

- ✓ Подвижности (для повышения мотивации);
- ✓ Частой смены деятельности (для концентрации внимания);
- ✓ Создание языковой среды, погружение в нее (т.е. создание лингвокультурных условий);
- ✓ Частое аудирование языковых структур (для преодоления языкового барьера путем многократного повторения);
- ✓ Преимущества и многократного повторения языкового материала (для долговременного хранения данных структур в памяти);
- ✓ Раскрытие творческих способностей (через изучение иностранного языка) [4,36].

Наряду с этим важную роль играет техническое обеспечение учебного процесса, а также возможность организовать в кабинете уголок релаксации, в котором можно разместить игрушки, интересные книжки-раскраски, какие-либо сенсорные материалы и прочее.

Согласно методическим рекомендациям Национального научно-практического центра коррекционной педагогики, способы оценивания учебных достижений ученика с особыми образовательными потребностями должны быть изменены от стандартных в виду того, что такие учащиеся обучаются по специальным, индивидуальным или сокращенным программам и в процессе обучения для них применяются, как правило, альтернативные методы обучения с адаптированными учебными заданиями [5,20-21].

Список литературы

1. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 13 с.
2. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2022-2023 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2022. – 95 с.
3. Кабдырова А.А. Готовность преподавателей вузов к обучению студентов с инвалидностью: дисс. на соиск. научной степени доктора философии (PhD), Алматы: КазНПУ им. Абая, 2021. – 196 с.
4. Кривых Л.Д., Багринцева О.Б. Инклюзивное обучение на уроках английского языка // Педагогические исследования. 2021, Вып. 4. – С. 31–45.
5. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. -Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.

ЖОҒАРЫ БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Кері байланыс педагогикалық нәтижелерді талдаудың негізгі тәсілі ретінде шет тілін оқытуды ұйымдастыру кезіндегі педагогикалық өзара іс-қимылдың базалық процестерінің бірі болып табылады.

Белгілі болғандай, педагогика философия, әлеуметтану, психология және тіпті кибернетика сияқты ғылымдармен өзара байланысты. «Кері байланыс» ұғымы сол кезеңде қарқынды дамып келе жатқан кибернетикадан 60-шы жылдары педагогикаға келіп, осы ғылымда «оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын меңгеруін бақылауға бағытталған әдістер мен тәсілдер кешені» ретінде бекітілді [1].

Кері байланыс оқушының оқу деңгейі туралы ақпарат алуға негізделген бақылау функцияларының бірі болып табылады. Өз кезегінде педагогикалық психология кері байланыс ұғымын «мінез-құлықты реттеуде пайдалы ақпарат көзінен қайтарылған кез келген түрі» деп қарастырады.

Кері байланыс ретінде адам реципиенттен, өзінің мінез-құлқынан, өзінің келбетінен, өзі туралы мәліметтерден алатын кез келген ақпарат тікелей немесе жанама, кейінге қалдырылған немесе дереу болатын іс-әрекетті айтады.

Ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс – бұл оқытушының өзінен және бірлескен қызмет бойынша серіктестерден алған талдау, рефлексия және бақылау өнімі. Ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс тұлғааралық қарым-қатынас формасы болып табылады, біздің мінез-құлық және эмоциялық реакциялардың жиынтығын құрайды [2].

Кері байланыс мақсаты – ағылшын тілі сабағы оқытушысының сабақ мазмұнын, ақпарат беру тәсілдерін, оқушылардың іс-әрекеттерін және эмоциялық аясын түзетуі болып табылады. Кері байланыс нәтижелерін білім алушылардың өздері де бірлескен қызметті, алынған нәтижелерді бағалау үшін пайдаланады. Осылайша, оқытушы мен білім алушылар кері байланысты пайдалана отырып, өзінің мінез-құлқы мен тілін түзете алған сайын, оқыту өзара іс-қимылдарының нәтижелері соғұрлым жоғары болады [3].

Ғылыми әдебиетте кері байланыстың сан түрлері мен әдістерін бөліп көрсетеді:

1. Бейнелі әдіс («бет бейнесі», «сызбалар»);
2. Ауызша әдіс («еркін хат», «заңсыз ұсыныстар», «сөздік метафора»);
3. Графикалық әдіс («шкалирование», «линия», «версты», «баспалдақ»);
4. Векторлық әдіс («эллипсис», «қар ұшқыны»).

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда *reflexio* – кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локк XVII ғасырда енгізген. Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өз-өзіне нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Ағылшын тілі сабағында рефлексияның мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, ол уақыт пен ізденісті қажет етеді.

Ағылшын тілі мұғалімі рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді [4].

Ағылшын тілін қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасуы сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.

Ағылшын тілі сабағында рефлексияның әртүрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері

байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады. Ендеше, ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс түрлері:

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Weather», «Traffic light», «Apple tree».

Мысалы «Apple tree» («Алма ағашы») әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – «мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл күйім көтеріңкі», қызыл түсті алма – «мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ» дегенді білдіреді.

«Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау).

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Success stage» («Табыс сатысы») әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

1-баспалдағы Мен...білемін;

2-баспалдағы Мен...түсінемін;

3-баспалдағы Мен...жасай аламын.

3. Ағылшын тілі сабағындағы оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Plus, Minus, Interesting» [5].

Дұрыс жүргізілген кері байланыс арқылы оқушылардың өзіндік пікірін білуге болатынын және мұғалімнің кері байланыс жасай отырып, өз ісіне сыни көзбен қарайтыны туралы баяндалады.

Жоғарыда келтірілген ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған. Сонымен қатар, оқушылардан топтық кері байланысты алуға болады.

Негізінен ағылшын тілі сабағындағы рефлексия оқушылардың үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл – ХХІ ғасырдың талабы.

Сонымен қатар, кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады.

Қорытындылай келгенде, кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге, кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс – нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Малиночка Э.Г. Категория обратной связи в педагогике: Дис. в виде науч. докл. на соиск. учен. степ. д-ра пед. наук. – М., 1998. – 74 с.
2. Арутюнян М.Ю., Петровская Л.А. Обратная связь в системе понимания человека человеком. – М., 1981. – 61 с.
3. Панина Т.С., Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений / под редакцией Т. С. Паниной. – М., 2006. – 176 с.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым, 2012
5. Зулкашева Ш.М. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі». – Орал, 2013.


АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Жаңартылған білім бағдарламасы білім алушыларға жаңа толқын әкелді. Оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге, модульдік технологиясын қолдануға бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты.

Критериалды бағалау – білім алушының өз-өзіне сенімді болуына, оқуға зейін қоюына және білім алушы мен беруші тараптан да нақты нәтиже көруге бағытталған. Басты міндеті – оқушыны мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін белгілі критерийлер арқылы түсіндіруге талдау жасау және оқушыға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін анықтауға мүмкіндік беру. Критериалды бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерилермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

«Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттармен бірге, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр» [1].

Бағалау екі аспектіні көздейді: *оқуды бағалау* және *оқу үшін бағалау*. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққан. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды (1-сызба):



(1-сызба)

Мұғалімнің бағалаудағы рөлі:

- Мұғалім тәлімгер ретінде – кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді;

- Мұғалім жетекші ретінде – топтағы ағымдағы жұмыс үдерісіне алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастырушы;

- Мұғалім есепке алу маманы ретінде – оқушылардың өсуі мен жетістіктері туралы жазу;

- Мұғалім баяндамашы ретінде – оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

Оқу үшін бағалаудың негізгі сипаттамалары:

1. Оқыту мақсатымен бөлісу.

2. Алда не күтіп тұрғанын оқушылардың білуіне көмектесу.

3. Өзін-өзі және келесі оқушыны бағалау.

4. Оқушылардың жақсарту үшін не қажет екендігіне көмек беретін пікірлермен қамтамасыз ету.

5. Оқушылардың өздерін жетілдіре алатынына сенімділігін дамыту.

6. Өзара бірлесіп бағалау туралы ақпаратты талдау және ойластыру.

Оқу үшін бағалауға қарағанда, оқуды бағалаудың мақсаты, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады.

Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер оқуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады.

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі [2].

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді [3].

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенетіні белгілі болды. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі.

Ағылшын тілі сабағында критериалды бағалау:

- сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;

- оқытудың сапасын жақсартуға;

- бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;

- өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;

- өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

- өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

- шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, айтылым, жазылым дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, ББҮ кестесі (INSERT) (1-кесте), рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасының, қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Критериалды бағалау жүйесін ағылшын тілі сабағында тиімді пайдалануға болады.


Сабақтың соңында ББҮ кестесін толтырту. (INSERT) картасы беріледі

I know about	I didn't know about	I want to know about

(2-кесте)

Рефлексия «Жетістік» баспалдағы (3-сызба)

Сабақ соңында қатысушылар баспалдақтың қай тұсында тұрғанын белгілейді, түсініктеме береді.



Жаңартылған бағдарлама жаңа бағытты да талап ететіні сөзсіз. Мұғалмінің смайлик немесе 10 балдық жүйемен бағалауынан да жалығатын кез болады. Соның бірден бір шешімі оқушыларды әртүрлі қолдау, бағалау сөздері жазылған күлкілі суреттермен де бағаласаңыз болады. Оқушылардың келесі жолы басқасын, жақсысын иеленгісі келетіні сөзсіз. Олар жазылған сөздердің аудармасын жаттау арқылы сөздік қорын да молайтады [4].

Бағалауда күмәнді ой туғызатын сәттері де бар. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы кейде шындыққа жетпей ме деп қаласың. Бұндайда оқушының әрекетінен сол сәтте тіпті жақсы қадамға бару мүмкіндігі де туып жатады. Сыныптастарын бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шығуға мүмкіндік береді. «Two stars and a wish» және «Мадақтау сэндвичі», тіпті кейде сабақ үрдісінде «Brilliant», «Super», «My smart girl» сияқты мадақтаулармен де бағалауды қолданамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Alexander R. Culture and pedagogy [Культура и педагогика]. – Wiley-Blackwell. – 2001.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (негізгі) деңгей. – 2012 ж.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. – 2014 ж.
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ / О.И. Можаяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен. – Астана, 2016. – 55 б.

Ильясова А.Ү.

педагогика ғылымдарының магистрі, доцент

Досумова Г.Б.

4-курс студенті

Еуразия гуманитарлық институты

Астана қ. (Қазақстан)

ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ РӨЛІ

Педагогикадағы дидактикалық тәсілдердің бірі – көрнекілік әдісі болып табылады. Көрнекілік құралдар арқылы оқушылардың қоршаған ортамен, құбылыстарды, заттарды сипаттап, қабылдау арқылы оқушылардың сана-сезімі қалыптасады. Көрнекі құрал оқыту және ақыл-ойды дамытатын құрал болып табылады. Сондықтан да сабақ үрдісінде оқушылардың ақыл-ойын дамытуда әр түрлі жаттығулар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың сана-сезімі қалыптасады. Оқытудағы көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б. Қоянбаев және Р.М. Қоянбаев былай дейді: «Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту

материалдарын, әсіресе теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше» [1]. Мұғалімдердің оқушыларға түсіндіруімен қатар, көру, есту дағдылары қалыптастыруда көрнекілікті пайдаланады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда, оқушылардың әрі қарай жұмыс істеуіне бағыт-бағдар береді.

Көрнекі құралды 17 ғасырда чех педагогы Коменский енгізген болатын. Коменскийден кейінгі педагогтар, швейцар педагогы Песталоций және орыс педагогы Ушинский көрнекілікті оқу пәндерінің мазмұнына бейімдеп дидактика мен әдістеме жүйесіне лайықтап қалыптастырды [2].

Сонымен бірге көрнекі құралдарды пайдаланумен қатар, оқушылардың шығармашылық және сол пәніне деген қызығушылығы арта түспек. Материалдарды көзбен көру арқылы оқушылардың қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Көрнекі құралдар оқушылардың танымдық қабілетін артуымен қатар, олардың шығармашылығын арттыратын дидактикалық әдіс.

Көрнекілік – оқу процесінде заттар мен құбылыстардың өздеріне тән жаратылыстарын және сипаттарымен қоса сезім мүшелері арқылы көзбен көру және қолымен ұстау, құлақпен есту арқылы қабылдауға баулитын дидактикалық тәсілдердің бірі болып келеді. «Көрнекі құрал» ұғымы негізінен педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде түрліше сипатталып көрсетіледі. Коменский осы көрнекілік принципіне байланысты мынадай ескерту жасады: «дүниеде сезім мүшелері тікелей қабылдай алмайтын нәрселер бар, мәселен, аспан әлемінің денелері және жер астындағы пайдалы қазбалар немесе басқа елдерде өсетін өсімдіктер мен жануарлар» [2]. Бұларды оқытуда Коменский айналадағы заттарды негізге алып, солармен салыстыра отырып оқыту керек деді. Көрнекілікті іске асырудағы оның ұсынған құралдары: заттар, сол заттардың суреттері, модельдері т.б. деп көрсетуінен көрнекі құралдардың маңыздылығын көруге болады. Сондықтан да сабақ үрдісінде балалардың ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыруда әртүрлі жаттығулар және әдіс-тәсілдерді сонымен қатар, көрнекі құралдарды пайдалану арқылы балалардың ойлау қабілеттерін арттыруға көмегін тигізеді.

Педагогика тарихында ең алғаш принциптің бірі көрнекілік принципі. Көрнекілік құралы оқушылардың материалды тез және сапалы білім алуына ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, олардың әрі қарай өздігінше жұмыс жасауына көмегін тигізетін құрал болып табылады. Ал Жан-Жак Руссо дидактикасының негізі баланың өзіндік әрекетін, зеректігін, зейінділігін, байқампаздығын дамыту мақсатын көздейді. «Барлық оқытылатын пәндер мейлінше көрнекілікпен баланың қабылдауына бейімделуі тиіс» делінген [1].

Бүгінгі ғылыми нысанда Абай әлемі әр қырынан зерттелу үстінде. Абай шығармалары өзге тілдерге аударылудан кенде емес. Жетістіктер мен кемшіліктер де жетерлік. Аударма үдерісінде Абайды таныта алдық па, өзге жұртқа мойындата алдық па? Өзге мәдениетке «қалай сапар шекті», бөтен тілге қалай аударылған екен? Бұл сұраққа жауап беру үшін аударма процесіне де, аудармашыға да қойылатын талаптар қатаң сақталуы – міндетті. Сонымен қатар, аудармашы шеберлігі, аялық білімі қандай дәрежеде, лингвомәдени құзыреттілік деңгейі қандай сапада?-

деген сан-салалы сұрақтардың (мәселелердің) тууы да әбден ықтимал. Оның үстіне, аударма үдерісіндегі экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлар ескерілуі және белгілі. Аударма барысында кездесетін лингвоэтикалық кедергілерден қалай «өтеміз»? Ақын шығармаларындағы лингвомәдени бірліктерді аударуда ұлттық мәдени колорит сақталған ба?

«Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс» [1].

Көркем аударма арқылы ұлттық әдебиетіміздің әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-танымдық мәртебесі биіктей түсері даусыз.

Ақындық кемелдіктің классикалық үлгісін қалыптастырған Абай поэзиясының терең философиялық ойы, келісті суреті аударма барысында өзге тілді оқырмандарға жетпей жатқаны байқалады.

Ойшыл ақынның дүниетаным құндылықтарының мазмұндық, көркемдік әлеуеті танылуы әлі де аударма сапасының жетілуіне тікелей байланысты болып отырғаны мәлім. Абайдың өзге тілге (елге) танылуы үшін сапалы аударманы жолға қоюды қолға алуымыз қажет. Бұл бізге парыз! Қазақстандық Ұлттық аударма бюросы ғылыми жоба аясында ұлы ақын Абай шығармаларын ағылшын тіліне аударып, баспаға ұсынғаны белгілі. Қолымызға сапалы аударма тиеді деген үміттеміз.

Әйтсе де, осыған дейінгі аударылған кейбір нұсқаларда олқылықтар орын алғаны да жасырын емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін аударма нысанына түскен бірер мысалды ұсынамыз... Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінің бір тармағы тұтастай «Аузымен орақ орған өңкей қыртың» деген фразеологизмнен құрылған. «Ауызбен орақ ору» тіркесі – «бос сөйлеу, көп сөйлеу (пустослов), бірақ ешқандай іс тындармау» (палец о палец не ударить) деген мағынада қолданылып тұрған фразеологизм. Ағылшын тілінде Д.Роттенберг «Your tongue in its rashness is unsurpassed», - деп аударған, аудармашының осы ойын қазақ тіліне аударатын болсақ былай болып шығады: «Тіліңіз өзіңізден бұрын асыға, озып тұр». Яғни аударма мәтінде түпнұсқадағы басты ақпарат (жағымсыз мән) – «бос сөйлеу» мағынасы мүлде басқа мәнде аударылған. Қазақ тіліндегі аса бейнелі фразеологизм кейіпкер мінезін де, оның бейнесін де сомдауға қызмет етіп тұрса, аудармада бояуы солғын әрі мағынасы мүлде сәйкеспейтін, долбармен жасалған тіркес пайда болған. Бұл өлеңде Абай ақын адам бойындағы жағымсыз мінезді сынаған. Өкінішке орай, аударма барысында мағыналық сәйкессіздік орын алған.

4. Абай әлемін, Абай сөзін парасаттай білу үшін, алдымен, Абай ғұмыр кешкен заманды, оның саяси-әлеуметтік ортасын танып білуге тиіспіз. «Азия қақпасы» атанған қазақ Даласын отарлау саясатының, нақты жүзеге асар уақытының келіп жеткені – Абай заманының шындығы болып табылады. Тарихи деректерге жүгінсек, Абай ғұмыр кешкен уақыт патшалықтың отарлау саясатының әбден асқынып тұрған кезіне сәйкес келетіндігін нұсқайды.

Абай сыны тым ащы екені рас. Әйтсе де, Абай сыны елін жек көріп, еңсесін басу үшін емес, елінің ертеңін ойлағандықтан айтылғаны ақиқат.

Тарихшы ғалымдар деректерінде қазақ даласының тәуелділікке тұсалған кезеңдері былайша сипатталады: Алғашқы кезеңде Ресей саясаты қазақ даласын сыртқы жаудан қорғаған болып, ұзын-арқан кең тұсаумен, бодандыққа бойын бірте-бірте үйрете бастады.

1822 жылы Жаңа низам бойынша хандық билік жойылып, әкімшілік аймақтарға бөлінді. Әр дуанды аға сұлтан басқаратын болды. Ал олардың құқығының (билігінің) өз дуанына ғана ықпалы болатын, сонымен қатар, биліктің бір тармағы уезд, губернияларға бағындырылды («Бас-басына би болған өңкей қықым»). Сөйтіп, ата-баба жерлері патша меншігіне айнала бастады. «Қазақ сахарасын» бейбіт отарлау 1730-1750 жылдары-ақ басталғаны тарихтан белгілі» [5, 177].

Екінші Низам 1868 жылғы ережесі бойынша, ел билеудің болыстық жүйесі енді. Бұл кезеңде қазақ жері патшалықтың шеткері аймағына айналып, орыс-украин шаруалары жаппай қоныстана бастады. «Жаңа низам» қазақты әділ билеу үшін емес, оны басыбайлы құлдыққа салып, рухын өлтіру, салтын жою үшін, күндестікке құрылғаны белгілі.

Отаршылар саясаты жемісін бере бастады, ел іші алапайдай бүлінді. Патша әкімшілігінің айдап салуымен «бар малын шығындап болыс болғандар», ауылнай, старшындар «бір кісі мыңға, жүз кісі сұмға әлі жетер заман жоқ» дегендей елді шарасыз күйге түсірді. Ақынның ашынған ащы дауысы: «Басыңды дауға, малыңды жауға қор қылма, қорға татулас...» деп осындайда шыққаны аян.

Тарихи деректер жеткізгендей, қоғамдық саланың ішінде отаршылдықтың қатал заңына бағындырылмаған бірде-бір жүйесі қалған жоқ еді. Патшалық Ресей қазақтарды орыстандыру мен

православие дініне кіргізуді армандайды, тіпті ұлт есебінде жойып жіберуді де көздейді. Бірақ, бұл саясаттың түпкілікті әрі дәйекті жүргізілгеніне қарамастан қазақтың ұлттық рухы олардың дегенін болдырмады -, деп ой түйеді Алаш зиялылары [6, 259].

Туған халқының рухын асқақтату бар мақсаты болған Абай ұлтының намысын қайрады, жігерін жасыту үшін емес, жасампаз ету үшін «Жігерлен, сілкін»// «Қайраттан, беркін» деп насихат берді «Сегіз аяқ» өлеңінде. Ақын шығармаларының астарында «жасырынған» жан күйзелісі қазақ халқының қасіретіне, рухани дүниесінің мазмұнына айналды.

Абай дананы елдің ертеңі, болашақтың бағдары толғандыра берді. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» шығармасында:

«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман»,- деп тіксінді, ашына отырып ашы

сынын «төкті».

«Абайдың ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады» (М. Әуезов).

«Олай болса, Абай сынының тезіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты сорақылықтар қазақ халқының бойында туа біткен биогенетикалық қасиет емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастардың нәтижесі!» Бүгін Абай шығармашылығы қайта зерделенген заманда осыған ден қою қажет. Ақынның сыншыл ұстанымын өз мәнінде түсіну – бізге парыз.

Сондықтан, қазақ бойынан Абай көрген кемшіліктерді себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыру – объективті шындық. «Абайдың сыншылдық зердесін парықтау барысында оны өз ұлтына қарсы қойған теріс тұжырымдардың тамырына балта шабылуы керек»,- деп бұл сынға нүкте қояды ғалым Ақселеу Сейдімбек [7, 434].

Осы ойды тұжырымдай келе: «Абай өз халқын қатты сынады» деген пікірге қарсы уәжімізді білдіреміз: Абайдың сыншыл зердесі – адам бойындағы бүкіл адамзатқа ортақ кез келген ұлтта да кездесетін кесапат-жамандыққа «рухани соғыс» ашты. Кесапат, жамандық келешек ұрпаққа кесірін тигізбеу үшін сөз – қаруымен қарсы тұрды! Күресті! Азаматтық парызын солай орындамақ болды.

5. «Толық адам» ілімі ұлы ақынның барлық шығармаларының ой өзегіне айналған. Толық адам – күрделі философиялық ұғым. Мазмұны – өмір мәнін парасаттау, өмірдегі өз орныңды табу, адамдық міндетінді (миссиянды) абыройлы атқару. Абайдың негізгі моральдық тағылымы, этикалық ұстанымы, әкелік өсиеті – адам бол! Ойдың тоғысар тұсы осылайша қабысады. «Толық адам» қазақ руханияты мен қазақ әлеміне қатысты алғанда жаһандану жағдайындағы ұлттық болмысымыздың, тіліміз бен діліміздің – жалпы рухани құндылықтарымыздың бағасын түсіріп, бәсін кемітпейтін қазына қатарында тұруы керек. Толық адам ілімі – тек қазақтың ұлттық жүйесінде ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінен де орын алатын, тағылымы терең рухани байлық. Сол себепті жалпы адамзаттық құндылық ретінде философиялық-антропологиялық қырынан әлі де талданып, зерделенуі қажет. Абайдың парасатты биігі – әр қазағын толық адам деңгейіне көтеру. Ол үшін: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» иесі болуы керек. Бұл қасиеттерге ие болу – айтуға ғана жеңіл. Мейірім, шапағатқа толы жылы жүрегін, күш-қуат, қажыр-қайраты мен санасына сәуле қонған нұрлы ақылын – бәрін елінің көркеюіне сарп еткен кісі – ол – кемелдіктің кемелеттігіне жеткен адам. Сөйтіп барып ол, толық адам болып тұлғаланар еді. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов толық адам ілімін жеке пән ретінде оқу бағдарламасына еңгізу мәселесін көтерген болатын. Жоғары оқу орындарындағы Этика, Эстетика пәндеріне негіз етіп, осы толық адам ілімін алу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Өйткені, өзге мәдениетке еліктеген, батыс әлемінің асылы мен жасығын айыра алмай жүрген жастар үшін нағыз тәрбие құралы, адамгершілік кодексі болып табылары дау туғызбайды. Сөз зергері Абай – қазақ қоғамы дамуының болашағына бағдар сілтеген ұлы тұлға. Ол қазақтың қоғамдық ой-санасының кемелденуіне өзінің рухани әлемі мен биік өресімен қызмет етті. Бұдан шығар қорытынды, біз Абай тілі деген парасат әлеміне дендеп еніп, терең бойлау үшін әр сөзін «құлақпен қармап қана қоймай, жүрекпен тындап, ой көзінен өткізуіміз қажет».

Қорыта келгенде: Абай – қазақ халқының ұлы ақыны ғана емес, адамзаттың ұлы ойшылы дәрежесінде бағаланып отырған кемеңгер тұлға. Алдағы зерттеулеріміздің мақсаты – абайтануды

заманауи тұрғыда жаңа қырынан дамыта түсумен және заманауи білім берумен ұштастыру мәселесін көздейді. Абай Сөзінің прагматикалық қуаты мен тағылымы – ұлттық сананы шындайтын, ұлттық болмысымызды айқындайтын рухани фактор қызметін атқарып отырғанына баса мән береміз. Абайтану өрісі жалғаса бермек... Абайды тану мен таныту бағытындағы алдағы жалпы іс-жоспарлар еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық мақаласында анық белгіленген: «шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін айтатын дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абай халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық», - деп ой түйген мемлекет басшысының мемлекет деңгейіндегі асқақ арманын қалай жүзеге асыра аламыз? Бұл – абайтану ғылымына жүктелген міндет пен артылған сенім. Өскелең ұрпақты Абай шығармалары арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында оның туындыларын көркем әдебиет туындысы ретінде емес, моральдік, этикалық, пәлсапалық мәніне терең талдау жасау арқылы меңгерту; «Абайтану» ғылыми курсын барлық мамандықтар бойынша жүйелі түрде оқыту міндетті болу керек деп санаймыз. Өйткені, ұлы Абай – қоғамдық, тарихи прецедент. Аты да, ақыл-ойы да ұлттық бредтке айналған рухани тұлға. Абай сөзі – парасат әлемі болып табылады! Сол рухани құндылықты әр қазақ баласы санасына сіңіріп, зердесіне тоқып, әр сөздің құдіретін тануға міндетті. Сонымен қатар, ұлы ақын тілдік тұлғасы арқылы қазақ тілінің сұлулығы мен көркемдігіне, ана тіліміздің байлығына қол жеткізе алар еді. Абайтану курстары деңгейін жаңартылған білім мазмұнына сай заманауи, жаңа контексте, ұлттық негізін сақтай отырып, жетілдіру қажеттігі – бүгінгі заман талабы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан//«Егемен Қазақстан», 09.01.2020
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ. мақалалар және әдеби зерттеулер. – Алматы: «Жалын», 1994. – 464 б.
3. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс», 2004-616 б.
4. Мырзахметов М. Абай және Шығыс / Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Т.30. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 б.
5. Эткинд А. Внутренняя колонизация: Имперский опыт России. Москва: «Новое издание литературное обозрение», 2018. – 448 б.
6. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: «Білім» баспасы, 1997. – 272 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: «Санат» баспасы, 1997. – 464 б (434-437 б)
8. Мұратова Г. Абай тілі және қазақ тілі білімінің мәселелері. – Т.1. Абай сөзі – парасат әлемі: лингво-танымдық зерттеу.–Нұр-Сұлтан: 2021. – 228 б.

Нұрбанова А.Қ.

филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

Кокурова А.А.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері
Астана қ. (Қазақстан)

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҮЛГІСІ

Қазақ тіл ғылымын зерттеп, алғаш оның негізін қалыптастыруға зор үлес қосқан ғалымдардың теориялық еңбектерін танымдық жағынан бүгінгі жаңа парадигма аясында қарастыру өте маңызды. Осы мәселеге байланысты қазақ тіл ғылымының алғашқы бастамасын А.Байтұрсынұлы еңбектері құраса, тіл арқылы ұлтты, адамзатты, халық мәдениеті мен тарихын, әлеуметтік ортасы мен қоғамын зерделеу Қ.Жұбанов пен С.Аманжолов зерттеулерінде өз жалғасын тапқан.

Қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғалары саналатын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтар тіл табиғатына зерттеу жүргізгенде, тілдің танымдық қызметіне ерекше назар аударады.

А.Байтұрсынұлы тіл болмысымен таным теориясын сабақтастырып, «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деген тұжырым жасайды да, тіл мен таным бірлігі негізінде қалыптасқан адами құндылықтар мен қасиеттерді тіл болмысы арқылы түсіндіруге тырысады [1]. Ол тіл арқылы бейнеленетін таным теориясы негізінде ұлттық қасиеттер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мінез, мәдени құндылықтар туралы ақпараттан адамның ой-өрісі артатынын айта келіп, адам баласын, оның болмысын, ұлтын, мәдениетін, мінезін, т.б. құндылықтарды тіл арқылы зерттеп, зерделеуге болады деген өз пайымдауын бізге мұра етіп қалдырды.

Ал Қ.Жұбанов таным теориясын сыртқы дүниемен, тіл әлемімен сабақтастыра түсіндіреді де, табиғатпен біте қайнасқан адам санасындағы тұтас әлем тілде көрініс табатынын айтады. Ғалым өз еңбектерінде тіл мен тарих, халық пен таным, ұлт пен мәдениет ұғымдарын өзара байланыста қарастырады [2].

Тілші-ғалым С.Аманжолов өзінің ғылыми зерттеулерінде халықтың, ұлттың, этностың даму тарихына, жүріп өткен жолына үңіле отырып, дүниетанымдық қағидаларға ерекше көңіл бөледі. Тіл тарихы мен ұлт тарихын бірлікте зерттей келе, тіл табиғатын, жергілікті диалектілерді, ру, тайпа тілдерін географиялық мекенжайымен, ел, жер атауларымен тығыз байланыста қарастырады. С.Аманжолов халықтық ұғымдардың пайда болуы не болмаса жаңа мәнге ие болуы қарым-қатынас тілі арқылы айқындалатынын айтады [3].

Қазіргі таңда таным теориясының басқа ғылым салаларымен байланысы анықталды, жаңа ғылым салалары пайда болды. Соның бірі – когнитивтік лингвистика. Бұл терминнің ағылшын тілінен аударып, қазақша мағынасын беретін болсақ, сананы және сана жүйесін, саналы іс-әрекетті есептеуіш ретінде зерттеу болмақ.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік зерттеулердің кеңінен сөз бола бастауын ХХ ғасырдың аяқ кезінен бастап жарық көрген ғылыми еңбектер негізінде дәйектеуге болады. Қазіргі тілтанымдық зерттеулердің ерекшелігін екі арнаның ұтымды тоғысуы айғақтай алады, олар: қазақ тілінің төл танымдық қоры, тұжырымдамалық жүйесі және жалпы тіл білімінде қалыптасып дамып келе жатқан ғылыми ұстанымдар, нақты теориялар. Сөз табиғатын, оның қолдану аясын, көркем туындыда атқарар қызметін, ат қою үдерісіне негіз болар қабілетін адам танымымен сабақтастырған бұл жұмыстардың өзектілігін де, жаңалығын да, теориялық-практикалық маңызын да танымдық бірліктер дәлелдейді, сондықтан ұсынылып отырылған тұжырымдар да когнитивтік лингвистиканың өміршең арнасын толықтырып, дәстүрлі жолын жалғастырар қасиетке ие болады.

Қазақ қаламгерлерінің туындыларындағы тілдік бірліктердің қолданыс даралығын когнитивтік модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар деп қарастырамыз. Көркем әдебиет кейіпкерлерінің тілдік ерекшелігін, ой-танымы мен болмыс-бітімін біріктіре отырып, оны антропоцентристік аспектіде, заман ерекшелігіне сай адам танымын этностың танымдық дүниесімен тығыз байланыстыра зерттеу осы кезеңге дейін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистикада толық қарастырылмағаны белгілі. Осыған байланысты көріктеу амалдарына шығарма авторлары мен оның кейіпкерлерінің танымдық ерекшелігін тілдік фактілер арқылы когнитивтік құрылым тұрғысынан ғылыми талдау жасау қай уақытта болса да өзекті әрі маңызды мәселе болмақ.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер қазақ тілтаным ғылымының дамуына зор үлес қосуда. Академик Ә.Қайдардың этнолингвистикаға қатысты ойлары қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуына негіз болса, ғалым Р.Сыздық эпос тілінің танымдық ерекшелігін зерттеу арқылы таным теориясына тың пікір-тұжырымдарын қосты. Ғалым Н. Уәли тілдің халық болмысын, тарихын, ойлау өзгешелігін танытар сипаты бар деген, сондай-ақ профессор Ж. Манкееваның дәстүр жалғастығы танымның қазыналық сипаты, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, символдар арқылы беру болып табылады деген ғылыми тұжырымдарының маңызы орасан зор.

Ф.Оразбаева, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Қосымова, Б.Қасым, А.Ислам, Г.Әзімжанова, Э.Оразалиева, С.Жапақов, С.Ақаев, С.Жиренов, Г.Снасапова, Ш.Елемесова, Ж.Сәткенова, А.Сыбанбаева, Н.Зайсанбаева, А.Әмірбекова, А.Байғұтова, т.б. ғалымдардың зерттеулері таным мәселесін әр қырынан терең түсінуге зор мүмкіндік береді.

Осы аталған және басқа да зерттеушілердің ғылыми зерттеулерін оқи отырып, олар қазақ тіл білімінде тілдің танымдық болмысын жан-жақты қарастырып, тілдегі таным теориясын

қалыптастырды деуге болады. Тіл табиғатымен байланысты қарастырылатын таным теориясы – адамның тіл арқылы дүниені, әлемді, қоршаған ортаны, табиғат пен тылсым құбылыстарды санада бейнелеу нәтижесінде танып-білетін, білімді тіл арқылы тереңінен меңгеру және қолдану жолдары мен қағидаларының жиынтық жүйесі.

«Қазақ тілінің зерттелу тарихындағы соғыстан кейінгі жылдары жазылған жұмыстардың көлемі мен өзектілігіне қарай әрі тілдік мәселелерді шешудегі теориялық пайымдарына орай ерекше орын алады. Кез келген ғылымның дамуын оның тығыз байланысқан кезеңдерінсіз зерделеу мүмкін емес» [4] деген тілші І.Кеңесбаев пікіріне сүйенер болсақ, қазақ тілтанымының өзіндік даму үрдісін айғақтайтын келесі кезеңнің де қазақ тіл біліміне қосар үлесі мол. Лингвистика қағидаларын қоршаған ортаны қабылдап танудың негізгі ұстанымдарымен ұштастыра білген ғалымдар оларды тілдік және жалпы танымдық ұғымдарды зерделеудің өзегіне айналдырды, яғни қабылдау дегеннің өзін «шындықтың кескін-келбетін өз ыңғайына қарай қалыптастыруға, оны жіктеп сұрыптауға әрі оқиғалар мен құбылыстарға ат телуге көмектесетін, адамға тән...белсенді әрекет деп таныған дұрыс» болғандықтан, өзіндік қолтаңбасымен, маңызды тұжырымдар тізбегімен ерекшеленер бұл кезеңді де сол «белсенді әрекеттің» салдары деп ұғынған дұрыс. Алғашында тілдік салаларға бөлінбей, логика-пәлсапалық негізде немесе кешенді түрде ұсынылған аталмыш зерттеулер қазақ тіл ғылымының барлық бірліктерін топтап көрсетуді мақсат етсе, одан кейін дүниеге келген ізденістер динамикалық дамудың нәтижесінде тілдік фактілердің жеке дара қарастырылуын қажет етті. Олардың өзіндік мақсат-міндетімен қатар, әдіснамалық сипаты да сұрыптала бастады. Тілшілер қазақ тілінің құрылымдық-жүйелік ерекшелігін анықтауда тек сипаттама әдісті ғана емес, әрі тарихи, әрі салыстырмалы-салғастырмалы амалдарды пайдаланып, тілдік құралдардың деңгейлік және деңгейаралық болмысын зерттеуге тырысты, ал танымдық ұғымдар мен қағидаттарды формальды-грамматикалық мәселелерді шешудің бірден-бір көзі, құнарлы арнасы деп қана есептеді. Әрине, алуан түрлі субъективті және объективті себептерге орай, бұл кезде тілтанымдық зерделеудің қарқыны алғашқыға қарағанда азая түсті, бірақ өзектілігін жойған жоқ, өйткені танымның бір бөлшегін құрайтын адамзат тілін оның табиғи бастауынан бөліп алу мүмкін емес еді. Адамзат дамуының үйлесімді көрсеткішін құрайтын тіл де, таным да ажырамас бірліктің арқасында әрдайым қатар қолданылып отырды. Оған дәлел ретінде, бір жағынан, жеке тұлғалардың танымдық мүмкіндіктерін уәждеуге болса; екінші жағынан, адамның дүниетанымын қалыптастырып дамытатын объективті факторларды да назардан қалдырмау керек. Оларға қазақ тілінің жекеленген салаларын зерттеу арқылы тілдік теориялар мен ұстанымдардың жасалу қажеттігін; тарихи ізденістердің өзектелуін, сол арқылы сөз тәркінін зерделеу мүмкіндігінің қолға алынуын; сөздік қор, сөздік құрам, олардың толығу жолдары сынды проблемалардың тек ішкі тілдік заңдылықтармен шектелмей, сыртқы факторлардың ықпалымен де айқындалуын жатқызған орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар», 2009. – 348 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 256 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы, I б., А., 1994.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1987. – 352 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Білімді шәкірт тәрбиелеу – әр ұстаздың ұстанатын басты қағидасы. Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беру мәселесі елімізде алдыңғы қатарға қойылған. Соның ішінде ана тіліміз – қазақ тілін оқыту барысында жаңаша технологияларды қолдана отырып, үйрету әдісі кеңінен енгізілгені белгілі.

Дүниежүзін мекен етіп жатқан әр халықтың өзіне тән тілі, салт-дәстүрі бар. Тіл – байланыс құралы. Түрлі ұлт өкілдерінің тарихы, ауыз әдебиеті мен күнделікті тұрмыс-тіршілігін сол елдің тілін үйрену арқылы түсінеміз. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін жүйелі қолдану арқылы біз ұлттық тарихымыз бен болмысымызды, төл мәдениетімізді қалыптастырамыз, келешек ұрпағымызға мұра етіп қалдырамыз.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында былай делінген: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу». Яғни шәкірттерімізге сапалы білім беру барысында инновациялық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдерін, бағыттарын оңтайлы пайдалануымыз керек. Ол дегеніміз – жаңа технологиялар негізінде қызықты сабақ өткізу, жеке ой-пікірін жеткізе алатын, адамдармен дұрыс байланыс орнататын, оңтайлы шешім қабылдайтын, сонымен қатар қоғам мен жанұя алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын саналы және ұлтжанды шәкірт тәрбиелеу.

Тәуелсіз еліміздің оқу жүйесіндегі білім берудің айрықша тәсілі – жаңа технологияларды қолдану екендігін жоғарыда атап өттік. Әсіресе, ана тіліне тосырқай қарап, санасына сіңіруге селқос қазақ жастарын көргенде, білім саласында жаңа технологиялардың қолданылуы ауадай қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Ол үшін шәкірттерге пайдалы боларлық бірнеше қарапайым, әрі ұтымды тәсілдерге жүгінгеніміз абзал. Мәселен, қазақ тілі сабағында оқушылардың қолданыстағы сөздерін ұлғайту, әрі жақсарту мақсатында әлеуметтік желіде «челлендж» жіберу – тың бастама болар еді. Біріншіден, жаңашылдыққа ұмтылған жастарымызға бұл тәсілді үйрену өте оңай, әрі қызықты болатыны анық. Екіншіден, орыс тілді қазақ жастарының құлаққа жағымды естілетін мемлекеттік тілімізге деген сүйіспеншілігі артатыны сөзсіз. Біз, ұстаздар осы бағыттағы әртүрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыларымыздың қазақ тілінде сөйлеу дәрежесін, ойлау қабілетін, ізденісін арттыруымыз керек.

Қоғамдағы көкейкесті мәселелердің бірі мемлекеттік тілімізді жетілдіру, жастарымыздың туған тілін тосырқамай, керісінше таза, еркін сөйлеуінде болып отыр. Қазақтілді мектептердің өзінде оқушылар 100 пайыз таза қазақша сөйлемейді. Сондықтан да, шәкірттерімізге ана тілімізде дұрыс сөйлеуді үйрету – ешқандай ақталуды керек етпейтін аксиома. Сабақ барысында және сабақтан тыс уақыттарды тіл дамытудың бірнеше әдіс-тәсілдерін жоспарға енгізген жөн. Сондай-ақ, ұтымды тақырыптарға шығарма, эссе, мақала жазу арқылы тілдік қолданыстарын ұлғайтуға жол ашамыз. Осы ретте ұстаздар қауымы шәкірттеріне сапалы білім берудің озық үлгісін көрсете білсе, кейін жемісін көретіні айтпаса да түсінікті.

Білім жүйесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы шәкірттеріміз – тәуелсіз еліміздің азат жастары көптеген жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік алады. Жаңа технология жүйесі модульдік және дамыта оқыту технологиясы, көрсеткіштік (рейтингтік) жүйе, сын тұрғысынан ойлау деп аталатын төрт бағытта дүниежүзілік сынақтан өткені белгілі. Ұстаздарымыз осы аталған принцип негізінде қызықты сабақтар өткізеді. Себебі, қоғамға лайық саналы жеке тұлғаны тәрбиелеу – педагогтың басты міндеті. Кеңес дәуірінің ұстазы, балалар жазушысы В.А. Сухомлинский айтпақшы «...Мұғалім – білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы ғана емес, толық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы».

2016 жылы ашылған Күнделік.кз сандық білім беру платформасы арқылы әр ата-ана баласының оқу үлгерімін кез келген жерде көре алады. Технологияның қарыштап дамуының арқасында еліміздің барлық мектептері осы жүйе бойынша жұмыс атқарады. Инновациялық технологияны игеру арқылы қазақстандық оқушыларға мемлекет тарапынан осындай мүмкіндік берілді.

Біз, ұстаздар қауымы оқушылардың білімге, оның ішінде қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру жолында еңбектеніп келеміз. Яғни, заман сұранысына сай қажетті білім беру – бізге жүктелген басты міндет. Мектеп табалдырығын енді аттап, буыны қатаймаған жас бүлдіршінге қазақ тілінің көркемділігін, әуезділігін, ерекшелігі мен ұлтымыз үшін маңыздылығын жиі айтып отырғанымыз абзал. Шәкірт өзіне білім беретін ұстазынан үлгі-өнеге алады. Тіл үйрету үлкен табандылықты, қажырлықты талап етеді. Жай оқып қана қоймай, күнделікті қолданыстағы тіліміздің мағынасына, дұрыс айтылуына жіті мән берген жөн. Диалект сөздерді мейлінше қолданбай, ана тіліміздің асқақтауына әрқайсысымыз үлес қоссақ дейміз. Тіл мәселесі – жиі айтылады, талқыға салынады, сараланады. Ол – дұрыс та. Қазақ тілінің біздің қоғамда мәңгілік «тіршілік» етуі сіз бен біздің азаматтық көзқарасымызға негізделген.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. – Алматы, Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004 ж.

Оспанова Э.М.

аспирант кафедры истории русской литературы
МГУ им. М.В. Ломоносова
г. Москва (Россия)

АЛЬМАНАХ «МНЕМОЗИНА» КАК СОЦИОКУЛЬТУРНОЕ ЯВЛЕНИЕ НАЧАЛА XIX ВЕКА

В 20-е годы XIX в. альманахи получили широкое распространение, их издание в рамках условий того времени было проще издания журналов. Поначалу В.К. Кюхельбекер намеревался заниматься именно журналом, но, видимо, в этом деле были определенные сложности. Кюхельбекер прислушался к совету П.Плетнева «подружиться с кем-нибудь из московских журналистов, имеющих уже довольно большое число подписчиков» и принял решение привлечь к изданию «Мнемозины» главу общества Любомудров В.Ф. Одоевского, который и сам нуждался в отдельном издании.

С.Б. Федотова пишет, что «издатели «Мнемозины» предполагали выпускать в год по четыре части альманаха. Первоначальное число подписчиков было 157. Уже после выхода первой части «Мнемозины», получившей большой успех, Кюхельбекер сообщал в одном из писем, что расходы по первой части полностью покрыты, и собирался «отпечатать еще до 600 экземпляров первой части, а остальных частей сразу 1200». Это был второй, после «Полярной звезды» случай, когда альманах был выпущен таким большим тиражом. Всего вышло в свет четыре книжки «Мнемозины»: три из них в 1824 г., а последняя часть – в 1825 г.» [1].

В декабрьском выпуске «Вестника Европы» (1823 г.) напечатали объявление о программе нового альманаха: «Сие издание, в роде немецких альманахов, будет иметь главнейшею целию – удовлетворение разнообразным вкусам всех читателей. Посему в состав «Мнемозины» будут входить: повести, анекдоты, характеры, отрывки из комедий и трагедий, стихотворения всех родов и краткие критические замечания».

Альманах ставил перед собой просветительские цели. Одоевский в статье «Несколько слов о «Мнемозине» самих издателей» открыто заявляет о главной цели издания, находя ее в попытке «распространить несколько новых мыслей, блеснувших в Германии; обратить внимание русских читателей на предметы в России мало известные, по крайней мере, заставить говорить о них; положить пределы нашему пристрастию к французским теоретикам, наконец, показать, что еще не все предметы исчерпаны, что мы, отыскивая в чужих странах безделки для своих занятий, забываем о сокровищах вблизи нас находящихся».

Однако, как писал позже Одоевский в той же статье, закрывшей собой четвертый и, как оказалось, последний выпуск альманаха, «Мнемозина» еще прежде своего выхода наделала много шума: одно название оной, помещенное в объявлении, заставило наших ученых людей ломать себе голову многие, очень многие добивались, что такое Мнемозина; один из таковых философов,

желая показать свою ученость, преважно спрашивал у издателей: «Мнемозина — не одна ли из фурий?» [Нужно ли говорить, что он смешивал Мнемозину с Немезидою?]. Здесь звучит ирония и полемичность — просветительские цели были связаны с недостаточной осведомленностью и образованностью общества.

«Мнемозина» изначально создавалась как альманах, который должен был собрать литераторов, игравших особую роль в литературном движении того времени. Внешним оформлением и характером материалов «Мнемозина» больше походила на журнал. Было задумано, что альманах должен был включать в себя не только литературные материалы, но также статьи по философии, истории, отрывки из путешествий и т.д. В составе «Мнемозины» были отделы: «Философия», «Военная история», «Изыщная проза», «Стихотворения», «Путешествия», «Критика и антикритика», «Смесь».

Направление альманаха определяли его создатели: Кюхельбекер отвечал за область поэзии и критики (в четырёх книжках альманаха он напечатал более двадцати своих произведений в самых различных жанрах, поэтому Кюхельбекера можно назвать самым деятельным сотрудником альманаха), а Одоевский — за философию, беллетристику и публицистику (было напечатано 18 его произведений: статьи и очерки по вопросам философии — в духе философского идеализма Шеллинга, по вопросам эстетики — в духе немецкого романтизма, сатирические статьи-фельетоны, также три полемические статьи, направленные против Булгарина и Воейкова). Административной и редакционной деятельностью руководил Одоевский.

Реализация идей издателей нашла место в знаменитой статье В. Кюхельбекера «О направлении нашей поэзии...». Но также и в других работах, помещённых в альманахе, эта мысль проводилась более или менее отчётливо: былинная тема звучит в «Рогдаевых псах» (III ч.); в «Адо» с подзаголовком «Эстонская повесть» прослеживаются романтические тенденции, интерес к своим корням (Кюхельбекер включает в текст песни или имитации народных песен). Вопрос о чрезмерном чужеземном влиянии, иностранном воспитании поднимает Кюхельбекер и в «Земле безглазцев» (II ч. «Мнемозины»); в 18-м Заграничном Письме (II ч.) пишет о встрече в Дрездене с женщиной, «знающей Дмитриева, Крылова, Державина гораздо лучше, чем многие из наших петербургских дам и девушек»[2].

В альманахе также поднимался вопрос о политике, которая довольно ощутимо влияла на журнальное дело в целом: ограничивалось количество журналов, налагались цензурные запреты и пр. — одним словом, ограничивался кумир того времени — свобода. Приходилось различными способами (в том числе инкорпорированием в литературный текст) эти запреты обходить. Несмотря на цензурные сложности, политическая тема — в духе радикального декабризма — попадала на страницы альманаха.

Время требовало от поэта действия, поступка. В духе времени «Мнемозина» начинала продвигать убеждение в высокой миссии поэта. Одоевский называет поэта «первым судьёй человечества». Кюхельбекер в стихотворении «Проклятие» (II ч.) проклинает того, «кто оскорбит Поэта Богом любезную главу». По-разному шли к теме поэзии издатели. Одоевский — через шеллингианство.

Одоевский чрезвычайно активно продвигал философское направление в «Мнемозине», что в конечном итоге сформировало лицо альманаха, позволило назвать его «первым русским альманахом, в котором серьезно трактовались различные философские и теоретические вопросы», но и стало впоследствии одной из важнейших мишеней нападков на «Мнемозину». Одоевский с целью философского просвещения и пришёл в альманах, отсюда и специальный раздел «Философия».

Расхождение во взглядах издателей не могло не повлиять на направленность альманаха. С.Б. Федотова отмечает, что «эстетические позиции издателей «Мнемозины» во многом не совпадали. Кюхельбекер резко выступил на страницах альманаха против бессодержательности элегической школы, противопоставив поэзии подражательной народность и самобытность русской поэзии: «Одоевский лишь отчасти разделял литературные взгляды Кюхельбекера, главной своей задачей считая распространение идей любомудрия. В альманахе помимо Кюхельбекера и Одоевского печатались П.А. Вяземский, Е.А. Баратынский, А.С. Пушкин, Д.В. Давыдов» [1].

Между издателями альманаха не наблюдалось полного единства взглядов. Предположительно, хозяином в альманахе ощущал себя именно Одоевский: он мог сопровождать различными примечаниями статьи соредатора, но нет сведений о критических замечаниях, которые могли бы последовать со стороны Кюхельбекера. А.В. Тереховская пишет: «Статью Кюхельбекера «Отрывки из Путешествия по Германии» Одоевский снабдил большим

примечанием, в котором по сути изложил основные положения философской эстетики шеллингианского толка: «...для наук и искусства существует такое же точно единое общее мерило, каков нуль для математики, что мир изящный – создание человека, – основан на тех же единых непременных законах, на которых основан и мир вещественный...». Одоевский исходил из убеждения, что изящное не может не иметь «постоянных строгих законов» [3,72].

Одоевский и Кюхельбекер в дальнейшем планировали продолжить выпускать альманах. В дневнике И.М. Снегирева есть запись от 7 декабря 1824 г.: «Приезжал Кюхельбекер без меня просить, чтобы я взял на себя цензурование его альманаха на 1825 г.». В бумагах Одоевского был найден план издания «Мнемозины на 1825 год» с прибавлением под названием «Комета».

«Мнемозина» просуществовала только один год, в который вышло 4 выпуска. В самом начале альманаха имел огромный успех, даже поговаривали о дополнительном тираже первого выпуска. «Не оставлять издания», «продолжать говорить правду» и сделать «Мнемозину» «по крайней мере ежемесячной» советовал Кюхельбекеру и Баратынский. Однако планам издателей не суждено было осуществиться. Вероятно, свою роль в данном вопросе сыграла журнальная неопытность издателей, которые слишком уж часто появлялись на страницах своего альманаха, также могло повлиять и отсутствие единства взглядов между ними. Последний, четвертый выпуск «Мнемозины» был разослан подписчикам лишь осенью 1825 года, а события декабрьского восстания не позволили продолжить издание альманаха.

Список литературы

1. Федотова С.Б. Мнемозина, собрание сочинений в стихах и прозе // Пушкин в прижизненной критике, 1820 – 1827. – СПб, 1996. – С. 483 – 484.
2. Балашова Ю.Б. Формула публицистичности альманаха (от «Мнемозины» до «Метрополя») // Известия Уральского федерального университета. Сер. 1. Проблемы образования, науки и культуры, 2014. №1 (123). – С. 6-11.
3. Тереховская А.В., В.К. Кюхельбекер — литературный критик (Идеи. Жанры. Стиль): Дис. канд. филол. наук/ Таврический национальный ун-т им. В.И.Вернадского. Симферополь, 2004. – 185 с.

Оспанова Ж.Т.

PhD, доцент кафедры иностранных языков

Рахимбаева М.Т.

Бейсембаева Г.Б.

студенты 4 курса

Евразийский гуманитарный институт

г. Астана (Казахстан)

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ SMART EDUCATION

В последние десятилетия наблюдается тенденция к внедрению современных подходов с применением педагогических приемов и мультимедийных программ в обучении иностранному языку. В педагогическом процессе происходят большие изменения, которые в свою очередь охватывают все сферы учебного образования, в том числе иноязычного. Создаются новые методы и формы обучения, которые не только транслируют различные технологии и средства обмена и передачи информации, но и систему методов обучения, развивающих коммуникативный навык у обучающихся.

Одной из главных задач в обучении иностранному языку является создание условий для фактического овладения изучаемым языком и взаимодействия с носителями языка. Для повышения мотивации более к самостоятельному и активному исследованию иностранного языка необходимо в процессе обучения использовать помимо классических учебников и учебных

пособий новые источники информации, которые могли бы вызвать у обучаемых большой интерес и мотивировать к учебе, также важную роль играет и набор применяемых педагогических и информационных технологий и различных методик (к примеру, коммуникативной) в образовательном процессе.

Педагогическая технология представляет собой область педагогического знания, которая отражает характеристики глубинных процессов педагогической деятельности, что также в должной степени способствует эффективному учебно-воспитательному процессу [1].

Использование современных педагогических технологий в ходе при обучении иностранных языков дает возможность для создания таких условий, в которых применяется огромный набор методов обучения, формирующих основные навыки иноязычной коммуникации. Это дает возможность выражать мысли на изучаемом языке, повышает интерес к учебе, формирует новый взгляд на те или иные внешние ситуации, раскрывает познавательный и креативный потенциал обучающихся.

Как отмечается в современной научной литературе, наблюдается тенденция перехода от e-learning к Smart Education, т.е. трансформация образовательного процесса от электронного обучения к умному образованию. Согласно концепции Smart-образования необходимо проявлять гибкость, использовать значительное количество источников и многообразных мультимедиа ресурсов, уметь быстро подстраиваться под интеллектуальный показатель и потребности обучающихся [2]

Smart-образование в процессе обучения иностранным языкам предполагает применение Smart-технологий, среди которых можно назвать вебинары, видео- и аудиоподкасты, блоги, твиттер, сайты, синхронное и онлайн-режим обучение. В ходе их применения преподаватель может моделировать учебные ситуации, дополняя классические методы обучения с целью формирования коммуникативной компетенции и навыков иноязычного общения [2]. Применение современных технологий – это ключ к получению высокого уровня обучения, с помощью которого новое поколение сможет приспособливаться к условиям быстроменяющейся, нестабильной среды. Это обеспечивает переход от книжного контента к активному хранилищу единых учебных пособий.

При использовании веб-ресурсов становится возможным выполнение следующих задач: повышение качества аудитивных навыков на базе звуковых текстов из онлайн-ресурсов; повышение уровня навыка чтения при изучении материалов сети (при этом степень сложности может отличаться, что нужно будет учитывать); практика самостоятельного поиска информации обучающимися в процессе выполнения проектной работы; расширение словарного запаса; дополнение основного материала занятий материалами сети; параллельное изучение лингвострановедческого материала при ознакомлении с материалами сети.

В нашем институте при обучении студентов немецкому языку как второму иностранному доцент Оспанова Ж.Т. применяет интерактивные материалы сайта «Deutsche Welle», в том числе бесплатный курс немецкого языка как для начинающих, так и для продвинутых. Это образовательная платформа NicosWeg, содержащая поуровневую базу обучающихся аутентичных видеороликов, аудиотекстов и упражнений разной степени сложности. Преимущество сайта «Deutsche Welle» заключается в том, что он легок в применении, поэтому является популярным среди различных платформ в изучении языка. Для привлечения слушателей, здесь можно найти знаменитые фрагменты из фильмов, музыкальные клипы, новости, содержательные дискуссии и т.п. Помимо этих ресурсов на занятиях используются видеоматериалы и тексты из сайта Гете Института (www.goethe.de), насыщенный различными приложениями и подкастами в соответствии с интересами обучающихся.

На занятиях по изучению английского языка наши преподаватели активно используют сайт «Kahoot!» для лучшего восприятия и закрепления полученной информации. Это обучающая платформа в форме игры, используемая в различных учебных заведениях – в школах, колледжах, институтах и университетах. «Kahoot!» содержит каталог игр – викторину, состоящую из вопросов с разными вариантами ответов. Благодаря данному ресурсу у обучающихся формируются и развиваются различные качества, такие как скорость быстрой обработки информации, ловкость, конкурентоспособность, стремлением быть первым, способность к быстрому принятию решений при обсуждении в форме мозгового штурма. Многие студенты любят применять данную игру в учебном процессе для разнообразия и информативности.

Разумеется, в основе обучения иностранным языкам должна быть система методов и приемов, которая применяется непосредственно в аудитории. Именно в контакте с преподавателем

студенты осваивают иностранный язык более целенаправленно и эффективно. Большим спросом и интересом пользуются у студентов игровые техники. Игра мотивирует обучающихся на изучение предмета, развивает языковую и речевую компетенции и позволяет быстрее и эффективнее усвоить материал [3,40].

Как отмечает российский педагог М.Ф. Стронин, следует различать лексические, грамматические, фонетические, орфографические и творческие виды игр [4,39]. Цель первых четырех – формирование соответствующих навыков, в то время как творческие игры подразумевают творческое применение усвоенных знаний и умений в игровой ситуации.

П.В. Закотнова, в свою очередь, объединяет лексические и орфографические игры в одну группу и называет их «словесными», так как они связаны со словом, значением, правописанием, сочетаемостью с другими словами. Словесные игры позволяют обучающимся пополнить словарный запас, более глубоко узнать известные до этого лексические единицы, практиковать правописание слов, включать речемыслительную деятельность и ознакомиться с сочетаемостью лексических единиц, изучить устойчивые выражения и фразеологизмы [3,90].

К словесным играм относятся: кроссворды, «Wordsearch» (поиск слов среди буквенного хаоса), Hangman («Виселица»), «Пропавшие буквы» (угадать слово только по гласным/согласным), «Hot Chair» («горячий стул», когда с помощью определений, синонимов, антонимов, описаний угадывается слово), «Балда», анаграммы, «Wordchain» (составление определенного списка слов через замену одной буквы в каждом последующем слове; можно давать дефиниции в качестве опоры), «Конструктор» (с помощью карточек, на которых указаны морфемы, составить слово), «Одна буква – много слов» (на букву алфавита нужно назвать слова), «Слова» (из одного длинного слова составляются на время более короткие), «Unscramble» (из определенных букв составить слово), «Последняя буква» (что-то похожее на игру «города», когда на последнюю букву называется слово) [3,90-92].

В качестве групповой работы подходят Hotchair, конструктор, для работы в парах – «Виселица», анаграммы, «Wordchain». При использовании подобных игр на занятиях обучающиеся более эффективно усваивают материал и лучше запоминают информацию.

В современном мире преподавания педагог имеет безграничную возможность проводить свои занятия познавательнее, интереснее, используя новые технологии, активизируя умственную деятельность обучающихся, вовлекая их в учебный процесс. В отличие от традиционных методов обучения, новые подходы в обучении иностранных языков способствуют как развитию и повышению квалификации педагога, так и повышению мотивации у обучающихся и развитию коммуникативных навыков.

Список литературы

1. Назарова Н.Б., Мохова О.Л. Новые информационные технологии в обучении иностранным языкам // Современные проблемы науки и образования. 2016. №3. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=24564>
2. Применение SMART-технологий в образовательном процессе «Образование без границ». МБОУ «СОШ №1». 2015. 20 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://infourok.ru/primenenie-smarttehnologii-v-obrazovatelnom-processe-mobu-soshobrazovanie-bez-granic-540134.html>
3. Закотнова П.В. Использование игр при обучении иностранному языку в вузе // Современные методы и технологии преподавания иностранных языков : сб. науч. ст. / Чуваш. гос. пед. ун-т ; отв. ред. Н.В. Кормилина, Н.Ю. Шугаева. – Чебоксары : Чуваш. гос. пед. ун-т, 2019. – С. 88-92.
4. Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроке английского языка. М.: Просвещение, 1984. - 112 с.

Райнбекова Г.С.
педагогика ғылымдарының магистрі, доцент
Еуразия гуманитарлық институты
Астана қ. (Қазақстан)

Абубакирова Т.М.
Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Астана қ. (Қазақстан)

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Абай қазақтың өзіне дейінгі және өзімен тұстас өлең сөзіне қатаң талап қойып, кей сәттерін сынай отыра, қазақ поэзия тілінің жасалу және даму заңдылықтары мен шарттарына мойынсұнбай кетпеді, өйткені бұл – көркем сөз дамуының объективті заңдарының бірі. Абай буын саны жағынан өлеңнің өзіне дейін болмаған жаңа түрін жасағанымен олардың барлығы да силлабикалық құрылыс заңдылығына бағынады, өйткені қазақ өлеңінің жасалу табиғатының өзі - силлабикалық буын өлшеміне құрылған. Абай өлеңнің тармақ саны мен ұйқасуына қарай небір алуан жаңа түрлерін ұсынғанымен олар өлеңді ұйқасқа құру шартына бағынады, өйткені соңғы дәуірлердегі қазақ өлеңінің негізгі белгісі – аллитерация емес, ұйқас. Абай қазақ өлеңі бұрын білмеген теңеудің, эпитеттің, метафораның жаңа түрлерін ұсынды, ал олардың қолданылу принциптері мен жасалу техникасы Абайға дейінгі қазақ өлеңіне де тән болатын. Бұл шарттан да Абайдың аттап етуі мүмкін емес еді. Бірақ осылардың барлығын жетілдіру, түрлендіру, жаңа сапалық белгілер қосу тұрғысынан дамытуда Абайдың еңбегі орасан зор болды. Абай, Пушкин сияқты, өлеңнің іші поэтикалық ойға толы болуына күш салады. Ойға құрылған өлең сол ойды дәл, әсерлі етіп беретін амал-тәсілдерді іздестіреді. Сондықтан да Абайда өлеңнің мазмұнын, айтпақ идеясын білдіретін элементтердің айқындала түсуі басым [1].

Абай қазақ тілінің сөздік құрамына өзгеріс енгізді. Өзіне дейінгі ақын-жыраулар тілінде көп қолданылмайтын тұрмыс-салттық лексиканы, қарапайым сөздерді, терминдік мәнге ие болған ескі, жаңа атауларды өлең тіліне қосып, оларды поэзия тілінің құралына айналдырды. Абай шығармашылығы тақырыбының бірі және бастысы – адам, оның моральдық бет-бейнесі, сыртқы портреті, ішкі дүниесі, іс-әрекеті. Және бұл тақырыптарды Абай бұрынғыдай жалпы түрде, есиет-ақыл айту түрінде емес, нақтылы түрде, әр қимыл-әрекетті, әр мінез-қылықты дәл көрсету сипатында жырлайды. Сондықтан адамның белгілі бір сәттегі психология күй қалпын дәл беру үшін бұрыннан тілде қолданылатыны жүрегі лүпілдеу, буыны босау, сағыну, ләззат алу тәрізді дағдылы сөздермен қатар қазақ өлең-жырлары тілінде көп кездеспейтін суыну, ысыну, өлең қағу, бос шошу, қызару, сұрлану деген сияқты жай-күй атауларын пайдаланады. Абайда жалпы адамды әр алуан жақтан бейнелейтін етістіктердің көптігін және олардың образ жасауға қатысатынын айту керек. Сырт қарағанда «поэтикалық паспорты» жоқ бұртактау, тыртыңдау, арсаңдау, босқа талтаңдау, ит көрген ешкі көздену, тізесін созғылау деген сияқты сөздердің өзіне де стильдік жүк артып, поэзия тілінің құралына айналдырған.

Абай өлеңдеріне көзге елестетіп берілетін образдау тән. Мысалы, аңға салған құс пен одан қашқан түлкінің суретін көзге елестетіп беру үшін ақын қайқаң қағу, салаң ету, аузын ашып қоқақтау, қанат-құйрық суылдау сияқты сөздерді ұтымды пайдалана білген.

Қазақ әдеби тілі образды фразеологияға бұрыннан да өте бай болатын. Ғасырлар бойы белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, бірден-бір мықты құралы болып келді. Мұны Абай да берік ұстайды. Аузымен орақ ору, құлын-тайдай тебісу, алты бақан ала ауыз болу, малына шылбыр беру, басқа шауып, төске өрлеу, қарағайды талға жалғау, су төккісіз жорға тәрізді өте образды фразеологизмдерді Абай да еркін пайдаланады. Мұндай дағдылы тіркестерді өзге сөздермен және қосақтап, олардың экспрессивтік бояуын тіпті қалыңдатып жібереді. Мысалы, іспен емес, құрғақ сөзбен көрінетін мылжың, берекесіздің образын беруде аузымен орақ орған деген фразаның езі өте әсерлі, күшті, осыны Абай «аузымен орақ орған өңкей қыртың» деп үстемелеп, экспрессивтік реңін одан әрі аша түседі. Абай мұндай күллі фразаны өзгертіп, сөз қосып, сөз алып күшейте бермейді, басым көпшілігін өзгертпей, ез мағынасында қолданады. Жаңа перифраздық тіркестер жасап, оларды тың образдарға пайдалануды Абай жүйеге айналдырды («Фразеология»), Тың образды тіркестер ұсыну – Абай поэтикасының аса көрнекті, ерекше тұсы. Әсіресе семантикасы

Әрбір ұлт өзінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Көп ұлтты болып табылатын мүмкіндіктерге толы Қазақстанда өзінің бірегейлігін көрсетуде, құндылықтарымызды жалпыға таратуда жоғары білімді интернационализацияландыру экономикалық тұрғыдан қоғамға жағымды өзгеріс әкелетіндігі сөзсіз. Мақаланың мақсаты – жаһандану дәуірінде қазақстандық жоғары білім қызметін экспорттауға шығару мүмкіндігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қарастыру.

Қазақстандық жоғары мектептің Болон жүйесіне енуінің нәтижесінде білім алудың үйлесімділігі, мамандықтарды ауыстыру мүмкіндіктері, «үздіксіз өмір бойы білім алу» қағидатына сәйкес даму, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңінен қолдануға мүмкіндік берген болатын.

Қазіргі заманауи талаптарға сәйкес жоғары білімді экспорттау мақсатында қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ел экономикасының дамуына мүмкіндік ретінде ұсынылады. Қазақстандық оқу орындарының тек академиялық ұйым ретінде ғана емес, халықаралық аренада болып жатқан өзгерістерге белсенді түрде «жұмсақ күштердің» көмегімен қатысып, әлемнің дарындылары мен талантты студенттерін жұмылдыру мемлекет үшін ұлттық басымдыққа айналуы ұсынылады.

Әлем деңгейіндегі шетелдік студенттер саны 2021 жылы 4 193 266 құрайды [1], бұл соңғы 45 жыл ішінде студенттер санының 8 есе артқанын көрсетеді. Халықаралық университеттер қауымдастығының (International Association of Universities) жүргізген сауалнама нәтижесінде 100 астам елдің университеттерінің 60% студенттердің физикалық ұтқырлығы бойынша балама көздерін таба білген болатын. Соның ішінде студенттердің виртуалды ұтқырлығы нәтижесінде вебинарларды, виртуалды сабақтар мен жаратылыстану ғылымдары бойынша онлайн дәрістерді қамтыған болатын. Мысалға, Тынық мұхиты аумағының университеттер Қауымдастығы мен АҚШ жарты шарының университеттер Консорциумы.

Халықаралық білім нарығында шетел студенттерін жұмылдыруға әлемнің көптеген елі белсенді түрде жаңа стратегиялар дайындаумен айналысып келеді. Мысалға, шетелдік тәжірибе ретінде Ирландияда «Irish Educated. Globally Connected» стратегиясының көмегімен шетел студенттерінің санын 2020 жылға 15% арттыру көзделген болатын. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 8,8% құраған болатын [2]. Германияда шетел студенттерін тарту бойынша ұзақ мерзімді қойылған мақсатты алдын ала жоспарланған мерзімнен үш жыл бұрын жетуге мүмкіндік берген болатын.

Малайзия 2025 жылға қарай шетел студенттеріне 250 мың квота алу бойынша ел үкіметі «The Malaysia Education Blueprint 2015-2025» атты халықаралық бағдарламаны дайындаған болатын. Аталған бағдарлама Малайзиядағы оқытушылардың және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру, жергілікті білімнің халықаралық стандарттарға сәйкестігі мен студенттердің әлемдік көзқарасын дамытуға негізделген [3].


Интернационализацияландыру стратегияларының басты ерекшеліктеріне серіктестіктің үш деңгейі ретінде қарастыруға болады:

- Бірінші деңгей. Стратегиялық серіктестер орталықтан қаржыландырылады.
- Екінші деңгей. Факультет аралық серіктестер, факультетпен қаржыландырылады.
- Үшінші деңгей. Жеке серіктестіктер оқыту немесе зерттеу барысындағы өзара байланыс.

Шетел тәжірибесіне сүйене отыра, интернационализацияландыруды енгізудің басты себептеріне келесілер жатқызылады:


- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- стратегиялық бірлестіктерді дамыту (саяси, мәдени, сауда, академиялық);
- адами ресурстардың потенциалын және мәдени сананы арттыру;
- халықаралық өзара ынтымақтастықты құру;
- білім беру қызметінің экспорттау индустриясын күшейту;
- өңірлік басымдықтарға өз пайдасын әкелу.

Әлем деңгейінде 220 миллион студент ЖОО білім алып жатса, ол 2000 жылмен салыстырғанда 100 миллионға артқан болатын [4]. Тәуелсіздік алған сәттен бастап елімізде жоғары мектепте қызмет атқарған 61 мекеме, 2001 жылы санын 185 дейін арттырған болатын. 2021 жылдан бастап елімізде 122 ЖОО өз қызметін жалғастырып келеді. Қазақстандағы ЖОО-ның қарқынының азаюымен бірлесе, білім алып жатқан студенттердің де саны төмендеген (1 -сурет).



1-сурет. Қазақстандағы ЖОО саны (бірлік) мен студенттер саны (мың адам)*
*Әдебиет негізінде құралған [5].

Келесі 2-суретте контингенті Қазақстанның ЖОО-дағы білім алушылар санынан шетел студенттерінің контингенті қарастырылады. 2018 жылға шетелдік студенттер саны -21 727 адамды құрайтын болса, 2019 жылдағы әлемдік дағдарысқа сәйкес 2020 жылы студенттер саны 26 069 адамды құраған болатын.



2-сурет. Қазақстанда білім алып жатқан шетел студенттерінің саны*
*Әдебиет негізінде құралған [6].

Қазақстандық оқу орындары халықаралық білім беру кеңістігінде өз беделін арттырып, 3-суретте QS рейтингі бойынша 14 қазақстандық оқу орнының тізімі мен Times Higher Education рейтингінде үш ЖОО (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Satbayev University) енгізілген.

2022 жылы QS World University Rankings 2022 рейтингіне қазақстандық 14 ЖОО енген болатын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ТОП-200 ЖОО ішінде 175 орынды, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 328 орынды, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8 сатыға өз көрсеткішін арттырған болатын. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті аталған рейтингте бірінші рет еніп 601+ иеленген болатын (3- сурет).




3-сурет. QS World University Rankings 2022 рейтингі)*

*Әдебиет негізінде құралған [7].

Қазақстандағы білім беру қызмет көрсетулерін экспорттауды дамытудың келесі бағыттарына назар аударған жөн: білім беру қызметін интернационалдандыруды жалғастыру; жоғары білім саласындағы білім алушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту; білім беру мекемелерінің өңірлік және халықаралық рейтингтеріне жеткізу; сандық білім беру үрдістерін, соның ішінде білім беру қызметін экспорттау саласын сандық трансформацияландыру (Сурет 4).

Төменде көрсетілген мәселенің салдарынан қазақстандық білім беру жүйесінде туындаған өзгерістер еліміздің жоғары білім саласының өзгеруіне, тиімді жүйені ұстануына мүмкіндік берген болатын. Сол себептен де білім саласын интернационализацияландырумен білім беру қызметін экспорттауды арттыру демографиялық мәселелерді шешудің құрамдас бөлігі ретінде ЖОО бағдарламаларына студенттерді жұмылдыру мәселесін шешуге мүмкіндік берер еді. Адами капиталды дамытудағы зерттеулермен ғылыми жаңалықтар елдің экономикалық өсуіне жағымды ықпалын тигізуге мүмкіндік береді.



4-сурет. ҚР білім беру қызметін экспорттауды дамытудың маңызды бағыттары
*Әдебиет негізінде құралған [7].

Білім беру қызметінің сапасын арттыру, жаңадан экспорттауға келетін бағдарламаларды даярлау гранттар негізінде жүзеге асырылуы керек. Бұл өз кезегінде оқу орындарының тиімділігі негізінде бөлінуі керек болады. Сонымен бірге жыл сайынғы мамандардың сапасын бақылау қорытындысы бойынша жеке рейтингті және қосымша қаржыландыруды ұсынуға болады. Аталған тәжірибені жүзеге асырумен отандық тәжірибеде қолдану Қазақстанның білім беру жүйесінің сапасын, әлемдік нарықтағы беделімен танымалдылығын арттыруға, білім негізінде қоғамның алға жылжуына қажетті интеллектуалды капиталды құруға мүмкіндік беретіні айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Education at a Glance 2021. Official website of The Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). https://www.oecd-ilibrary.org/education/international-and-foreign-student-mobility-in-tertiary-education-2010-2014-and-2019_1d5681e0-en
2. Official website of the Government of Ireland. Irish Educated, Globally Connected, an International Education Strategy for Ireland 2016-2020 builds on the significant progress made under Ireland's previous International Education strategy, Investing in Global Relationships 2010-2015. <https://www.gov.ie/en/publication/553ec-irish-educated-globally-connected-an-international-education-strategy-for-ireland-2016-2020/#>
3. Official website of ICEF. Malaysia Education Blueprint Report 2015-2025. <https://monitor.icef.com/2015/04/malaysia-releases-landmark-education-blueprint/>
4. Official website of The World bank. <https://www.worldbank.org/en/topic/tertiaryeducation#1> Last Updated: Oct 22, 2021
5. Данные Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан// <http://www.stat.gov.kz>
6. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2020 года). <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/277692?lang=ru>
7. Официальный интернет-ресурс Центра Болонского процесса и академической мобильности. <https://enic-kazakhstan.edu.kz/post/98> (дата обращения 22.03.2022 г.)

Жахметова А.К.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Нұрлыбек З.З

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ. (Қазақстан)

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІНДЕ АУДИТТИ ПАЙДАЛАНУ

Нарықтық экономиканың қалыптасуы, көлеңкелі экономиканың дамуына қарқынды жол ашты. Бақыланған экономикадан айырмашылығы, ол тіркелмеген және оны тек жанама әдістермен бағалау мүмкін емес. Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономика үлкен дәрежеге ие бола бастағаннан бері, оны төмендету бойынша тиімді жұмыстарды ұйымдастыру қолға алына бастады. Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында бейресми экономиканы ескерусіз қарастыруға болмайды. Сарапшылардың мәліметтері бойынша оның экономикалық айналымдағы үлесі ЖІӨ-нің 30%-на жетеді.

«Көлеңкелі экономика» алғаш 1930 жылдары тек қылмыстық жағынан ғана зерттеліп қарастырылған. Тек 70-жылдары экономистер «көлеңкені» зерттеу жұмыстарына тартылды. Экономиканың «көлеңкелі» шаруашылық қызметінің барлық қырларын зерттеген алғашқылардың бірі американдық ғалымы П.Гутман болды. «Жер асты экономикасы» атты мақаласында ол «көлеңкелі» қызметті бағаламау мүмкін еместігін сенімді түрде көрсетті. (1-кесте)


Кесте 1. Бейресми салаға экономистердің берген анықтамалары

Авторлар	Берілген анықтамалар
П.Гутманн	Бүкіл әлемнің қара нарығы ретінде орын алған көлеңкелі экономика – мемлекеттің ережелері мен шектеулерінің негізінде құрылды.
Гроссман	Көлеңкелі экономика – жеке қызығушылық мақсатындағы қызмет, қолданыстағы заңнаманы бұзатын қызмет.
Э. де Сото	Көлеңкелі экономиканың генезисін ашуда мүлдем жаңа бағыт әкелген ғалым. 1989 жылы жарыққа шығарған «Басқа жол» атты монографиясында экономиканың «формальды емес секторы» – тіркелмеген қарапайым тауар өндірісі туралы тың теорияны ұсынды.
Д.Мид, К.Морриссон	«Формальды емес» сала түсінігінің мәнін келесідей үш критерий байланыстырады. Олар: заңдылық, кәсіпорынның көлемі және өндірістің капитал сыйымдылығы.
М.Спанов	Салық салынбайтын және жалпы ішкі өнімде есептелінбейтін, заңсыз шаруашылық-экономикалық қызмет – көлеңкелі экономиканы сипаттайды.
Ю.В.Латов, С.Н.Ковалев	Көлеңкелі экономика – мемлекеттік есеп пен бақылаудан тыс дамып жатқан шаруашылық қызмет, сондықтан да ресми статистикада көрсетілмейді.

Ескерту:[1], [2], [3] әдебиеттерінен алынды.

1983жылы Белефельде көлеңкелі экономика бойынша алғашқы халықаралық конференция өтті, онда түрлі экономикалық процестер мен құбылыстар жағдайында бейресми сектордың болуы туралы 40-қа жуық баяндама ұсынылды. 1991 жылы Женевада еуропалық статистиктер арасында бейресми экономика мәселелері бойынша конференция өтті. Онда нарықтық экономикасы бар елдердегі көлеңкелі экономика статистикасы бойынша арнайы нұсқаулық тұжырымдалды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек 2016 жылы көлеңкелі экономика ЖІӨ-нің 25,8% құраған. Ал 2015 жылы 27,5% құраса, 2013 жылы 28% көрсеткен. [4] (1-сурет)



Сурет 1. ҚР-дағы көлеңкелі экономиканың ЖІӨ-дегі мөлшерлері, %

Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес – салық жүйесін оңтайландыру, шағын бизнеске қолдау білдіру және т.б. бірқатар шаралар арқылы жүргізіледі. Көлеңкелі экономиканың көлемін азайтуға бағытталған шаралар ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы қаулысымен бекітілген, «Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2013-2015 жылдарға арналған кешенді жоспары» аясында іске асырылуда.

Елдегі көлеңкелі экономиканың деңгейін қысқарту және экономика субъектілерін көлеңкелі жағдайға итермелейтін себептерін түбегейлі жою үшін біз мынандай мәселелерді шешуіміз қажет:

- салықтық әкімшілендіруді жетілдіру;
- ақшасыз есеп айырысуды дамытуға қолдау көрсету;
- мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын жақсарту, бизнесті жүргізуге қолайлы және тиімді жағдайларын жасау;
- халықтың құқықтық мәдениеті деңгейін жоғарылату, сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу.

Осы аталған мәселелерді шешуде аудиттің алар орны ерекше. Нарықтық экономика жағдайында тиянақты, қатаң бақылау, тексеру ерекше орын алатыны аудиторлық тексеріс маңызды болып табылады. Аудит нәтижесінде ғана нарықтық қатынас жолымен дамудың тиімділігі іске асырылады. Жоғарыдағы аталып кеткен мәселелерді шешу аудиторлық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Ал бұл нарық экономикасының дамуына өз әсерін тигізеді.

Анықталған бұзушылықтарды сыныптау, сондай-ақ оларды жою нәтижелері туралы есептілікті қалыптастыру кезінде бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары бұзушылықтар сыныптауышын қолданады.

Бұзушылықтар сыныптауышын республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Аудитті қаржылық, экономикалық, техникалық, заңдық және басқа да қызмет салаларында жүргізуге болады. Аудиттің ең негізгі мақсаттарының бірі – мекемелердің қаржылық есеп берулерінің нақты екендігін анықтау болып табылады. Бұл көлеңкелі экономикаға тосқауылдар қоюға мүмкіндік береді. Аудит жүргізудің ерекшелігі сол, заңсыз тұстарды алдын ала ашуға мүмкіндік береді. Көптеген жағдайда ол техникалық қателерден бөлек, осы көлеңкелі іс-қимылдардың жолын кеседі.

Қазақстан «көлеңкелі экономикамен» күрестің бір жолы ретінде Еуразиялық экономикалық одақ аясында тауарларды таңбалауды бастады. Аяқкиім саласы елімізде міндетті цифрлық таңбалау енгізілетін алғашқы салалардың бірі. «Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша аяқкиімнің көлеңкелі нарығы жалпы көлемнің шамамен 48,5%-ын құрайды. Аяқ киімнің цифрлық таңбалануы нарықты «ағартуға» және оны контрафактіден тазартуға ықпал етпек. Осылайша, 2021 жылғы 01 қарашадан бастап таңбаланбаған аяқкиімді өндіруге және ел аумағына әкелуге тыйым салынады. Сонымен қатар, елімізде 2022 жылы сүт өнімдеріне де цифрлық таңбалауды енгізу жоспарланған. Міндетті

цифрлық таңбалауды енгізуге кеден қоймалары да дайындалуда. Қойма аумағында кедендік рәсімдер кезінде шетелдік зауыттарда таңбаланбаған тауарға Data Matrix цифрлық коды бар стикерлер немесе этикеткалар орнатылатын болады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарларын жинақтап қорытады және зерделейді. Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады.

Көлеңкелі экономика – қазіргі таңдағы өзекті, көзге көрінбейтін экономиканың бір саласы болып табылады. Қанша жерден көлеңкелі болғанымен экономикада өзіндік орны бар. Кеше де, бүгін де болған бұл заң бұзушылықтар әлі де орын алуда. Осы орайда, мәселені шешу мақсатындағы менің басты ұсынысымыз – квазимемлекеттік секторлардан бөлек, жалпыға бірдей аудитті енгізу, аудит жүргізудің негізгі қағидаларын сақтай отырып, қоғамда аудитке деген жауапкершілік түсінігін қалыптастыру. Қазіргі біздің экономиканы көтерудің бірден бір жолы осы заңсыз экономикамен күресу болып табылады. Бейресми әрекеттермен күресу, таралу масштабына сәйкес өте қиын. Көлеңкелі экономикамен күресте икемді салық жүйесін жасау, шағын бизнеске, шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету аздық етеді. Көптеген елдердің тәжірибесіне сүйенсек, қоғамда қаржылық сауаттылық болмаған жағдайда, мемлекеттің жасаған іс-шаралары пайдасыз болып табылады. Қоғамда уақытылы салық төлеуге, бизнесті заңдастыруға деген және т.б. түсініктер болғанда көлеңкелі экономика деңгейі әлдеқайда төмен болар ма еді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Орталық Қазақстанның ресми сайты. «Көлеңкелі экономикамен» күрес – таңбалау – «Орталық Қазақстан» газетінің ресми сайты (ortalyq.kz)
2. Уикипедия. Көлеңкелі экономика – Уикипедия (wikipedia.org)
3. Everaoh интернет журналы. Көлеңкелі экономика – көлеңкелі экономиканың себептері (everaoh.com)
4. Электронды сервиске арналған Ұлттық портал. Қазақстанда көлеңкелі экономика 26 пайызды құрады (mail.kz).
5. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ.https://kodeksy.kz.com/o_gosudarstvennom_audite_i_finansovom_kontrolle/33.htm.

Жахметова А.К.

Ергалиева С.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ. (Қазақстан)

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІСІНІҢ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТІ

Кез келген квазимемлекеттік сектор субъектісінің тұрақтылығының негізі оның қаржылық жағдайы болып табылады. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық жағдайының тұрақтылығы дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігіне байланысты. Бұл нарықтық экономиканың тұрақсыздығы жағдайында өте маңызды. Дебиторлық берешектің өсуі кәсіпорынның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді, қаражат тапшылығының пайда болуына ықпал етеді, кәсіпорынның ағымдағы қызметін жүргізу үшін қаржылық ресурстарға қажеттілігін арттырады. Әрбір квазимемлекеттік сектор субъектісі дебиторлық берешекті азайтуға талпынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі ретінде «Қазпошта» А.Құйымының негізгі қызметіне жедел немесе тұрақты пошталарды қабылдау, тасымалдау, жіберу және де қоғамдық газет-

журналдарды жеткізу жатады. Сонымен қатар, ұйым қазақстандық банктерге несие беру және өтеу аясында агент қызметін көрсетеді.

Арнайы мақсаттағы аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудиторлық ұйымның алған мәліметтері, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынылатын мәліметтерді қоспағанда, коммерциялық құпияны құрайды.

Дебиторлық берешек ұйым активтерінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның үстіне кез келген кәсіпорынның қазақстандық балансының заманауи құрылымына байланысты ол бірінші бөлімнен де, оның екінші бөлімінен де өтеді. Дебиторлық берешек – бұл кәсіпорынның шаруашылық-өндірістік қызметі процесінде сатылған өнім бойынша сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің міндеттемелері және жауапты тұлғалардың мерзімі өткен міндеттемелері.


Дебиторлық берешек тізбесі кәсіпорынның келесі міндеттемелерін қамтиды:

- 1) өндіріп алуға жататын берешек;
- 2) алынған шот-фактуралар;
- 3) активтерді сатып алу үшін алдын ала төлемдер.

4) ірі кәсіпкерлік компаниялармен және олардың еншілес ұйымдарымен операциялар бойынша дебиторлық берешек.

- 5) басқа да дебиторлық берешек.

Айта кету керек, кәсіпорынның қаржылық жағдайына дебиторлық берешектің болуы емес, оның мөлшері, қозғалысы және нысаны, себебі әсер етеді. Дебиторлық берешектің пайда болуы кредиторлық берешек сияқты қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі бойынша шаруашылық қызметтегі объективті процесс.




1-сурет. «Казпошта» АҚ дебиторлық берешектер мен басқа да активтердің өзгерісі

Жүргізілген аудит бойынша АҚ «Казпошта» ұйымының дебиторлық берешектері қарастырылды. (1-сурет)

Дебиторлық берешек әрқашан есеп айырысу тәртібін бұзу нәтижесінде қалыптаса бермейді және қаржылық жағдайды нашарлатпайды. Сондықтан оны толық көлемде меншікті қаражатты айналымнан шығару ретінде қарастыруға болмайды, өйткені оның бір бөлігі банктік несиелеу объектісі ретінде қызмет етеді және кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне әсер етпейді.

2-суреттен қарасақ, ұйымның дебиторлық берешегінің қалыпты түрде төмендеуін байқауға болады. Яғни, бұл көрсеткіштің төмендеуі кәсіпорын қызметінің қалпына келуін, қызметтерді жеткізудің немесе сатудың жаңа деңгейіне жетуін, кәсіпорында активтердің болуын және дұрыс маркетингтік саясатты көрсетеді.



2-сурет. «Қазпошта» АҚ жасалған аудит қорытындысы бойынша дебиторлық берешегі

Квазимемлекеттік сектор субъектісі «Қазпошта» АҚ ұйымының дебиторлық берешек деңгейіне сыртқы факторлар әсер ете алады. Ол сыртқы факторларға елімізде болған экономикалық жағдайларды жатқызуға болады. Мысалы, қаңтар оқиғасын алатын болсақ. Бұл оқиға «Қазпошта» АҚ ұйымына әсерін тигізді деуге болады. Соған байланысты дебиторлық берешекті тиімді басқару қолға алынды. Дебиторлық берешекті тиімді басқару үшін, сондай-ақ басқа айналым активтері, оның құрамын талдау қажет. Дебиторлық берешектің тым жоғары көрсеткіштері айналым құралдарының ұтқырлығын төмендетеді, нәтижесінде қаржылық циклдің ұзақтығы артады. Қазіргі экономикалық жағдайларда дебиторлық берешекті басқару жүйелік тәсіл негізінде жүзеге асырылады, оның мәні өзара байланысты әдістерді қолдану болып табылады. Яғни тиімді басқару осы көрсеткіштерге бағытталған:

- дебиторлық берешекті жан-жақты талдау;
- қолма-қол ақша түсімдері мен төлемдерін салыстыру;
- бөлінген қаражат көлемін анықтау
- дебиторлық берешекке инвестициялау;
- несие саясатын қалыптастыру;
- дебиторлық берешекті өндіріп алу тәртібін әзірлеу;
- альтернативті әдістерді қолдану тәжірибесін кеңейту
- дебиторлық берешекті өтеу;
- қозғалысты басқару жүйесін қалыптастыру және уақытылы дебиторлық берешекті өндіріп алу.

Жалпы айтқанда, Қазақстан Республикасының экономикалық саясатында квазимемлекеттік сектор субъектілері маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік және үкіметтік даму бағдарламаларына қатысады, оның аясында бюджет қаражатын пайдаланады. Дебиторлық берешектің азаю динамикасы, оның құрамы мен құрылымы ұйымның капитал айналымына айтарлықтай әсер етеді және тиісінше оның қаржылық жағдайымен тығыз байланысты. Демек, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне дебиторлық берешегіне аудит жүргізудің және олардың ел экономикасына әсерін бағалаудың өзектілігі жылдан жылға артып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304_#z176
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392#z63>
3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012595>
4. Аудиторский отчет за 2021год ТОО «КПМГ АУДИТ» <https://gr5.gosreestr.kz/p/ru/GrObjects/objects/teaser-view/174359?EIDossierTabId=AuditReports>
5. Аудиторский отчет за 2020год ТОО «КПМГ АУДИТ» <https://gr5.gosreestr.kz/p/ru/GrObjects/objects/teaser-view/174359?EIDossierTabId=AuditReports>
6. Аудиторский отчет за 2019год ТОО «КПМГ АУДИТ» <https://gr5.gosreestr.kz/p/ru/GrObjects/objects/teaser-view/174359?EIDossierTabId=AuditReports>

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТЕГІ СЕРТИФИКАТТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау (бұдан әрі – сертификаттау) – білімін растау және Ұлттық комиссияда әңгімелесу арқылы кандидатқа тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін беру рәсімі.


2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің біліктілігі міндетті түрде мемлекеттік аудитор сертификатымен расталуы тиіс деген заңды норма бекітілді.

Сертификаттау Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың кәсіби, іскерлік қасиеттерінің, әлеуметтік мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті сипаттамасын алу мақсатында жүргізіледі. Сертификаттауды жүзеге асыру үшін сертификаттау жөніндегі Ұлттық комиссия құрылған. Аталған комиссияның жұмыс органы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті болып табылады, сонымен қатар Есеп комитетінің төрағасы Ұлттық комиссияның да төрағасы болып саналады.

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткерлерді сертификаттауға экономика, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару, мемлекеттік аудит, құқық салаларының бірінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарының және ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарының мемлекеттік аудиторлары санаттарына қойылатын типтік біліктілік талаптарына жауап беретін тұлғалар жіберіледі [1].

Ұлттық комиссия отырысының қорытындылары Ұлттық комиссия Төрағасы және хатшысы қол қоятын хаттамасымен рәсімделеді. Сертификаттаудың қорытындылары Ұлттық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде Есеп комитетінің интернет-ресурсында жарияланады.

Есеп комитетінің ресми сайты ақпаратына сәйкес атап айтар болсақ, Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуші кандидаттар санының соңғы төрт жылда, яғни 2019-2022 жылдар аралығында бірқалыпты қарқынды артып келе жатқанын байқауға болады (1 сурет).



Сурет 1. Мемлекеттік аудитор біліктілігі сертификаты бар адамдардың көрсеткіші

Сертификаттау жүйесі – мемлекеттік аудит саласының дамуына үлкен әсер етуші процестердің бірі. Бірақ осы саланың өзінде шешілуі тиіс көптеген мәселелер жатыр. Қазіргі таңда мемлекеттік аудиторлардың біліктілікті арттыру жүйесі әлсіз екені анық. Оның бірнеше себептерін қарастыруға болады.

Біріншіден, Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүйесі негізінен арнайы бекітілген пәндер бойынша тестілеу арқылы жүргізіледі, сонымен қатар тестілеуді жобалау мен ұйымдастыру бұрыннан бекітілген ұйым тарапынан жүзеге асырылады. Яғни бұрынғы тест ақпараттарына деген қолжетімділік үміткердің білімі мен қабілетінің дұрыс бағаланбауына әкеледі. Сондай-ақ, жалпы ақпараттар мен тест тапсырмаларының жаңашаланбауы әсерінен кандидаттардың бұрынғы мәліметтер бойынша сұрақтардың жауаптарын жаттап баруы әбден мүмкін. Сәйкесінше, үміткерлердің оқу процесінде білімдерін және біліктіліктерін арттыруға ынталары болмайды. Бұл жағдай жалпы критерийлерге сай емес адамдардың өзі сертификат иегері атануына жағдай жасап отыр.

Екіншіден, сертификаттау жүйесі, яғни мемлекеттік аудит мамандарының біліктілігін арттыру сертификатын иелену үлкен дайындықты, білімді жетілдіруді талап етеді. Осы мәселе тұрғысынан аудиторлардың білімін арттыруға көмектесетін қосымша курстар қарастырылмаған. Оның үстіне, мемлекеттік аудиторлардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы үшін ешқандай ынталандыру шаралары жасалынбайды. Сондай-ақ ол жалпы бағалау жүйесінде қарастырылмайды. Бағалаудың жеке аудиторлық қызметтің нәтижесі бойынша ғана емес, жеке тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысынан да қарастырылғаны жөн.

Аталған мәселелерді шешу үшін келесідей ұсынымдар ұсына аламын. Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүйесіне әр жыл сайын жаңартылып отыратын, сондай-ақ арнайы білім мен біліктілікті бағалауға арналған адамның ойлау қабілетін іске қосатын әртүрлі деңгейлік тапсырмаларды құрастырушы қосымша ұйым бекіту. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиторлардың өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік беретін қосымша курстарды қалыптастыру қажет деп ойлаймыз.

Мемлекеттік аудит саласында ел игілігі үшін қызмет етуге ынталы мамандар, яғни еліміздің орта буын өкілдері – жастар көп көңіл бөліп, дамуына үлес қосқаны жөн. Жастар арасында мемлекеттік аудит саласының алатын орны мен маңызын ескеру қажет. Осы орайда бірнеше әлеуметтік-экономикалық мәселе сұрақтары туындайды.

Мәселе сұрақтарына жауап алу үшін жастар арасында, яғни мемлекеттік аудит саласы бойынша білім алушы студенттері арасында анонимді сауалнама жүргізілді (2 сурет).

Мемлекеттік аудит қызметкерлерін сертификаттау жүйесі бойынша сауалнама

*Чтобы сохранить изменения, войдите в аккаунт Google. Подробнее...
* Обязательно

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

1
 2
 3
 4

Мемлекеттік аудит мамандығы өзіңізге ұнайды ма? *

иә, әрине
 жоқ
 Другое: _____

Болашақта өз салалары бойынша жұмыс жасаймын деп ойлайсыз ба? *

иә, әрине
 жоқ
 Другое: _____

Қазіргі таңда мемлекеттік аудит саласы қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? *

маңыздылығы төмен

Қазіргі таңда жастардың мемлекеттік аудит саласына деген қызығушылықтары қандай деп ойлайсыз? Өз ойыңыз:

төмен
 орташа
 жоғары
 Другое: _____

Мемлекеттік аудит мамандарын сертификаттау қаншалықты маңызды әрі қажетті деп ойлайсыз? Өз ойыңыз:

өте маңызды
 орташа
 маңыздылығы төмен
 Другое: _____

Мемлекеттік аудит саласының мамандарын сертификаттау жүйесіне қандай өзгертулер енгізер едіңіз? Өз ойыңыз:

өзгертулер енгізу қажеттілігі жоқ
 Другое: _____

Елімізде негізтен Тәжіксті сападағы ішкі мемлекеттік аудиторлар саны аз деп ойлайсыз? Өз ойыңыз:


мамандардың жетіспеушілігі
 сертификациялау жүйесінің күрделілігі
 Другое: _____

Елімізде негізтен Жоғары санатты мемлекеттік аудиторлар саны аз деп ойлайсыз? Өз ойыңыз:

мамандардың жетіспеушілігі

Сурет 2. «Google Диск» қосымшасы арқылы құрастырылған анонимді сауалнама үлгісі

Сауалнамаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша 3, 4 курс студенттері бойынша жалпы 30 адам белсенді қатысты. Сауалнаманың қорытындысы пайыздық мөлшерлеме арқылы есептелініп 3-суретте көрсетілген [3].



Сурет 3. «Мемлекеттік аудит» білім алушыларының сауалнама бойынша жауаптарының көрсеткіштері, %

Сауалнама нәтижелері жастардың мемлекеттік аудит саласын дамытуға ынталы екенін көрсетеді. Сонымен қатар, осы салада білікті маман болып, жастар арасында насихаттап, олардың қызығушылықтарын арттыруға және мемлекеттік аудит қызметкерлерін сертификаттау жүйесін біршама тиімділігі бойынша жақсартуға ниет білдірді.

Есеп комитетінің интернет-ресурстарында жарияланған ресми ақпараттарға сүйенсек, тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор мен жоғары санатты мемлекеттік аудиторлар санының салыстырмалы түрде аздығы байқалады. Сауалнамада осы мәселелер де қарастырылды. Осы мәселелерді шешу мақсатында Мемлекеттік аудит саласы мамандарын сертификаттау жүйесіне тиімді өзгертулер енгізу қажет. Мысалы, университет қабырғасында сертификацияның бір сатысын қосу немесе сертификациялау форматында халықаралық стандарттардан алынған өзгерістерді енгізу және т.б.

Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудиторлар мен Жоғары санатты мемлекеттік аудиторлар санын арттыру мақсатындағы басты ұсынысым – иеленген біліктілік деңгейі бойынша белгілі бір мерзімге арналған шектеу қоюды енгізу. Ол әртүрлі мерзімді қамтуы мүмкін.

Мемлекеттік аудитор мамандығы тәуелсіз мемлекеттік бақылау саласындағы болашағы зор мамандықтардың бірі болып табылады, оның бейіні қазіргі таңда мемлекеттік қаржылық бақылауды раформалау жолымен қалыптасып жатқан болашақ мемлекеттік аудит жүйесіне толықтай сай келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>
2. «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті» сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>
3. «Google Диск» қосымшасы арқылы құрастырылған анонимді сауалнама. https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdRwL1NWQ47budGKnQp1yunKwQNVOW8FVNxo2_YpTsEWWH8IA/viewform?usp=sharing

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ҚАРЫЗДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІ

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасында сарапшылар қауымдастығы мемлекеттік органдармен бірлесіп, экономикалық өсу моделін құру тәсілдерін іздеуде. Даму институтында меншікті қорғау мәселесі өзекті бола түсуде. Экономикалық ортада мүлктің сақталуын бағалау үшін тәуелсіз институт құрылды, ол өз кезегінде аудит деп аталады [1,13]. Қазақстанда белсенді түрде дамып келе жатқан тиімділік аудиті ең сұранысқа ие аудиттің бірі. Бұл аудит кәсіпорын жұмысындағы кемшіліктерді табуға бағытталған.

Соңғы бірнеше жылда басқару аудитінің әртүрлі нысандары кеңірек тарады, олардың ішінде аудиттелетін жүйенің тиімділігін, нәтижелілігін және экономикалық оңтайлылығын бағалауға бағытталған тиімділік аудитін де бөліп көрсетуге болады. Несиелік ұйымдарда тиімділік аудиті кепілі бар қарыздарды пайдалануға қатысты тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тексеруге бағытталған, соның ішінде банктік тәуекелдерді бағалау әдістемесінің және банктік тәуекелдерді басқару рәсімдерінің толықтығы мен тиімділігін тексеруді қоса алғанда тексеруге бағытталған барлық іс-шаралар кешенін қамтиды [2,9]. Сондай-ақ, кепілі бар қарыздарды тиімді пайдалану аудиті тәуекелдерді басқарудың әртүрлі процестеріне әсер етеді. Тиімділік аудиті арқылы несиелік мекеме ең ұтымды және тиімді шешімдерді қабылдау процесін жүзеге асырады. Кез келген басқа коммерциялық ұйым сияқты, несие ұйымы үшін көп мақсатты оңтайландыру міндеті – пайданы барынша арттыру. Бұл міндетті реттеу несие берушілер және қаржы нарықтары қойған көптеген әлеуетті мақсаттардың, тәуекелдердің және көптеген шектеулердің жиынтығының нәтижесі болып табылады.

Мамандандырылған әдебиеттерде атап өтілгендей, кепілі бар қарыздарды тиімді пайдаланатын несиелік мекемелер инвестициялық компаниялар ретінде тәуекел мен сыйақыны теңестіру режимінде жұмыс істейді, сонымен бірге активтер мен пассивтерді басқару принциптеріне сәйкес олар тәуекелге байланысты түзетілген капитал кірісін барынша арттыруға ұмтылады. Несиелік ұйымның дұрыс инвестициялау жолын таңдауы тәуекелдерді басқару құралдарының көптігімен және осындай тәуекелдерді объективті бағалауды талап ететіндігімен ерекшеленеді. Мұндай бағалау кепілі бар қарыздар тиімді пайдалану аудиті арқылы нақты қамтамасыз етіледі, оның негізгі міндеттері тәуекелдерді бақылауды жоғалту бағыттарын анықтау, қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін, орындалатын операциялардың сипаты мен көлемін бағалау, оның жетілдірілуі [3,21].

Бір жағынан, кепілі бар қарыздармен жұмыс істейтін несиелік мекемелер нарықтың кәсіби қатысушылары бола отырып, өнімділік аудитінсіз де кедергілерді жеңіп шыға алады. Бірақ, екінші жағынан, нақты тәуекелдің жоғарылауы үшін алғышарттардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік беретін тиімділік аудитінің нәтижелері зор. Мысалы, несиелік тәуекелдің немесе қаржыландыру құнының артуы әрқашан нарықтық конъюнктураның нашарлауы кезінде несиелік қордың қысқаруына әкеледі. Сондықтан кепілі бар қарыздарды тиімді пайдаланатын тиімділік аудитінің нәтижелері, әсіресе қолайсыз нарық жағдайында қабылданған шешімдердің бағыты мен сапасына әсер етеді. Демек, тиімділік аудитін нарықтық конъюнктураның өзгеруіне несиелік мекемелердің теориялық оңтайлы жауаптарын талдау құралы деп атауға болады. Тиімділік аудиті ақша-несие саясатының банктік арнасын бағалаудың қосымша құралы ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Халықаралық тәжірибеде тиімділік аудиті сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырудың құрамдас бөлігі болып табылады. Канадада мемлекеттік аудитті Парламент депутаты болып табылатын Бас аудитор кеңсесі жүзеге асырады [4,2].

Тиімділік аудиті саласындағы әлемдік тәжірибе көрсеткендей, оны жүргізудің мақсаты белгіленген мақсаттарға жету үшін бақылау объектілерінің мемлекеттік және басқа ресурстарды қаншалықты тиімді пайдаланатынын нақты анықтау ғана емес, сонымен бірге қоғамның осы ресурстарды пайдалану арқылы одан алатын нақты әсерін бағалау болуы керек [5,7].

Қазақстандағы мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалануға қатысты тиімділік аудитін зерттеудің жетекші бағыттарына мыналар жатады:

- Активтерге кепілдік беру;

- Өнімділікті бағалау және бақылау;
- Өнімділік деректерінің шынайылығы;
- Ресурстарды үнемді пайдалану;
- Нормативтік және құқықтық ережелерді сақтау;
- Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру.

Қазақстандағы мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалануға қатысты тиімділік аудиті негізінен тексерілетін ұйым жұмысының негізгі мақсаттарына жету үшін бар ресурстарды қалай пайдаланғанын талдайды.

Қазақстандағы мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалануға қатысты тиімділік аудитінің фокусын тиімділік, өнімділік және үнемділік сияқты нәтижелерге бағыттау керек. Кепілі бар қарыздарды тиімді пайдаланатын несиелік мекеменің аудит қызметі ұтымдылық пен үнемділікке қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілермен және заңдармен сәйкес келуі керек. Қазақстандағы мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалануға қатысты тиімділік аудитін жетілдіру мыналардан тұрады:

- Өнімділікті арттыру мүмкіндіктерін іске асыруға және зерттеуге бағытталған ұйымның күш-жігері;
- Өнімділікті өлшеуге бағытталған процедуралардың немесе жүйелердің сенімділігі мен сәйкестігі;
- Тексерілетін несиелік компанияның қол жеткізген өнімділік деңгейін бағалау [6,5].

Аудит тиімділігі бойынша Қазақстандағы Ұлттық Банк қоры қаражатының пайдаланылуын 2019–2021 жылдар бойынша бағалауды аудиторлық іріктеудің негізінде 2021 жылы қаржыландырылған 23 инвестициялық жобаны іске асыратын 14 объект 127,6 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат көлемімен аудитпен қамтылды, бұл 2019–2021 жылдары инвестициялық жобаларды қаржыландыруға көзделген қаражаттың жалпы көлемінің 16%-ын құрайды.

Аудиторлық іріктеуге сәйкес мыналарға: заңды тұлғаларға кредит беруге, жарғылық капиталды толтыруға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервіне;- аудиттелетін кезеңде жобаны қаржыландырудың жалпы сомасы кемінде 1 млрд теңгеден кем емес және жобаларды қаржыландырудың жалпы көлеміндегі Ұлттық Банк қорының үлесі кемінде 80% құрайтын жобаларға бағытталған Ұлттық Банк қорының қаражаты қамтылды [7].

Әлемдік жаһандану жағдайында аудит елеулі реформаларға ұшырады. Қазақстан аудитті дамытуда елеулі нәтижелерге қол жеткізгенін атап өткен жөн. Осы мақсатта бірқатар мемлекеттік заңдар құрылып, қабылданды, халықаралық стандарттарға жақын бухгалтерлік есеп ережелері әзірленді. Сондықтан соңғы он жылда аудит нарығы экономиканың жыл сайын тек қана қарқын алып келе жатқан жеткілікті сұранысқа ие және тұрақты секторына айналды деп айта аламыз.

Қорытындылай келе, кепілі бар қарыздарды тиімді пайдаланатын несиелік мекемелер сияқты күрделі мекеме нарық конъюнктурасының күтпеген өзгерістеріне тез жауап бере алмауы мүмкін екенін атап өткен жөн, өйткені дұрыс инвестициялық жолды таңдау тәуекелдерді басқару құралдарының үлкен санын және олардың объективті бағасын талап етеді. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланудың тиімділік аудиті нарықтық конъюнктураның өзгеруіне несиелік мекемелердің оңтайлы жауаптарын талдаудың ең тиімді құралы болып табылады, өйткені оның нәтижелері қабылданған шешімдердің бағыты мен сапасына әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ.
2. Аудиторлық қызмет туралы: ҚР Заңы. – Алматы: Юрист, 2009. -14б.
3. Абленов Д.О. Қаржылық аудит және талдау: теория, әдіснама, практика. Оқу құралы.– Алматы: «Экономика», 2010. -528 б.
4. Карибаев Е.С. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитке көшу тенденциялары және шетелдік тәжірибе / Е.С.Карибаев, М.Б.Амиркулова. – Текст : непосредственный // Вопросы экономики и управления. – 2017. – № 1.1 (8.1). – С. 25-27.
5. Рахимова Г.А. Роль аудита эффективности в зарубежной практике общественного контроля / Г.А. Рахимова Б.Т. Нажмиденов // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. – 2016.
6. Рахимова Г.А. Внутренний государственный аудит в системе государственного управления / Г.А. Рахимова, Б.Т. Нажмиденов // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2016.

Жүкібай М.Ы.

кандидат экономических наук, профессор
Евразийский гуманитарный институт
г. Астана (Казахстан)

МОДЕРНИЗАЦИЯ ВАЖНЕЙШИХ ФАКТОРОВ ПРОИЗВОДСТВА

1 сентября 2022 года на открытии очередной сессии в Парламенте Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество». «Структурные экономические преобразования должны стать продолжением политической модернизации. Базовая цель экономической политики остается неизменной – качественный и инклюзивный рост благосостояния граждан, – обозначил Президент. Большой блок задач поставлен для повышения эффективности модернизации основных факторов производства» [1].

Президент сообщил, что по итогам 2020 года, впервые за 10 лет индустриализации, вклад обрабатывающей промышленности в развитии экономики превысил долю горнодобывающей отрасли. Среднесрочная цель – к 2025 году увеличить экспорт обрабатывающей промышленности в 1,5 раза, до 24 млрд. долларов, а производительность труда – на 30 % [2].

Доказала свою эффективность Программа «Экономика простых вещей». В рамках ее реализации запущено более 3,5 тысяч проектов, создано 70 тысяч рабочих мест, произведено товаров и услуг на 3,5 трлн. тенге. Все это требует ускоренных темпов роста производительности труда.

В условиях современной экономики рост производительности труда приобретает первостепенное значение для повышения эффективности производства и дальнейшего роста благосостояния трудящихся.

Глава государства в первую очередь обозначил цели на ближайшую перспективу – полностью восстановить экономический потенциал страны, реализовать намеченные реформы, реально повысить доходы граждан, снизить инфляцию, которая составила уже 8,4%.

В прошлом году экономика страны выросла на 4%, объём внутрирегиональной торговли вырос на 34%, превысив 6 млрд.долларов.

Увеличение производительности труда находит свое проявление в уменьшении массы живого труда по отношению к массе овеществленного труда, т.е. к массе средств производства. Этим определяется возрастающее значение живого труда и повышение его производительности. Следовательно, чем полнее живой труд вооружён орудиями труда, чем выше развито производство средств, тем выше производительность труда.

В настоящее время устойчивый экономический прогресс государств невозможен без развития IT-технологий. По прогнозам экспертов, через 10 лет до 70% продукции и услуг в мире будут базироваться на цифровых платформенных моделях. «В этих условиях Казахстан поставил перед собой стратегическую задачу стать одним из ведущих государств в нашем регионе, возможно, и на евразийском пространстве в том, что касается цифровизации», – заявил К. Токаев на Саммите «Центральная Азия – Россия» с участием президентов шести стран, проходившем в Астане 14 октября 2022 года, где Глава государства подчеркнул, что наша страна сегодня входит в тридцатку самых оцифрованных государств-членов ООН.

При оказании финансовой поддержки государство будет отдавать приоритет конкурентоспособным малым и средним предприятиям.

Человеческий капитал – основа конкурентоспособности и одна из ключевых составляющих национального богатства. Под человеческим капиталом надо понимать запас здоровья, знаний, навыков, способностей, мотиваций, которые при целесообразном использовании генерируют

новую стоимость и поток доходов, содействуют росту производительности труда и эффективности производства и тем самым росту заработков данного человека.

«Базовым фактором повышения благосостояния народа, – продолжил Глава государства, – является рост заработной платы, адекватный рыночным условиям. Будет внедрена новая методика» определения минимальной заработной платы, которая позволит поэтапно увеличивать её размер. Президент принял решение поднять уровень минимальной заработной платы с 60 до 70 тысяч тенге, минимальную базовую ставку пенсии до 70% от прожиточного минимума, а максимальную – до 120%.

При расчете Индекса человеческого развития (ИЧР) измеряются уровень жизни, грамотности, образованности, долголетия населения, состояние медицинского обслуживания и производства валового внутреннего продукта (ВВП) на душу населения.

Этот показатель ежегодно рассчитывается экспертами ПРООН для сравнения и измерения уровня жизни между странами путем сопоставления таких показателей, как ожидаемая продолжительность жизни, уровень образованности и уровень жизни.

В рейтинге по ИЧР 2021 года Казахстан занял 56-е место, как в 2016 году, и находится в категории стран с высоким уровнем человеческого развития, тем не менее, в списке из 188 стран мы располагаемся в середине его первой половины [3].

Человеческий капитал в широком смысле – это интенсивный производительный фактор экономического развития, развития общества и семьи, включающий образованную часть трудовых ресурсов, знания, инструментарий интеллектуального и управленческого труда, среду обитания и трудовой деятельности, обеспечивающие эффективное и рациональное функционирование человеческого капитала как производительного фактора развития.

Развитие науки, формирование информационного общества на передний план в качестве составляющих сложного интенсивного фактора развития – человеческого капитала – выдвинули знания, образование, здоровье, качество жизни населения и самих ведущих специалистов, определяющих креативность и инновационность национальных экономик.

Решение наиболее актуальных задач в экономике невозможно без создания передовой, гибкой к изменениям системы образования, эффективной и устойчивой, в том числе и в финансовом отношении, системы здравоохранения, совершенствования механизмов качественной продуктивной занятости, развития массового предпринимательства – в общем, всего того, от чего и зависит качество человеческого капитала.

Экономисты рассматривают человеческий капитал как фактор производства, рост которого напрямую влияет на динамику ВВП. Однако это свойственно не всем экономикам, а только тем, которые специалисты называют инновационными экономиками, экономиками знаний. Тогда как в казахстанской экономике, которую можно отнести к индустриально-ресурсным, вес человеческого капитала пока незначителен. ВВП больше зависит от уровня добычи и мирового спроса на ресурсные товары. Эту модель можно эксплуатировать до тех пор, пока есть ресурсы и пока есть спрос на них.

В контексте темы, касающейся человеческого капитала, можно сказать лишь то, что в этой программе содержится очень важный посыл, связывающий экономическое измерение проблемы и политическое: «Особенность завтрашнего дня в том, что именно конкурентоспособность человека, а не наличие минеральных ресурсов, становится фактором успеха нации».

Сегодняшняя тема – человеческого капитала – в центре внимания наших государств, она приобретает особую важность в условиях стремительно развивающихся технологий, в том числе цифровых. До 2030 года, по прогнозам экспертов, в различных сферах исчезнут порядка 60 профессий, одновременно появятся более 180 новых профессий.

Важно усилить работу по всем основным компонентам человеческого капитала – это прежде всего образование, здравоохранение, развитие рынка труда, система социальной защиты.

В сфере образования особый акцент будет сделан на обеспечение доступности и повышение качества образования. В Казахстане начали поэтапный переход на обновлённое содержание школьного образования, соответствующее международным стандартам. Основой для этого стали 20 передовых интеллектуальных школ, которые построены по особому проекту в каждом областном центре нашей страны, куда попадают талантливые дети по очень большому конкурсу.

В системе высшего образования осуществляется поэтапное расширение академической управленческой самостоятельности. Ведётся активная работа по цифровизации процесса образования.

Последние 10 лет в Казахстане отмечается положительная динамика основных показателей здоровья населения. Ожидаемая продолжительность жизни за 10 лет выросла на 6 лет–72,5 года. Общая смертность снизилась на 28 процентов, материнская–в 3,5 раза.

В системе здравоохранения внедряются цифровые технологии–это ввод электронных паспортов здоровья, создание интегрированной информационной системы, использование больших данных и персонализация медицины. Важно обеспечить обмен опытом в области цифровизации здравоохранения и развитие общей сети телемедицины.

По рынку труда и системе социальной защиты в Казахстане также есть немало направлений для совместной работы, в рамках ЕАЭС решено создать общий рынок труда.

Что может оказать влияние на рост человеческого капитала? Со стороны государства – это прежде всего увеличение расходов на образование и повышение квалификации, здравоохранение, улучшение жилищных и других условий жизни населения. Наибольшая доля в общем объеме расходов республиканского бюджета приходится на социальный блок.

Мажилис Парламента принял Проект главного финансового документа страны на три года [4]. В целом общий объем расходов республиканского бюджета в 2022 году составит 15912 млрд. тенге, в 2023 году – 15624 млрд. тенге и в 2024 году – 16029 млрд. тенге.

Из проекта республиканского бюджета на 2022-2024 годы следует, что самые большие траты у Казахстана будут направлены на основные компоненты человеческого капитала, а именно:

- расходы на образование и науку – 7 трлн. тенге;
- затраты на систему здравоохранения – 5,6 трлн. тенге;
- на социальные проблемы (отрасли) – 26,7 трлн. тенге за три года. Сюда входят социальное обеспечение и социальная помощь, индексация пенсий, пособий и повышения заработной платы педагогам и врачам.

«Учитывая широкий социальный запрос, планка пенсионного возраста для женщин будет до 2028 года зафиксирована на уровне 61 года», - сообщил Президент К. Токаев. Он также отметил, что потребуются скорректировать и систему социального обеспечения.

На развитие реального сектора экономики за этот период предусмотрено 3,5 трлн. тенге.

В среднесрочной перспективе важнейшие усилия будут направлены на создание качественного человеческого капитала через изменение роли его основных компонентов, как систем образования, здравоохранения и сферы социального обеспечения.

Таким образом, повышение эффективности модернизации факторов производства направлены на развитие экономики республики.

Список литературы

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева к народу Казахстана. Газета «Казахстанская правда», 2 сентября 2022 г.
2. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева к народу Казахстана. Газета «Казахстанская правда», 2 сентября 2021 г.
3. Интернет - источник «Курсив.Медиа», 2022 г.
4. «Проект республиканского бюджета на 2022-2024годы». Газета «Казахстанская правда», 18 ноября 2021 г.
